


Усербай Байкабилов

ҚАЗІРГІ ҚАЗАҚ ӘДЕБИ ТІЛІ



ЎЗБЕКСТАН РЕСПУБЛИКАСИ ЖОҒАРЫ ЖӘНЕ ОРТА АРНАУЛЫ
БІЛІМ МИНИСТРЛІГІ

ТАШКЕНТ ОБЛЫСИ ШЫРШЫҚ МЕМЛЕКЕТТІК ПЕДАГОГИКА
ИНСТИТУТЫ

БАЙКАБИЛОВ УСЕРБАЙ АЛИМХАНОВИЧ

ҚАЗІРГІ ҚАЗАҚ ӘДЕБИ ТІЛІ

*(Жоғары оқу орындарының қазақ тілі мен әдебиеті
мамандығына арналған оқулық)*



ТАШКЕНТ
«ZEBO PRINT»
2022

УДК 373.167.1
ББК 81.3Қаз-931
К75

Байкабилов У.А.

Қазіргі қазақ әдеби тілі. [Мәтін]: оқулық / Усербай Алимханович Байкабилов. – Ташкент «ZEBO PRINT» 2022 - 184 б.

Оқулықта қазіргі қазақ әдеби тілін меңгеруге қатысты мәселелер дәйектелген. Мұнда тіл білімінің синтаксис саласы жүйелі түрде көрініс тапқан.

Әрбір бөлімнің маңызын ашуда белгілі лингвист ғалымдардың пікірлері мен еңбектеріне сүйене отырып, қазақ тілінің синтаксисі қысқа, түсінікті баяндалған. Оқулық жоғары оқу орындарының 5111300 – Ана тілі және әдебиеті (қазақ тілі мен әдебиеті) мамандығына арналған.

Пікір білдірушілер:

А.Шофқаров - ТОШМПИ-дің «Өзбек тіл білімі» кафедрасының меңгерушісі, ф.ғ.к., доцент.

Ы.Құттымұратова - Әжінияз атындағы НМПИ-дің «Қазақ тілі мен әдебиеті» кафедрасының меңгерушісі (PhD).

Бұл оқулық Өзбекстан Республикасы Жоғары және орта арнаулы білім министрлігінің 2020 жылғы 17 марттағы 106-санды бұйрығына негізделіп, оқулық ретінде баспаға рұқсат етілді. (№ 106-157).

ISBN 978-9943-8463-2-6

КІРІСПЕ

Әрбір мемлекеттің болашағы – жастар екені даусыз. Жан-жақты жетілген, парасаты мен пайымы мол, асқақ рухты, туған елі мен Отанын сүйетін ұлтжанды әрі үйлесімді дамыған азамат тәрбиелеу – заман талабы.

Мұндай азаматты тәрбиелеуге жетудің кепілі – заман талабына сай, таным қажеттілігін қанағаттандыратын, еліміздің ұлттық идеологиясы негізіне сәйкес келетін, жоғары сапалы әрі ыңғайлы оқулықтар мен оқу қолданбаларын жарату.

Елбасымыз Ш.М.Мирзаяевтің бес стратегиясының төртінші басқышында көрсетілген: «Жастардың руханиятын өркендету, олардың ортасында кітапқұмарлықты кең түрде насихаттау бағыты» мысалында оқулықтар мен оқу құралдарын жазу, жастардың оқуға деген қызығуын арттыру басты талаптардың бірі болмақ.

Бүгін еліміздің жоғары оқу орындарына арналған оқулықтар біршама жүйеленген, қоғамның ілгерілеу дәрежесі өрлеу үстінде болғандықтан оқулықтардың жазылу талабы уақыт өткен сайын күшеюде.

Қазіргі қазақ әдеби тілі курсы – тіл және әдебиет мамандарын дайындау үшін оқытылатын лингвистикалық пәндердің негізгі салаларынан бірі болып саналады. Бұл оқулықта қазіргі қазақ әдеби тілінің синтаксис салаларына теориялық тұрғыдан терңірек мәлімет береді.

Синтаксис саласы, сөз тіркесі, сөйлем, сөйлем түрлері, жай сөйлем түрлері мен оқшау сөздер, сөйлемнің бірыңғай мүшелері, құрмалас сөйлем және оның түрлері, төл сөз бен автор сөзі және пунктуацияның түрлері мен жасалу жолдары туралы мәлімет береді.

Бұл салада қазақ тіл білімі мамандары елеулі еңбектер жасаған. Жалпы тіл білімі мамандарынан М.Балақаев, Т. Қордабаев сияқты ғалымдар өз еңбектерінде қазақ тілінің синтаксис салалары жайлы ой-пікірлерін көрсетіп өткен болса, ал Ш.Бектұров, Р.Әмір мен Ж.Әміровалар синтаксистің қыр-сырын терең зерттеп, жоғары оқу орындарының филология

факультеттеріне арнап бірнеше оқулық, оқу-көмекші құралдар да дайындаған.

«... жас ұрпақты рухани-интеллектуал дәрежесін, санасы мен дүниетанымын арттыру, отанға және халқына деген шексіз махаббат сезімін оятуда және ұрпақ тәрбиелеуде кітап оқу мәдениеті ерекше маңызға ие. Өткізілген бақылау мен талқылаулар нәтижесінде бұл салада өз шешімін табу қажет болған өзекті проблемалар бар екені айқын. Әсіресе, жастардың рухани-ағартушылық, көркемдік эстетикалық талаптарына жауап беретін кітаптарды жоғары сапалы етіп бастыру, ұлттық және әлем әдебиетінің үлгілерін аудару, сондай-ақ перзенттерімізді балауса жастан бастап кітап оқуға баулу және электронды кітап оқу дағдысын қалыптастыру, қоғамда оқу мәдениетін дамытумен байланысты маңызды мәселелердің шешімін табу өзекті болып қалуда» - дейді, Президентіміз Ш.М.Мирзияев.

Бұл оқулық жоғары оқу орындарының филология факультеттеріне арналған бағдарламаға сәйкес жоғарыда көрсетілген авторлардың еңбектерінен пайдалана отырып толықтырып дайындалған. Еліміздегі бүгінгі жаңалықтар мен ұлттық идеологияға сүйене отырып, кейбір материалдарға өзгертулер енгізілген. Әрбір бөлім бойынша студент меңгеруі тиіс болған материалдар негізінде соңында студенттер білімін тексеру үшін сұрақтар мен тапсырмалар, глоссарийлер берілді.

І БӨЛІМ. СИНТАКСИС

Синтаксис туралы түсінік

Синтаксис - */грекше syntaxis/* - грамматиканың морфология сияқты өзекті саласының бірі. Грамматиканың тең құқықты, әрі өзара тығыз байланысты бұл екі саласының қарастыратын объектілері тілдің грамматикалық құрылысының мәселелері болады: морфология сөздердің грамматикалық жүйесін, құрылысын, сөз таптарының грамматикалық жүйесін, құрылысын зерттейді. Синтаксис грамматикалық ілім ретінде мынандай негізгі екі салаға бөлінеді: 1. Сөз тіркесінің синтаксисі. Онда сөздердің өзара тіркесу қабілеттілігі, тіркесу тәсілдері мен формалары, сөз тіркестерінің құрамы, олардың түр-түрі қарастырылады. 2. Сөйлемнің синтаксисі. Онда сөйлемнің құрылу принциптері, сөйлемнің құрамы, олардың түр-түрі қарастырылады.

Синтаксис бұл мәселелерді сөздерді сөздердің грамматикалық құрылысы жөніндегі ілімнен бөліп алып, олардан оқшау тұрған нәрсе деп қарайды, өзара тығыз байланыста қарастырады. Сондықтан сөздердің морфологиялық құрылысы синтаксистің де грамматикалық талдауының негізі болады. Лексикология мен морфология тіл ғылымының дербес салалары болуымен қатар, олар да синтаксистен байланысын үзбейді.

Сөз тіркесі – сөйлем құраудың материалды негізі де, сөйлем – кісінің ойын айтудың негізгі формасы. Синтаксис сөз тіркесін, сөйлем – кісінің ойын айтудың негізгі формасы. Синтаксис сөз тіркесін, сөйлемді, олардың түрлерін, сөйлем мүшелерін және басқа синтаксистік формаларды адамның ойын білдірудің грамматикалық тәсілдері ретінде, өзара байланысты категориялық тәсілдері ретінде, өзара байланысты категориялар ретінде қарастырады. Синтаксис сөздерді сөйлемнің бөлшектері ретінде, ал жалғауларды сөйлемдегі сөздерді бір-бірімен қиюластырып тұратын морфологиялық-синтаксистік категория ретінде тексереді.

Сөйтіп, сөз тіркесінің, сөйлемнің грамматикалық

құрылысын зерттейтін ілімді синтаксис десек, тілдің синтаксистік құрылысын да сол термин арқылы атаймыз.

Синтаксис мәселелерін зерттеу тарихынан мағлұмат

Әрбір ғылым саласының басталу, жетілу, даму кезеңдері болады. Қазақ тіл білімінің бұғанасы бекіліп қалыптасқан қай саласын алсақ та, олардың әрқайсысының даму кезеңдері болған. Ғылым салаларының даму барысында оның әдепкі біртұтастық түйдегінің жеке мәселелері бөлшектеніп танылып сол саланың дербес бөлшегі болып та қалыптасуы мүмкін.

Қазақ тілінің синтаксис мәселелері ол баста жалпы сөйлем құрылысы орайында қаралып келсе, сол ғылым дами келе сөз тіркесінің синтаксисі 1950 жылдары бой көрсетіп, оның жеке мәселелері көптеген ғылыми зерттеудің объектілері болып, қазір солардың жүйелі тармақтары айқындалып, жасалу, жұмсалы заңдылықтары ашылды. Сөйтіп, сөз тіркесі жай сөйлем синтаксисінен бөлініп, өз алдына бөлек синтаксис ғылымының бір саласына айналды.

Сөз тіркесінің синтаксисі жайлы мағлұматты оның зерттелу тарихымен ұштастыра ұғыныспайынша көп мәселенің байыбына бара аламай қаламыз. Егер орыс тіл білімінде бұл синтаксис ғылымының бірнеше тарихы бар дейтін болсақ, қазақ тілі сөз тіркесінің зерттелу тарихы 50-60 жылдан әрі аспайды. Ол қысқа тарихтың тіл біліміне қосары айтарлықтай мол болғанымен, сөз тіркесі синтаксисі енді ғылымдық дербестігіне оқшауланып, бұғанасы бекіп келе жатыр. Қазақ тіл білімі үшін осылай болуының өзі заңды.

Қай ғылымның даму тарихына көз жіберсек те, әдетте олар жоқтан бар болып, тұтас қалпында дүниеге келеді де, соның ілгері даму барысында оның тармақталған салалары пайда болады. Мысалы, химия ол баста біртұтас ғылым болса, бұл күнде оның органикалық, органикалық емес биологиялық, катализ тәрізді бірнеше салалары бар. Сол сияқты тіл білімін, оның бір бөлігі – грамматиканы да, ертеде филологтар дәл

бүгінгідей саралап жік-жікке бөліп қарастырмайтын. Фонетика да морфология, синтаксис қатарында грамматиканың бір бөлігі деп есептелген. 1894-1897 жылдары орыс тілінде шыққан П.М.Мелиоранскийдің «Краткая грамматика казак-киргизского языка» деген екі кітабы, олардан бұрын шыққан Қазамбектің және миссионерлер жазған «Алтай тілінің грамматикаларының» бөлігі болып, морфологияны «Этимология» деп атап, оған синтаксис мәселелері де енгізіліп, синтаксиске арналған синтаксис мәселелері де енгізіліп, синтаксиске арналған кітабында морфологияға қатысты мәселелері араластырылады. Бұл еңбек сол кездегі түркітанушылардың тіл мәселелерін ғылыми тұрғыдан қарастыруының дәрежесін бүгінгімен салыстырғанда, өте төмен екенін көрсетсе, екінші жағынан - өз заманының қазақ тіл біліміне қосқан үлкен үлесі. Ол – қазақ тілі жайында шыққан ең бірінші, әрі көлемді грамматика. П.М.Мелиоранский соны жазғанда, қазақ тілін өз ана тіліндей біліп, қазақ тілі материалдарын зерттей жүріп, солардың қорытындысы ретінде жазбаған, «Алтай тілінің грамматикасының» үлгісімен жазған, ол екі кітапта баяндалған көп мәселелер әлі күнге дейін өзінің құнын жойған жоқ.

1920 жылдары Ахмет Байтұрсыновтың «Тіл - құралдары» / үш кітап/ оқу орындарында оқулық есебінде жұмсалған елеулі еңбек болды. Онда грамматикалық атаулар мен дыбыс, буын, сөз, сөйлем құрылыстары жайында жүйелі түрде мағлұматтар берілген. Синтаксиске қатысты бастапқы мағлұмат үшінші «Тіл - құралында» баяндалады. Бертінде, 1930-1940 жылдары қазақ тілінің бірнеше грамматикасы шықты, синтаксиске арналған азын-аулақ зерттеулер мен шағын мақалалар жарияланды. Оларда жай және құрмалас сөйлемдер синтаксистерінің негізгі мәселелері біршама тәуір баяндалады да, сөз тіркесінің синтаксисі атаусыз қалады. С.А.Аманжолов пен С.Н.Сауранбаевтың бірігіп жазған оқулықтары шықты.

Бұларда сөйлем мүшелерінің тіркесі жайында айтылғандарды сөз тіркесіне де қатысы бар деп қарауға болар, бірақ синтаксистің еленбей жүрген келелі саласы сөз тіркесі

екенін де, оның жекелеген мәселелерін де ол авторлар ғылыми зерттеудің объектісі деп танымайды, танымағаны былай тұрсын, сөз тіркесі мүлде ауызға алынбайды. С.Аманжоловтың жоғарыда аталған кітабында «сөздердің тізбектері» /10/ деген тақырып бар. Онда лексикалық пен тұрақты тіркеске қатысты мысалдарды екі бөліп баяндайды.

Дұрысында, 1940 жылдары қазақ тілінің грамматикалық категорияларын айқындау жұмысы мектептерге әр түрлі бағдарламалар, оқулықтар жазу үстінде жүріп жатты. Бізде ол жылдары ғылыми-зерттеу жұмыстарының нәтижелерін жариялап барып, солар негізінде оқулықтар жазылған жоқ, бірақ оқулықтар жазылу үстінде көптеген ғылыми қорытындылар жасалып отырылды. Сонда қазақ тілін зерттеушілердің пікір таластары жоқты бар ету бағытында болмай, көбінесе барды дұрыс түсіну, солардың грамматикалық сыр-сипатын айқындау ыңғайында болып отырды. Соларды игеріп алмай тұрып, әрине, жаңалыққа қол созу да оңай еместі. Әйтсе де, профессор Қ.Қ.Жұбанов қазақ тілінің грамматикасын жаңаша құрастырып, бірқатар грамматикалық атауларды жаңаша атап, көптеген мәселелерді өзінше дұрыс бағдарлап баяндауға тырысты. Сол бағытта орта мектепке арнап 1936 жылы грамматика оқулығын шығарды, соған байланысты «Ауыл мұғалімі» журналында «Жаңа грамматиканың жаңалықтары» деген мақала жариялады. Қ.Жұбановтың мектеп тәжірибесінен ғылымға шұғыл бет бұруының бір айғағы есебінде автордың көмекші етістіктер жайындағы және сөйлем мүшелерінің орналасу тәртібінің тарихы жайындағы еңбектерін айтуға болады. Соңғы мәселеге арналған кітапта Қ.Жұбанов сөйлем мүшелерінің бұл күндегі орналасу тәртібінің ертеде өзгеше болғанын дәлелдейді. Сондағы ғылыми болжаулар мен келтірілген деректердің сөйлем мүшелеріне ғана емес, сөз тіркестері тарихына да тікелей қатысы бар.

Мектеп тәжірибесінен ұлғайған ой-пікірлер проф.С.Аманжоловты да «Қазақ тілі ғылыми синтаксисінің қысқаша курсы» жазуға итермеледі. Бұл талапкерлер үшін жазылған бірінші оқу құралы болғандықтан және автордың

синтаксис мәселелерін ғылыми тұрғыдан баяндау мақсатын көздегендіктен, кезінде филолог-талапкерлердің қажетіне жарады. Бірақ авторол кітаптарда сол кездегі «жаңа ілім» қағидаларын қазақ тілі синтаксисімен ұштастырмақ болды. Солай етемін деп синтаксистің біраз мәселелерін теріс түсіндірді. Сонымен қатар сол кітапта қазақ тілі материалдарына сүйеніп айтылған, дұрыс қорытқан да мәселелер бар. Олары соңғы жылдары басқа авторлармен бірлесіп жазған орта мектеп оқулығынан тиісті орын алды. 1953 жылы шыққан орта мектеп синтаксисінде авторлар сөйлемге мынандай анықтама береді: «Тиянақты ойды білдіретін бір сөзді бірнеше сөз тіркесін сөйлем дейміз» /1,3-бет/. Бұған қарағанда, сөз тіркесі – сөйлем құраудың негізі. Ал сол кітаптың 12-бетінде сөз тіркесіне мынадай анықтама береді: *«Кейбір сөз басқа сөзді я сөз тізбегін анықтап, толықтап, пысықтап немесе түрліше қиюласып, бірін-бірі керек ету жолымен байланысады. Мұндай байланыстарды сөйлемдегі сөздердің тіркесі дейміз»*. Бұл айтылғанға қарағанда, сөз тіркесі сөйлемдегі сөздердің байланысы болып шығады.

Сөйтіп, қазақ тілі оқулығында «сөз тіркесі» деген термин 1950 жылдардан кейін оқта-текте аталады, бірақ оны авторлардың қай мағынада жұмсап отырғаны аян емес, оған берген анықтамалары мүлде басқа жайды меңзейді.

Қазақ тілі синтаксисіне елеулі еңбек сіңірген ғалым С.Жиенбаев болатын. Оның жай және құрмалас сөйлем мәселелеріне арналған құнды зерттеулерінің қатарында сөз тіркесі бөлек талданбайды. Бірақ «үйірлі мүше» деген атпен қай сөздің қандай сөздермен топ құрай алатыны жөнінде айтқандарының, сөздердің толықтауыш, пысықтауыш қызметтерін айыру жөніндегі дәлелдерінің есімді, етістікті сөз тіркестеріне қатысы бар.

1954 жылы «Қазіргі қазақ тілі» деген атпен көлемді кітап шықты. Бұл кітап – қазақ тіл білімінің фонетика, лексика және грамматика мәселелеріне жан-жақты мағлұмат беретін елеулі табысы. Онда жеке адамға табыну, дәйек сөзге әуестену тәрізді елеулі кемшіліктер болып тұрса да, көп мәселелер жүйеге

салынып, ғылыми тұрғыдан дұрыс баяндалған, көптеген жаңалықтар енгізілген. Ол кітаптың синтаксис саласындағы бір жаңалығы – сөз тіркесі синтаксисін жай сөйлем синтаксисінен бөліп алып, өзіндік ерекшеліктері бар мәселелер ретінде қарастырылуы. Осыны айтып отырған автордың сол жұмысында қате тұжырымы да болды. Онда сөз тіркесі әрі сөз таптарының, әрі сөйлем мүшелерінің тіркесі ретінде салаласатын, сабақтасатын байланыстағы сөздер деп қаралған. Кейінгі зерттеулеріміз мәселеге басқаша қарау керек екенін көрсетті. Дұрысында, сөз тіркесі – сөйлем мүшелерінің тіркесі емес, сөз таптарының тіркесі. Сөз тіркесіндегі сөздер тек сабақтаса байланысады, салаласа байланысатын бірыңғай мүшелер сөз тіркесі деп есептелмейді. Олар жай сөйлем синтаксисінде қаралуға тиіс. Осы сынды өзге автор адресіне де айтуға болады.

Кейбір авторлар есімдер тобын сөз тіркесі деп танығанымен, олардың басты ерекшелігі бір тұтастығы деп есептеді.

Сөз тіркестері мен сөйлемнің бір емес екенін мағыналарына қарап та, әлгідей тұлғалы дәйекші қою арқылы да айыру мүмкін емес. Сөздер тобын сөз тіркесі деп те, сөйлем деп те тануға болатын орайы бары рас. Сонда да сөйлемді сөйлемдік қасиеттеріне қарап, сөз тіркесінде өзіндік қасиеттеріне қарап танып, мысалы, *жазық дала* дегенді сөз тіркесі деп танысақ, *атқа мінді* дегенді әрі сөйлем, әрі сөз тіркесі ретінде қарастыру керек. Осындай мысалдарды тек сөз тіркесі, не тек сөйлем ретінде тану үшін Н.К.Дмитриев те, Н.А.Баскаков та «атрибуттық» топтарды ғана сөз тіркесі деп қарастырады.

Сөйлемнің синтаксисі екі бөлініп қарастырылады: 1) жай сөйлемнің синтаксисі; 2) құрмалас сөйлемнің синтаксисі.

Қазақ тіл білімі тарихында Қ.Жұбанов пен А.Байтұрсынов ерекше орын алады. Тілдік құрылыстың табиғи жүйелері негізінде фонетика, лексика, грамматикалық категориялардың жұмсалу заңдылықтары қалыптасады. Тілдік тәсілдердің жұмсалу жүйелерін айқындап, оларға өзінше ат қойып, Айдар таққан кісі Ахмет Байтұрсынов болады да, олардың жұмсалу, даму, қалыптасу заңдылықтарын айқындауға ерекше күш

жұмсаған профессор Құдайберген Жұбанов болды.

Қазақ тіл білімі – жас ғылым саласы. Ғылымның жастығы ғылыми объектілердің зерттелу дәрежесімен өлшенеді. Әсіресе, синтаксис ғылымының жастығы, біріншіден, адамның ой жұмысының нәтижелерінің синтезі ретінде тұтасқан бөлшектерінің пайда болу, жұмсалу заңдылықтарын айқындаудың қиын екенімен байланысты болса, екінші жағынан, оның негізгі зерттеушілерінің аз-кемдігімен байланысты.

СӨЗ ТІРКЕСІНІҢ СИНТАКСИСІ

Сөз тіркесінің синтаксисі туралы кіріспе

Грамматикалық құрылыстың өзінше дербестігі, ерекшеліктері бар топтарын – грамматикалық единицалар – тұтастықтар дейміз. Солардың басты топтары сөз тіркесі, сөйлем. Бұлардың әрқайсысы әр алуан бөлшек – бөлімдерден құралғанмен, бәріне тән, бәріне ортақ белгілеріне қарап, оларды тұтасқан, *тұтасып ұласқан бөлшектер* тобы деп танимыз. Мысалы, сөздің дыбыс құрылысы, лексикалық, грамматикалық мағыналары болады, сөз тіркесінің құрамына еніп адамның ойын, сана-сезімін білдірудің бөлшектері қызметін атқарады. Балықтың өмірі суда болатынына, сөздің өмірі сөз тіркесінің, сөйлемнің құрамында болады. Әлемдегі жан-жануарлардың күнелту табиғи айналасы болатынындай сөздің, сөз тіркесінің де «табиғи» жұмсалу «айналасы», өмір сүру жағдайы болады. Бұлардың сондай шоғырланған ұясы да, өмір сүру қызметі де сөйлем ішінде жұмсалуды болады.

Осындай қарым-қатынастың нәтижесінде әрбір грамматикалық единицалар тілдің қарым-қатынас жасау қызметіне ортақтасады. Сол үшін сөз тіркесінің құрамына, сөз тіркестері сөйлемнің құрамына еніп, ой, пікір тұтастығын құрастыруға қатысады.

Сөйтіп, *сөз тіркесі* дегеніміз сөз бен сөйлемнің арақатынасынан шығатын басты синтаксистік единицаның бірі деп есептеледі, оның жұмсалу заңдылықтарын айқындаудан бұрын синтаксистік басқа единицалардан айрылатын қандай

ерекшеліктері, жақын ұқсастықтары болады.

Ұласқан бөлшектері қаншама өзара тығыз байланыста болатындықтан ол бөлшектер бірінің қызметін басқа біреуі де (кейде, орайы келгенде) атқаруы мүмкін емес пе? Көркем әдебиетте: – *Түн. Мидай дала. Қараңғы түн. Келді ме? Келмеді.* - сияқты сөздер мен сөз тіркестері сөйлем қызметінде жұмсалады. Соған қарап сөзді, сөз тіркесін сөйлеммен айырып танудың керегі жоқ деуге бола ма? Соны дәл солай айтпаса да тіл білімінің көрнекті ғалымдары олардың арасына «сына қағып» екі айырып тастау керек екенін уағыздады.

Егер сөйлем қарым-қатынас жасаудың, адам ойын білдірудің негізгі формасы болса, сөз тіркесі және сөз – сөйлем құраудың материалдары. Өзара тығыз байланыстағы бұл үш грамматикалық категорияның әрқайсысына тән өзіндік айырмашылықтары болумен қатар олардың бастары түйісетін де орындары болатыны да белгілі.

Сөз, сөйлем және сөз тіркесі

Сөз тіркесі кемінде толық мағыналы екі сөзден құралады. Олар сөйлем құрамында жасалатындықтан, бұлардың ерекшеліктерін білу керек.

Сөз тіркесін сөйлеммен айырып тану керек? - деген мәселе көп ғалымдарға түрліше ой салған болатын. Көптеген ғалымдар, В. В. Виноградов бас болып, сөз тіркесін **номинативті**, сөйлемді – **предикативті** деп танитын болды. Осылай сөз тіркесін «номинатив» деп тану оны «сөз» дегенмен бірдей деп санауға саятындықтан, оған басқаша анықтама, сипаттама берушілер болды. Мысалы, Н.А.Баскаков екі синтаксистік единицаларды (сөйлем мен сөз тіркесін) қарама-қарсы екі түрлі ойлау процесінің тілдегі көрінісі деп табады: *абстракциялау, конкреттеу*. Солардың бәрі - өзара тығыз байланыста, бірінсіз-бірі бола бермейтін екі түрлі синтаксистік тұтастықты екі бөліп оқшаулауға лайықтанған сипаттамалар.

Сөз тіркесіне, сөйлемге материалдық негіз болатын – **сөз**. Сөз тіл білімінде лексикология мен семасиологияның зерттеу

объектісі болуымен қатар, грамматикада да әр түрлі ыңғайда қарастырылады. Сөздердің құрамы, тұлғасы, жасалу жолдары, олардың грамматикалық мағыналы топтары морфологияда қаралады. Ал сөздің сөз тіркесінің сыңары болуы, сөйлем мүшесі, кейде сөйлем қызметтерінде жұмсалуы синтаксисте қаралады. Сондай-ақ тіркескен сөз топтары да әр түрлі ыңғайда қарастырылады.

Сөз, негізінде, дараланған ұғымды, лексика-грамматикалық мағынаны білдіреді. Олар мағыналық үйлесімділігіне қарай тілдің синтаксистік ережелері негізінде әр алуан лексикалық және синтаксистік топ құрау арқылы сөйлем ішінде айтылады. Қарым-қатынас жасау үшін ойды айтудың негізгі формасы сөйлем болса, сөзді сөйлем құраудың материалы деп білеміз. Сондықтан «*Ас – адамның арқауы*» дегендей, *сөз – ой құраудың арқауы*. Сөздер қажеттіктен өзара тіркеседі, тіркесу арқылы сөйлемге енеді. Осыдан келіп сөздердің өзара тіркесе алу қабілеттілігі олардың ең басты грамматикалық қасиетінің бірі болып есептеледі.

Сөздердің өзара тіркесу қабілеттілігі әрбір грамматикалық топтағы сөздердің мағыналық және грамматикалық ерекшеліктеріне негізделеді. Оның үстіне тіркескен сөздер тобының сапасы әр уақытта бір түрлі болмайды, әр алуан болады. Мысалы, екі, кейде одан да көп сөздер тіркесіп бір лексикалық түйдек жасалады (*ақ қайың, боз торғай, кетіп бара жатыр*); кейде екі не одан көп сөз тіркесіп синтаксистік тізбек жасалады (*қарлы тау, желсіз түн*).

Лексикалық және басқа түйдекті тіркестер «сөз тіркесі» деген категорияға жатпайды. Лексика-грамматикалық мағыналары айқын сөздердің біріне-бірі сабақтаса бағынап барып жасалған синтаксистік тобы ғана **сөз тіркесі** деп есептеледі. Өзара тіркескен сөздердің синтаксистік тобын сөз тіркесі деп тану үшін, оның мынадай белгілеріне қарау керек;

- 1) сөз тіркесінің құрамында кемінде толық мағыналы екі сөз болады;
- 2) ол сөздердің бірі екіншісімен сабақтаса, мағыналық және синтаксистік байланыста айтылады. Олар

салаласа байланыспайды, тек сабақтаса байланысады.

3) Тіркескен сөздер анықтауыштық, толықтауыштық, пысықтауыштық қатынаста жұмсалады.

Сөйтіп, **синтаксистік қарым-қатынасты білдіру үшін кемінде толық мағыналы екі сөздің сабақтаса байланысқан тобын сөз тіркесі** дейміз.

Сөз тіркесі – сөйлем құраудың шоғырланған материалды бөлшегі. Олар сөйлемнен тыс тұрғанда жалаң сөздің жайылмаға айналуы сияқты да, сөйлем ішінде сөздер тізбегінің ұласқан бір бунағы тәрізді. Соңғы жағдайда сөздің жайылмаға айналу қасиеті күңгірттеніп, сөз тіркестерінің қосақталуы жігі білінбей, тұтасып та кетеді. Өйткені бір сөз тіркесінің бір сыңары, екінші сөз тіркесінің басқа бір сыңарымен тіркесіп, кейде кірігіп, ұласып, ұштасып жатады. Мысалы, *кең үй, екі терезе, үлкен терезе* дегендер – жалаң сөздердің жайылмаға айналу ыңғайындағы сөз тіркестері.

Синтаксистік сөз тіркесінің сыңары бір сөзден де, көп сөзден де болады. Мысалы, асықпай сөйле; асықпай сөйлей ала жөнелді.

Синтаксистік еркін сөз тіркестерін күрделі сөздермен және тұрақты сөз тіркес тіркестерімен шатастырмау қажет.

Лексикалық сөз тіркестері		Синтаксистік еркін сөз тіркестері
Күрделі сөздер	Тұрақты сөз тіркестері	
темір жол; ағаш қасық; алтын сағат; жиырма бес; ақ құба; елім үшін; айтып отыр	қас пен көздің арасында; қабырғамен кеңес; тонның ішкі бауындай	осы жер; қара торы жігіт; он бес жігіт; қазақтың баласы; мәнерлеп оқы; кеш келді; қабырғамен кеңесіп кел; тонның ішкі бауындай жақын

Мұндағы күрделі сөздер де, тұрақты сөз тіркестері де синтаксистік еркін сөз тіркестерінің бір ғана сыңары болады.

Сөз тіркестерінің алғашқы (бағыныңқы), соңғы (басыңқы) компоненттерінің қай сөз табының болғанына қарай олар есімді және етістікті сөз тіркестері деп бөлінеді.

Синтаксистік сөз тіркесі	
Күрделі сөздер	Етістікті сөз тіркесі
алтын жаңа екі мына табылған сағат	ол кітапты үш рет мәнерлеп кеше жаман оқыды

Есімді сөз тіркесі көбінесе қабыса байланысатын болса, етістікті сөз тіркесі тіркестің басқа түрлері бойынша байланысады.

Сөз тіркесінің құрамы

Сөздер синтаксистік топ құрап сөз тіркесі болғанда, олардың құрамына әр алуан сөздер енеді. Ол сөздер түрлі-түрлі морфологиялық тұлғаларда айтылады. Сөздердің ол тұлғалары, лексика-грамматикалық мағыналары тіркескен сөздердің қарым-қатынасына үйлесімді айтылады.

Кез келген сөзді бірімен-бірін тіркестіре салуға болмайды. Өзара мағыналық байланыста айтыла алатын сөздер ғана синтаксистік байланыста, белгілі сөз тіркесінің құрамында айтылады. Мысалы, *үркек* сөзі жанды заттың сынын білдіреді. Онда да оны *үркек ат, үркек бие, үркек тайлақ* дегендей сөз тіркесін айтуға болады, ал *үркек ешкі, үрке бала* деу ерсі болады.

Сөйтіп, сөз тіркесінің құрамына өзара тіркесу қабілеті бар сөздер енеді. Әдебиетте «терең бұрғы», «аналық қой», «сауда нүктесі» сияқты тіркестер кездеседі. Мұндайлар теңін таппай тіркескен сөздер болғандықтан, стильдік қате деп есептеледі.

Көркем әдебиетте бір затқа тән қасиетті басқа затқа телу арқылы сөз кестелерін әшекейлеуге болады. Ондайда әдеттегіден өзгеше ойнақы тіркестер жасалады. Мысалы, *Асау Терек долданып, буырқанып...* дегенде, Абай *асау* сөзін *Терек* (өзеннің аты) сөзімен тіркестіріп айту арқылы ол өзеннің көркем бейнесін көз алдыға елстете қояды. Сондай-ақ *асау* сөзі әдетте, *асау ат, асау тай* сияқты құрамда кездесетін болса, көркем әдебиетте *асау жел* (Иса), *асау қиял* (Жамбыл), *асау жүрек* (Абай)

тәрізді тіркестер де кездеседі. Мұндайды **метафоралық тіркес** дейміз.

Енді бір қатар тіркестер құрамы мызғымайтын берік болады, мысалы: *жүрегі шайылу, қаңарын төгу, тілін тигізу, көз қырын салу*. Бұлардың құрамын өзгертіп айтуға болмайды. Мұндай тіркестерді тұрақты тіркестер дейміз. Тұрақты тіркестер өз алдына сөз тіркесі болмайды, тек сөз тіркесінің бір сыңары бола алады. Мысалы: *Балаларға көз қырын сала жүр, әкеңе тілің тимесін!*

Сөз тіркесінің құрамы көбінесе еркін болады. Мысалы, *жақсы, биік, ақылды* сөзін олып жатқан зат есімдермен тіркестіре беруге болады: *жақсы кісі, жақсы бала, жақсы жайлау, жақсы ырым, жақсы ниет, биік ағаш, биік там, ақылды оқушы, ақылды қыз*.

Осылардай құрамын өзгертіп айтуға болатын тіркестерді **еркін тіркес** дейміз.

Өзара тіркескен сөздің бірі екіншісін өзіне бағындырып тұрады. Сондықтан сөз тіркестері сабақтаса байланысқан екі сыңардан құралады: бірі – сөз тіркесінің ұйытқы бөлегі, сөз тіркесінің грамматикалық діңгегі – оның басыңқы сыңары, екіншісі – оған қатысты және тәуелді бөлегі – оның бағыныңқы сыңары. Мысалы, *Жаздың көркі енеді жыл құсымен* (Абай) дегенде екі сөз тіркесі бар:

- 1) *Жаздың* (бағыныңқы) *көркі* (басыңқы);
Жыл құсымен (бағыныңқы) *енеді* (басыңқы).

Сөз тіркестерінің құрылысы

Сөз тіркесінің құрамындағы сөздердің морфологиялық құрылысы әр түрлі болады: бағыныңқы сөз басыңқы сөздің кейде мағынасына үйлесе тұлғаланады, кейде грамматикалық формасына сәйкес тұлғаланады. Мысалы, *кітап оқып, хат жаздық* деген екі сөз тіркесінің бағыныңқы сөздері (*кітап, хат*) жалғаусыз табыс септігінде айтылған. Солай болуға басыңқы сөздердің қосымшалары – **п** (*оқып*), – **дық** (*жаздық*) себепкер болып тұрған жоқ, *оқы, жаз* етістіктерінің сабақтастық мағынасы

себепкер болып тұр. Сондай-ақ *кітапханадан шықтым, атқа міндік* деген сөз тіркестеріндегі бағыныңқы сөздер шығыс, барыс жалғауларында айтылған. Сол жалғауларды керек етіп тұрған – басыңқы сөздердің қосымшалары –**тым, -дік** (*міндік*) емес, **шық, мін** етістіктерінің лексикалық мағыналары.

Қазақ тілінде енді бірқатар сөз тіркестерінің екі сыңары да белгілі морфологиялық тұлғаларда, олар бірімен-бірі байланысты болады. Мысалы, *күннің сәулесі, менің түсінгенім* дегендерде сөз тіркестерінің алдыңғы сыңарларының (*күннің, менің*) ілік септікте айтылуы басыңқы сөздердің тәуелдік жалғауларда (*сәулесі, түсінгенім*) айтылуымен байланысты және керісінше.

Сөйлем ішінде сөз тіркестері екі түрлі ыңғайда құралады:

1. Сөз тіркестері тізбектеліп, ондағы сөздер біріне-бірі сатылана байланысады. Мысалы, *Жолаушы үлкен ағаштың көлеңкесінде жатыр екен* дегенде, *үлкен* сөзі *ағаш* сөзіне бағынып, бір тіркес, *ағаштың* сөзі *көлеңкесі* дегенмен байланысып, екінші тіркес жасаған, ал *көлеңкесінде* сөзі *жатыр екен* етістігімен тіркескен.

2. Кейде сөз тіркестерінің құрамындағы бірнеше бағыныңқылар бір басыңқыға ортақтасып тұрады.

Сөз тіркестерінің бағыныңқы сыңары қара сөзден құралған сөйлемдерде басыңқыдан бұрын тұрады, өлеңді сөйлемдерде керісінше орналасуы да мүмкін.

Түйдекті тіркестер

Сөз тіркестерін дұрыс талдай білу үшін, олардан басқа тіркестердің түр-түрпаты қалай болатынын жақсы білу керек.

Өзара байланысты тұрып, тобымен сөз тіркесінің құрамына енетін тіркестер **түйдекті тіркес** болады.

Түйдекті тіркестер құрамындағы сөздердің бәрінің не біреуінің лексика – семантикалық дербес мағынасы болмайды. Олардың тексеруімен қосымша грамматикалық мағына пайда болмайды. Мысалы, *көз тігеді, жаңа бастады, шапқан сайын* деген тіркестер екі-екі сөзден құралған. Олардың құрамындағы жеке сөздердің, бөлек алғанда, белгілі мағыналары бар, бірақ

олардың тобын жазып, әр сөзді сөйлемнің жеке мүшесі деп қарауға болмайды.

Ерлік жолдасының нұрлы жүзіне күлімсіреп көз тігеді. Пештегі отын лаулап жана бастады. Қаракер шапқан сайын үдейді.

Бұл сөйлемдердегі көз *тігеді* – идиомалы тіркес, баяндауыш, ол *күлімсіреп* дегенмен бір сөз тіркесінің құрамында айтылып тұр: *жана бастады* – күрделі етістікті тіркес, баяндауыш, онымен *лаулап* деген сөз тіркескен, *шапқан сайын* – күрделі есімді тіркес, ол *үдейді* етістігімен тіркесіп пысықтауыштық қатынаста айтылған.

Осылардай *лексика-грамматикалық топ* болып, сөз тіркесінің бір сыңары қызметінде жұмсалатын *тіркесті түйдекті тіркес* дейміз.

Түйдекті тіркес қалпында айтылатын сөз тобының құрылысы, негізінде мынадай болады:

1. **Күрделі етістіктер тобы.** Қазақ тілінде, басқа түркі тілдеріндегідей, етістіктердің бірнешеуі топтанып, бір күрделі мүше болатыны белгілі: *оқып жатыр, оқып келе жатыр; келе бер, келе беретін болады; көріп отыр, көріп отыра бер.*

2. **Есім мен көмекші етістіктер тобы.** Жұмыс *істеу, уәде беру, мақұл көру, қонақ болу, құлақ салу, қол қою, жол жүру* сияқты тіркестер де сол түйдегімен бір-бір сөйлем мүшесі қызметінде айтылып, сөз тіркесінің бір-бір сыңары болып тұрады: *бізге қонақ болды, айтқанымды мақұл көрді.*

3. **Қосарлы есімдер тобы.** Қосарланып айтылатын *бірін-бірі, біріне-бірі, өзімен-өзі, күннен-күнге, жылдан-жылға* сияқты тіркестер де, *бау-бақша, ыдыс-аяқ, құрт-құмырсқа* сияқты қос сөздер де түйдекті тіркес тобына енеді.

4. **Тұрақты тіркестер тобы.** Қазақ тілінде, басқа тілдердегідей, бірқатар сөздер тобы тұрақталған тіркес қалпында жұмсалады. Мысалы, *Төбеден түскен түнек жаудың үрейін ұшырып, есінен тандырды.* Бұл сөйлемдегі *үрейін ұшырып, есінен тандырды* деген тіркестер олардағы жеке сөздердің тіке мағынасына сәйкес ұғымда жұмсалмаған, сол тобымен өзгеше

мағынада жұмсалған: *үрейін ұшыру – қатты қорқыту; есінен тандыру – есін шығару.*

Тұрақты тіркестер екі түрлі болады:

а) **Идиомалық тіркестер:** *қабырғаңмен кеңес (ойлан), қой аузынан шөп алмайтын (жуас), салы суға кетіп отыр (көңілсізденіп отыр), тісін қайрап жүр (өшігіп жүр), іші күй (қызғаншақтық ету).*

ә) **Фразалық тіркестер:** Тұрақты тіркестердің бірқатарының мағынасы оларға қатысып тұрған сөздердің бірі болмаса, бірінің лексикалық мағынасымен байланысты болады. Ондай тұрақты тіркестер фразалық тіркес болады: *таяқ жеу, (соғылу), бас көтеру (қарсылық ету), жаны ашу (аяу), үрейін ұшыру (қатты қорқыту), есіне алу (ұмытқанын қайта айту).*

Тұрақты тіркестегі сөздердің өзара байланысу амалдары мен синтаксистік байланыс формалары қазақ тілінің осы күнгі грамматикалық нормаларынан алшақ кетпейді. Бірақ олардың синтаксистік құрылысы сіресіп «қатып қалған болады да, қызметі мен мағынасы мүлде өзгеріп кеткен болады».

СӨЗДЕРДІҢ ТІРКЕСУ ТӘСІЛДЕРІ МЕН БАЙЛАНЫСУ ФОРМАЛАРЫ

Сөздер грамматиканың қарамағына түсіп, синтаксистік қызмет атқару үшін өзара берік байланыста болулары керек. Мысалы: *мен, жазба, өлең, ермек* дегендер – бытыраңқы сөздер. Бұл сөздер біршама аяқталған ойды білдіретіндей сөйлем құрамына енгенде. *Мен жазбаймын өлеңді ермек үшін...* (Абай) дегендей синтаксистік байланысқа еніп, өзара тіркесіп тұруға тиіс. Сонда *мен* деген сөз *жазбаймын* деген сөзбен байланысып, екінші тіркес болады, *ермек үшін* деген сөздер *жазбаймын* деген сөзбен байланысып, үшінші тіркес жасалады.

Сөздер, осылай, өзара тіркесіп барып бір тұтас сөйлем болғанда, олар әр алуан синтаксистік тәсілдер арқылы байланысады. Сөз бен сөзді байланыстыруға дәнекер болатын синтаксистік тәсілдер, негізінде, мыналар: 1. **Жалғаулар** (септік,

тәуелдік, көптік, жіктік). Мысалы: *жастардың міндеті* деген сөз тіркесіндегі екі сөздің алдыңғысы ілік жалғауда, соңғысы тәуелдік жалғауда айтылу арқылы байланысқан. 2. **Шылаулар** (демеулер, жалғаулықтар). *Отаным үшін аттанам, көрген сайын сұрайды* дегендер шылаулар арқылы байланысқан. 3. **Сөздердің орын тәртібі**: *биік тау, темір күрек, хат жаз, білім ал* деген сөз тіркестері ешқандай жалғаусыз тек қатар тұру арқылы байланысқан. 4. **Интонация**. Бұл – кітап, Жақып – *бригадир* – интонация арқылы байланысқан.

Сөз тіркесінің құрамына енген сөздердің байланысының төрт түрі бар. Мысалы:

Мысалдар	Байланысу тәсілдері
соғысты тілемейміз бейбітшілік үшін күреседі күміс кесе, алтын аяқ алдырған - албырт	жалғау арқылы байланысқан шылау арқылы байланысқан орын тәртібі арқылы байланысқан интонация арқылы байланысқан

Сөз тіркесіндегі сөздердің қосымшалары арқылы байланысуы – **синтетикалық байланыс**, қосымшаларсыз, орын тәртібі, интонация, шылаулар арқылы байланысуы **аналитикалық байланыс** болады.

Сөздердің өзара байланысу тәсілдері негізінде қалыптасқан синтаксистік байланыс жүйесін **сөздердің байланысу формалары** дейміз.

Қазақ тіліндегі сөздердің синтаксистік байланысу формалары мыналар: 1) қиысу, 2) матасу, 3) меңгеру, 4) қабысу, 5) жанасу.

Қиысу – синтаксистік байланыстың көп қолданылатын бір түрі. Қиысу да – сөйлемдегі бағыныңқы мүше (баяндауыш) басыңқы мүшенің (бастауыштың) грамматикалық тұлғасына не грамматикалық мағынасына қарай тұлғаланады. Мысалы, *Мен көрдім ұзын қайың құлағанын* (Абай) деген сөйлемде *мен көрдім* – қиыса байланысқан сөздер.

Мысалдар	Қиысатын сөздер
Жекеше: <i>мен ұқтым, үйрендім сен ұқтың, үйрендің сіз ұқтыңыз, үйрендіңіз ол ұқты үйренді</i>	Атау тұлғадағы сөз бен жіктік жалғаулы сөз Бастауыш пен баяндауыштың байланысуы
Көпше: <i>біз ұқтық, үйрендік сендер ұқтыңдар, үйрендіңдер сіздер ұқтыңыздар, үйрендіңіздер олар ұқты, үйренді</i>	

Матасу – сөз тіркесінің құрамындағы бағыныңқы сөздің басыңқыға және басыңқының бағыныңқыға қарай тұлғаланып байланысуы. Осылайша бірімен-бірі қарама-қарсы, матаса байланысатын сөздердің бірі ілік жалғауда, екіншісі тәуелдік жалғауда айтылады. Мысалы: *ағаштың бұтағы, сенің кітабың, олардың табысы*.

Мысалдар	Матасатын сөздер
Өткірдің жүзі, кестенің бізі, мемлекет мүлкі, әкемнің нағашысының баласының немересі, Кеңес Одағының Батыры	Ілік септікті сөз бен тәуелдік жалғаулы сөз

Меңгеру – сөз тіркесіндегі бағыныңқы сөздің басыңқымен мағыналық үйлесімі негізінде септік жалғауларының (іліктен басқа) бірінде тұрып байланысуы; меңгерілетін сөз табыс, барыс, шығыс, жатыс, көмектес жалғауларының бірінде тұрады да, меңгеретін сөз етістік, есім не сол екеуінің ортақтасқан тобы болады. Осыған қарап меңгеруді үшке бөлеміз: етістікті меңгеру (*терезені ашты, жайлауға шықты, жолда жатты*), есімді меңгеру (*қойдан жуас, оқуға ықыласты, қалада көп*), ортақ меңгеру (*айтуға тілім жетпейді, сөзін мақұл көрдік*).

Меңгерілетін сөздердің тұлғалары	Мысалдар	Меңгеретін сөздер
Меңгерілетін сөздер барыс, табыс, жатыс, шығыс, көмектес септік тұлғаларының бірінде тұрады.	Үйге бардым, үйді көрдім, үйде болдым, үйден келдім, үймен сөйлестім.	Етістіктен болған баяндауыштар

Қабысу – сөз тіркесінің бағыныңқы сыңарының басыңқымен жалғаусыз, қатар тұру арқылы байланысы. Қабыса байланысатын сөздердің көпшілігі тұрған орындарын өзгертпейді, жұбын жазбайды. Мұнда сөз тіркесінің алдыңғы компоненті соңғысын анықтап, айқындап тұрады да, **қандай? қай? қанша? неше? қалай? қайтіп?** деген сұрақтарға жауап береді. Сондықтан бұл анықтауыш пен анықталушы және сын-қимыл пысықтауыш пен пысықталушы сөздер арасындағы байланыс деп те аталады. Мысалы:

Қабыса байланысқан сөздер	Мысалдар	Қабыса байланысатын сөздердің сөйлемдегі қызметі
зат есім мен зат есім сын есім мен зат есім сан есім мен зат есім	темір күрек, түлі тымақ биік тау, қызық өмір үш кісі, отыз үшінші мектеп ақ сары, қара торы	Анықтауыш пен бастауыш Анықтауыш пен бастауыш Анықтауыш пен толықтауыш Анықтауыш пен анықтауыш
сын есім мен сын есім үстеу мен етістік	төмен қарады оқыған адам	Пысықтауыш пен баяндауыш Анықтауыш пен бастауыш
есімше мен зат есім сын есім мен етістік	бұлбұлдай сайрайды	Пысықтауыш пен баяндауыш

Жанасу – қимыл-сыннан басқа үстеудің немесе шылаудың өзінен кейінгі сөзбен байланысуы. Жанаса байланысқан сөздер сөйлемде негізінен пысықтауыш пен баяндауыш болады. Жанаса байланысатын сөздердің орны ерікті: сөйлемнің басында, ортасында, ал поэзияда аяғында да келе береді.

Жанаса байланысатын сөздер	Мысалдар	Жанаса байланысатын сөздердің сөйлемдегі қызметі
Үстеу (қимыл-сын үстеулерінен басқасы) немесе шылау және одан кейін келген сөз	Ерте туып, кеш қалған. Кеше қарындасым келді. Шығысқа дейін жүретін ұзақ жол.	Пысықтауыш пен баяндауыш

Сөз тіркесінің түрлері Сөз тіркестерін топтастыру туралы

Сөз тіркесін бірқатар авторлар сөйлем мүшелерінің ыңғайында топтастырады. Олар тіркескен сөздердің өзара мүшелік қарым-қатынасына қарай, сөз тіркесін «предикативті» және «предикативті емес» деп екіге бөледі де, соңғыдан «толықтауыштық», «анықтауыштық», және «пысықтауыштық» сөз тіркестерін шығарады. Сөз тіркестерін бұлай топтастыру сөздердің өзара тіркесіне негізделгендік болады. Егер сөз тіркесін «сөйлем мүшелерінің тіркесі» деп есептейтін болсақ, оның синтаксистік ерекшеліктерін елемей, сөйлемнің синтаксисімен араластырып жіберген боламыз. Бұл – бір. Екіншіден, сөз тіркесі мен сөйлем мүшелерінің жігі бір емес. Мысалы, *кен байлығы, мал дәрігері, қос ауыз* сияқты сөз тіркестері сөйлемде бір-бір күрделі мүше болып жұмсалуды мүмкін. Сондықтан ол топтастыруды қанағаттанарлық деп айтуға болмайды. Рас, сөздер бірімен-бірі тіркесу нәтижесінде белгілі мүшелік қатынаста айтылады. Бұл жағдай сөз тіркесінің синтаксисінде еленеді, бірақ оның ең басты белгісі бола алмайды.

Сөз тіркесі синтаксисінің негізгі объектісі – сөйлем мүшесі емес, сөз. Сөздердің өзара тіркесуі – олардың грамматикалық қасиетінің бірі. Сөз тіркесінің синтаксисінде жеке сөз таптарының, олардың бөлшектерінің басқа сөздермен және өзара **тіркесу қабілеті, байланысу тәсілдері**, сөздердің сөз тіркесін құраудағы қызметі қарастырылады. Осыларды негізге ала отырып, сөз тіркесінің құрамын, олардың мағыналарын,

синтаксистік қызметтерін сөз ететін боламыз.

Қазақ тілінің сөз тіркестері сөздердің өзара тіркесу қабілетіне қарай есімді және етістікті болып үлкен екі салаға бөлінеді. Есімді сөз тіркесінде есім сөздердің бірі басыңқы болады да, етістікті сөз тіркесінде етістік басыңқы сыңар болады.

Есімді, етістікті сөз тіркестерінің құрамдары, түр-түрпаты әр түрлі болады. Сөз тіркесіндегі сөздердің басын құрайтын және сөз тіркестерін жіктеуге өлшем болатын синтаксистік тірек – **сөздердің байланысу формалары**. Есімді және етістікті сөз тіркестері сол байланысу формаларына қарай өзара бірнеше топқа бөлінеді.

Есімді тіркестер

Қабыса байланысқан сөз тіркестері

Есімді сөз тіркесінің басыңқы сөзі әр уақытта есім, көбінесе зат есім болады. Зат есімдердің жетегінде айтылып, оларға бағынып тұратын сөздер де көбінесе есімдер болады. Ол есімдердің бірқатары сөз тіркесін құрау үшін өзара қабыса байланысады.

Қабысу – түркі тілдерінде, оның бірі қазақ тілінде өте жиі қолданылатын синтаксистік байланыс формасының бірі. Егер қиысуда бағыныңқы сөз басыңқы сөздің грамматикалық мағынасына, тұлғасына бейімделе, тиісті жалғауда айтылып байланысса, қабыса байланысқан сөз тіркестері өзара ешқандай жалғаусыз, тек қатар тұру арқылы тіркеседі. Сонда қабыса байланысқан сөз тіркестерінің грамматикалық байланыс амалы **сөздердің орын тәртібі** болады.

Қабыса байланысатын есімді сөз тіркестерінің құрамына әр түрлі; оның бағыныңқы сыңары зат есім, сын есім, сан есім, сілтеу есімдігі, есімше, үстеу болады да, басыңқы сыңары зат есім, субстантивтенген сын, сан есімдер болады.

Зат есіммен қабыса тіркесетін сөздер:

Зат есім: *темір күрек, ағаш күрек, жел диірмен, түлкі тымақ, етікші бала т.б.*

Сын есім: *биік тау, қызық өмір, жақсы талап, қоралы қой, таудай талап т.б.*

Сан есім: *үш кісі, мың қой, оныншы мектеп, бесінші биргада т.б.*

Сілтеу есімдігі: *бұл қала, мына бала, ана кісі, сол табыс т.б.*

Есімше: *айтылған сөз, келген кісі, айтар сөзім, келетін бала т.б.*

Үстеу: *бүгін бала, ертең оқытушы*

Қабыса байланысқан зат есімдерден құралған тіркестер

Қабыса байланысатын сөз тіркестерінің жиі қолданылатын бір түрі – зат есімнен құралатын тіркестер. Екі зат есім атау күйінде қабыса байланысып, сөз тіркесін құрау үшін алдыңғысы соңғысына бағынып тұрады: Мысалы: *алтын сағат, ағаш күрек, жібек ормал т.б.*

Осындай тіркесте айтылатын зат есімдер тобы көбінесе екі сөзден құралады. Олар өзара әр ауқытта анықтауыштық қатынаста айтылады: *қамыс құлақ, бота тірсек, темір қанат, шаруа қол, т.б.* Бұлар өзара анықтауыштық қатынаста айтылғанмен, сөйлемде бір заттың күрделі анықтауыштары, кейде басқа мүше болып жұмсалады: *қамыс құлақ ат, бота тірсек ат, темір қанат балапан.*

Осы тәрізді қатар тұру арқылы бірін-бірі анықтайтын зат есімдер тобы екі, үш кейде төрт сөзден құралуы мүмкін: *темір қанат балапан, қой көз бала, шоқпар темір таяқ.*

Зат есімнен құралған сөз тіркестері тұрған орнына қарай байланысқанда, әрбір анықтауыштық тіркес фразалық (ритмикалық) бір екпінге бағынып, екпін жағынан бір түйдек болып тұрады.

Зат есімдерден құралған анықтауыштық топқа кез келген зат есім ене бермейді. Оған өзара мағыналық байланыста бола алатын сөздер, тілде солай айтылып үйреншікті болған сөздер ғана енеді. Сондықтан *тас жол, темір күрек, қол сағат* деп айтылады да, керісінше, *жол тас, күрек темір, сағат қол* деп айтылмайды (орын ауыстырып айтуға болатын жағдайда

басқа мағыналық қатынасты білдіреді, мысалы: *сағат қалта* – *қалта сағат*, *көз әйнек* – *әйнек көз*). Зат есімдерден болған сөз тіркесінің бірінші сыңары көбінесе конкретті, материалды заттың аты, кейде солай ұғынылатын басқа есімдер болады. Күш, өнер, өнеге, кайрат, әрекет, айла, айбат, ес, түс, обал сияқты абстрактты зат есімдер сол түбір қалпында ол топтың бірінші сыңары болып айтылмайды.

Бірқатар зат есімдер, жоғарғыдай, анықтауыштық құрамда жұмсалудың үшін ол екеуінің алдында басқа анықтауыштар болуды керек етеді:

а) *аяқ жол* деп айтылмайды, *жалғыз аяқ жол* дегенде ғана олар анықтауыштық құрамға енеді. *Арқа отын* деп жалаң айтылмайды, *бір арқа отын* дегенде оның алдында сан есімнен анықтауышы болса ғана, екі зат есім қатар тұрып тіркесе алады.

ә) Сол сияқты, *қайнатым шай*, *үзім нан*, *асым ет* қалпында етістіктің аяғына *-ым/-ім* жұрнағы жалғанып жасалған зат есімдер мен басқа зат есімдер сандық анықтауышсыз бір топ құрай алмайды, *бір қайнатым шай*, *бір үзім нан*, *екі асым ет* сияқты құрамда ғана айтылады. Сонда, екі заттың анықтауыштық қатынаста айтылуы олардың алдындағы сан есімдерге байланысатын болады.

б) *Салпаң*, *қалқан* сияқты бейнелеуіш сөздер қатысқан зат есімдер басқа затпен тіркесіп, анықтауыштық құрамда айтыла алады:

Қалқан – *қалқан құлақ бала*,

Салпы – *салпы ерін ат*,

Бұлаң – *бұлаң құйрық түлкі*,

Сылтық – *сылтық аяқ түйе*.

в) Бірқатар зат есімдер өзара тіркесу үшін олардың алдына *келте*, *қысқа*, *биік*, *ұзын*, *жұқа*, *қалың*, *шолақ*, *қаба* сияқты сын есімдер болады: *ұзын құйрық түлкі*, *биік өкше етік*, *қаба сақал қарт*.

г) Бірқатар зат есімдер тек қосарланып (қос сөз болып) айтылғанда ғана басқа зат есімдермен тіркесе алады: *қора-қора қой*, *үйір-үйір жылқы*, *тарам-тарам тамыр* т.б.

Зат есімдерден құралған сөз тіркестері түрлі-түрлі мағыналық қатынаста жұмсалады. Ол жағдай анықтауыштық топтағы заттардың семантикалық өзгешіліктерімен байланысты.

Зат есімдерден құралған сөз тіркестері мынадай мағыналық қатынаста жұмсалады:

1. Заттың неден қандай заттан жасалғанын білдіреді: *темір пеш* (темірден жасалған пеш), *ағаш күрек* (ағаштан істелген күрек), *күміс қасық* (күмістен іселген қасық).

Бұған қасқыр ішік (қасқырдың терісінен тігілген ішік) *тас жол* (тас төселген жол) сияқтылар да енеді. Мысалы:

Егер осы айтқаның келсе, мына алтын сағатымды сыйладым саған. Болат тонын сыпырып алсаң, немістер де, бір қоян да бір екен. (Ә.Әбішев).

2. Салыстыру, теңеу мағынасында жұмсалады: *қамыс құлақ* – (ат) аттың құлағы қамыстай д.м.; *пісте мұрын* (қыз) – қыздың мұрны пістедей д.м.; *жібек жүн* – жүні жібек д.м. Мысалы:

Қаракер қамыс құлағын қайшылап, оқта-текте жерден басын алып, төңірекке едірейіп қарап қояды. Жібек жүнің желкілдеп, жайраңдайсың ақ лақ.

3. Бір затты басқа затқа арнау мағынасында қолданылады. Мысалы: *ат қора* – ат тұратын қора; *мал қора* – мал қамауға арналған қора; *шай кесе* – шай ішуге арналған кесе; *кір сабын* – кір жууға арналған сабын.

4. Бір зат екінші затты мекеніне қарай анықтайды: *тау теке*, *көл бақа*, *желке тамыр*, *қалта сағат* т.б. Олардың екі түрі бар:

а) Сөз тіркесінің бағыныңқы сыңары жер-су аты болып, басыңқысы заттың сонда өсіп-өнетінін білдіреді: *тау ешкі*, *су жылан*, *көл бақа*, т.б.

ә) Қабыса байланысқан топтағы екі сөз де жалпы есім болып, бірі екіншісінің қай жердегі, қай орындағы зат екенін анықтайды: *мойын ет*, *желке тамыр*, *тамақ без*, *ауыз үй*, *тамақ бау*, т.б.

Бұлар – бір лексикалық бірлікте айтылатын тіркестер. Мысалы:

Мұныма біреу қарсылық айта қалса, шеке тамырым көрінгенше, өңешім қызарғанша айтыса кетуге де әзірмін.

5. Заттың өлшемдік мағынасын білдіреді: бір қара қой, екі саба қымыз, қап-қап астық, бір асым ет т.б. Ондай өлшемдік мағынада жұмсалатын тіркестер мынадай құрамда айтылады:

Бір қора қой, бір үйір жылқы, екі полк әскер, бір қазан ет, үш шелек су, бес қап ұн, бір уыс бидай, үш адым жер, бір сауым сүт т.б.

6. Кәсіп, дәрежені білдіреді: а) инженер қыз, шәкірт бала, тракторшы Есбол; ә) суретші Әбілхан, жазушы Мұқанов, аға лейтенант, т.б.

7. Адамның жынысын білдіреді: қыз бала, ұл бала, әйел адам, т.б.

8. Даралау мағынасында жұмсалады: қайың ағаш, алма ағаш, нар түйе, т.б.

Сын есімді тіркестер

Сын есімдер – заттың әр түрлі сындық сапасын білдіретін сөздер. Солай болатындықтан олар зат есімдерге қатысты болып, зат есімдерден тіркесіп, есімді сөз тіркесінің құрамында өте көп жұмсалады. Сын есімдердің лексикалық мағыналарына және синтаксистік қызметіне қарағанда, олар есімді сөз тіркестерінің арнаулы бағыныңқы сыңары болатын сөздер.

Сын есімдер мен зат есімдер қатар тұру арқылы өзара қабыса байланысқан есімді сөз тіркесі жасалады. Мұндай синтаксистік тіркестердің құрамы әр алуан болатындықтан, олар әр түрлі анықтауыштық қатынаста жұмсалады. Мысалы, анықтауыштық қатынаста жұмсалатын сын есімдер **заттың түсін** (ақ қар, боз ат, көк шөп, қызыл гүл), **заттың көлемдік сапасын** (тар жол, қысқа жіп, кең сарай), **заттың табиғи күйін** (қалың қарағай, салқын жел), **адамның, басқа заттың ішкі сырын** (жақсы кісі, жаман жолдас, жуас ат, шабан үйрек), **тамақтың дәмін** (тәтті тамақ, ащы сорпа, қышқыл жеміс), **заттың салмақтың мөлшерін** (ауыр жүк, жеңіл чемодан), т.б. білдіреді.

Осындай әр түрлі мағынада жұмсалатын сын есімдер

кез келген зат есіммен тіркесе бермейді және барлық сын есімдердің зат есімдермен тіркесу қабілеті бірдей емес. Мысалы, *тілемсек* деген сөз адамның ғана сынын білдіреді. Сондықтан оны тілемсек кісі, тілемсек бала, тілемсек шал сияқты құрамда айтуға болады, *тілемсек ат*, *тілесек қоян* тәрізді құрамда айтуға болмайды. Сол сияқты *асау* сөзін *асау ат*, *асау бие*, *асау тайлақ* сияқты құрамда айтуға болады да, *асау бала*, *асау шал* деп айту ерсі болады. Оның себебі әрбір сын есімнің білдіретін лексикалық мағынасы белгілі затқа тән сапа болады. Сондықтан мысалы, *қисық* сөзін қисайтуға болатын заттардың, *асау* сөзін көлік малын білдіретін заттардың сапасы деп айтуға болады. Көркем әдебиетте ондай, белгілі ғана заттың сапасын кейде мағыналық үйлесімі кем басқа затқа теліп, сол арқылы сөз тіркесінің мазмұнын көрікті етіп әсірелеуге болады.

Заттың түсін білдіретін сын есімдерді кез келген сондай түсі бар заттың ұғымын білдіретін сөздермен еркін тіркестіре беруге болады. Мысалы: *ақ қағаз*, *ақ қар*, *ақ гүл*, *ақ бидай*, *көк шөп*, *көк қағаз*, *көк аспан*. Бұл жағынан малдың түсін білдіретін сын есімдердің жұмсалыуында үлкен айырмашылық бар: біріншіден: *ақ*, *көк*, *қара*, *қызыл*, *жирен* түстерді мал аттарымен тіркестіргенде, олардың түсі басқа заттардан ерекше болып ұғынылады; екіншіден, ондай түстердің бәрін бірдей барлық малдың түсі ретінде қолдануға болмайды. Мысалы, *ақ қой*, *ақ ешкі* деп айтылады, ал *көк түйе* деп айтылмайды, *қара ат*, *қара сиыр*, *қара ешкі*, *қызыл ат*, *қызыл қой* деуге болады, ал *қызыл түйе*, *қызыл ешкі* деп айтылмайды.

Бірқатар сын есімнің сындық сапасын күшейту үшін оларға басқа сын есімдер қатысты болып та олар күрделі сөз тіркесінің құрамына енеді: *тастай қатты ағаш*, *сүттей жарық ай*, *удай ащы дәрі*.

Сан есімді тіркестер

Сан есімдер – зат есімдерге тән, оларды сан жағынан анықтап тұратын, зат есімнің жетегінде айтылатын, өзінің басыңқылық дербестігі жоқ сөздер. Олардың зат есімдермен

тіркесуі арқылы қабыса байланысқан есімді сөз тіркестері жасалады. Сан есімдер мен зат есімдердің өзара тіркесу қабілеті ерекше болатындықтан, ондай сөз тіркестері жиі кездеседі және олардың құрамы әр түрлі болады.

Бірқатар зат есімдер талдап саналатын конкретті заттардың аты болады да, бірқатары абстракт ұғымының аты болады. Осыған орай, сан есімдер барлық зат есіммен бірдей тіркесе алмайды: олар санауға болатын заттардың атын білдіретін сөздермен тіркесе алады да, санауға болмайтын, абстракт ұғымды білдіретін зат есімдермен тіркеспейді. Соңғыға мынадай сөздер жатады:

а) *балалық, жастық, сұлулық, тазалық, жалқаулық, мырзалық, сезімділік* сияқты сапалық зат есімдер;

ә) *гүрсіл, тарсыл, қарау, жүдеу, жасқану* мінез сияқты құбылыс, процесс аттарын білдіретін зат есімдер;

б) *логика, психология, химия, биология, педогогика* сияқты ілім және ғылым аттарын білдіретін зат есімдер.

Сан есім қатысқан сөз тіркесі сыңарлары бір-бірінің тұлғалануына әсер етпейді. Сан есімдер арқылы заттың көптігін білдіргенмен, басыңқы қызметтегі зат есімдер көптік жалғауда айтылмайды. Мысалы, *он ешкі, қырық саулық, мың қой, оныншы мектеп, алтыншы бригада*.

Жинақтау сан есімдерден басқа сан есімдердің бәрі де анықтауыштық қатынаста санауға, есептеуге болатын заттардың атын білдіретін сөздермен тіркесе береді: сонда септік сандар заттардың қанша екенін білдірсе, реттік сандар заттың сан ретін, нешінші екенін білдіреді:

Сыныпта жиырма төрт оқушы сабаққа қатысуға тиіс. Бөлмеге жаңа екі қонақ келіп кірді.

Болжалды сан есімдер сөз тіркесінің құрамында заттың сандық сапасын шама мөлшері ретінде көрсетеді:

Олжабек үш жүздей жылқыны айдап келеді. Біз болсақ, бес-алты қырқаны сыртынан бағып отырмыз.

Сан есімдер уақыт, салмақ, көлем өлшемін білдіретін сөздерге және жасар, жастағы сөздеріне қатысты болу арқылы

да күрделі есімді сөз тіркесін құрайды: *үш күндік жол, алты айлық азық, бес тонна бидай*.

Есімшелі тіркестер

Зат есімдермен қабыса байланысатын сөздердің тағы бір тобы – **есімшелер**. Есімшелердің зат есімдермен тіркесуі арқылы **анықтауыштық** қатынастағы есімді сөз тіркестері жасалады, мысалы: *орылған егін, жайнаған дала, көгерген шөп, келіскен кісі*.

Мұндай есімді сөз тіркестерінің құрамында жиі кездесетін есімшелер **-ған// -ген** тұлғалылар. Бұларға қарағанда, **-а-тын// -е-тін, -ар// -ер, -р** тұлғалы есімшелер есім сөз тіркесінің бағыныңқы сыңары қызметінде аз айтылады. Оның себебі – есімшелердің білдіретін шақтық мағынасында: өткен шақ пен осы шақта жұмсалатын **-ған** тұлғалы анықтауыштар қимыл процессінің нәтижесін, оның зат есіммен тығыз мағыналық байланысын білдіреді, мысалы: *маңыраған қой, боздаған бота, жиналған астық, айтқан сөз, құжынаған мал, көрген кісі, үйде отырған бала*.

Келер шақтық есімше зат есіммен тіркескенде көбінесе, оның болашақта болатын, қосымша сапасы ретінде жұмсалады. Мысалы: *сауылатын сиыр, жазатын кісі, орақ оратын жігіт*.

Есімшенің сөз тіркесі құрамындағы анықтауыштық мағынасын басқа анықтауыштармен салыстырғанда, олардың елеулі айырмашылығы бар екенін көреміз: егер, мысалы, сын есіммен болған анықтауыштар заттың әр алуан сындық сапасын бір қалыпты күйінде білдірсе, есімшелер заттың қимылдық сапасын процесс күйінде білдіреді. Бұл айырмашылықты байқау үшін сын есімдерден жасалған есімшелері бар мысалдар алайық.

Көк шөп – көгерген шөп.

Ақ үй – ағарған үй.

Семіз қой – семірген қой.

Әдетте есімшелердің жетегінде, оларға меңгерілетін есімдер болатыны белгілі. Олар, көбінше, сол тобымен зат есімге қатысты болып, онымен бірігіп күрделі сөз тіркесінің құрамында

айтылады. Мысалы: *Төбеде жүрген жау ұшағы сирей бастады. От жағылған екі темір пеш түксіп тұр.*

Есімшелер зат есімдер мен ғана емес, олардың орнына жұмсалатын басқа есімдермен де тіркесуі мүмкін, мысалы: *келген біреу, оқыған жас, тайсалмайтын батыр.*

Есімді тіркестер

Есімдіктердің ішінде қабыса байланысқан есімді сөз тіркестерінің бағыныңқы сыңары болып жиі кездесетіндері – **сілтеу, сұрау және жинақтау** есімдіктері. Олар зат есімдермен тіркесіп, анықтауыштық қатынаста жұмсалады. Мысалы, *мына кітап, ана тау, осы қала, қай аудан?, қандай мәселе?*

Есімдіктердің сөз тіркесінің құрамындағы анықтауыштық мағыналары бірдей емес.

Сілтеу есімдіктері заттың айтушыға алыс-жақындық бағдарын нұсқап көрсетіп анықтайды:

Ол осы өзенді жағалап Кремль жақтағы сонау көк мүйіске қарай серуендемекші еді-ау! Бұл – сонау Ұлытаудың қазағы Олжай дейтін.

Сұрау есімдіктері ол құрамда заттың сұраулық сапа қатынасын білдіреді, мысалы, *қай қала? неше мектеп? қандай адам?*

Мұндай құрамда айтылатын сұрау есімдіктері – қабыса байланысатын анықтауыштарға (сын есім, зат есім, сан есім, есімше және сілтеу есімдіктерінен болған анықтауыштарға) қойылатын сұрақтар.

Жалпылау есімдіктері есімді сөз тіркесінің бағыныңқы сыңары қызметінде заттың жинақталған мөлшерлік сапасын білдіреді. Мысалы, *барлық жұрт, күллі ел, бүкіл дүние.*

Үстеулер қатысқан есімді тіркестер

Үстеулер - өздерінің лексикалық мағыналарына лайық заттың қимылдық сапасын айқындайтын сөздер. Солай болатындықтан олар көбінесе етістіктерге қатысты болып, етістікті сөз тіркесінің құрамында жиі қолданылады. Үстеулердің

есім сөздермен тіркесуі де кездейсоқ құбылыс емес. Қазақ тілінің материалдарына қарағанда, мезгіл үстеулері сөйлем ішінде зат есім, сын есім, сан есім және бар, жоқ сөздеріне қатысты болып, солармен қабыса байланыста көп ұшырайды. Мысалы: *бүгін жайлауда, енді көңілді, қазір жас, биыл жетіде, бүгін бар, ертең жоқ.*

Бірақ бұлар – мағыналық байланысы берік сөздердің үйлесуі негізінде жасалған *бүгін келді, енді айтады, қазір барамын* сияқты сөз тіркестер емес, арқауы бос тіркестер. Олай дейтін себебіміз – мезгіл үстеулері есімдермен тіркескенде, олардың тіркесу қабілеті айқын болғандықтан және мағыналық байланысы берік болғандықтан тіркеспейді, сөйлемнің жалпы мазмұны керек ететіндіктен ғана есімді сөйлемнің құрамына еніп, есім баяндауышқа мезгілдік мағына үстеу үшін тіркеседі.

Баяндауыш қызметіндегі есімдер мен үстеулердің мезгілдік қатынастағы сөз тіркесін құрауына мысалдар:

Қасен қазір жұмысшы. Біз де бүгін вахтадамыз. Ұлпа биыл жетіде. Бозбаламын мен де енді.

Мезгіл үстеулер сөйлемде баяндауыш болған есімдерге ғана қатысты болғандықтан, олар есімдерден қашықтап тұрып, олармен жанаса байланысуы да мүмкін. Мысалы:

Қазір ол – мал бригадирі. Сәрсеннің қазір екі немересі бар. Бүгін онда бір түрлі сергектік, сезімділік бар. Жомартта әлі үн жоқ.

Матаса байланысқан сөз тіркестері

Матасу – қиысу, меңгеру сияқты синтаксистік байланыс формаларының бір түрі. Ол изафеттік құрылыстағы сөз тіркесінің байланыс формасы: *Омарбектің інісі, ағаштың бұтағы, біздің табысымыз.* Бұл сөз тіркестерінің бірінші сыңарлары ілік жалғауда, екінші сыңары тәуелдік жалғауда айтылған.

Сөйлемдегі сөздердің осылай байланысуы – қазақ тілінің (басқа түркі тілдерінің де) грамматикалық құрылысындағы ерекшелігінің бірі. Ондай сөз тіркестерінің байланысын бірқатар авторлар қиысу деп қарайды. Енді бірқатар авторлар басқа

тілдерде бар байланыс формасының, әйтеуір, біріне жатқызу үшін оны **меңгеру** деп таниды. Дұрысында, біздің матасу дегеніміз бен қиысудың кейбір сыртқы ұқсастығы бары рас. Бірақ екеуі бір емес: екеуінің мазмұны да, сөз тіркесін құраудағы қызметі де екі басқа. Оның соңғыдан негізгі айырмашылығы мынау: егер меңгеруде өзара байланысқан сөздердің бірі екіншісіне бағынып тұлғаланса, матасуда бағыныңқы сөз бағынатын сөзге қарай айқас байланысады. Басқаша айтқанда, бір сөздің белгілі жалғауда тұруын керек ететін сөз оның жетегінде айтылып, оған бағынып тұрады. Егер қиысуда бағыныңқы сөз басыңқы сөзге иек артып, соның жақтық, көптік мағынасына лайық, белгілі грамматикалық тұлғада айтылса, матасуда, керісінше, басыңқы сөз өзіне бағыныңқы сөздің жақтық мағынасымен үйлесіп, тиісті грамматикалық тұлғада жұмсалады. Сөйте тұрып, ол бағыныңқы сөздің тиісті жалғауда (ілік септікте) айтылуын керек етеді:

Менің қарындасым келді.

Сенің қарындасың келді.

Оның қарындасы келді.

Мұнда тәуелдік жалғаулардағы бастауыштарға баяндауыштар бағындырылып, ілік септікті сөздер олардың анықтауыштары болып тұр.

Матаса байланысуды қиысудан бөліп қарау қазақ тілінің, сонымен қатар басқа түркі тілдерінің де сөйлем құрылысында бар синтаксистік ерекшелікті дұрыс тануға себепкер болады. Олай етпей, *ағаштың жапырағы, менің жолдасым* дегендерді тек жақтық, сандық қиысу тұрғысынан қарағанда, ондай топтағы басыңқының тұлғалануы ескеріледі де, ілік жалғауындағы сөздердің тәуелдеулі сөздерге бағыныңқылық ыңғайда жұмсалатыны ескерілмеген болады. Шынында, олардың екі жағын бірдей ескеру керек.

Изафеттік құрылыстағы сөз тіркестерімен өзара матастырып тұратын грамматикалық тұлғалар – ілік, тәуелдік жалғаулары. Сонда ондай сөз тіркестерінің бірінші сыңары ілік жалғауында айтылады да, екінші сыңары тәуелдік жалғауда болады. Тек *біз, сіз* деген екі есімдік ілік жалғауда жұмсалғанда, онымен

тіркесетін сөз жалғаусыз да айтылады: *біздің бала, біздің ауыл.*

Матаса байланысқан сөз тіркесінің бірінші сыңары

Матаса байланысатын сөздер – негізінде, зат есімдер. Солай болған соң зат есім мағынасында не зат есім орнына жұмсалатын сөздердің бәрі сол тіркестің бірінші не екінші сыңары бола алады. *Досболдың табысы, сенің уәдең, қойдың жүні, екінші бірі, жақсының шарапаты, жалқаудың кесірі.*

Мұндай сөз тіркестері анықтауыштық қатынаста жұмсалады. Анықтауыштық қатынастағы ілік жалғаулы сөздердің әр түрлі құрамда айтылуына қарай матаса байланысқан сөз тіркестері әр түрлі анықтауыштық қатынаста жұмсалады. Олардың негізгі мағыналары мыналар:

1. Ілік жалғауы меншік иесі бола алатын сөзге жалғанып, меншіктілік қатынасты білдіреді. Ол дара және қоғамдық меншіктілік болуы мүмкін.

Менің киімім,

Ауылдың жері.

Оқушының кітабы.

Мемлекеттің мүлкі.

2. Ілік жалғаулы зат есімдер сол заттарға қатысы бар басқа зат есімдермен тіркесіп, зат пен заттың табиғи байланысын білдіреді.

Ағаштың бұтағы.

Ешкінің сүті.

Қойдың жүні.

Түйенің терісі.

3. Ілік жалғаулы сөздер туған-туысқандық, дос-жарлық ұғымдағы сөздермен тіркесіп, жанұялық, туысқандық, т.б. қатынасты білдіреді.

Менің қарындасым.

Асқардың баласы.

Ажардың апасы.

Төлеудің қызы.

4. Ілік жалғаулы сөз тәуелдеулі сан есім, есептік ұғымы бар зат есім және сыне сімдермен тіркесіп, **бөлшектеу, талғау** мағыналарында да жұмсалады:

а) бөлшектеу: *оқушылардың бірі, егіздің сыңары, жиылыстағылардың көпшілігі;*

ә) талғау: *адамның ақылдысы, аттың жүйрігі, қызылдың қызылы.*

Изафеттік құрылыстағы сөз тіркесінің бірінші сыңары жалғаусыз айтылған анықтауыш болғанда, олар өзара қабыса, әрі тәуелдене байланысады. Ондайда ілік септеуі зат пен заттың жоғарғыдай меншіктілік, туыстық, табиғи қатынасын білдірмейді, тек заттың заттық сапасы ретінде, тәуелдік қатынаста жұмсалады: ауылдың малы, ауыл малы сияқты екі түрлі формада айтылатын анықтауыштардың мағынасы бірдей емес, сондықтан *мал шаруашылығы, колхоз аулы* сияқты жалғаусыз айтылған бірқатар анықтауыштарды *малдың шаруашылығы, колхоздың аулы* деп жалғаулы етіп айтуға болмайды. Болмайтын себебі – ілік септікті сөз жалғаулы болса, меншіктік қатынасты білдіреді, жалғаусыз болса, заттық сапа ретінде жұмсалады. Оны мысалдан да анық байқаймыз: *Абайдың кітапханасы. Абайдың өзінің кітапханасы.*

Изафеттік *темір пеш, ағаш күрек* тәрізді құрылыста және *кен байлығы, мал шаруашылығы, радио хабары* сияқты құрылыста келетін түрлері де – синтаксистік байланыстағы сөз тіркестері. Екеуі де қабыса байланысқан зат есімдер тобын (*қыл арқан, ағаш үй*) жалғаулы есімдер тобымен (*талапкерлердің оқуы, кеңес өкіметі, кен байлығы*) салыстырғанда, алдыңғыдан соңғы топтағы сөз тіркестерінің синтаксистік байланысының берік, бір тұтас екенін көреміз. Оның себебі – тіркескен сөздердің соңғысы алдыңғысына тәуелділік жалғауы арқылы да байланысып тұрады. Солай болғандықтан *Темір пештің оты лаулап жана бастады* деген сөйлемдегі *темір* сөзін тастап айтуға болады, ал *Қазақстанда кен байлығы үлкен орын алады. Игілік жолы халқымызды бақытты тұрмысқа жеткізді* деген сөйлемдердегі *кен байлығы, игілік жол* деген сөз тіркестерін олай ыдыратып, екі сыңарының бірін түсіріп айтуға болмайды.

Изафеттік құрылыстың ілік жалғаулы (*Қазақстанның байлығы*), ілік жалғаусыз (*кен байлығы*) болып келетін екі түрінің айырмашылығы да жоғарғыдай.

Түркологиялық әдебиетте изафеттік құрылыстағы анықтауыштық топтың бірінші сыңары белгілі зат болса, жалғаулы болады, белгісіз зат болса, жалғаусыз болады деп түсіндіреді.

Матаса байланысқан сөз тіркесінің екінші сыңары

Сөйлеуші бір затты не өзіне, не өзгеге, не басқа затқа меншіктеп айтқысы келгенде, меншіктелген сөзге **-нікі, -дікі, -мікі** жұрнағын жалғап, *мына ат менікі, мына сағат сенікі* деген сияқты сөйлемдер құрайды. Сонда жоғарғы жұрнақтар жалғанған сөздерге одан бұрын айтылған заттар меншіктеліп тұрады да, ол екеуінің арасынан меншіктілік қатынас туады.

Сондай-ақ, зат пен заттың меншіктілік басқа табиғи қатынасын білдіру үшін, меншіктеуші сөздерге ілік, меншіктелуші сөздерге тәуелдік жалғаулары жалғанып та айтылады: *менің атым, сенің атың, оның аты*. Әрине, бүлекі тіркестің меншіктілік мағынасы біріне-бірі жақын болғанмен, грамматикалық қызметі бір емес, *ат ауылдікі* – предикаттық меншік те, *ауылдың аты* – атрибуттық меншік. Оның үстіне ілік, тәуелдік жалғаулары арқылы айтылатын меншіктілік қатынас тәуелдеулі бір сөзбен де айтылады: *атым, атың, көйлегім, көйлегің, көйлегі*.

Матаса байланысатын изафеттік тіркестің екінші сыңары зат есім, заттанған сын есім, сан есім, есімше, есімдіктер болады: *теңіздің толқыны, аттың жүйрігі, оқушылардың бесеуі, менің айтқаным, сенің өзің*.

Бұлар – анықтауыштық қатынастағы есімдер тобы. Жалпы алғанда, есім сөздердің бәрі де мұндай тіркестің екінші сыңары бола береді. Тіпті грамматикалық тұлғада «өзгерілмейтін» сөздер деп аталатын үстеу, одағайлар да белгілі жағдайда матасқан сөз тіркесінің екінші сыңары бола береді: *еріншектің ертеңі тауысылмас, алаңнан ойбайым тыныш*.

Зат есім тәуелденіп, ілік жалғаулы сөзбен матаса байланысқанда, меншіктілік және табиғи қатынасты білдіреді: *менің жолдасым, үйдің есігі, қазанның қақпағы*.

Сын есім изафеттік тіркестің екінші сыңары болғанда, мынадай мағынада айтылады:

а) субстантивтенген зат есім орнында тәндік мағынада жұмсалады: *менің тентегім* (менің балам д.м.) *колхоздың шұбары* (колхоздың шұбар аты д.м.).

ә) сын есімнің таңдаулы шырай мағынасында: *Бұл – таудың*

биігі, Ақмоншақ – аттың жүйрігі.

Сан есім изафеттік тіркестің екінші сыңары болып ілік жалғаулы зат есіммен, сан есіммен матаса байланысқанда бүтіннің бөлшегі ретінде жұмсалады: *балалардың бесеуі, оқушылардың екеуі, оның жартысы.*

Есімшелер жоғарғыдай тіркесте тәндік қатынаста, әрі заттық, әрі қимылдық сапа мағынасында жұмсалады. *Менің айтқаным, сенің жазғаның, оның көрген-білгені, сенің айтарың.*

Меңгеріле байланысқан есімді сөз тіректері

Сөз тіркестерінің басыңқы сыңарлары есімді, етістікті бағыныңқы сөздердің байланысу формасына, тұлғасына қарап бірнеше топқа бөлінеді. Соның бірі – **меңгеріле байланысқан сөз тіркестері.**

Меңгеріле байланысатын сөз тіркестерінің ерекшелігін олардың құралу тұлғасынан қарап айырамыз. Олар **барыс, шығыс, табыс, жатыс, көмектес** жалғауларының бірінде болады да, басыңқы сөз сол жалғаудағы сөзді керек ететін етістік не есім болады. Осыдан меңгеріле байланысқан сөз тіркесі жасалады. Меңгеруші сөз жетектеуші де, меңгерілуші оның жетегіне еруші сөз болады. Септік жалғаулары сөз бен сөзді байланыстырумен қатар, түрлі-түрлі синтаксистік қатынасты білдіреді. Мысалы, барыс септігіндегі сөз бет алысты, бағытты, мақсатты, мезгілді, т.б. білдіреді. Сондай мағыналық қатынастар тек жалғау жалғанған сөздердің әр түрлі болуынан ғана тумаиды, тұтас сөз тіркестерінің қарым-қатынасынан туады.

Бұл тіркестердің байланысу формасы – **меңгеру.** Есімдердің есімдерді меңгеруі, етістікті тіркестердегідей, әрі мағыналық, әрі синтаксистік тығыз байланыс негізінде емес, әлсіз байланыс ыңғайында пайда болады.

Меңгеріле байланысқан есімді сөз тіркестерінің түрлері

Меңгеріле байланысқан есімді сөз тіркестері онша көп кездеспейді және барлық есімдер бірдей ондай сөз тіркесінің меңгеруші сыңары бола алмайды. Есімдердің ішінде көбінесе

бастауыштың **күйін, халін** білдіретін сөздер есімді сөз тіркестерінің басыңқы сыңары болып жиі жұмсалады. Олар мынадай есімдер:

1. **Сын есімдер.** Негізінде сөз тіркесінің бағыныңқы сыңары болатын сын есімдер баяндауыш қызметінде жұмсалғанда, есімді сөз тіркесінің басыңқы сыңары болып та айтылады. Бірақ олардың бәрі бірдей сөз тіркесін құрай алмайды: мысалы, **заттың түсін** білдіретін сын есімдер тек *қардан ақ, қаннан қызыл, күйеден қара* сияқты тіркес құрамында келеді, ал **заттың ішкі – сыртқы сапасын** білдіретін сын есімдер ондай құрамда әлдеқайда көп кездеседі, мысалы: *өзіңе жақсы, маған түсінікті, тазалыққа жаман.*

Барыс, шығыс, көмектес, кейде жатыс септіктерінде айтылып, сын есіммен тіркесетін сөздер толықтауыштық қатынаста жұмсалады:

Жуас түйе жүндеуге жақсы. Қаршыға, бүркіт тазалыққа үйір, қарақұс, күшеген өлексеге үйір (мақал). *Өнімсіз іске шепшебер* (Абай).

2. **Зат есімдер.** Зат есімдердің ішінде ағаш, тас, көмір сияқты атаулардан гөрі күш, бай, мейрам, сын сияқты абстракт зат есімдер баяндауыш қызметінде сөз тіркесінің меңгеруші бөлшегі болып көп жұмсалады.

Елім менің жерге бай, Айдынды шалқар көлге бай (Жамбыл). *Қашпақ, қумақ – ерге сын, көшпек, қонбақ – жерге сын.* (мақал).

3. **Заттың күйін білдіртін есімдер.** Бар, жоқ, көп, аз, мәлім, бәрібір, мүмкін тәрізді заттардың әр алуан күйін білдіретін есімдер сөз тіркесінің құрамында басыңқы болып көбірек айтылады:

Астында семіз сары жорға аты бар (М.Әуезов). *Аспанда алақандай бұлт жоқ* (С.Мұқанов).

Сан есімдермен есімдіктер жоғарғыдай есім сөз тіркесінің меңгерушісі болып өте аз кездеседі:

Басқада құлақ екеу болса, секретарьда төртеу. Есжан, ол жақта... егіске дайындық қалай? (Ғ.Мүсірепов).

Етістікті тіркестер

Етістікті сөз тіркесінің грамматикалық діңгегі етістік болады, соның негізінде басқа сөздер етістіктің маңына топтанады. Сөз таптарының қайсысымен салыстырсақ та, етістіктердің сөз тіркесін құрау қабілетінің молдығын байқаймыз. Етістіктер мен есімдіктердің барлық түрлері, сондай-ақ үстеулер, көсемшелер, шылаулы есімдер тіркесе алады. Алайда бұл сөздердің етістіктермен тіркесу дәрежесі, тіркесу тәсілдері мен формалары, сол сияқты, мағыналық қатынастары да әр түрлі болып отырады. Толып жатқан есім сөздер етістіктермен ешбір қосымшасыз тіркеседі. Бұл ретте етістіктер мен есімдердің өзара байланыс түрі қабысу болады. Етістікті сөз тіркестерінің енді бір тобы есімдердің барыс, жатыс, шығыс, көмектес, табыс жалғаулары арқылы салт және сабақты етістіктермен **меңгеріле** байланысады.

Қазақ тіліндегі етістіктердің басқа сөздермен байланысуының осы ерекшелігіне қарай етістікті сөз тіркестері: **1) қабыса байланысқан етістікті сөз тіркестері, 2) меңгеріле байланысқан етістікті сөз тіркестері** дейтін екі топқа бөлінеді. Етістікті сөз тіркестері демеулер мен көмекші есімдердің қатысуы арқылы да құралады. Бұларды меңгеріле байланысқан етістікті сөз тіркестерінің құрамында қараймыз.

Қабыса байланысқан етістікті сөз тіркестері

Қабыса байланысқан етістікті сөз тіркестерінің құрамы әр түрлі болады. Етістіктермен қабыса байланысатын сөздер: үстеулер, еліктеуіш сөздер, көсемшелер, сын есімдер, сан есімдер, жалғаусыз зат есімдер. Есімдіктердің ішінде тек сұрау есімдіктері ғана етістіктермен қабысу жолымен **қалай оқиды? Не алды?** Тәріздес сөз тіркестерін құрайды. **Қабыса байланысқан етістікті сөз тіркестері** бағыныңқы сынның ыңғайына қарай: **1) үстеулі сөз тіркестері; 2) еліктеуішті сөз тіркестері; 3) көсемшелі сөз тіркестері; 4) сын есімді сөз тіркестері; 5) сан есімді сөз тіркестері; 6) зат есімді сөз тіркестері** деген алты топқа бөлінеді.

Үстеулі сөз тіркестері

Үстеулерді қимыл процессімен байланыста айтылатын сөздер деп қараймыз, сондықтан олар етістіктермен тіркесу үшін жаратылған сөздер деуге болады. Үстеулер етістіктердің алдында қабыса байланыста жұмсалып өте жиі кездесетіндіктен, ондай сөз тіркестеріне ерекше назар аудару керек. Үстеулер етістікті сөз тіркестерінің құрамында пысықтауыштық қатынаста, мезгіл, мекен, себеп, мақсат, т.б. мағыналарда жұмсалады.

Мұндай сөз тіркестерін екі топқа бөлген жөн: а) негізгі үстеулер қатысты сөз тіркестері, ә) туынды үстеулер қатысты сөз тіркестері.

Негізгі үстеулер қатысты сөз тіркестері. Негізгі үстеулер деп қазіргі кезде морфологиялық тұрғыдан бөліп, жаруға келмейтін үстеулерді айтамыз (кеше, қазір, енді, жаңа, ертең). Бұл топқа тарихи тұрғыдан қарағанда, екі сөздің бірігу жолымен құралған сөздер, мысалы, бүгін (бұл+күн), биыл, қосарлы *оқта-текте, жол-жөнекей, жжалма-жан* тәрізді үстеулер де жатқызылады. Негізгі үстеулер мен етістіктерден құралған сөз тіркестері мынадай мағыналарда жұмсалады:

Мезгілдік. Бұл мағынаны білдіру үшін мезгіл үстеулері етістікті сөз тіркестерінің құрамында жиі қолданылады. Қазіргі қазақ тілінде мезгіл үстеуі тіркеспейтін бірде-бір етістік жоқ деуге болады. Оның себебі мынада: етістіктің шақты білдіруі – оның басты қасиетінің бірі. Үш жақтың бірінде айтылған етістіктің сол шақтық мағынасын дәлелдеп, айқындай, толықтай түсетін сөз – мезгіл үстеулері.

Мезгіл үстеулерінің етістікпен тіркесіндегі мезгілдік мағыналары әр түрлі болады. Мысалы, бүгін, кешке, кеше, ертең, алдыңғы, таңертең, күндіз, түнде, - түні, ертеңінде, ерте, ертемен тәрізді мезгіл үстеулері қатысқан етістікті сөз тіркестері бір тәулік ішіндегі мезгілдің кезеңдерін білдіреді:

Гудок бүгін бұрынғысынан ұзағырақ айқайлаған тәрізді. Мен кеше Щербаковпен сөйлестім.
Мекендік. Іс-әрекеттің қайда болғанын білдіру – етістікті сөз

тіркесінің арнаулы қызметінің бірі. Сондықтан мекен үстеулері етістіктермен жиі тіркеседі де, олар көлемдік қатынаста жұмсалады:

Арасында құлын-тай, айнала шауып бұлтылдап, жоғары-төмен үйрек, қаз ұшып-тұрса сымпылдап. Ол күлімсіреп төмен қарады.

Амал. Мұндай сөз тіркестері пысықтауыштық қатынаста істің әр түрлі істелу амалын, тәсілін білдіреді. Мысалы, *тез, тез-тез, шапшаң, ақырын, әрең, жай, қатты, жалма-жан* сияқты үстеулер етістіктермен тіркесіп, қарқынын, даму дәрежесін көрсетеді:

Поезд тез жүріп келеді. Байжанның әр сөзінің артынын аялдауға әрең шыдап, тағы да тез-тез қайталап жіберді.

Туынды үстеулер қатысты сөз тіркестері. Басқа есім сөздерге –ша//–ше, –дай//–дей, –сыз//–сіз т.б. аффикстері жалғану арқылы туынды үстеулер жасалатыны белгілі.

Туынды үстеулер мен етістіктен құралған сөз тіркестері әр түрлі анықтауыштық-пысықтауыштық қатынастарды жұмсалады: –ша//–ше қосымшалары үстеулермен (*биылша, бүгінше, қазірше, артынша*) келген сөз тіркестері қимылдың әр түрлі мезгілдік кезеңдерін білдіреді. Бұл үшін ол үстеулер көбінесе қимыл етістіктермен тіркеседі: *биылша барма, бүгінше тоқтай тұр, әзірше жүрмеймін, артынша қарадым.*

–дай//–дей, –сыз//–сіз аффикстерін жалғау арқылы есімдерден жасалған үстеулер сирек кездеседі. Дегенмен мұндай үстеулер етістікті сөз тіркестерінің құрамында жиі қолданылады. Зат есімдермен –ған тұлғалы есімшелерге –дай//–дей жұрнақтары жалғану арқылы жасалған үстеулер салт етістіктермен және сирек болса да, сабақты етістіктермен тіркесіп, қимылдың салыстырмалы сапасын білдіреді. Мысалы: *бұлбұлдай сайрау, көріктей көтерілу, шыбықтай бұраңдау.*

Еліктеуіш сөз тіркестері

Еліктеуіш сөздер - өзіндік ерекшеліктері бар сөз табының бірі. Еліктеуіш сөздер қазіргі қазақ тілінде көбінесе көмекші,

не негізгі етістіктермен тіркескен синтаксистік құрамында қолданылады. Мысалы: (мылтық) *тарс етті*, (жарық) жылт етті, (арба) *кілт тоқтады*.

Етістікті сөз тіркестерінің бағыныңқы сыңары қызметінде жұмсалатын еліктеуіш сөздер етістіктерді мәнерлі түрде еліктеу тұрғысынан сипаттайды. Оның ішінде бр буынды еліктеуіш сөздері бар тіркестер қимыл-әрекеттің шапшаңдық қарқынын меңзейді. Мысалы: *жалт-жалт қарау, бұрқ-бұрқ қайнау, тарс-тарс соғу*. Сонда олардың мағыналарын кісінің көру, не есіту сезіміне үйлесімді болып, кейде дыбысқа еліктеуді, кейде қимылға тән әрекеттің көріну амалын білдіреді.

Еліктеуіш сөздер қуану, сағыну, түсіну тәрізді адамның ішкі күйін білдіретін етістіктермен тіркеспейді. Олар көбінесе қимылды немесе заттың әрекетін білдіретін салт етістіктермен тіркеседі. Мысалы: *жалт бұрылу, кілт тоқтау, зыр айналу, морт сыну*.

Бір буынды еліктеуіш сөздер сирек қолданылады. Оның үстіне, мұндай еліктеуіш сөздердің әрқайсысы белгілі бір етістіктермен ғана тіркесе алады. Мысалы, *шыр* сөзі *айналу* етістігімен ғана, *кілт* сөзі *тоқтау, бұрылу* етістіктерімен, тіркесе алады.

Еліктеуіш сөздерге етіп, еткізіп түбірлес көмекші етістіктердің жалғасуы арқылы олардың негізгі етістіктермен тіркесу қабілеті арта түседі. Бұл жағдайда да ондай сөз тіркестері амал пысықтауыштық қатынаста жұмсалады.

Көсемшелі сөз тіркесі

Көсемшелер–синтаксистік қызметі жағынан етістіктің үстеуге ұқсас бір түрі. Олар жіктік жалғауларын қабылдап, көсемшелік қасиетін жойып аал береді, бірақ көсемше тұлғаларында оқшау тұрып, күрделі мүшенің, мысалы, баяндауыштың құрамында, сонымен қатар толық мағыналы сөз ретінде етістікпен қабыса байланысып пысықтауыштық қатынаста да айтылады.

Соңғы екі жағдайда да көсемшелік тұлғалар бір етістікті екінші етістікке бағынышты ететін қосымша қызметінде

жұмсалады. Солай болғандықтан көсемшелер тек етістіктерге қатсты болып, тек етістіктермен ғана тіркесе алады. Олардың етістіктермен тіркескіштік қасиетін мынадан көруге болады; етістіктердің модальдық, шақтық, видтық т.б. мағналарын түрлендіру үшін немесе әр түрлі пысықтауыштық қатынаста жұмсалыу үшін етістіктер көсемше тұлғалары арқылы бірінің үстіне бірі жамалып қат-қабаттала береді. Мысалы, асықпай оқыды – асықпай оқып отыр еді, - асықпай оқып кетіп бара жатыр еді; осылардың ішінде тек асықпай сөзі ғана пысықтауыш мүше қызметінде дербес қолданылған да, қалған көсемшелер тұтас бір түйдекті тіркес құраған.

Көсемшелердің етістіктермен тіркесуі олардың тұлғасы мен мағыналық үйлесіміне байланысты болады. Мысалы, *сөйлеу* етістігімен кісінің ішкі, сыртқы күйін білдіретін көсемшелер ғана тіркесе алады: *ашуланып сөйлеу, ызаланып сөйлеу, күлімсіреп сөйлеу, қылмыңдай сөйлеу, күліп сөйлеу, біліп сөйлеу, түсініп сөйлеу т.б.*

Етістікті сөз тіркестерінің бағыныңқы сыңары қызметінде көсемшелер барлық тұлғада бірдей жұмсалмайды. Бұл қызметте *-ып// -іп, -п* тұлғалы көсемшелердің болымды түрі жиі жұмсалады да, *-а// -е, -й* тұлғалы көсемшелер сиректеу, ал *-ғалы// -гелі, -қалы// -келі* тұлғалары одан да гөрі сирек кездеседі.

Көсемшелі сөз тіркестері **пысықтауыштық** қатынастарды, атап айтқанда, **қимылдың амалын, мезгілін және мақсатын** білдіреді. Сонда көсемшелер етістіктің – қимыл процесін білдіретін сөздердің – қимылдық сапасы ретінде жұмсалады. Ол үшін көсемшенің кез келген тұлғасының бірін жұмсаса болады деп қарау дұрыс емес.

-ып// -іп, -п тұлғалы көсемшелер амал пысықтауыш қызметінде көбінесе салт етістіктермен тіркеседі. Сонымен бірге, өздеріне қатысты есімдермен бірге күрделі сөз тіркесінің құрамында да қимылдың амалын, мақсатын, т.б. білдіреді.

Қаланың солтүстік жағында... нардай шөгіп бір тау жатыр (Ғ.Мұстафин). *Кісілер салқындайық деп далаға шықты* (С.Көбеев).

Қос сөз түрінде келген көсемшелер етістіктермен тіркесіп, қимылдың дүркінділігін, созыңқылығын білдіреді:

Сөйлей-сөйлей шешен боласың (мақал). *Ұрыны ұрып-ұрып үйден қуып жіберіпті* («Алдар көсе әңгімелері»).

Сын есімді сөз тіркестері

Сын есімдердің етістіктермен тіркесуі – сирек кездесетін құбылыс. Барлық сын есім етістікпен тіркесе бермейді, барлық етістікке сын есім бірдей қатысты бола бермейді. Сын есімдер етістіктермен тіркескенде, қимылға не күйге тән қасиетті, сапаны білдіреді. Барлық етістік бірдей ондай сапалық пысықтауышы болуын керек етпейді.

Сын есімді сөз тіркестерін құрайтын етістіктер сан жағынан көп емес, тек кісінің ішкі сезімін, күйін, қабылдау қаблетін білдіретін *сөйлеу, түсіну, оқу, жазу, секіру, ойнау* сияқты кейде қимылды, қозғалысты білдіретін *кес, піш, байла, тура* трізді сабақты етістіктер бірқатар сын есімдермен мағыналық байланыста бола алады.

Сапалық сын есімдердің ішінде мұндай етістікті сөз тіркестерінің бағыныңқы сыңары болады: *жақсы, жаман, қатты, ұзын, қысқа, кең, қиын, ұзақ* т.б. Мысалы, *жақсы сөйледі, жаман жазды, оңай түсінді, кең пішті, майда турады*. Мұндай етістікті сөз тіркестері пысықтауыштық қатынасты білдіреді.

Қатыстық сын есімдердің ішінде етістікті сөз тіркесінің бағыныңқы сыңары қызметінде *-сыз// -сіз, -дай// -дей* тұлғалы сөздер көп жұмсалады:

Абай бұл түнді ұйқысыз өткізді (М.Әуезов). *Еңбексіз тапқан мал есепсіз кетеді* (мақал).

Сан есімді сөз тіркестері

Сан есімді заттың сандық сапасын білдіретін сөз ретінде есімді сөз тіркестерінің құрамында жиі қолданылатыны белгілі. Сонысына қарап сан есімдерді есіммен тіркесу үшін жаратылған сөздер деуге болады. Дегенмен олар етістіктермен де тіркесе береді. Сан есімдер етістікті сөз тіркестері құрамында

пысықтауыштық қатынаста қимыл процесін сандық сапа тұрғысынан пысықтайды. Бұл қызметте сан есімдер атау тұлғасында етістіктермен қатар тұрады. Сонымен қатар сан есімдер *рет, есе, тәрізді* сөздермен қосарланып жұмсалады: *үш рет келді, екі есе көбейді* т.б.

Есептік сан есімдер *ал, айт, сөйле, кел, қара, жүр, өл, тіріл, секір, сүрін* тәрізді етістіктермен қабыса тіркеседі. Сан есімдер бұл қызметте қимыл мен күйдің қайталану мөлшерін білдіреді.

Жанбота туды екі алды (Ғ.Мұстафин). *Жаңбыр бір жауса, терек екі жауады* (мақал). *Әкесі екі өліп, екі тіріліп бір жетіден кейін қайта өлгендей болар еді* (Ғ.Мүсірепов).

Қосарлы сан есімдер етістіктермен тіркесіп, іс-әрекеттің шамамен алғандағы қарқынын білдіреді:

Би-болыстар екі-үш қонып... ауылнайға қарай кетті (С.Көбеев). *Қожаш та... қамшымен кетті Қожаш та... қамшымен Шалқанды бір-екі тартып өтті* (С.Көбеев).

Сан есімдер етістікті сөз тіркесі құрамында *рет, дүркін* сөздерімен қосарланып, қимылдың дүркінділік дәрежесін көрсетеді:

(ғайша)... бірер рет көзінің астымен Қожашқа қарап қойды. Шалқан Жүністі қамшымен екі-үш рет сілтеп өтті. Бұл мәселе обкомда бірінші рет қаралғанда, аудан өкілі боп Рахмет те қатынасты.

Сан есімдер есе сөзімен қосарланып келіп, етістіктермен тіркескенде, қимылдың сандық тұрғыдан даму дәрежесін білдіреді.

Жұмыс аумағы үш есе ұлғайды (Ғ.Мұстафин). *Олар жосапрды бірі үш есе, бірі бес есе орындады.*

Мезгіл мағыналы есімдер мен сан есімдер тобы етістіктермен тіркесіп, күрделі сан мөлшерін білдіреді: *алты ай іздеді, бес километр жүгірді, он сағат істеді.* Мұндай сөз тіркестерінің сан – мөлшерлік мәні көбінесе мезгілдік, мекендік болады: *Ауылдастар... бір төбені бір ай қазды. Үйіндегі бір нанды бір ай жейді аз-аздап.*

Зат есімді сөз тіркесі

Қабыса байланысқан етістікті сөз тіркестерінің үлкен бір тобы зат есімді тіркес болады. Зат есімдер сабақты етістіктермен қабыса тіркесу арқылы әрі мағыналық, әрі грамматикалық тығыз байланыстағы сөздер тобын құрайды. Сөз тіркестерінің бұл түрі тура объектілік қатынаста жұмсалады. Жалғаусыз табыс септіктегі зат есімге сабақты етістіктің қимылы ауысып түсіп, онымен біте қайнасқан байланыста тұрады. Мысалы: *жер жырту, киім тігу, бала оқыту, кітап оқу, қымыз ішу.*

Кейбір зат есімдер етістіктермен бір тіркесте жиі қолданылуының нәтижесінде және керісінше, өздерінің бұрынғы дербестілігінен айырылып, түйдекті тіркес қалпында баяндауыштың не бір басқа мүшенің құрамына еніп кетеді. Мысалы: *сөз сөйлеу, темекі тарту, орақ ору, жол жүру, төсек салу.*

Мұндай тіркестердегі зат есімдер, сырт қарағанда, қимылдың объектісі болып көрінгенмен, қолдану тәжірибесінде табыс жалғауын қабылдамайды.

Қабыса байланысқан зат есім мен етістікті сөз тіркестерін тіркесу ерекшелігіне қарай екі топқа бөлуге болады:

1. **Нақтылы зат есімдердің қимылды, қозғалысты білдіретін етістіктермен тіркесі.** Мысалы: *ағаш кесу, пішен ору, таяқ ұстау, ет турау, шам жағу, кілем тоқу.*

Шанаға екі қап сұлы сал, толтыра шөп сал. Қыз-келіншек үй тігер. Жақып өз бөлмесінде жантайып газет оқып жатыр.

2. **Абстракт зат есімдерінің күйді, зат есімді, білдіретін етістіктермен тіркесі.** Сөз тіркестерінің бұл түрі сирек құралады. Өйткені ақыл, мінез, қылық, тамаша, жақсылық тәрізді абстракт зат есімдердің объектілік қызметі солғын болады. Оның үстіне, бұндай сөздері бар тіркестер сөйлем құрамында көбінесе лексикалық тіркес ретінде ұғынылады. Бұлар – жақсылық қылу, сыр білдіру, ақыл беру тәрізділер. Мысалы;

Дем алысы – үскірік, аяз бен қар.

Кәрі құдаң – қыс келіп әлек салды (Абай).

Меңгеріле байланысқан етістікті сөз тіркестері

Етістіктермен меңгеріле байланысып, әр түрлі қарым-қатынаста жұмсалатын сөздер – есімдер.

Есімдер етістікке қатысты болып меңгеріле байланысу үшін табыс, барыс, жатыс, шығыс, көмектес жалғауларының бірінше айтылыда. Бұл жалғаулар – есімдерді етістіктермен ұластырушы ғана емес, сөздердің синтаксистік қызметтерін саралайтын да тұлғалар. Сондықтан меңгерудің етістікті сөз тіркесін құрауда мәні ерекше.

Аталған септік жалғаулардың синтаксистік қызметі, негізінде етістіктердің лексикалық мағыналарымен байлаысты болады да, сөз тіркестерінің бағыныңқы сыңарларына септік жалғауы басыңқы сөздердің ыңғайына қарай жалғанады. Мысалы, шық, түс, қара, жібер етістіктері барыс, шығыс, көмектес жалғауларындағы сөздерді керек етіп, оларды өздеріне бағындырып тұрады:

Шық – тауға шық, үйден шық, сатымен шық;

Түс – суға түс, аттан түс, арқанмен түс;

Қара – балаға қара, терезеден қара, бинокльмен қара;

Жібер – жолдасыңа жібер, қаладан жібер, почтамен жібер;

Меңгеру – синтаксистік байланыс формаларының ең жиі ұшырайтын түрі. Меңгеруде де сөз тіркестерінің бағыныңқы сыңары, қиысудағыдай, басыңқы сөздің ыңғайына еріп, белгілі жалғауда тұрады. Бірақ ол екеуінің үлкен айырмашылығы бар. Егер қиысуда бағыныңқы сөз (баянауыш) басыңқы сөздің (бастауыштың) грамматикалық мағынасына, тұлғасына қарай райлас болып тұлғаланса, меңгеруде сөз тіркесіндегі сөздердің арасында тұлғалық райласу болмайды, тек бағыныңқы сөз басыңқы сөздің лексикалық мағынасының әуеніне қарай тұлғаланады. Түркі тілдерінде, оның бірі қазақ тілінде, кейбір жалғаудағы сөздерді меңгере алатын етістіктерге етіс қосымшасын жалғап айтқанда, олардың меңгеретін сөздерінің де тұлғалары өзгерілетіні бар. Мысалы:

Ол мені көрді – ол маған көрінеді.

Ол сені байқамады – ол саған байқалмады.

Мен мақала жаздым – мен газетке жазылдым.

Меңгеріле байланысқан етістікті сөз тіркестері бағыныңқы сөздің тұлғасына қарай былай бөлінеді: **1) табыс жалғаулы сөз тіркестері; 2) барыс жалғаулы сөз тіркестері; 3) шығыс жалғаулы сөз тіркестері; 4) жатыс жалғаулы сөз тіркестері; 5) көмектес жалғаулы сөз тіркестері.**

Табыс жалғаулы сөз тіркестері

Табыс жалғаулы сөздерді керек ететін етістіктер – сабақты етістіктер. Қазақ тілінде сабақты, салт етістіктің тұлғалық айырмашылығы болмағанмен, оларды мағыналық ерекшеліктеріне қарап, табыс жалғаулы есімдердің олармен тіркесе алтын не тіркесе алмайтынына қарап айыруға болады. Мысалы, кес, ұр, шап, ал, бер, шақыр, сұра, сой, қама, жаз, оқы, бас, сана, таста, көзде, жібер, қала, қама, іш, же сияқты кісінің қимыл-әрекетін, ісін білдіретін етістіктер сабақты болады да, күл, қуан, қайғыр, жыла, шошы, терле, тон, шаттан сияқты кісінің көңіл күйін білдіретін және маңыра, ұлы, бозда, кісіне, мөңіре сияқты заттың қимылдық күйін білдіретін етістіктер салт болады.

Бірқатар етістіктің жетегінде барыс, шығыс септікті сөздер табыс септігінің орнына жұмсалады. Мысалы: *Амантай келіп Айтжанға ұрса бастады* дегеннің орнына *Амантай Айтжанды ұрса бастады* деуге болады. Ал *Ол акт жазам дегенмен, не жазуға білмеді* дегенді өзгертіп, *Ол акт жазам дегенмен, не жазарын білмеді* деуге болады.

Сөйтіп, бір етістіктің меңгеретін сөзі бірде барыс, бірде шығыс, бірде табыс септікте болғанда, олардың мағыналары барлық жағдайда да біріне-бірі пара-пар бола бермейді, ептеген айырмашылықтары да болады.

Барлық есімдердің сабақты етістіктермен тіркесу қабілеті бірдей емес; көбінесе ол құрамда айтылатын сөздер – зат есімдер мен олардың орнына жұмсалатын есімдіктер және сапалық есімдер. Бұлар қатысты сөз тіркестері былай бөлінеді: 1) нақты объектілі; 2) абстрактіленген объектілі.

Бірінші топқа қолға ұстап, көзбен көретіндей зат есімдер қатысқан сөз тіркестері енеді. Ондағы есімдер мен етістіктер барынша мағыналық тығыз байланыста болады:

Мыңнан аса жылқыны үш-ақ адам бағып жүр. Игілік тоқымын төсеніп, ерін жастанды да жата берді.

Табыс жалғаулы сөзі бар етістікті сөз тіркесінің екінші тобына абстракт есімдер мен кісінің (жан-жануардың да) көру, сезу, сөйлеу, үндеу, т.б. әрекетін білдіретін сабақты етістіктерден құралған сөз тіркестері жатады

Барыс жалғаулы сөз тіркестері

Барыс жалғаулы есімдермен етістіктерден құралған сөз тіркестері өзара меңгеріле байланысады да, жанама толықтауыштық, пысықтауыштық қатынастарда жұмсалады. Барыс жалғаулы есімдер қатысқан етістікті сөз тіркесінің қарым-қатынасының әр түрлі болуы сөз тіркесі құрамының түрлі-түрлі болуы мен байланысты, мысалы, *тауға шығу* (беталыс), *тоғайға кіру*, *үйге келу* (мекен), *балаға беру* (арнау), *оқуға келу* (мақсат), *кешке келу*, *жазға киіну* (мезгіл). Барыс жалғаулы есімдер кез келген етістіктермен тіркесе бермейді, олармен мағыналық үйлесімде бола алатын етістіктермен ғана тіркеседі. Олар мынадай етістіктер: *беру*, *кету*, *келу*, *жату*, *отыру*, *ұмыту*, *сену*, *нану*, *жалыну*, *ұнау*, *шығу*, *түсу*, *көріну*, *дайындау* т.б.

Бұл етістіктердің көпшілігі – күйді, қимылды, сезімді білдіретін салт етістіктер. Салт етістіктердің жетегінде айтылатын барыс жалғаулы есімдер (зат есім, есімдік, сын есім, сан есім, есімше) басыңқы сөздерге тікелей және демеулер арқылы қатысты болады.

Бұл сөзге Абай жеткенде, Тәкежан қатты сескеніп қалды (М.Әуезов). *Байжан іске кірісті* (С.Мұқанов).

Сабақты етістіктер де барыс жалғаулы есімді меңгереді, бірақ олардың көпшілігі жоғарғытізімде саналған салт етістіктерден жасалған сабақтылар болады. Олармен тіркесетін барыс жалғаулы есімдер тура объект қызметіндегі заттармен де мағыналық байланыста тұрады:

Адамға жол бермеген қайран тілім... (Қ.Жұмалиев).

Нақ терезе алдында өскен алма ағашы бөлмеге күн сәулесін түсірмейді. (С.Мұқанов).

Барыс жалғаулы есімдер етістікті сөз тіркесінде объектілік және пысықтауыштық қатынаста жұмсалады.

а) Объектілік қатынастағы сөз тіркестері, негізінде, қимыл процесінің кімге, неге, арналғанын, бағытын, қандай затпен үстемеленгенін, қандай затпен түйіскенін, неге қамтылғанын білдіреді.

Тоқсандағы Жамбылға толқындатып сөз келді. Абайға үйдегі кемпірде бұрылып қарады.

ә) Псысықтауыштық қатынастағы сөз тіркестері, негізінде, қимыл процесінің бағытын білдіреді және мекендік, мезгілдік, мақсаттық мағыналарда жұмсалады.

Мен ауданға барамын. Қарағандыға жүз елу кісі жіберілді. Ол... үйге кірді.

Барыс жалғаулы есімдерді кейде есім мен көмекші етістіктерден болған құрама баяндауыштар да меңгереді.

Шығыс жалғаулы сөз тіркестері

Етістікті сөз тіркестерінің жиі ұшырайтын ендігі бір түрі шығыс жалғаулы есімдер мен етістіктер тобы. Мұнда да жалғаулы есімдерді етістіктер меңгеріп, солардың байланысынан толықтауыштық және пысықтауыштық қатынастағы сөз тіркестері жасалады. Шығыс жалғаулы есімдерді (көбінесе зат есімдер мен есімдіктерді) меңгеретін етістіктер, негізінде, мыналар: *шығу*, *шығару*, *қайту*, *қайтару*, *келу*, *келтіру*, *түсіру*, *жүру*, *қарау*, *қарату*, *асу* (таудан асу), *салу* (тастан салу), *соғу*, *сұрану* т.б. Бұлардың көбі қимыл және қабылдау мәнді етістіктер.

Меңгеретін етістіктер, осылардай, әр түрлі мағынада жұмсалатындықтан, олармен шығыс жалғауда тұрып сөз тіркесін құрайтын сөздер де әр алуан болады. Олардың тіркесінен түрлі-түрлі мағыналық қатынастағы сөз тіркестері жасалады: Мысалы, *шығу* етістігімен тіркесеін зат есімдер *үйден* (шығу), *тоғайдан* (шығу) сияқтылар, *көрсету* етістігімен тіркесе алатын зат есімдер – *алыстан* (көрсету), *терезеден* (көрсету) сияқтылар.

Толықтауыштық қызметте жұмсалатын шығыс жалғаулы сөз тіркестерінің мағыналары, негізінде, мынадай болады.

1. Заттың басқа заттан істелу тегін білдіреді.

Тастан жер ошақ жасап, май қайнаттым (Ғ.Мүсірепов).

2. Мағлұматтың, әрекеттің шығу көзін білдіреді. Ондай сөз тіркестерін құрайтын етістіктер – кісінің қабылдау әрекетін білдіретін сабақты етістіктер (*алу, алдыру, білу, есту, оқу, үйрену, сұрау*): *кісіден есту, (білімді) кітаптан алу, үлкеннен үйрену*:

Жүсіп оның жайын Күншеден сұрап білді. Жұмыскерлер Ерминнен естігенін айтты.

3. Шығыс жалғаулы зат есімдер айрылу, құтылу, айығу, жазылу, қашу, тазару, сияқты еістіктермен тіркесіп, бірдеңеден арылу, құтылу мағынасында жұмсалады. Мысалы: *аурудан айығу, бәледен құтылу*:

Қайғыдан халқым арылып,

Бақыт құсын ұстадым (Жамбыл).

Көзден кетсе, көңілден кетеді (мақал).

4. Сан есім болмаса сан есімнен анықтауышы бар зат есім шығыс жалғауда тұрып етістікпен тіркескенде, сөз тіркесі заттың сандық бөлшегін не таралған мөлшерін білдіреді:

Сегіз жүз жылқыдан бір тай қалмаған екен. Әрбір қонақтың сыртында екіден, үштен жастықтар жатыр (М.Әуезов).

Пысықтауыштық қатынастағы етістікті сөз тіркесінің бағыныңқы сыңары шығыс жалғау арқылы тікелей етістікке не демеулер арқылы етістікке бағынады, мысалы: *таудан асты, бір жылдан асты, аудан әрі асты*. Пысықтауыштық қатынастағы сөз тіркестері, негізінде, мынадай мағыналарда айтылады.

1. **Көлемдік**. Ондай сөз тіркестерінің көлемдік мағыналары істелетін істің, әйтеуір, бір басталу орнын көрсетуге негізделеді. Көбінесе олар қимыл процесінің орнын көрсетеді, мысалы: *арбадан түсу, үйден шығу, терезеден кіру*. Көлемдік мағыналы сөз тіркестерінің енді бірқатары қимылдың басталу, болу орнын (мекенін) білдіреді, мысалы: *қаладан аттану, базардан қайту, ауданнан кету, осы арадан тарау*.

2. **Мезгілдік**. Бұл мағынада бағыныңқы сөз мезгіл мәнді және кісінің жас мөлшерін білдіретін есімдер болады да, басыңқы сөз көбінесе қабылдау мәнді еістіктер болады, мысалы: *былтырдан білемін, жастайымнан түсінгенмін*.

3. **Себеп-салдар**. Бұл мағынада жұмсалатын сөз тіркесінің шығыс жалғаулы сыңары есімше не қимылдық есім болады, мысалы, *ұялғаннан қызарды, түсінбегендіктен қателесті*.

4. **Амал**. Шығыс жалғаулы есімдер етістіктермен тіркескенде қимылдың амалын (қалай болғанын) білдіреді, мысалы: *етпетінен құлау, даусынан тану, мұртынан күлу*.

Жатыс жалғаулы сөз тіркестері

Басқаларына қарағанда, жатыс жалғаулы есімдерді меңгере алатын етістіктердің саны онша көп емес. Олардың көпшілігі заттың күйін білдіретін салт етістіктері: *отыру, тұру, жүру, жату, кездесу, ойнау, жылау, ескеру*, т.б.

Мұндай етістіктермен тіркесетін жатыс жалғаулы есімдер мынадай қатынастарда жұмсалады:

а) **Объектілік (толықтауыштық)**. Объектілік қатынастағы ондай сөз тіркестерінің мағыналары қимыл процесінің қандай заттың үстінде не қандай затпен байланысты болатынын, бірдеңенің кімде екенін білдіреді, мысалы: *өмірде кездесу, заңда көрсетілу, ойда сақтау, сөзде тұру*.

ә) **Пысықтауыштық**. Пысықтауыштық қатынастағы жатыс жалғаулы сөз тіркестері мекендік және мезгілдік мағынада жұмсалады:

1. **Мекендік** мағынадағы сөз тіркестері зат есімдер мен *отыру, тұру, жүру, қаралу*, сияқты заттың күйін білдіретін етістіктерден не солар қатысты күрделі етістіктерден құралады.

2. **Мезгілдік** мағынадағы сөз тіркестерінің бағыныңқы сыңары шақ, мезгіл мәнді есімдер не есімдер тіркесі болады да, басыңқылары жоғарғыдай етістіктің бірі болады:

Дөненінде үйретем

Ат болудың қылығын (Жамбыл).

Көмектес жалғаулы сөз тіркестері

Сабақты және кейбір салт етістіктер көмектес жалғаулы есімдерді меңгеру арқылы сөз тіркесінің үлкен бір тобын құрайды. Көмектес жалғаулы есімдер етістіктерге меңгерілу арқылы объектілік және пысықтауышты қатынастарда түрлі-түрлі мағынада жұмсалады:

а) Объектілік қатынастағы сөз тіркестері. Көмектес жалғауда тұрып етістіктермен объектілік қатынаста айтылатын сөздер – зат есімдер мен олардың орнына жүретін есімдіктер. Олардың объектілік мағынасы әр түрлі болады. Оның себебі, біріншіден, көмектестегі бағыныңқы сөздердің нені білдіретінімен байланысты болса, екіншіден, оларды керек ететін етістіктердің мағыналарының әр қилы болуымен байланысты. Сол негізде жоғарғыдай сөз тіркестері мынандай мағыналарда айтылады:

1. Құралдық. Құрал-сайманның атын білдіретін көмектестегі зат есімдер кісінің қимыл әрекетін білдіретін етістіктермен тіркесіп, құралдық мағыналы сөз тіркестері жасалады. Мысалы: *балтамен шабу, арамен кесу, бинокльмен қарау.*

Мұндай сөз тіркестерінде көмектес жалғаулы зат іс-әрекеттің тікелей не сол арқылы болады.

2. Материалдық. Етістікті сөз тіркесінің құрамындағы көмектес жалғаулы зат есім істелетін істің неден, қандай заттан істелетінін немесе соның қатысымен істелетінін білдіреді. Мысалы: *балшықпен сылау, бояумен сырлау, қамыспен қоршау, былғарымен қаптау.*

3. Заттық. Бірқатар зат есімдер көмектес жалғауда етістіктермен тіркескенде, олар қимылдың заттық объектісі ретінде жұмсалады. Мысалы: *отпен ойнау, сүмен жуу, іспен жауап беру.*

4. Бірлестік. Көмектес жалғаулы кісі аттары және кім? деген сұрақ қоюға болатын бала, студент, әкем сияқты сөздер көбінесе ортақ етіс тұлғалы салт етістіктермен тіркесіп бірлестік мағынада жұмсалады, мысалы, *Асқармен сөйлесу, Көбеймен қоштасу.*

ә) Пысықтауыштық қатынастағы сөз тіркестері. Көмектес жалғаулы зат есімдер етістіктермен тіркесіп, пысықтауыштық қатынаста мезгілді, мекенді, себеп-салдарды және қимылдың

істелу амалын білдіреді:

Қожаш ертемен қайтып кетті. Бұл арман шыңына шықты. Шығысымен алмасы қолынан түсіп кетті.

Шылау сөзді тіркестер

Үйге барайық, үйге таман барайық деген етістік сөз тіркестері мәндес болғандықтан, бірін екіншісінің орнына айтса да болар еді, бірақ аздап та болса ол тіркестердің айырмашылығы бар; ең алдымен, *үйге барйық пен үйге таман барйық* дегендердің мағынасы бірдей емес: алдыңғыда қимылдың жалпы бағыты, бет алысы айтылса, соңғыда ол бет алысты бұрынғысынан дәлдеп көрсеткен. Сол дәлдік *үйге* сөзінен кейін *таман* шылауын қойып айтудан болып тұр. Егер бұлардың білдіретін көлемдік мағынасын әлі де түрлендіргіміз келсе, оны *үйге дейін, үйге қарай, үйге жуық* дегендей етіп, оларды тиісті етістіктермен тіркестіріп едік. Сонда да сөз тіркестерінің құрамы бұрынғыдай есім және етістіктен ғана құралған болмайды, есім мен етістіктің арасына дейін, таман, қарай, қасына жуық, маңына тәрізді шылау сөз дер қойылады.

Ондайда шылау сөз тіркесінің грамматикалық мағыналарын толықтырып, есім мен етістікті өзара байланыстырушы аралық дәнекер болады. Етістікті сөз тіркестерін құрауға қатысқан шылаулар – **демеулер мен көмекші** есімдер.

Демеулер қатысты етістікті сөз тіркестері әр түрлі мағыналық қатынаста жұмсалады. Олардың басты-бастылары мыналар:

1. **Көлемдік.** Әр түрлі көлемдік мағынада айтылатын ондай сөз тіркестерінің құрамында мына демеулер болады; *таман, қарай, дейін, шейін.*

Жылқылар батысқа таман ығысты. Абай мен Оспан өзенге қарай беттеді.

2. **Мезгілдік.** Етістікті сөз тіркестері кейін, соң, шейін, дейін, сайын, әрі, бұрын, жуық демеулерінің қатысымен мезгілдік мағынада да көп жұмсалады:

Байжан жұмысын бітіргеннен кейін Қызылордаға қайтты. Қонақтар түске шейін кешегі үйлерінен қозғалған жоқ.

3. Мақсаттық. Қимылдық, іс-әрекеттің болу мақсатын білдіретін етістікті сөз тіркесінің құрамында көбінесе үшін демеуі болады:

Табиғат байлығын меңгеру үшін адам баласы талай қиындықтарды жеңді. Жаңа канал қазылатын өлкені зерттеу үшін Байжан басқарған партия іске кірісті.

Көмекші есімдер ілік септігіндегі сөздермен тәуелдік жалғауында тұрып байланысады. Олар сол тобымен етістікке бағынып, етістікті сөз тіркесінің құрамында пысықтауыштық қатынаста жұмсалады. Ол үшін көмекші есімдерге керегінде тиісті септік жалғаулары (барыс, шығыс, жатыс, көмектес) жалғанады. Ондайда етістікті сөз тіркестері мекекндік кейде мезгілдік мағынаны білдіреді. Осындай сөз тіркестерінің құрамында айтылатын көмекші есімдер мыналар: *алды, арты, қасы, маңы, жаны, іші, бойы, үсті, сырты т.б.*

Лида терезенің алдында тұр. Құдайберді биік төсек үстінде жатыр екен. Арадан үш күн өткенде, Шыңғыс ішіне бір суық хабар тарады.

?! Сөз тіркесі мен сөздердің байланысу тәсілдерін пысықтауға арналған сұрақтар

1. Синтаксис деген термин қайсы тілден алынған және не деген мағынаны білдіреді?
2. Сөз тіркесі деген не?
3. Сөз тіркесінің неше түрі бар?
4. Лексикалық және тұрақты сөз тіркестерінен синтаксистік еркін сөз тіркестерінің айырмашылығы неде?
5. Сөздердің байланысу тәсілдерінің қандай түрлері бар?
6. Сөздердің байланысу формаларының қандай түрлері бар?
7. Еркін сөз тіркесінің байланысы, формасы (түрі) дегенді қалай түсінесіңдер?
8. Еркін сөз тіркесінің сыңарлары қандай болу керек?

II БӨЛІМ. ЖАЙ СӨЙЛЕМНІҢ СИНТАКСИСІ. СӨЙЛЕМ

Синтаксистің басты зерттеу объектісінің бірі – **сөйлем**. Сөйлем сөз тіркесін қамтитын, қарым-қатынасты қамтамасыз ететін тілдік материалдардың бір тұтас бөлшегі. Біздің басқаға айтатын ойымыз мақсатты болды: кейде, мысалы, есіктен білгенімізді біреуге хабарлауды мақсат етсек, кейде біреуден бірдеңені сұрап білуді мақсат ете сөйлейміз. Сондай мақсатты ойларымызды сөздерден сөйлем құрау арқылы білдіреміз. Ал сөздер сөйлем құрамына ену үшін өзара мағыналық, синтаксистік байланысқа түсіп, өзара тіркесіп айтылады. Сөздердің тіркесуінен сөз тіркестері жасалады.

Сөйтіп, сөздерден сөз тіркесі, сөз тіркестерінен сөйлем құралады. Сөз де, сөз тіркесі де – сөйлем құраудың материалдары. Сөйлем кейде көп сөзден, кейде жеке сөздерден не сөз тіркесінен жасалады. Соңғы жағдайда сөздер мен сөз тіркестері өздерінің лексикалық және синтаксистік қасиетін жоймады. *Түн. Аспанда алақандай да бұлт жоқ. Не болмаса: Желсіз түн. Екі кісі жүріп келеміз.* Бұл сөйлемдерде *желсіз түн* - әрі сөз тіркесі, әрі сөйлем.

Осылайша, кейде сөздің, сөз тіркесінің және сөйлемнің тілдік материал құрамы бірдей болғанмен, олардың түсінігі бірдей емес.

Сөз айналадағы объективтік шындықтың адам баласындағы сәулесі ретінде жеке ұғымды білдірсе, сөз тіркесі олардың грамматикалық қарым-қатынасын және мағыналық тобын білдіреді. Ал сөйлем жеке ұғымдардың синтезі ретіндегі байымдауды хабарлауды, сұрауды, модальділікті білдіреді.

Сөйлемнің сөзден, сөз тіркесінен бөлек единица екенін айқындайтын басты белгілері мыналар: 1) сөйлем біршама аяқталған ойды, модальділікті білдіреді; 2) сөйлем өзара байланысқа енген сөздерден, сөз тіркестерінен құралады; 3) сөйлем бастауыш пен баяндауыштың байланысынан туған предикаттық қатынасты білдіреді; әрбір сөйлемнің айтылу сазы (интонациясы) болады.

Осыларды негізге алып сөйлемге мынадай анықтама беруге

болады: *предикаттық қатынас негізінде біршама аяқталған ойды білдіретін тиянақты сөздер тізбегін сөйлем дейміз.*

Сөздер сөз тіркестерінің құрамына ену арқылы сөйлем құраудың материалы болады да, бастауыш-баяндауыштық (тұрлаулы), толықтауыштық, анықтауыштық, пысықтауыштық (тұрлаусыз) қатынаста жұмсалады. Тұрлаулы мүшелер сөйлем құраудың бас арқауы, негізі болса, тұрлаусыз мүшелер олардың маңына ұйысып бастауыш арқылы айтылған ойды толықтырып, айқындай түседі.

Сөйлемнің айтылу мақсаты: хабарлы, сұраулы, бұйрықты және лепті сөйлемдер.

Хабарлы сөйлем

Бірдеңенің не бір істің жайын баяндау мақсатымен айтылған сөйлем **хабарлы** болады.

Асау Терек долданып, буырқанып, тауды бұзып, жол салған, тасты жарып (Абай). Күн қызыл арай шатырынан жаңа ғана шыққан. Аспан шайдай ашық (Ғ.Мұстафин). Ғылым ауыл шаруашылығын өркендете беруге үлкен көмек көрсетіп келеді. Халық өз бақыты үшін күресетінін білсе, оған ешбір жау төтеп бере алмайды (Х.Есжанов).

Хабарлы сөйлемдердің мазмұны әр түрлі болады. Баяндауыштарының тұлғалық ерекшеліктеріне қарай хабарлы сөйлемдер, мысалы, болымды (*Жаңбыр жауды*), болымсыз (*Жаңбыр жаумайды*), қалаулы (*Енді қырманға барайықшы*), болжалды (*Жездең ертең келетін шығар*) болады, ал баяндауыштарының қай сөз табынан жасалуына қарай етістікті (*Үйдің іші жылынды*), есімді (*Күн жылы. Аспан ашық. Айнала жым-жырт*) болып бөлінеді.

Хабарлы сөйлемдер, жалпы алғанда, бірсыдырғы баяу әуенмен айтылады: жалаң сөйлемдер тақ-тұқ қайырылса, жайылма сөйлемдерді айтқанда, дауыс сөйлемнің соңында бәсеңдей түсіп тынады.

Мысалы: *Түн жым-жырт. Жел де жоқ. Бірақ сәл ғана білінген салқын бар. (М.Әуезов) Асанмен сөйлесіп отырған*

Қажымұқан бұлардың әңгімесін бөліп жіберді (Х.Есжанов).

Сұраулы сөйлем

Сөйлеу – тіл жұмсаудың басты тәсілінің бірі жүздесіп және басқа амалдар арқылы өзара сөйлескен адамдар істің, әр нәрсенің мән-жайын білгісі келгенде, сұраулы сөйлемнің сұраулы түрлерін қолданады. Ауызекі сөйлеу стиліне тән пікір алысудың бұл түрі әдебиетте, әсіресе, көркем әдебиет тілінде жиі қолданылады. Мысалы:

1. - *Әй, тілің бар ма өзіңнің? Неге бұғасың?.. Неге жөніңді айтпайсың? – деді Қыдырбек (С.Сейфуллин.)*

2. - *Сен мұнда қайдан келдің?*

- *Сен қайдан келдің? – деп екеуі де сасқалақтап қатар сұрасты.*

- *Әуелі өзің айтшы (Ж.Аймауытов).*

Басқадан (кейде өзінен) жауап күту мақсатымен айтылған сөйлемді **сұраулы** сөйлем дейміз. Сұраулы сөйлемдер көтеріңкі дауыспен айтылады. Сұраулы сөйлемдер интонация арқылы және сұрау есімдіктері, сұраулық шылаулар, кейбір көмекші етістіктер мен қосымшалардың қатысуы арқылы жасалады. Оладың бастылары мыналар:

1. Сұраулы сөйлемдер **ма//ме, па//пе, ба//бе** сұраулық шылаулары арқылы жасалады.

Жиналыс басталды ма? Баяндамашыға сұрақ бар ма? Анау келе жатқан Жақып па, Әсет пе? - Өзі атпен баратын жер ме, машинамен баратын жер ме? (Ғ.Мүсірепов).

Сұраулық шылау қысқарып жіктік жалғаулардан бұрын келу арқылы да сұраулы сөйлем жасайды:

- *Сен немене тоңып қалғанбысың? – деді офицер.*

- *Ой сенбісің? Сені де сақал басып кетіпті ғой.*

Сұраулы сөйлемді бұлай құру сөйлеу тіліне тән болатындықтан олар диалогтарда жиі ұшырайды.

2. Сөйлемде **кім, не, қашан, қайдан, қандай, кімді...** сияқты сұрау есімдіктері айтылу арқылы сұраулы сөйлем жасалады:

- *Мұнда қайдан жүрсіз?*

- Ой, Бәтес мұның не?
- Сені кім шақырды?
- Жиналыста қандай мәселе қаралды?

3. **Шығар, болар, қайтеді** деген көмекші етістіктер күрделі баяндауыштың құрамына еніп, сұраулық интонациямен айтылғанда, сөйлем сұраулы болады:

Сен осы ауылдың баласы шығарсың? Борақты көріп жүретін шығарсың? Оның өзін тыңдап көрсек қайтеді?

4. Баяндауыштың құрамында **-ау, ғой** шылаулары мен одағай айтылып та сұраулы сөйлем жасалады:

Сен кіп-кішкене қуыршақтай едің -ау, ә? Егістің дайындық жұмысына қызу кірісіп жатырсыңдар ғой, ә?

5. **Ше** демеулігі баяндауыштардың құрамына ену арқылы да, сұраулы сөйлем жасалады:

- Ал, Жамал ше? Өзің ше?

- Атым – Қайырғали, өзіңнің атың ше?

6. Кейде (көбінесе диалогтарда) хабарлы сөйлемдерді сұраулық интонация арқылы сұраулы етіп айтуға болады:

Богданов: Сіздер ертеңнен бастап теңізге шығу жұмысына кірісіңіздер.

Мәжен: Ертеңнен бастап?

Богданов: Ия!

- Мүмкін маған Бәтес қосылар? – деді Нұрбек.

- Ал сосын?

- Келістік қой?

- Мынау – қызыл отаудың бастығы Бектасова Әсия деген әйел.

Бұйрықты сөйлем

Бұйрықты сөйлем біреуді іс істетуге жұмсау мақсатымен айтылады. Ондай мақсатпен айтылатын сөйлемдер жалаң бұйрық ретінде ғана айтылмайды, сонымен қатар кісінің еркін, талабын, кеңесін, тілегін, жалынышын т.б. білдіреді.

Бұйрықты сөйлем, негізінде, ауызекі тілге тән. Көркем әдебиетте ондай сөйлем диалогта жиі ұшырайды.

Бұйрықты сөйлемдер етістіктің бұйрық және қалау райы арқылы жасалады. Олар сөйлемнің баяндауышы болып жұмсалады да, сөйлем түгелімен асқақ әуенмен айтылады. Бұйрықты сөйлемдердің айтылу әуені оларды қандай мазмұнда жұмсалыуына қарай түрліше болады. Егер бұйрықты сөйлем бұйыру, қатал талап мағынасында жұмсалса, ол көтеріңкі дауыс екпінімен айтылады; егер кеңес, жалыныш, тілек мағыналарында жұмсалса, олар бәсең дауыспен айтылады. Алдыңғы жағдайда баяндауыш көбінесе сөйлемнің басына қойылады, мысалы:

- *Шеген! Тоқта! Қайрыла кет! Еріңдер соңыма! Тарт қолыңды! – Тоқташы балам! – деді Шығанақ өтіп бара жатып. – Тарыңнан титтей берші.*

Бұйрықты сөйлем көбінесе толымсыз (бастауышсыз) болады да, оның орнына қаратпа сөз қолданылады. Қаратпа сөздер істі істеуге тиісті кісіні, бұйрықтың кімге, неге арналғанын білдіреді.

Бұйрықты сөйлемдердің баяндауыштары қандай сөз болғанына қарай және сөйлемнің құрамы қандай болуына қарай, олардың мазмұны әр түрлі болады:

1. Баяндауыштары етістіктің бұйрық райының екінші жағында айтылған сөйлемдерді көбінесе бұйрық, талап кейде үндеу мәнді болады:

- *Тарт тіліңді! Жоғал көзіме көрінбей! – деп Ысқақ кимелеп кетті. Өшір үніңді, оңбағанның баласы!*

2. Баяндауыштары бұйрық райының үшінші жағында айтылған сөйлемдер көбінесе талап, тілек мәнді болады:

Керімбек малды тез жайлауға айдасын! Бағар көбейсін шалым!

3. Баяндауыштары етістіктің бұйрық райында айтылып, оған **-шы// -ші** қосымшасы жалғанып, тілек, жалыныш не сыпайы түрде бұйыруды білдіретін сөйлемдер жасалады. Онда сөйлемдер І жақта қалау мағынасында айтылады:

Келші, қалқам, менің қасыма отыршы! Қарағым, мына баланы риза қылшы!

4. **-шы, -ші** қосымшасы жалғанған бұйрық рай тұлғалы

баяндауыштары бар сөйлемдер кейде біреуге сес-көрсетіп, қорқыта сөйлегенді білдіреді:

Қане, осы баланың бәйгесін бермей көрші! Көмірсіз тырп етіп көрші! Тапсырманы орындамай көрші!

5. Етістіктің қалау, бұйрық рай тұлғасынан жасалған баяндауыштары бар сөйлемдер ұран, үндеу мағынасында да жұмсалады:

Егіс көлемін ұлғайтыңдар, егіншіліктің мәдениетін арттырыңдар, егіннен мол өнім алтын болыңдар!

Лепті сөйлем

Кісінің көңіл-күйін, әр түрлі эмоциялық сөзімен білдіру үшін жұмсалатын сөйлемдер **лепті** болады.

Лепті сөйлемдердің мағыналары жай хабар болумен қатар, кісінің қуанышы, таңырқауы, ызасы, аянышы, жалынышы, күмәны, жиреніші сияқты ішкі сезімдерін білдіреді.

Лепті сөйлемдер мұндай мағыналарда айтылу үшін олардың құрамында, көбінесе, одағайлар болады. Кейде одағайлардың өзі лепті болады. Оның үстіне сөйлем асқақтаған көтеріңкі дауыспен, лептілік интонациямен айтылады:

- *Қап! – деді Ахмет өте шығып.*
- *Пай-пай-пай, бұл неткен жан!*
- *Пай-пай, Ысқақ-ай, осындай адамдарды көре білмейсің!*

Лепті сөйлемдердің эмоциялық мағыналары олардың құрамындағы одағай, модаль сөздермен, сөйлемдердің лептілік әуенімен байланысты:

1. **Қорқу, сескену, аяу, өкіну, таңырқау** сияқты кісінің көңіл-күйін білдіретін сөйлемдердің баяндауыштарының құрамында **-ау, -ай** демеуліктері айтылады:

- *Құлайды-ау! Құлайды-ау! Ол бүгін келмеді-ау. – Ой, байғұс бала-ай!...*

2. а) баяндауышы бұйрық рай тұлғадағы етістік баяндауышты сөйлем кейде тілек мағынасында айтылады:

- *Жасаған-ау, бала бере көр! – деді (ол). Бірақ тілек іске*

аспады.

б) баяндауыштары етістіктің шартты рай тұлғасында айтылып, бірдеңені көксеу, арман ету мағынасында лепті сөйлем жасалады. Ондай сөйлем шартты бағыныңқылы сабақтас құрмалас болып айтылмай, жай сөйлем ретінде жұмсалады:

Мына көгалға бауырыңды төсеп жатсаң! Әрбір бригадаға жерді өлшеп, сыбаға берсе! Сонан соң қиямет жарыс ұйымдастырса! (Ғ.Мустафин).

Күрделі баяндауыштың негізгі сөзі келер шақтық есімше болып, одан кейін сұраулық **-ма //-ме** шылауы мен **еді** көмекші етістігі тіркесіп те арман мәнді лепті сөйлем жасалады.

Па шіркін, мына атқа мінер ме еді! Ана көк шөпке бауырыңды төсеп жатар ма еді! – О, шіркін, ең болмаса, біздің қолымызда пышағымыз болар ма еді!

3. Өткенде істелуге тиісті, бірақ істелмеген, болмаған іске өкіну ретінде айтылатын да лепті сөйлемдер болады. Ондай сөйлемдердің баяндауыштары көбінесе екі түрлі болып келеді.

а) Болымсыз тұлғадағы өткен шақтық есімше мен есімше тұлғасындағы көмекші етістік (*екен*), одан кейін демеулік де тұрады:

Қап, орылған астықты кеше жиып алмаған екенбіз де! Балаңды кеше жібермеген екенсің де! Ә, әттеген-ай, билетті ол кеше алып қоймаған екен де!

Бірінші жақтық шартты рай тұлғасындағы етістікке **-шы//ші** қосымшасы жалғанады. Ондай сөйлем ерекше көтеріңкі әуенмен айтылады. Мысалы:

- *Қап, кеше кешке қонаққа барғанша, театрға барсамшы! Апамның тілін алсамшы!*

Тұйық райлы етістікке *керек еді ғой* деген тіркес жалғасатын күрделі баяндауышты лепті сөйлемдер де кейде өкініш мәнді болады:

- *Омарбекке солай деп айту керек еді ғой! Машинаны кеше жіберуің керек еді ғой!*

4. Бірдеңені асыра мақтан ету, масаттану, қолпаштау мағынасында да лепті сөйлемдер жасалады. Ондай сөйлемдердің

ішінде кейде *қандай, ғажап, неткен, болғанда, қандай, пай-пай, ай* деген сөздер болады:

- *Айналаңа қарашы! Дүние қандай сәнді!* (Ғ.Сланов).
Қандай ақылды адам! Тіпті ғажап қарқын! (Ғ.Мұстафин).
Жеріміз біздің неткен бай! (Х.Ерғалиев). *Жаңа қоныс болғанда қандай! Пай-пай мына аттың жорғасын-ай!*

Тұлғасы сұраулы сөйлемдер де кейде экспрессивті мағынадағы лепті болып жұмсалады:

- *Ол – ол болсын, жә мынау көргеніміз – қай мазағымыз?* (М.Әуезов). *Ол неғылған оңбаған адам!? Мұндай сөздің кімге керегі бар!?*

- *Шіркін, Көкшетау! Шіркін, дүниеде сендей де жер бар ма екен!?* (С.Мұқанов).

Болымды және болымсыз сөйлемдер

Адам объективті болмысты, ойлаған ойын хабарлауда сөйлемі болымды не болымсыз етіп құрайды. Мысалы: *Бүгін қар жауады* деген де, *бүгін қар жаумайды* деген де өз кезінде шындық хабар болуы мүмкін. Бірақ сол хабардың бірінде ауа райының бізге таныс құбылысы болымды түрде айтылса, екіншісінде ол құбылыстың бүгін болмайтыны болымсыз түрде хабарланады. Хабарлы, сұраулы, бұйрықты, лепті сөйлемдердің қай-қайсы болса да осындай екі түрлі синтаксистік құрылыстың бірінде айтылады.

Болымсыз сөйлем болымды арқылы жасалады және болымдының қарама-қарсы мағынасын білдіреді. Сөйлемнің болымды түрі – ойды айтудың негізгі формасы да, болымсыз түрі одан гөрі сирек қолданылатын қосымша формасы. Сонда болымсыз сөйлем арқылы объективті болмысты, ойлаған ойымызды жоққа шығарып қоймаймыз, айтылған ойға ерекше стильдік өң беріп, сөйлемді түрлендіріп, эмоциялы, экспрессивті етіп айтудың да тәсілі етеміз.

Алдымен болымсыз сөйлемдердің тұлғалық ерекшеліктерін санап өтейік:

- Болымсыз сөйлемдер *-ма// -ме...* тұлғалы болымсыз

етістіктердің баяндауыш қызметінде, не баяндауыш құрамында жұмсалы арқылы жасалады:

- *Жамандатқыр, мынау бір ит екен, тіпті жүрмейді* (Б.Майлин). *...Ол дәл осы жолы Ақмоншаққа тура қарай да алмады.* (М.Иманжанов).

2. Есім және есімшелі баяндауыштардың құрамында *емес* деген көмекші етістік жұмсалады:

- *Сен енді жас бала емессің. Поэзия – ажарлап құрған сөз тізбегі емес...* (Т.Нұртазин). Екеуі де мылтыққа жүгіргісі келеді, бірақ бірін-бірі *жіберетін емес* (С.Сейфуллин).

3. *Жоқ* сөзі баяндауыш қызметінде не күрделі баяндауыш құрамында айтылу арқылы да болымсыз сөйлем жасалады:

Тура биде туған жоқ, туғанды биде иман жоқ (Мақал).
Аспанда алақандай бұлт жоқ. Біздің атай... қабағы түксіп үндеген жоқ (Т.Нұртазин). *Әлі ала көлеңке айыққан жоқ...* (М.Әуезов).

4. *-сыз, -сіз* тұлғалы сын есімдер баяндауыш қызметінде жұмсалғанда да сөйлемнің мазмұны болымсыз болады, мысалы: *сөзі түсініксіз, баласы ақылсыз, тауы қарсыз.*

5. Болымсыз сөйлем құрауға болымсыз есімдіктердің қатысы ерекше болады. Саны көп болғанмен (*ешкім, ештеңе, ешбір, ешқандай, ешқашан, ешқайсы, дәнеме, түк*), олардың қатысымен жасалатын болымсыз сөйлемдер жиі ұшырайды. Әдетте болымсыз есімдіктер сөйлемнің белгілі мүшесі қызметінде жұмсалады да, сол сөйлемнің баяндауышы қалай да болымсыздық тұлғаның бірінде жұмсалады. Сөйтіп, бір сөйлемде болымсыздық мағына екі дүркін айтылып, сөйлемнің сол мағынасы бекемделе түседі. Болымсыздық мағынаны одан да күшейте түсу керек болғанда, бір сөйлем ішінде екі (кейде одан да көп) есімдік айтылады. Мысалы:

- *Қане кімнің сұрауы бар! – деп мәжіліс ағасы екі үш қайырып сұраса да, ешкім үн шығармады.* - *Өзіміздің балалар ғой, бұлар ешкімге айтпас.* – *Біз ешкімді ешқайда зорлап сайламаймыз* (Б.Майлин).

Кейбір сөйлемдердің тұлғасы болымды, мазмұны

болымсыз ыңғайда да айтылады, мысалы: *оның үні өшті, оның жағы қарысты* (ол үндемеді д.м.), *неге көндім екен?* – (көнбеу керек еді д.м.)

Болымсыз тұлғалы сөйлемдер реті келгенде қорқу, күмәндану сияқты сезімді білдірудің де амалы болады:

Келіні шоқаң етіп сәлем етіп болып, аузын сылп еткізді:

- Бәтір-ай сұмдық болмаса игі еді!... – деді. Қарымсақ...

бір шарасын осы таппас па екен дегендей, жүгіріп Сараның үйіне барды (Б.Майлин)

?! Сөйлемнің айтылу мақсатына қарай түрлерін пысықтауға арналған сұрақтар

1. Хабарлы сөйлем дегеніміз не?
2. Хабарлы сөйлемдер қалай жасалады?
3. Сұраулы сөйлем дегеніміз не?
4. Сұраулы сөйлемдер қалай жасалады?
5. Арнаулы және жалпы сұрақ дегендерді қалай түсінесіңдер?
6. Сұраулы сөйлем қалай айтылады?
7. Сұраулы сөйлемнің тыныс белгісі қандай?
8. Сұрау есімдігі немесе сұраулық шылауы бар сөйлемнің бәрі бірдей сұраулы сөйлем бола ма?
9. Лепті сөйлем дегеніміз не?
10. Лепті сөйлемдер қалай жасалады?
11. Лепті сөйлемнің қандай түрлері бар?
12. Бұйрықты сөйлем дегеніміз не?
13. Бұйрықты сөйлемдер қандай жасалады?
14. Болымды және болымсыз сөйлемдердің жасалу жолдары қандай?

СӨЙЛЕМ МҮШЕЛЕРІ

Сөйлем мүшесі бір сөзден де, бірнеше сөзден де жасалады. Осы құрылымына қарай сөйлем мүшелері дара, күрделі деп бөлінеді. Ал бір ыңғайда жұмсалып, бір сұраққа жауап берген

сөздерді сөйлемнің бірыңғай мүшелері деп атайды. Сөйлем мүшелерінің сөйлемдегі мағынасына қарай оларды **тұрлаулы** (бастауыш, баяндауыш), **тұрлаусыз** (анықтауыш, толықтауыш, пысықтауыш) мүшелер деп екі топқа бөледі.

Сөйлем мүшелерінің жоғарыда айтылған белгілеріне қарай оларға мынадай анықтама беруге болады: **белгілі бір сұраққа жауап беретін, толық мағыналы бір сөзді, сөз тіркесін, не күрделі сөзді сөйлем мүшесі** дейміз.

Сөйлемнің тұрлаулы мүшелері

Сөйлем құрауға негіз болатын, өзара предикаттық қатынаста жұмасалатын сөйлем мүшелерін – **тұрлаулы мүшелер** дейміз.

Бастауыш

Бастауыш – сөйлемдегі ойдың иесі, тірегі, ұйытқысы. Бастауыш үнемі жай және тәуелді жалғау тұлғасында **кім? не? кімім? нем? кімің? нең? кіміңіз? кімі?** несі? деген сұрақтарға жауап беріп, атау септігінде тұрады.

Тұлғасы	Сұрақтары	Мысалдар	Бастауыш болатын сөз таптары
Жай атау септігінде	Кім? Не? Кімдер? Нелер?	Салиқа қырман басына келді. Біз жүріп келеміз. Жақсы көпке ортақ. Оларға жолыққан – Сабыр екен. Адам болу – борышың. Өнер ғана өрісінді кеңейтеді.	Зат есім Есімдік Сын есім Есімше Зат есім + тұйық етістік Зат есім + шылау
Тәуелдік жалғаулы атау септігінде	Кімі? Несі? Нең? Қаншасы? Қайсысы?	Шешесі қатты сағынып жүр. Жалқаудың ертеңі бітпес. Сенің ойпырмауың қашан қалады? Жиырмасы менікі, отызы сенікі. Ұтқаны біздікі, ұтылғаны сендердікі.	тәуелдік жалғаулы зат есім тәуелдік жалғаулы үстеу тәуелдік жалғаулы одағай тәуелдік жалғаулы сан есім тәуелдік жалғаулы есімше

Бастауыш қызметінде жұмсалатын сөздердің енді бір тобы – сапалық есімдер – сын есім, сан есім, есімше: **Қорқақ** бұрын жұдырықтар. **Алтау** ала болса, ауыздағы кетер... Еккен орап.

Бастауыштар жеке сөзден болған – жалаң, көп сөзден құралған күрделі не үйірлі болуы мүмкін. Күрделі және үйірлі бастауыштарға мысалдар: **Күрделіге: Сөз құған** бәлеге жолығар. **Жақсы жұмыс** – жанға тыныс. **Ырыс алды** – ынтымақ. **Үйіріліге: Білегі жуан** бірді жығар, **білімі толық** мыңды жығар. **Аузы күйген** үріп ішер.

Сапалық сын есімдерден болған бастауыштар

Заттың сындық спасын білдіретін сын есімдер, ойды ықшамды етіп аз сөзбен білдіру керек болғанда, зат есімдермен қатарласып тұрмай-ақ, дара күйінде бастауыш және толықтауыш та болуы мүмкін. Ондайда сын есімдердің сапалық мағанысы жойылып кетпей, олар әрі заттық, әрі сындық мағанада жұмсалыады.

Қазақ тіліндегі субстантивтеніп бастауыш болатын сын есімдер көбінесе кісі туралы айтылған сөздер болады: **Кілең сұлулар** бірыңғай отыр. (С.Мұқанов). **Жақсы** ісімен жақсы. Бұл сөзді тасыр ұқпас, талапты ұғар. (Абай).

Субстантивтеніп бастауыш болатын сын есімдер, әсіресе, аз сөзбен көп мағына беруді керек ететін мақал-мәтелді сөйлемдерде жиі ұшырайды:

Сыпайы тоңбайды, қалтырайды. **Жомарт** жоқтығын білдірмес. **Көп** қорқытар, **терең** батырар. **Батыр** бір рет өледі, **қорқақ** мың рет өледі. Үлкен бастар, кіші қостар. (Мақалдар).

Есімше де бастауыш болғанда, сын есімдей қимылдық сапаның үстіне заттық мағына жамап тұрады. Есімшеден болатын бастауыштардың ерекшеліктері мынадай:

а) Баяндауышы етісітік, зат есім, есімдіктерден болған сөйлемде есімше бастауыш қимыл иесі – кісі (сұрағы – кім? не қылған?) орнына жұмсалыады:

Бәйгені **озған** алады. **Көрмес** – түйені де көрмес. **Жығылған** күреске тоймас. **Келген** – Жақып, **көрген** – ол; **Тұрайтын** – мен де,

жейтін – сен.

ә) баяндауышы сын есімнен болған сөйлемде есімше бастауыш басқа заттың мағынасында жұмсалыады (сұрағы – не? не қылған? не еткен?): **Қарауытқан** қыста қызара бөртіп **жылқы баққан** қызық та, қиын да. **Берген** ұят емес, **алған** ұят.

б) Көптік жалғаудағы есімшелер бастауыш болғанда, олар әр уақытта қимыл иесі – кісі – мағынасында жұмсалыады:

Егін оратындар әрі кетті де, **астық таситындар** қырман басында қалды.

в) Тәуелдік жалғауларда тұрып бастауыш болған есімшелер әр уақытта зат есім мағынасында жұмсалыады (сұрағы – нем?, нең? несі? не қылған? не еткен?):

Жазғаның маған ұнады. **Айтқаным** түсінікті ме? Оның **келер-келмесі** белгісіз.

Субстантивтеніп бастауыш болатын сөз табының бірі – сан есім. Есептік сандар бастауыш қызметінде заттық мағынада, жас мағынасында жұмсалыады.

25 үшке тең бөлінбейді. Оннан төртті алсаң, **алты** қалады. **25** маған тағы қайтіп келді.

Жинақтау, реттік сандар ол қызметте көбінесе кісі туралы айтылған есім болады:

Тар бөлмеден шыққан **үшеу** де ұзын столға ұзақ отырып қалды. **Үшеуіміз** етектеі белге қыстырып алып жүріп кеттік.

Жинақтау, есептік сан есімдер III жақтық тәуелдік жалғауда көбінесе бөлшектеу, кейде жинақтау мағынада бастауыш болады:

Үш көрпенің **екеуі** қонақ астында, үш жастықтың **екеуі** қонақ шынтағында. Ерлі байлы екі адам **бірі** оны, **бірі** мұны істеп, **екеуі** де қонақ жабдығында жүр.

Жалпы алғанда, субстантивтенген бастауыштар мақалды-мәтелді сөйлемдерде көбірек кездеседі де, сөйлем арқылы айтылатын ойды ықшамды етуде үлкен қызмет атқарады.

Күрделі және үйірлі бастауыштар

Бастауыштар да жеке сөзді – дара (жалаң), көп сөзден құралған күрделі не үйірлі және басқа сөйлем мүшелері сияқты бірыңғай болады:

Жаз келер қысты күнгі қысым өтіп,
Қар, суық, аяз, боран – бәрі кетіп. (*Шәкәрім*).

Күрделі бастауыш болатын сөз тіркестерінің құрылысы, негізінде былай болады:

1) Ілік септіктің жасырын түріндегі сөз бен үшінші жақтық тәуелдік

жалғаулы сөздер тіркесіп, күрделі бастауыш жасалады: **Милиция бастығы** үйге кірді. **Адам тілі** тас жарар, тас жармаса, бас жарар.

2) Бастауыш құрамында екеуміз, үшеуміз, дегеніміз, деген сөздері айтылып күрделі бастауыш жасалады: **Сен екеуміз** өлмейтін әке тауып алғанымыз жоқ па? **Дүйсен екеуміз** жүріп келеміз. **Идея дегеніміз** – шығармадағы негізгі ой.

Негізгі және көмекші етістіктер (субстантивтенген), есімдер тобы күрделі бастауыш болады: **Менің айтып отырғаным** – ақыл. **Күле беру** ұят болады.

3) Субстантивтенген күрделі сын есім, сан есімдер тобы күрделі бастауыш

болады: **Ақ бесті** қара қасқадан сытылып шықты. **Жүйрік торы** ойнақшып тұр екен. **Бір жүз қырық алты** үшке тең бөлінбейді.

4) Көп сөзден болған күрделі жалқы есімдері күрделі бастауыш болады:

Аудандық оқу бөлімі жұмысқа қызу кірісті. **Сауда министрлігі** ауыл мен селодан жүздеген дүкендер ашты.

Кісі аты, фамилиясы, *жолдас*, *азамат* дегендей қосалқы айқындауыштармен тіркесіп, күрделі бастауыш болады: **Жамалбек Тұрғанбаев жолдас** баяндама жасады. **Жұматаев азамат** үлгілі іске қол ұрып отыр.

Үйрілі бастауыштар да көп сөзден құралады. Оның

күрделіден айырмашылығы мынау:

Егер күрделінің құрамы түйдекті тіркесті болса, үйірлі бастауыштардың құрамында бастауыш-баяндауышыңғайындағы сөздер тобы болады, мысалы: **Білегі жуан бірді** жығар, **білімі толық** мыңды жығар. **Мен көрген** бұл кісі емес. **Баласы мерген** қайсың? **Баласы мерген** – мен. **Жасы құрдас** – құрдас емес, **заманы бір** – құрдас.

Бастауыштан кейін қойылатын сызықша

Тілімізде бірсыпыра бастауыш сөйлемде ерекше интонциямен (әуенмен) басқа сөйлем мүшелерінен оқшауланып, ерекшеленіп айтылады. Бұл, негізінен, бастауыш пен баяндауыштың қарым-қатынасына, олардың қандай сөз табынан жасалуына байланысты. Оны жинақтап мына төмендегі кестеден көрсетуге болады.

Мысалдар	Сызықша қойылады		
	бастауыш	баяндауыш	бастауыштан соң
Ақыл – тозбайтын тон. Білім – таусылмайтын кен (мақал)	зат есім	атау септігіндегі зат есім	сызықша
Жақсы – ісімен жақсы	сын есім	заттанған сын есім	сызықша
Екі жерде екі - төрт	сан есім	сан есім	сызықша
Бұл – оның жақтырмағанының белгісі еді	сілтеу есімдігі	есімдік пен етістік	сызықша
Сөйлеу тіліне бай болу – жас авторлар үшін өте қажет.	тұйық етістік	есім сөздер	сызықша
Отаным – алтын бесігім, Ашқан бақыт есігін.	тәуелдік жалғаулы сөз	зат есім	сызықша
Көрмес – түйені де көрмес	есімше	есімше	сызықша

Баяндауыш

Баяндауыштың сөйлемде атқаратын қызметі зор. Өйткені бастауыштағы айтылған ойды аяқтап, тиянақтап, тыңдаушы мен оқушыға түсінікті етіп тұрады. Негізгі сұрақтары не істеді? не қылды? не болды? не? кім? қандай? қанша? қайда? т.б.

Қазақ тілінде жіктік жалғауы жалғанған сөздер үнемі баяндауыш болатынын есте сақтау керек.

Күрделі баяндауышты сөйлемдер қимылдың басталу кезеңін, болып жатқан кезеңін, қимылдың аяқталған кезеңін білдіреді. Мына сөйлемдерге көңіл аударайық:

1. Таң бозарып атып келеді. Ол шай құя бастады.
2. Ол хат жазып отыр. Ол ұйықтап жатыр.
3. Сабақ аяқталып келеді. Жұмысымды кеше аяқтадым.

Бұдан да басқа іс-әрекеттің қайта-қайта болып жатқандығын білдіретін жағдайлар болады. Мысалы: ол қайта-қайта күрсініп қояды.

Егер баяндауыш есім мен етістіктен құралып келсе, оны құрама баяндауыш деп атайды. Мысалы: Оның кәсібі – сурет салу. Ол – сараң адам екен. Ол екеуіміз егіз қозыдай адамдармыз.

Күрделі баяндауыштар бір өңкей етістіктерден жасалса, оны күрделі етістік баяндауыш, ал есімдер мен көмекші есімдерден жасалса, оны күрделі есім баяндауыш деп атайды.

Бастауыш пен баяндауыш сөйлемде қиыса байланысады. Бұл байланыс жақ жағынан, жекеше, көпше, анайы, сыпайы түрде жіктік жалғауы арқылы іске асады. Мысалы: Мен бара+мын; сен бара+сың; сіз бара+сыз; ол бара+ды, біз бара+мыз; сендер бара+сыңдар; сіздер бара+сыздар; олар бара+ды.

Есім сөздерден болған бастауыш пен баяндауыштар тек қана III жақта қиысады. Мысалы: Абай сонда қарайды. Үшеуі үш жақтан Саржанды басына келтірді.

«Бар», «жоқ» сөздерінің баяндауыш қызметінде жұмсалыуы

Бар, жоқ сөздері баяндауыш қызметінде жұмсалғанда, бастауыш болған заттардың қайда, кімде, неде екенін, бар-

жоқтығын факт ретінде баяндайды. Ондай сөйлемнің құрамында жатыс жалғаулы пысықтауыш не толықтауыш жиі кездеседі.

Ташкентте Үсен деген жолдасым бар. Жылқыда өт жоқ. Аспанда алақандай бұлт жоқ.

Бар, жоқ сөздерінен болған баяндауыштар III жақта әр уақытта сөйлемнің соңында, көбінесе, бастауыштармен қатар тұрады. Сырдың Алмалық қонған жағасында қалың қамыс бар. Бәріміздің өміріміздің басталуы бар ...еске түссе, жүректі тулататын оқиғаларымыз бар.

Жоқ сөзі өткен шақтық есімшемен тіркесіп, сөйлемнің күрделі баяндауышының құрамында да қолданылады.

Ол арқан іздеген жоқ, шынжыр іздеген жоқ, құрсау іздеген жоқ. Сенің қанды тұяғың ол жерге жеткен жоқ. Рахмет Дәуірдің кім екенін білген жоқ.

?! Сөйлем мүшелері мен тұрлаулы мүшелері тақырыбын пысықтауға арналған сұрақтар

1. Сөйлем мүшесі болудың шарттары қандай?
2. Қандай жағдайда сөздер сөйлем мүшесі бола алмайды?
3. Сөйлем мүшесі деген не?
4. Сөйлем мүшесі мағынасына, қызметіне қарай қалай бөлінеді?
5. Сөйлем мүшесі құрамына қарай неше түрге бөлінеді?
6. Бастауыш дегеніміз не?
7. Бастауыштың қандай түрлері бар?
8. Баяндауыш дегеніміз не?
9. Баяндауыштың қандай түрлері бар?
10. Бастауыштан кейін қойылатын сызықшаны түсіндіріңдер.

СӨЙЛЕМНІҢ ТҰРЛАУСЫЗ МҮШЕЛЕРІ

Жайылма сөйлемдерге тұрлаулы мүшелерден басқа, оларды айқындайтын тұрлаусыз мүшелер де болады, олар; толықтауыш, анықтауыш, пысықтауыш.

Толықтауыш

Жалаң жай сөйлемнің іргесін кеңейтіп жайылма сөйлемге айналдыратын тұрлаусыз мүше толықтауыш деп аталады.

Сөйлемде толықтауыш өзі бағынып тұрған сөздермен атау және ілік септіктерінен басқа септіктердің жалғауымен грамматикалық байланысқа түседі. Мысалы, мына кестеге көңіл аударайық:

Тұлғасы	Мысалдар	Сұрақтары
Барыс септік	Мектеп адамға жүйелі білім береді. Әсемпаз болма әрнеге , Өнерпаз болсаң, әрқалан . Сне де бір кірпіш дүниеге Кетігін тап та, бар, қалан (<i>Абай</i>).	кімге? неге?
Табыс септік	Өзбек халқын және оның дамыған экономикасы мен мәдениетін қазір үние жүзі біледі.	кімді? нені? кімін? несін?
Жатыс септік	Жылқыда өт жоқ, өсер малда өлім жоқ (<i>мақал</i>).	кімде? неде?
Шығыс септік	Сүттен ақ, судан таза, біреуден артық, біреуден кем.	кімнен? неден?
Көмектес септік	Раушан Марияммен сүйісіп амандасты. Атты қамшымен айдама, жеммен айда	кіммен? немен?
Шылау тіркескен сөздер	Сен туралы көп айтылды. Сөз адамгершілік туралы болып отыр.	кім туралы? не туралы?

Толықтауыштар (жалпы, барлық сөйлем мүшелері) дара және күрделі болып бөлінеді. Мысалы: **Құлақ естігенді** көз көреді (күрделі). Адамның бір қызығы бала деген, **Баланы оқытуды** жек көрмедім (дара толықтауыштар). Толықтауыштарды тұлғасына және сабақты, салт етістіктермен байланысына қарап тура және жанама толықтауыш деп екіге бөледі.

Тура толықтауыш – табыс септігіндегі сөзден жасалып,

ол үнемі сабақты етістіктен жасалған мүшелермен көбінесе жақын тұрып байланысады да, соларды толықтырады, оларсыз қолданылмайды. Тура толықтауыштың сұрақтары: кімді? нені? кімін? несін?

Табыс септік жалғауының болып немесе болмай жұмсалуының тиісті ережесі бар. Егер табыс септігінде тұрған сөз нақты, белгілі болса, онда ол жалғаулы болуы керек. Мысалы: Мен дүкеннен кітап алдым (жалпы, әйтеуір кітап алды). Мына кітапты дүкеннен алдым (нақты, белгілі бір кітап). Осымен байланысты тәуелдік жалғаулы сөздер де табыс септікті қабылдайды. Мысалы: кеше **жолдасымды** көрдім.

Сондай-ақ, адам мен оның орнына жұмсалатын сөздер де (есімдіктер де) табыс септігінде жұмсалады. Мысалы: Бір жағы **Жақыпты**, екінші жағы **Жомартты** қостайды. Ұзақ күрес **біреуді** жалықтырады, **біреуді** құнықтырады.

Жанама толықтауыш – салт етістіктен болған сөйлем мүшелерін табыс септігінен басқа септеіктерде (барыс,жатыс, шығыс, көмектес) тұрып толықтырады және сөйлемнің кез келген жерінде тұрып байланыса береді. Жанама толықтауыш, атына сай, етістіктен болған мүшенің іс-әрекетін жанама түрде, яғни тікелей емес, екінші дәрежеде байланысты екенін көрсетеді. Мұны мына кестеден байқауымызға болады.

Тұлғасы	Мысалдары	Сұрақтары
Барыс септігі	Жанат Жантасқа ұзақ әңгіме айтты.	кімге? неге? несіне? кіміне?
Жатыс септігі	Жылқыда өт жоқ, өсер малда өлім жоқ.	кімде? неде? кімінде? несінде?
Шығыс септігі	Өнер білім бар жұрттар тастан сарай салғызды.	кімнен? неден? кімінен? несінен?
Көмектес септігі	Арман Ардақпен құшақтасып амандасты.	кіммен? немен? кімімен? несімен?
Шылаулы сөздер	Денсаулық жайында көп әңгімелестім.	кім туралы? не жайында? не жөнінде?

Анықтауыш

Анықтауыш сөйлемдегі зат есімнен не зат есім орнына жұмсалған басқа есімдермен болған мүшелерді түрлі жағынан сипаттап тұрады.

Сөйлемде бастауыш, толықтауыш т.б. қызметтерде жұмсалатын әр заттың өзіне тән, кейде көп затқа ортақ сапалары болады. Бір затты басқа заттардан сондай сапаларына қарай айырып танымыз. Сөйлемде заттардың әр түрлі сынын, сапасын білдіретін сөздер көбінесе анықтауыш қызметінде жұмсалады; олар заттың түсі, тұр-тұрпаты, көлемі, салмағы, саны сияқты сапаларын білдіреді де анықтайтын сөзімен тығыз байланысты айтылады.

Анықтауыштың сұрақтары қандай? қай? қайдағы? қанша? кімнің? ненің? Анықтауыштардың жасалу жолдарын мына кестемен көрсетуге болады:

Тұлғасы	Сұрақтары	Мысалдар	Анықтауыш болатын сөз таптары
Атау тұлғада	қандай?	Сұр бұлт түсі суық қаптайды аспан, Күз болып, дымқыл тұман жерді басқан. (Абай). Сіздің бар шығармаңыз қсы үйден табылады. Сен оқыған кітапты мен де оқыдым. Көргенде күміс кесе, алтын аяқ, Бір сөзді тамағыма қойдым таяп. (С.Торайғыров). Қазір институтта бес жарым мың студент оқиды. Бірінші кезек сенікі.	сын есімдер есімдіктер есімше зат есімдер сан есімдер
Ілік септігіндегі сөздер	кімнің ненің?	Ердің атын еңбек шығарады (мақал). Талаптанғанның еңбегі жанады.	зат есім, есімше т.б.

Осындай қандай? қай? қайсы? қайдағы? Сұрақтарына жауап беріп тұрған анықтауыштар сапалық, ал ілік септігінде

тұрғаны иелік анықтауыш деп аталады. Басқа сөйлем мүшелері сияқты анықтауыштар да дара, күрделі болып бөлінеді:

Күрделі анықтауышқа арналған мысалдар	Күрделі анықтауыш болатын сөздер
Қара торы, ат жақты, сұңғақ бойлы адам...	сын есімдер
Сібірдің күзгі долы желі бет қарапайды.	зат есімдер, зат ес.+сын есім
Парламент үстіндегі жалау алыстан көз тартады.	зат есім мен көмекші есім
Қолы қимылдағанның – аузы қимылдар.	зат есім мен есімше
Бұл елде екі мың бес жүз мал бар екен.	күрделі сан есім
Олар – бес алған оқушылар келе жатыр.	сан есім мен есімше
Еңбексіз отырған адам жалғау болып кетеді.	сын есім мен есімше
Көп отырған адамнан сұрама.	бейтарап сөз бен есімше

Анықтауыштар өзі анықтайтын сөздермен қабыса байланысады. Мысалы, Қақтаған // ақ күмістей // кең // маңдайлы, Аласа аз // қара // көзі нұр жайнайды (Абай). Иелік анықтауыштар анықтайтын сөзімен матаса байланысады. Мысалы: Біздің // көп ұлтты // еліміздің барлық халықтарының // құқықтары бірдей.

Пысықтауыш

Етістіктен болған мүшенің қасиетін жан-жақты анықтайтын, яғни оның жай-күйін, сын-сипатын, мөлшерін, мезгіл-мекенін, себеп-мақсатын көрсететін тұрлаусыз мүше пысықтауыш деп аталады. Баяндауыш мүшенің пысықтауыштарға қаратып қашан? қайда? қалай? қалай қарай? қайтіп? неліктен? не мақсатпен? қанша? т.б.

Пысықтауыш негізінен үстеу мен көсемшеден жасалады дегенмен, мекен, бағыт, сын-қимылды білдіретін барыс, жатыс, шығыс, көмектес септіктерінде тұрған сөздер де пысықтауыш қызметінде жұмсалады. Мысалы:

Мысалдар	Сұрақтары	Жасалу жолдары
Бүгін көзбе-көз сынасатын заман келді (F.Сланов).	қашан?	Мезгіл үстеуі
Жасымда ғылым бар деп ескермедім (Абай).	қашан?	Тәуелдік жалғаулы сөз жатыс септігінде
Арман туған елі Бостандыққа екі айда әзер жетті (М.Омаров).	қайда? қашан?	Барыс септігі Жатыс септігі
Қуанғаннан Қарекен орнынан тұра алмай қалыпты	неліктен? қайдан?	Шығыс септігі (есімше); зат есім шығыс септігінде
Алдымен ферма бастықтарына жолығайық. Мидай даламен келе жатыр.	қашан? қайда?	Көмектес септік

Пысықтауыштар да басқа сөйлем мүшелері тәрізді дара, күрделі болып бөлінеді. Мысалы: **Дөң үстінде, тау арасында** ел малдарын көресің. **Радио арқылы күнбе-күн** байланысып тұрады. Талай сөз **бұдан бұрын** көп айтқанмын (Абай).

Пысықтауыш мағынасына қарай беске бөлінеді: мезгіл, мекен, себеп, мақсат, сын-қимыл. Сөйтіп, **сөйлемде баяндауыштың жай-күйін, сын-сипатын, мөлшерін, мезгіл-мекенін, себеп-мақсатын білдіретін тұрлаусыз мүшені пысықтауыш дейміз.**

Мезгіл пысықтауыш

Мекен пысықтауыш сөйлемде етістіктен болған баяндауыштың немесе басқа сөйлем мүшелерінің мекенін, бағытын білдіреді. Оның сұрақтары – **қайда? қайдан? қалай қарай? қай жерде?**

Төмендегі кестеге назар аударыңдар:

Сұрақтары	Мысалдар	Мекен пысықтауыштың жасалуы
қайда? қалай қарай? қай жерде? қайда?	Жоғары қарашы, көкте не көрінеді? Ол үйге қарай кетті. Бұл маңда ел жоқ. Арман туған елі Бостандыққа әрең жетті.	үстеу шылау тіркескен сөз шылаусыз жатыс септігі шылаусыз жатыс септігі
қай жағынан?	Ол біресе оң жағынан , біресе сол жағынан қарады.	шылаусыз шығыс септігі

Ата-аналар арасында, әкесінің қасына таман тәрізді күрделі пысықтауыштар да бар.

Мезгіл пысықтауыш

Баяндауыштың немесе басқа сөйлем мүшелерінің мезгілін білдіретін мүшені **мезгіл пысықтауыш** дейді. Мезгіл мағынасына жататын сөздер тілімізде өте көп (сағат, күн, ай, жыл мезгілдері, кезең, т.б.). Сондықтан, мезгіл пысықтауыштың жасалуыда алуан түрлі.

Сұрақтары	Мысалдар	Жасалуы
қашан?	Мен бүгін туған күнімді тойлаймын.	мезгіл үстеу
қашан?	Жазға жақын ол да келіп қалар.	барыс септікті сөз бен үстеу
қашаннан бері?	Манадан бері сөйлеп тұр	шығыс септікті сөз бен шылау
қай кезде?	Сол кезде жер үйдің есігінен екі жігіт кіріп келді. Күн шыға, таң біліне, ел орнына отыра, жаз шыға сияқты тұрақты сөздер де мезгіл пысықтауыш қызметінде жұмсалады. Мезгіл пысықтауыш баяндауыштың немесе етістіктен болған басқа сөйлем мүшесімен жанаса байланысады.	

Себеп пысықтауыш

Себеп пысықтауыш **неліктен? неге? не үшін? не себепті?** деген сұрақтарға жауап беріп, баяндауыштың, яғни қимыл-сынның себебін білдіреді. Басқа пысықтауыштардың жасалуына қарағанда, себеп пысықтауыштың жасалуы күрделірек.

Сұрақтары	Тұлғасы	Мысалдар	Жасалуы
неліктен?	шығыс септік -дықтан -діктен	Түсінбегендіктен, түсіне алмағандықтан сезбей қалар деп ойлады (F.Мүсірепов).	есімше
неге?	Тәуелдік жалғаулы барыс септігі үшін шылаулы сөз	Ағасының әсем ән шырқағанына Сәуле қатты сүйсінді. Асқар ерлігі үшін батыр атанды.	есімше
не үшін?			шылау тіркескен зат есім

не себепті?	-ып / -іп -е / -й	Мен сені сағынып келдім. Ол білмей қателесті.	көсемше
-------------	----------------------	---	---------

Сонымен бірге көңілшектік, еріншектік, жалқаулық, тәртіпсіздік сияқты дерексіз сөздерге тәуелдік жалғаулары жалғанып, сонан соң шығыс септігі келу арқылы да себеп пысықтауыш жасалады. Себеп пысықтауыш баяндауышпен меңгеріле жанаса байланысады.

Қимыл-сын (амал) пысықтауыш

Қимыл-сын пысықтауыш қимыл-іс әрекеттің қандай тәсілмен: сыны мен мөлшерін, қалай? қайтіп болғанын білдіреді. Сұрақтары: қалай? қалайша? қайтіп? не етіп? неше? Қимыл-сын пысықтауыштың жасалуы төмендегідей:

Сұрақтары	Тұлғасы	Мысалдар	Пысықтауыш болатын сөз таптары
қалай?	тез, шұғыл а қ ы р ы н , баяу	Тез барып, тез қайттым. Сәл тыным тапты.	үстеу
қайтіп?	қалт, жалт, кілт, тарс	Ботагөз... жүрсін кілт доғарып, жалт қарады (С.Мұқанов).	еліктеуіш сөздер
қалайша? қалай?	-ше /-ше ж ұ р н а ғ ы , ш ы ғ ы с септік	Ол тамақты тойғанша жеді. Сәрсен қазақша сөйледі. Бала шылқасынан құлады. Ол жүресінен отырды.	есімше, зат есім зат есім + тәуелдік жалғау
қанша? неше?	Сан есім, оған рет сөзі қосылу арқылы	Қарға екі шоқып, бір қарайды. Мен оған екі рет ескерттім.	сан есім

Сонымен бірге арқан бойы, бір құлаш, бес шақырым, т.б. өлшемдік сөз тіркестері де қимыл-сын пысықтауыш болады. Қимыл-сын пысықтауыш баяндауышпен қабыса байланысады.

Мақсат пысықтауыш

Мақсат пысықтауыш не істеуге? не үшін? не мақсатпен? неге? сияқты сұрақтарға жауап беріп, қимыл-іс әрекеттің (баяндауыштың) мақсатын білдіреді. Мақсат пысықтауыштың жасалуы төмендегідей:

Сұрақтары	Тұлғасы	Мысалдар	Пысықтауыш болатын сөз таптары
неге?	тұйық етістік барыс септікте	Сен шыршыққа ойнауға келген жоқсың, оқуға келдің.	тұйық етістік
не мақсатпен?	-ғалы, -гелі тұлғалы етістік	Бала дүкенге кітап алғалы келді.	зат есім мен -ғалы / -гелі тұлғалы етістік
не үшін?	Атау септіктен кейін үшін шылауы	Мен жазбаймын өлеңді ермек үшін (Абай).	зат есім мен үшін шылауы
не мақсатпен?	Күрделі етістік	Ташкентке білім алайық деп келдік.	күрделі көсемше
неге?	Барыс жалғаулы сөз бен бола көсемшесі –ма+с –ме+с формалы есімше	Мен саған бола келдім. Аямасқа бекіп ең (Абай).	көсемше есімше

Мақсат пысықтауыш баяндауыштарымен әрі меңгеріле, әрі қабыса байланысады.

?! Сөйлемнің тұрлаусыз мүшелері тақырыбын пысықтауға арналған сұрақтар

1. Толықтауыш деген не?
2. Толықтауыштың сұрақтары мен тұлғалары қандай?
3. Толықтауыштардың құрамы қандай болады?
4. Тура толықтауыш дегеніміз не?
5. Жанاما толықтауыш дегеніміз не?
6. Толықтауыш пен толықталатын сөздердің арасындағы байланыс қандай болады?
7. Анықтауыш деген не?

8. Анықтауышқа қай сөзден қандай сұрақтар қойылады?
9. Анықтауыштардың жасалу жолдары қандай?
10. Сапалық және иелік (қатыстық) анықтауыш дегенді қалай түсінесіңдер?
11. Анықтауыштардың құрамын және анықтайтын сөзімен байланысын айтыңдар.
12. Пысықтауыш деген не?
13. Пысықтауыштың анықтауышқа ұқсастығы және одан айырмашылығы қандай?
14. Пысықтауыштардың жасалу жолдары, құрамы және байланысу түрлеріне түсінік беріңдер.
15. Пысықтауыштар мағынасы мен жасалу жолдарына қарай неше түрге бөлінеді?

СӨЙЛЕМНІҢ БІРЫҢҒАЙ МҮШЕЛЕРІ ЖӘНЕ ОЛАРДЫҢ ТЫНЫС БЕЛГІЛЕРІ

Сөйлемнің қай мүшесі болғанда да, тұлғалары бірдей, қызметі мен ортақ болып, бір ғана сөйлем мүшесімен байланысты сөздердің тобын **бірыңғай мүше** дейміз. Сондықтан, **бірыңғай бастауыш, бірыңғай баяндауыш, бірыңғай толықтауыш, бірыңғай пысықтауыш, бірыңғай анықтауыш** деген терминдер айтылады. Мысалы: **Өсек, өтірік, мақтаншақ, еріншек, бекер мал шашпақ** – бес дұшпаның білсеңіз (Абай) (**бірыңғай бастауыштар**). Әйелдердің біреулері Бәкеңнің **үйін жинап, спырып жатыр, біреулері отын жағып, суын тасып, шайын қойып жатыр** (Б.Майлин) (**бірыңғай баяндауыштар**). **Ащы мен тұщыны** татқан білер, **алыс пенен жақынды** жортқан білер (**мақал**) (**бірыңғай толықтауыштар**). Дала қызыл, көкшіл, сары түстермен **құлрырып тұр** (М.Әуезов) (**бірыңғай анықтауыштар**). Ол **хатты асықпай, баппен, жақсылап** тағы бір оқып шықты (С.Көбеев) (**бірыңғай пысықтауыштар**).

Бірыңғай сөйлем мүшелері өзара бір-бірімен жалғаулықсыз да, жалғаулықтармен де байланысып келеді. Осыған байланысты

олардың тыныс белгілері де әркелкі болады.

1. Бірыңғай мүшелер жалғаулықсыз және ыңғайлас жалғаулықтар бір-ақ

рет келгенде үтір қойылмайды. Мысалы: Ол өте **көркем және байсалды** жігіт еді. Көрсетті қырдың **өнерін, ән, өлең, күй, сауығын**. Ал *әрі, да, та, біресе, кейде*, не сияқты жалғаулықтар бірыңғай сөйлем мүшелерінің арасында екі рет қайталанса, оларды алдынан үтір қойылады. Мысалы: **Не Көкше, не оның балапан таулары** Асқарды қызықтырған жоқ (С.Мұқанов). **Жақсылық та, Баршагүл де Қайырбек те, Мұхит та** қуаң қағып, шапшаң бұрылып, төңірекке көздерін жіті жүгіртеді (Ғ.Сланов).

2. Бірыңғай мүшелер жалпылауыш мүшелермен де келетін кездері

болады. Жалпылауыш мүшелер бірыңғай мүшелердің алдынан не соңынан келеді. Мұндайда олардың тыныс белгілері мынадай болады.

а) Жалпылауыш мүше бірыңғай мүшелердің алдынан келсе, одан кейін қос нүкте қойылады да, бірыңғай мүшелердің әрқайсысынан кейін үтір қойылады: *Мына ағаштар: қарағай, қайың, терек – біздің жерде көбірек кездеседі.*

ә) Жалпылауыш мүше бірыңғай мүшелерден кейін келсе, бірыңғай мүшелерден соң сызықша қойылады: *Қамар, Мәкен, Әлия – бәрі Шәкеннің сүйікті балалары.*

Жалпылауыш сөз

Жалпылауыш сөз – бірыңғай мүшелермен қызметтес, тұлғалас болып, оларды жинақтап тұратын мүше. Жалпылауыш сөздің жасалу жолдары төмендегідей:

№	Түрі	Шылау	Мысалдар
1	Сілтеу есімдігі	мыналар, осылар, бұлар, солар. олар	Қазақстанның ең ірі өзендері мыналар : Балқаш, Алакөл, Сасықкөл
2	Жалпылау есімдігі	бәрі, баршасы, барлығы	Шымкент, Алматы, Қарағанды - бәрі үлкен қала.
3	Жинақтық сан есім	екеуі, үшеуі, төртеуі	Аса, Мағаш, Жандос – үшеуі оңаша әңгімелесіп отыр екен.

4	Зат есім	көптік жалғау жалғанған зат есімдер	Мына өзендер: Іле, Қаратай, Ақсу, Лепсі – Балқаш көліне құяды.
---	----------	-------------------------------------	--

Жалпылауыш сөздің тыныс белгісі

№	Ереже	Мысал
1	Жалпылауыш сөз бірыңғай мүшелерден бұрын тұрса, одан кейін қос нүкте қойылады.	Бүгін баратын оқушылыр: Асан мен Үсен.
2	Жалпылауыш сөз бірыңғай мүшеден кейін келсе, оның алдынан сызықша қойылады.	Асан мен Үсен – екеуі бүгін барады.
3	Бірыңғай мүшенің алдында жалпылауыш сөз тұрып, соңында сөйлемнің басқа мүшелері келсе, бірыңғай мүшеден бұрын қос нүкте, олардан кейін сызықша қойылады.	Мына оқушылар: Асан мен Үсен – бүгін барады.

Сөйлемнің айқындауыш мүшелері

Анықтауышқа ұқсас тағы бір сөздер тобы – сөйлемнің айқындауыш мүшелері. Бірақ анықтауыш өзі анықтайтын сөйлем мүшесінің алдынан келеді де, өз алдына жеке сөйлем мүшесі қызметін атқарады. Ал айқындауыштар өзі айқындайтын мүшеден кейін тұрып, өз алдына жеке сөйлем мүшесі қызметін атқармай, өзі айқындайтын сөзбен бірге сөйлемнің бір мүшесі қызметінде жұмсалады. Сөйтіп, айқындауыш мүшелер – тұрлаулы, тұрлаусыз мүшелердің мағынасын айқындау, саралу, нақтылай, дәлелдей түсу үшін жұмсалатын сөздер мен сөйлемшелер.

Сөйлемнің айқындауыш мүшелері: **оңашаланған** және **қосарлы** айқындауыш болып екіге бөлінеді.

Оңашаланған айқындауыш бастауыш пен анықтауышты толықтауыш пен пысықтауыштан кейін келіп анықтайды. Айтуда оңашаланған айқындауыштар ерекше интонациямен (паузамен, кідіріспен) оңашаланып, бөлініп айтылады, ал жазғанда екі жағынан үтір қойылады. Егер бірыңғай оңашаланған мүшелер болса, сызықша екі жағынан да қойылады. Мысалы: Озат оқушылардың бірі, **мысалы, Оспан**, үй ішіне үнемі көмектеседі. Шәкірттеріміздің – **әсіресе Айгүл мен Тәрбиенің** – үздік білімі,

сыпайы мінезі жолдастарына үлгі. Оңашаланған айқындауыштар өзі айқындайтын сөзбен орын тәртібі, кейде *мысалы, мәселен, яғни, не болмаса, әсіресе, басқаша айтқанда* деген сөздер арқылы байланысады.

Қосарлы айқындауыш өзі айқындайтын сөздерден бұрын келіп, өзінен кейін келген сөздерден интонация арқылы бөлінбей, біртұтас сөз түрінде жұмсалады және жазғанда сызықша арқылы, кейде ешқандай тыныс белгісіз жазылады. Мысалы: *инженер-механизатор; автомат-телефон, Алпамыс батыр, Баян бәйбіше.*

Тіл білімінде сызықшамен келсе, қосарлы айқындауыш деп, сызықшасыз келсе, қосалқы айқындауыш деп айтылады.

Айқындауыштың тыныс белгісі

№	Ереже	Мысал
1	Оңашаланған айқындауыштың екі жағынан үтір қойылады,	Мұнда, <i>Шыршықта</i> , ауа райы салқын. Өзім ұшырған қыраныма, <i>Нұрланыма</i> , жұрт жапқан жалаға мен де сеніп жүр деп қалып па ең? Түстен кейін, <i>сағат 14:00-де</i> , жиналыс болады.
2	Оңашаланған айқындауыштың екі жағынан немесе өзі анықтайтын мүшесімен екі араға сызықша қойылады.	Анама – <i>оқымаған, қарапайым қазақ әйелі</i> – бүкіл ауылға ортақ ана сияқты болатын. Түйе атасы – <i>Ойсылқара</i> әулие адам болған.
3	Оңашаланған айқындауыш бірыңғай мүше болып келсе, екі жағынан сызықша қойылады.	Қалың көпшілік – <i>арбалылар да, салттылар да, жаяулар да</i> – соның соңынан шұбап, қыртысы қалың, жасыл көделі жердің шаңдағын аспанға шығарады.
4	Кейбір қосарлы айқындауыштар өздерінің айқындайтын сөзінен қос сөздер сияқты дефис арқылы бөлінеді.	<i>авто-дүкен, телефон-автомат, ұшқыш-ғарышкер, жер-ана, әйел-ана, батыр-ұшқыш, тілші-ғалым, әдіскер-ұстаз.</i>

Сөйлем мүшесі болмайтын сөздер тобы

Сөйлемнің құрамында келіп, басқа сөздермен тіркесіп тұрса да, сөйлем мүшесіне талданбайтын сөздер бар. Мұндай сөздерге жеке тұрғанда толық лексикалық мағынасы болмайтын көмекші сөздер жатады. Оларға *көмекші сөздер, көмекші*

етістіктер және шылаулар жатады.

Көмекші сөздер өзі тіркескен сөзбен бірге тұрғанда ғана сөйлем мүшесіне талданады. Мысалы:

1. Көмекші сөздер (*алд, арт, үст, маң, іш, сырт* т.б.): Үйдің *іші* таза.

Іші көмекші есімі үйдің сөзімен бірге тұрып, күрделі бастауыш болып тұр.

2. Көмекші етістік (*е, ет, де, жазда*): Ол кеше барған *еді*. *Еді* көмекші

етістігі *барған* негізгі етістігімен бірге тұрып, күрделі баяндауыш болып тұр.

3. Септеулік шылаулар (*туралы, арқылы, секілді, жөнінде, сайын, дейін,*

кейін, соң, үшін, гөрі т.б.) өзі тіркескен сөзбен бірге тұрғанда ғана сөйлем сүшесіне талданады. Мысалы. Олар түстен *кейін* келеді. *Кейін* шылауы *түстен* деген негізгі сөзбен тіркесіп келіп, күрделі мезгіл *пысықтауыш* болып тұр.

4. Жалғаулық шылаулар (*бірақ, өйткені, сондықтан, немесе, да, мен,*

және, әрі, біресе, әлде т.б.) мен демеулік шылаулар (*ғана, қана, ғой, -мыс*, т.б.) сөйлемде мүлдем мүшесіне талданбайды. Мысалы: Қыста *және* жазда демалыс болады.

Ескерту: көмекші есімдер кейде заттанып келіп немесе қосымшалар жалғанып, жеке тұрып та сөйлем мүшесі бола алады. Мысалы: *Алдағылар* ұзап кетті. Отынды *ішке* кіргізіп кетші.

?! Бірыңғай мүшелерді пысықтауға арналған сұрақтар

1. Бірыңғай сөйлем мүшелері дегенді қалай түсінесіңдер?

2. Бірыңғай сөйлем мүшелері өзара бір-бірімен қалай байланысады?

3. Бірыңғай сөйлем мүшелерінің арасына қандай тыныс белгілері қойылады?

4. Жалпылауыш мүше дегенді қалай түсінесіңдер?

5. Жалпылауыш мүшелердің орын тәртібі, олардан кейін келетін тыныс белгілері қандай?

6. Айқындауыш мүше дегенді қалай түсінесіңдер?

7. Сөйлемнің айқындауыш мүшелерінің қандай түрлері бар?

8. Сөйлем мүшелерінің орын тәртібі дегенде нені түсінесіңдер?

ОҚШАУ СӨЗДЕР

Оқшау сөздер – сөйлемнің құрамында тұрса да, басқа мүшелермен грамматикалық байланысқа түспейтін мүше. Оның 3 түрі бар: қаратпа сөз, қыстырма сөз, одағай сөз. Мысалы:

Қаратпа сөз: *Қарағым*, көмектесіп жіберші.

Қыстырма сөз: *Бәлкім*, ертең айтып қалар.

Одағай сөз: *Әттең*, уақыт көбірек болғанда ғой!

Осы үш сөйлемдегі *қарағым, бәлкім, әттең* деген сөздер сөйлем құрамында тұрса да, сөйлем мүшесіне талданбайды. Яғни, *балам* сөзі *кім?* деген сұраққа жауап бергеніне қарамастан, оны бастауыш деп талдай алмаймыз.

Оқшау сөздер үтір арқылы басқа сөздерден оқшауланып тұрады. Оқшау сөзге төмендегідей жағдайларда үтір қойылады:

1) Сөйлемнің басындағы оқшау сөзден кейін үтір қойылады. Мысалы:

Балам, бері келші.

2) Сөйлемнің соңындағы оқшау сөздің алдынан үтір қойылады.

Мысалы: Оның айтқаны осы шығар, *сірә?*

3) Сөйлемнің ортасындағы оқшау сөздің екі жағынан қойылады.

Мысалы: Бұл, *әрине*, оңай шаруа емес.

Қаратпа сөз

Қаратпа сөз – біреудің назарын аудару үшін, айтылған

ойдың кімге арналғанын білдіру үшін қолданылатын сөз. Мысалы: *Самат*, ертең сынақ болады. Ұялма, *қарағым*, жоғары шық. Келдің бе, *балам*? Бірінші сөйлемдегі қаратпа сөздер (*Самат*) біреудің назарын аудару үшін, қалған екі сөйлемдегі қаратпа сөздері (*қарағым*, *балам*) ойдың кімге арналғанын білдіру үшін қолданылған.

Қаратпа сөз диалогта, шешендік сөзде, үндеуде, поэзияда және түрлі хаттар мен іс қағаздарында қолданылады. Қаратпа сөздің жұмсалыу мақсаты, мағыналары әртүрлі болады. Айтылған ойдың кімге арналғанын, кісінің назарын оған аударумен қатар, олар сөйлеушінің көңіл-күйін, сезімін білдіреді. Кейде бір сөйлемде бірнеше қаратпа сөз қолданылады. Мысалы: *Жұмаш, қалқам*, бері келші.

Қаратпа сөз сөйлем мүшесіне талданбайды.

Қаратпа сөздің тыныс белгісі

Сөйлемнің басында тұрған қаратпа сөзден кейін *үтір* немесе көтеріңкі әуенмен айтылса, *леп белгісі* қойылады. Сөйлемнің ортасындағы қаратпа сөздің екі жағынан *үтір* қойылады. Сөйлемнің соңындағы қаратпа сөздің алдынан *үтір* қойылады.

Үтір: *Қарағым*, бермен кел. Ризамын, *балам*, ризамын. Қош бол, *қалқам*.

Леп белгісі: Алақай! *Ата! Апа!* Есбосындар келіп қалды! Соғыс бітті! *Жолдастар!* Сөз мектеп директоры Асан мырзаға беріледі.

Егер бір сөйлемде бірнеше оқшау сөздің түрі қолданылса, олардың әрқайсысы үтірмен оқшауланып жазылады. Мысалы: *Е, сен, жаңылмасам*, біздің қақпанға талай кездескен кәрі қасқыр көрінесің!

Қыстырма сөз

Қыстырма сөз – сөйлемдегі ойға қатысты сөйлеушінің түрлі көзқарасын білдіретін сөз. Мысалы: *Меніңше*, сенің айтқаның дұрыс. Бұның, *әрине*, дұрыс.

Қыстырма сөздер сөйлемдегі басқа сөздермен байланыспай, үтір арқылы олардан оқшауланып тұрғандықтан, белгілі бір сөйлем мүшесі бола алмайды. Мысалы: Осының бәрін, *әлбетте*, жалғыз істей алмайды.

Қыстырма сөздің тыныс белгісі

Сөйлемнің басында тұрған қыстырма сөзден кейін үтір қойылады. Сөйлемнің ортасындағы қыстырма сөздің екі жағынан үтір қойылады. Сөйлемнің соңындағы қыстырма сөздің алдынан үтір қойылады. Мысалы: *Абырой болғанда*, сабақтан бес алды. Биыл, *несін айтасың*, егіннің шығымы өте жақсы болды.

Кейде түсінік түрінде келген қыстырма сөз (сөз тіркесі, сөйлем) жақшаға алынып жазылады. Мысалы: Сұлтанбек (*әкем*) ерте қайтыс болды. Маралтай (*Ақмаралды достары осылай атайтын*) жұмысқа ерте келді.

Қыстырма сөздердің мағыналық түрлері

№	Ереже	Мысал
1	Қуанышты, ренішті білдіреді.	<i>бағымызға қарай, амал қанша, абырой бергенде, өкінішке орай</i>
2	Сенуді, мақұлдауды, мойындауды білдіреді.	<i>сөз жоқ,бәсе, рас, әрине, шынында, дұрысында, негізінде, шыны керек, әлбетте</i>
3	Ойдың кімнен, қайдан екенін көрсетеді.	<i>меніңше, сіздіңше, оның пікірінше, оның айтуына қарағанда, оның ойы бойынша</i>
4	Шамамен ғана я сенер-сенбестікпен айтылғанын білдіреді.	<i>сірә, мүмкін, тегі, кім біледі, байқаймын,бәлкім т.б.</i>
5	Бір ойдың алдыңғы жақта айтылған оймен байланысын қорыту ретінде айтылады.	<i>олай болса, демек, сөйтіп, қысқасы т.б.</i>
6	Ой тәртібін білдіреді.	<i>бірінші, біріншіден, екіншін екіншіден, мысалы, ең алдымен, бір жағынан, әуелі, ақыры, ақырында, керісінше т.б.</i>

Одағай сөз

Одағай сөз – дербес мағынасы жоқ, адамның көңіл-күйін білдіретін немесе жануарларға қаратылып айтылатын сөз.

Одағай сөздер қуану, шаттану, ренжу, өкіну, шошыну, түңілу секілді көңіл-күйді білдіреді. Кейбір одағайлар әртүрлі нұсқада жазыла береді. Мысалы: *апыр-ай, апыр-ау, апырым-ай, ойпыр-ай, ойпырым-ай, япыр-ай, япырым-ай, япырым-ау.*

Одағайдың ерекшеліктері төменде берілген:

1) Одағайда дербес лексикалық мағына болмайды. Мысалы: *әттең, япыр-ай, шіркін, пәлі, бәрекелді, қап, алақай* т.б.

2) Одағай сөйлемде басқа сөздермен грамматикалық байланысқа түспейді, сондықтан үтірмен бөлек тұрады. Мысалы: *Қап, алу керек еді!*

3) Одағай сөйлем мүшесі бола алмайды, яғни сөйлем мүшесіне талданбайды. Мысалы: *Әттең, жанымда әкем болғанда ғой.*

Одағайдың тыныс белгісі

Одағай сөз сөйлемнің басында да, ортасында да, соңында да келе береді. Мысалы: *Қап, бере салу керек еді: Осыны дұрыс, бәрекелді!*

Одағай сөздің тыныс белгісінің қойылу емлесі төмендегідей:

1) Одағай сөз сөйлемнің басында келсе, одан кейін үтір немесе (көтеріңкі дауыспен айтылса) леп белгісі қойылады. Мысалы: *Пәлі, сол да сөз боп па?! Алақай! Үйге қайтамыз! Пай-пай! Қандай керемет!*

2) Одағай сөз сөйлемнің ортасында келсе, оның екі жағынан үтір қойылады. Мысалы: *Туған жерімнің ауасы, шіркін, тап-таза ғой!*

3) Одағай сөз сөйлемнің соңында келсе, одан бұрын үтір қойылады. Мысалы: *Қолыңдағыны бере салмайсың ба, бәсе!*

Қазақ тіліндегі туынды одағайлардың көпшілігі араб, парсы сөздерінің қатысуымен жасалған. Мысалы, *ойпырым-ай, ойпыр-ай, япыр-ай, апыр-ай* деген одағайлар парсы тілінен енген «пір» сөзіне жалбарынудан шыққан «я, пірім-ай», «ой, пірім-ай» сөздерінен жасалған. «Дат» сөзі «әділдік талап ету, мұң шағу,

тілек айту» мағынасында патша, хан алдында, үлкеннің алдында айталатын парсының «дад» сөзінен шыққан.

Бәрекелді, астапыралла, жаракімалла, масқара, о, тоба, ләббай, алақай, тәй-тәй одағай сөздері – араб тілінен енген сөздер. Олардың қай сөзден шыққаны және оның мағынасы төмендегі кестеде берілген:

Одағай	Арабша нұсқасы	Мағынасы
Бәрекелді	Бәракалла	Құдай берекесін берсін!
Жаракімалла	Йархамукәлла	Құдай мейіріміне бөлесін!
О, тоба	Тәубе	Кешірім тілеу
Астапыралла	Астағирулла	Құдай өзі кешірсін!
Ләббай	Ләббайк	Әміріңе құлдық, басұрдық!
Алақай	Аллаһ-ай	Құдай-ай
Тәй-тәй	Таалай-таалай	Келе ғой! Келе ғой!

?! Оқшау сөздерді пысықтауға арналған сұрақтар

- Оқшау сөздер неген не?
- Олар сөйлем мүшесі бола ала ма?
- Оқшау сөздердің сөйлемге қандай қатысы бар?
- Қаратпа сөз деген не?
- Қартпа сөзді бастауыштан қалай ажыратамыз?
- Қаратпа сөздердің жасалуы, құрамы, орын тәртібі, тыныс белгілері туралы айт.
- Қыстырма сөз деген не?
- Қыстырма сөздің қаратпа сөзден айырмашылығы неде?
- Қыстырма сөздердің жасалуы, құрамы, орын тәртібі, тыныс белгілері туралы айт.
- Қыстырма сөздердің жақшаға алыну себебі неде?
- Одағай сөздер қандай жағдайда қолданылады?
- Одағай сөздер тұтас сөйлемге қандай мағына үстейді?
- Одағайдың сөйлемдегі орын тәртібі мен тыныс белгілерін айтып беріңдер.

СӨЙЛЕМНІҢ ҚҰРЫЛЫСЫНА ҚАРАЙ ТҮРЛЕРІ

Сөйлемдер құрылысына қарай жай сөйлем және құрмалас сөйлем болып екіге бөлінеді. Жай сөйлем бір ғана ойды білдіреді, ал құрмалас сөйлем ең кемі екі ойды білдіреді. Құрмалас сөйлемнің құрамында бірнеше жай сөйлем болады. Мысалы:

Жай сөйлемдер: Қыс келді. Қар жауды.

Құрмала сөйлем: Қыс келіп, қар жауды. Олар:

Жай сөйлемдер де құрылысына қарай өз ішінде бірнеше түрге бөлінеді. *жақты сөйлем* мен *жақсыз сөйлем*, *жалаң сөйлем* мен *жайылма сөйлем*, *толымды* және *толымсыз сөйлем* және *атаулы сөйлем*.

Бұл жай сөйлемдер құрамындағы сөйлем мүшелеріне қарай ерешелінеді. Мысалы, жалаң сөйлем тек тұрлаулы мүшелерден ғана құралса, жайылма сөйлемнің құрамында ең кемі бір тұрлаусыз мүшесі болады. Бастауышы жоқ сөйлемді *жақсыз сөйлем* дейді, ал бастауышы бар сөйлемдер *жақты сөйлемге* жатады.

№	Түрі	Ереже	Тыныс белгі
1	Жақты сөйлем	бастауышы бар сөйлем	Мен ауылға бардым. Кітап – білім бұлағы.
2	Жақсыз сөйлем	бастауышы мүлдем жоқ сөйлем	Менің оқығым келеді. Оны алуға болмайды.
3	Жалаң сөйлем	тек тұрлаулы мүшеден тұратын сөйлем	Ол келді. Бала-шағасы келіп кетті.
4	Жайылма сөйлем	тұрлаусыз мүше қатысқан сөйлем	Ол ерте келді. Жаңбыр қатты жауып тұр.
5	Толымды сөйлем	ойға қажетті мүшелердің бәрі қатысқан сөйлем	Олар арттарына мәңгілік із қалдырды.
6	Толымсыз сөйлем	айтылуға тиісті мүшелердің бірі түсіп қалған сөйлем	- Балам, қайдан келдің? - Астанадан. Толымды түрі: - Балам, сен қайдан келдің? - Мен Астанадан келдім.
7	Атаулы сөйлем	іс-оқиғаның, құбылыстың атауын ғана көрсететін сөйлем	Жаз. Қайнаған күн. Егіс даласы.

Жақты сөйлем және жақсыз сөйлем

Жақты сөйлем – бастауышы бар сөйлем. Жақсыз сөйлем – бастауышы жоқ, тек баяндауыштың бір өзі сөйлемге негіз болатын сөйлем түрі. Мысалы:

1) Жақты сөйлем: *Жаңбыр жауды*. Бұл сөйлем бастауыш (*жаңбыр*) пен

баяндауыштан (*жауды*) құралған.

2) Жақсыз сөйлем: *Менің оқығым келеді*. Бұл сөйлем анықтауыш (*менің*)

пен баяндауыштан (*оқығым келеді*) құралған.

Кейде жақты сөйлемнің құрамында бастауыш жазылмайды, бірақ оны

баяндауышына қарап тауып алуға болады. Себебі, бастауыш пен баяндауыш бір-бірімен жақ жағынан байланысып тұрады. Мысалы: *Бүгін келіңіз*. Осы сөйлемнің бастауышы жазылмаған, бірақ оны баяндауышының 2-жағына (*келіңіз*) қарап табуға болады. Яғни бұл сөйлемнің бастауышы сіз есімдігі болу керек (*Сіз бүгін келіңіз*).

Жақсыз сөйлемнің бастауышын баяндауышына қарап та таба алмаймыз. Мұндай сөйлемдердегі іс-қимылдың иесі ілік септікте, не барыс септікте тұрады немесе мүлдем болмайды. Мысалы: *Менің кетуім керек. Маған кету керек*. Осы екі сөйлемдегі іс-қимылдың иесі болып тұрған сөздердің біреуі ілік септікте (*менің*) тұрып, анықтауыш болса, екіншісі барыс септікте (*маған*) тұрып, толықтауыш болып тұр. Демек, бұл сөйлемнің бастауышы мүлдем жоқ, сондықтан ол екеуі жақсыз сөйлем болады.

Жақсыз сөйлемнің баяндауышының жасалу жолдары

Жақсыз сөйлемнің бастауышы болмайды. Тек баяндауыштың бір өзі сөйлемге негіз болады. Баяндауыштағы іс-қимылдың иесі болып табылатын сөздер анықтауыш не толықтауыш болып тұрады немесе мүлдем болмайды.

Жақсыз сөйлемнің баяндауышының өзіндік жасалу жолдары бар. олар төмендегіше:

1	Қалау рай арқылы жасалады.	Менің оқығым келеді.
2	Барыс септіктегі тұйық етістіктің «бол, жара, тура кел» деген көмекші етістіктерімен тіркесуі арқылы жасалады.	Ауылға баруға тура келді.
3	Атау септіктегі немесе тәуелдік тұлғадағы тұйық етістіктің «керек, жөн, мүмкін» деген бейтарап сөздермен тіркесуі арқылы жасалады.	Маған сабақ оқу керек. Менің сабақ оқуым керек.
4	«-ып, -іп, -п» тұлғалы көсемшенің болымсыз түрдегі «бол» етістігімен тіркесуі арқылы жасалады.	Оның сөзін түсініп болмайды.
5	Құрамында бастауышы бар тұрақты тіркестер (идиомалар) арқылы жасалады.	Оның үрейден төбе шашы тік тұрды.
6	Ілік септіктегі тұйық етістіктің «керекі жоқ, қажеті жоқ, қажеті не» деген бейтарап сөздермен тіркесуі арқылы жасалады.	Оны айтудың қажеті жоқ.
7	Сондай-ақ жақсыз сөйлемнің мынадай түрлері бар: 1) Бұны енді айтпасақ болмайды. 2) Бұны енді айтпақ керек. 3) оның мұрнын шүйіруін-ай. 4) Па, шіркін! Мына атқа мінер ме еді! 5) Өзін барып көретін екен!	

Жалаң және жайылма сөйлем

Бұл екі сөйлемді олардың құрамындағы тұрлаусыз мүшелердің бар-жоғын қарап ажыратуға болады.

Жалаң сөйлем – тек тұрлаулы мүшелерден тұратын сөйлем. Мысалы: *Күз келді. Тәуелсіздік күні келе жатыр.* (Қ.Сейданов) Бұл екі сөйлем тек тұрлаулы мүшелерден, яғни бастауыш (күз, *Тәуелсіздік күні*) пен баяндауыштан (*келді, келе жатыр*) ғана құралған. Тек баяндауыштан ғана тұратын сөйлем де жалаң сөйлем болады. Мысалы: *Тоқтама. Жүре бер.*

Жайылма сөйлем – тұрлаусыз мүше қатысқан сөйлем. Мысалы: *Ол кеше келді. Ол пойызбен келе жатыр.* Бірінші сөйлемге пысықтауыш (кеше), екінші сөйлемге толықтауыш (пойызбен) қатысып тұр, сондықтан бұл екі сөйлем жайылма жатады.

Жалаң сөйлем де, жайылма сөйлем де жақты сөйлем немесе жақсыз сөйлем бола алады. Мысалы:

Мен оқушымын. (Жалаң сөйлем әрі жақты сөйлем)

Оқып бітіруіміз керек. (Жалаң сөйлем әрі жақсыз сөйлем)

Толымды және толымсыз сөйлем

Толымды сөйлем – ойға қажетті мүшелердің бәрі қатысқан сөйлем. Бұл сөйлемге тұрлаулы мүшелер мен тұрлаусыз мүшелердің түгелдей қатысуы шарт емес. Маңызды болғаны – ойды жеткізуге қажетті мүшелердің қатысуы. Толымсыз сөйлем – айтылуға тиісті мүшелердің біреуі немесе бірнешеуі түсіп қалған сөйлем. Бұл екі сөйлемнің мысалын төмендегі кестеден көруге болады:

Толымды сөйлем	Толымсыз сөйлем
-Балам, сен қайдан келдің? -Мен Астанада келдім.	-Балам, қайдан келдің? -Астанада.

Толымсыз сөйлемде ойға қажетті мүшелер түсіп қалса да, айтылмақ болған ойға нұқсандық келмейді. Толымсыз сөйлем екі түрлі жағдайда жиі кездеседі:

1) Толымсыз сөйлем өзара байланысып келетін сөйлемдерде кездеседі. Мысалы: *Әсем таңғы шайын ішіп отырып ойланып кетті. Уақыттың өткенін сезбей қалды.* Осындағы екінші сөйлемде уақыттың өткенін сезбей қалған кім екенін (Әсем) бірінші сөйлемге қарап табуға болады.

2) Толымсыз сөйлем диалогта жиі кездеседі. Мұндай жағдайда бір немесе бірнеше сөйлем мүшесі түсіп қалады. Мысалы:

-	Атың кім?	- Сенің атың кім?
-	Мұрат.	- Менің атым – Мұрат.

Атаулы сөйлем

Атаулы сөйлем – іс-оқиғаны баяндамай, соларға қатысты мекен, мезгіл, құбылыстың атауын ғана көрсететін сөйлем. Мысалы: *Жаз. Қайнаған күз. Егіс даласы.*

Атаулы сөйлемнің құрамында бір немесе бірнеше сөз немесе сөз тіркесі бола алады. Олар негізінен зат есімнен және сол зат есімді анықтап тұратын әртүрлі сөзден жасалады.

Мысалы: Түн. Ну орман.

Атаулы сөйлем ойдың мезгілін, мекенін, жағдайын және заттың атауын білдіреді де, көбіне оқиғаға кіріспе ретінде қолданылады. Мысалы: *Күзгі кеш. Мектептің кең залы. Ығы-жығы халық.*

Төмендегі кестеде берілген жалаң сөйлемдер мен атаулы сөйлемдерді салытырыңдар:

Жалаң сөйлем	Атаулы сөйлем
Жаз келді. Күн қайнап кетті. Айнала егіс даласы.	Жаз. Қайнаған күз. Егіс даласы.

?! Сөйлемнің құрылысына қарай түрлерін пысықтауға арналған сұрақтар

1. Жай сөйлем дегеніміз не?
2. Жай сөйлемнің құрылысы мен құрамына қарай бөлінуі.
3. Жай сөйлем мен жайылма сөйлемдердің өзіндік белгілері қандай?
4. Қандай сөйлем жақты деп аталады?
5. Жақсыз сөйлемді қалай түсінесіңдер?
6. Толымды сөйлем деген не?
7. Толымсыз сөйлемдеген не?
8. Толымсыз сөйлем қандай жағдайда болады?
9. Атаулы сөйлем деген не?
10. Атаулы сөйлемдердің басқа сөйлем түрлерінен ерекшелігі қандай?
11. Атаулы сөйлемді сөйлем мүшесіне қарай талдауға бола ма?

III БӨЛІМ. ҚҰРМАЛАС СӨЙЛЕМ СИНТАКСИСІ.

ҚҰРМАЛАС СӨЙЛЕМ

Лингвистика синтаксистің негізгі объектісін үш салаға бөледі: оның бірі- сөздер тіркесі, екіншісі - жай сөйлем синтаксисі, үшіншісі – құрмалас сөйлем синтаксисі. Бұл салалардың әрқайсысының өздеріне тән зерттеу объектілері бар. Солардың ішінде құрмалас сөйлемнің негізгі объектісі – жеке ойды білдіретін жай сөйлемдердің өз ара ұласып бір бүтінге айналуы, сол арқылы күрделі ойды білдіру жолдары мен амал – тәсілдері. Бұл жағынан алғанда құрмалас сөйлем синтаксисі жай сөйлем синтаксисінен мейлінше басқа: жай сөйлем синтаксисі жеке ұғымды білдіретін сөздердің өз ара тіркесіп, сөйлем болу жолдарын, құрмалас сөйлем синтаксисі жеке ойды білдіретін сөйлемдердің бірі-бірімен ұласып құрмалас сөйлем болу жолдарын, құрмалас сөйлемнің өзіндік сипаттары мен түрлерін тексереді. Сөйтіп, бірінің объектісі – ұғымдар тіркесі болса, екіншісінің объектісі – ой тіркесі, яғни сөйлемдер тіркесі.

Қазақ тілі білімі саласындағы ең кеш қолға алынған және аз зерттелгенінің бірі- құрмалас сөйлем синтаксисі. Қазан төңкерісіне дейін қазақ тілі грамматикасының басқа салалары жөнінде, оның ішінде жай сөйлем синтаксисі бойынша да онша терең, жан-жақты болғанымен біраз зерттеу еңбектері бар дейтін болсақ, құрмалас сөйлем синтаксисі туралы олай деуге болмайды.

Төңкерістен бұрын шыққан грамматикалық еңбектердің барлығында дерлік құрмалас сөйлем синтаксисі өз алдына жеке қаралған емес. Құрмалас сөйлем, бағыныңқы сөйлем деген атауларды олардың тек кейбіреулерінен ғана кездестіруге болады; оның өзінде де құрмалас сөйлемнің сырын ашу мақсатымен емес, есімше, көсемше және етістіктің кейбір райларының синтаксистік қызметтерін баяндауға арналған жерлерде «етістіктің бұл түрі бағыныңқы жай сөйлем баяндауышы болады» дегендер тәріздес көлемде ғана кездеседі.

Құрмалас сөйлем синтаксисі туралы айтыла бастаған азын-аулақ алғашқы пікірлерді отызыншы жылдар ішінде мектептерде

арналып жазылған оқулықтардан, оқу программаларынан кездестіруге болады. Құрмалас деген термин де сол кездерден бастап енді. Бұл термин практикалық тілде кездеспейді, грамматикалық термин ретінде тек лингвистикада қолданылады. Бұл атау – құра деген етістіктен жасалған туынды сөз. Терминнің мағынасы өзі атау болған категорияның мазмұнына сай келеді. Өйткені құрмалас деген атаумен аталатын сөйлем – екі я одан көп жай сөйлемдерден құралатын құранды категория.

Атқаратын қоғамдық қызметі жағынан жай сөйлем мен құрмалас сөйлем бір: екеуі де (рас, бірі – жалаң бір ойды, екіншісі – жеке ойдан құралған құранды, күрделі) ойды білдіреді, ойды жарыққа шығару, оны басқаларға білдіру, сол арқылы қоғам мүшелерінің өз ара түсіну қызметін атқарады. Сөйлемнің бұл екі түрінің бір-бірінен өзгешеліктері олардың сыртқы құрмаластары мен ішкі мазмұндарында болады.

Құрамы жағынан алғанда, жай сөйлем жеке мүшелерден (сөздерден) құралады да, құрмалас сөйлем жеке сөйлемдерден құралады, басқаша айтқанда, жай сөйлем жеке сөздерге ғана (мүшелерге) жіктеле алатын болса, құрмалас сөйлем жеке сөздерді (мүшелерді) өз ішіне алатын сөйлемдерге жіктеледі. Сөйтіп, бірінің мүшесі – сөз, екіншісінің мүшесі – сөйлем. Бұл – жай сөйлем мен құрмалас сөйлемнің бір-бірінен құрылысы, құрамы жағынан өзгешеліктері. Ал бұл екі категорияның бір-бірінен мағыналық өзгешелігі – олардың бірінің (жай сөйлемнің) жеке бір ғана ойды білдіріп, екіншісінің (құрмаластың) күрделі ойды білдіруінде.

Осы айтылған структуралық және мағыналық сипаттары жағынан алғанда, құрмалас сөйлемге екі немесе одан да көп жай сөйлемдерден құралып, күрделі бір ғана ойды білдіретін сөйлемдер жатады.

Құрмалас сөйлем мен жай сөйлемнің жоғарыда айтылған еркешеліктерінен құрмалас сөйлем әрдайым көлемді болады да, жай сөйлем оған қарағанда көлмесіз болады деген қорытынды шықпасқа керек. Сөйлемнің құрмалас болуы я жай болуы оның көлеміне байланысты болмайды. Айтылмақшы ойдың

ерешелігіне қарай бірде бірі көлемді болса, екіншіде екіншісі көлемді болып келе береді. Мысалы:

Қажымұқанның мейлінше күнге күйіп, желге жарылған қара қайыс жүзі, ұысына зорға сиярлық дөкір, ірі саусақтары, тарамыс, әлді денесі, етсіз шықшыты жайылып, езу тартқанда ақситақалғанақаладай тістері, көзінің айналасындағы мәз болып жиырылған жұқа қыртысты, қалтқысыз шырайы Андреевтің сөз алдына қырдың еңбегі еш, тұзы сор еңбекшісінің бала мінезді, батыл кейіпін алып келгендей болды. (Х.Есенжанов).

Біз аулыға қайтамыз дейміз, ауыл бізге келеміз дейді. (Ғ.Мүсірепов).

Бұл екі сөйлемнің алдыңғысы соңғыдан жеті еседей көлемді, бірақ соған қарамастан ол – жай сөйлем. Ал, кейінгі алдыңғыдан әлдеқайда ықшамдылығына, шағындығына қарамастан, құрмалас сөйлем. Өйткені алдыңғы қанша көлемді болғанмен, сөйлемдік сипаты бар элементтерге, бөлшектерге жіктеле алмайды, ал соңғы ондай бөлшектерге жіктеле алады. Олай болатын болса, сөйлем құрмалас болу үшін өз ішінен сөйлемдік бөлшектерге бөлінуі шарт.

Бірақ құрмалас сөйлем жай сөйлемдерден құралады деген қарап, оны кез келген жай сөйлемдердің кездейсоқ тіркесе салған тобы деп түсінуге болмайды. Құрмалас сөйлем – компоненттері бір-бірімен органикалық байланыста, берік бірлікте тұратын және біріне-бірі бағынышты, өз ара шарттас болып келетін мағыналық күрделі бір бүтін. Оның құрамындағы компоненттер сөйлем деп аталғандарымен әдеттегі дербес жай сөйлемдер мен бір емес. Егер әдеттегі жай сөйлемдер интонациялық жағынан тиянақты, белгілі шамада болса да аяқталған ойды білдіретін, өз алдыларына бір бүтін болып саналатын болса, құрмалас сөйлем компоненттері интонациялық жағынан тиянақсыз, аяқталған ойды білдіре алмайтын, бүтіннің бір бөлшегі болып табылады. Ол бөлшек өзі сияқты басқа бір бөлшектермен байланыста тұрғанда ғана бір бүтін бола алады. Егер ол бірліктері бұзылса – ақ, олар өздерінің алғашқы мәндерін, құрмалас сөйлем құрамында тұрғандағы мәндерін жояды. Мысалы: Балапандар

қанаттанғанша, дәуіт те қанаттанады. (М.Омаров) деген құрмалас сөйлем – осы тұрған қалпында екі бөлшектен құралған бір-бүтін. Оның бір жартысы балапандар қанаттанғанша болса, екінші жартысы - дәуіттің де қанаттанатындығы. Бұл екі жартының бірігіп бір бүтін болып тұрғандағы білдіретін мағынасы олардың жеке-жеке тұрғандарындағы мағыналарындай балапандардың немесе дәуіттің қанаттанатындығы жайында емес, солардың қанаттануларының бір мезгілдің ішінде болатындығы жайында. Ал, бұл екі компоненттің бірлігі бұзылатын болса, осы негізгі мағына жойылады. Сонымен бірге, әр компоненттің формалық және интонациялық ерекшеліктері де өзгереді. Дәл осы жөнінде профессор В.А.Богородцкийдің өзінің «орыс тілінің жалпы курсы» деген еңбегінде айтқан мына пікірі өте орынды. Ол кісі құрмалас сөйлем компоненттерінің өз ара байланысты бір бүтін екендіктерін айта келіп, сөздің морфологиялық бөлшектерінің сөзден тысқары өмір сүре алмайтыны, тек сөзбен бір ғана қолданылатыны сияқты, құрмалас сөйлемнің бөлшектерінде де дербестік болмайды, олар өз ара бірлесіп барып бір бүтін болып тұрады дегенді айтады.

Айтайын деген ойдың өзідік ерекшелігіне, контекстіге қарай құрмалас сөйлем де түрленіп отырады: ол бірде екі компонентті, бірде үш компонентті кейде одан көп компонентті болып келеді. Мыс.:

1. Көмір де осы, отын да осы. (Ғ.Мүсірепов). Өзбек сыныптарда да Абай өмірі, шығармашылығы үйретіледі, оған жеткілікті сағаттар берілген. (Жапақ Шамұратов).

2. Қолда қамшым жақ еді, тұсаумен басқа бір тартып жіберіп едім, екіншісі қолдап кетті (Есенжанов). Батар күн бар жарығын сол сорлыға ғана төгіп өзге дүние қараңғыда қалғандай, Нәзікеш сол жаяудан басқа еш нәрсені көре алған да жоқ (Мүсірепов).

3. Тіс кімде, күш кімде, бәрі соның қолында, таразыда сол (Мүсірепов). Іші қабысып, жүрегі қарайып, көзі бұлдырап, өлім сағатын күткендей ыпыны кетіп отыр (Б.Майлин).

4. Құрметті жастар, Отанымыздың тарихын үйреніп,

халқымыздың ұлттық құндылықтарын ардақтап, ата-анамызды құрметтеп, әпке-қарындастарымызды аялап, аға-інілерімізді сыйлағанға не жетсін (Ү.Беркінов).

Бұл келтірілген мысалдардың біріншісіндегі салалас сөйлем де, сабақтас сөйлем де екі компонентті болса, екінші мысалдағылар үш компонентті, үшінші мысалдағылардың әрқайсысы төрт-төрт компонентті түрлері сирек кездеседі. Ал, ең соңы төртінші мысалдағы сабақтас сөйлем құрамында бес компонент бар.

Құрмалас сөйлемнің бір келтірілген құрамдарының қолданылу дәрежесі біркелкі болмайды. Жазу тәжірибесінде бұлардың жиі кездесетін түрі – екі, үш компонентті түрлері, төрт, бес және одан да көп компонентті түрлері сирек кездеседі. Ал, поэзияда, әсіресе, жыр түрінде келетін өлеңдерде компонент саны он шақтыға дейін кете береді. Мысалы:

Ұршықтай саны бұлтылдап,
Құйыңдай шаңы бұрқылдап,
Алмас қылыш белінде,
Қолында найза қылтылдап,
Төрт тұяқтан шыққан от
Шақпақ тастай жылтылдап,
Құлақ салсаң даңғысы
Тау суындай сыңқылдап,
Қолтығынан аққан тер
Төгіледі шылқылдап (Эпостан)

Бұл келтірілген шумақ – сегіз компоненттен құралған бір ғана сабақтас құрмалас сөйлем.

Құрмалас сөйлемнің жасалу жолдары

Жай сөйлем құрамына енген сөздердің бір-бірімен грамматикалық тығыз байланыста тұратыны сияқты, құрмалас сөйлем құрамындағы жай сөйлемдер де өз ара байланысты болады. Тек сондай байланыстың арқасында ғана жай сөйлемдердің бастары бірігіп, күрделі ойды білдіретін бір бүтін болып тұрады. Жай сөйлемдер арасындағы байланыс та сөйлем

мүшелері арасындағы байланыста сияқты бірде теңдік қатынасқа негізделген салаласа байланыс болса, бірде біріне-бірі меңгерілу, бағыну негізіндегі сабақтаса байланыс болады. Жай сөйлемдер байланысының бұлай әр түрлі болуы – оларды байланыстырушы дәнекерлердің, амал-тәсілдердің әр алуандылығында.

Құрмалас сөйлем құрамына енетін компоненттерді бір-бірімен сабақтастыра байланыстыратын ең құнарлы жолдың бірі – компонент баяндауышының тиянақсыз формада айтылуы. Қазақ тілінде басқа кейбір тілдерде кездесетіндей екі жай сөйлемді бір-біріне сабақтастыра байланыстарытан бағындырушы жалғаулық жоқ. Сондықтан жай сөйлемдерді өз ара сабақтастыра байланыстыру функциясын түгелдей компонент баяндауышының формасын атқарады. Әрине, тиянақсыз формада айтылатын кез келген сөз, кез келген форма жай сөйлемдерді құрмаластыру қызметін атқара бермейді. Мұнда да қылыптасқан, көпшілікке танылған арнаулы формадағы сөздер ғана қолданылады. Ондай сөздер құрмалас құрамына енетін жай сөйлемнің баяндауышы қызметінде қолданылады да ол сөйлемді өзінің тиянақсыз формасы арқылы екінші сөйлемге тек формалық жағынан, кейде әрі формалық, әрі мағыналық жағынан бағындыра соған тәуелді ете байланыстырады және сол арқылы құрмалас сөйлем жасайды. Ондай формадағы сөздер тобына мыналар жатады:

- А) көсемше формалы етістіктер;
- Ә) есімше формалы етістіктер;
- Б) шартты рай формалы етістіктер;
- В) етістіктің басқа да кейбір түрлері.

Құрмалас құрамына енетін жай сөлемдерді бір-бірімен байланыстыру функциясында қолданылғанда бұл аталған етістік түрлері әр алуан формалық құбылыстарда айтылады да сол құбылыстары арқылы компоненттердің мағыналық байланыстарына да белгілі әсерін тигізіп оны түрлендіреді. Енді осыған келейік.

Жай сөйлемдердің көсемше арқылы құрмаласуы

Көсемше – етістіктің ең бір тиянақсыз категориясының бірі.

Оның сөйлемдегі негізгі мағынасы мен функциясы басқа да етістік арқылы берілген әс-әрекеттің қалай болған амал тәсілін білдіру, яғни, іс-әрекетті сындық, мезгілдік жағынан анықтау; оның болу, болмауының себеп – мақсаттарын білдіру. Көсемше етістіктердің тиянақсыз, басқа бір сөздерге сүйеншек болуының себебі де оның осы айтылған мағыналық ерекшелігіне байланысты.

Көсемше етістіктердің мағыналары мен функциялары барлық жағдайда біркелкі болып отырмайды: ол бір жағдайда екінші бір етістік арқылы білінетін іс-әрекет, қимыл-қозғалыстың қалай болғанын сипаттап, үстеулік қызмет атқарып тұрса, екінші бір жағдайда әр түрлі көмекші сөздерге тіркесіп, іс-әрекетті білдіруші негізгі тұлға болып тұрады, ал кейде тіпті, бұлардың ешқайсысына ұқсамайтын мәнде қолданылатыны да болады.

Көсемшелердің мағыналары мен синтаксистік қызметтеріндегі бұл тәріздес құбылыстар олардың сөйлемдегі қолданылу орнына, контекске байланысты.

Қолданылу жағдайына, контекстке қарай көсемше негізгі екі түрлі синтаксистік қызмет атқарады: оның бірі – пысықтауыштық қызмет те, екіншісі – баяндауыштық қызмет. Осылармен қатар көсемшенің күрделі сөздер (етістіктер) құрамында тұрып, соңғы көмекші сөздің тұлғалық құбылыстарына қарай соның әуеніне еріп, басқа түрлі мүшелер құрастыны болады. Бірақ мұндай жағдайда шешуші мән көсемшеде болмайды, ол тіркесіп тұрған сөзде болады.

Көсемшелер пысықтауыш мүше қызметінде қолданылғанда көбінесе, екінші бір етістікке тіркесе атылады да, сол етістіктің мағынасы арқылы білінетін іс-әрекет жай күйдің, қимыл-қозғалыстың болу амалын, қашан болған мезгілін, немесе болу-болмау мақсат – себептерін білідіреді. Мұндай функцияда қолданылған көсемшеден кейін, егер ол бірыңғай болып келмесе, ешқандай кідіріс, интонациялық тоқталыс болмайды. Олар өздері пысықтайтын мүшемен бір ырғақта, кідіріссіз бір-ақ айтылып кетеді. Бұл жағдайлар пысықтауыш болып тұрған көсемшені баяндауыш функциясындағы көсемшеден бөліп тануға біраз септігін тиігізеді. Мыс.:

Бәйбішенің қапысын таба алмай ыза болып отырған Жұманның құлағына қатар қонып жатқан қас ауылдың қатты күлкілері естілді. Игілік би ақынды ұзын арқан, кең тұсауымен өз маңайынан ұзатпай өрелеп ұстайды (Мүсірепов). Жайлау түнінің жұлдызы жарық аспанына шырқай шаншылып ән кетіп жатыр (Әуезов). Болыстары еліне әмірін қаттырақ жүргізіп, тізесін елге қаттырақ батырып, көпшілікті өзіне қарсы қойып алған екен. Ауыл жігіттері сәлем беріп, алдынан шығып, атын ұстап, аттан түсіріп алып, құрдай жорғалап, есік ашып енгізіп күтіп жатыр (Сейфуллин).

Мысалдағы асты сызылған көсемшелердің барлығы да пысықтауыш мүше болып тұр. Олардың ішінде соңғы екі сөйлемдегілер - санамалы бірыңғай пысықтауыштар.

Көсемшелердің екінші синтаксистік қызметі – баяндауыштық қызмет. Көсемшелердің құрмалас сөйлем жасаудағы ролі де олардың осы баяндауыштық қызметіне байланысты.

Бірақ баяндауыштық қызметінде қолданылған көсемшелердің барлығы бірдей сабақтас құрмалас сөйлем жасай бермейді. Көсемшелердің кейде бір субъектінің әр түрлі әрекетін білдіріп, бәрыңғай баяндауыштық функцияда қолданылатыны да болады. ондай жағдайда олар бағыныңқы компоненттің баяндауышы болып есептелмейді. Мысалы:

Сонымен, егіннің түгел піскеніне шейін ашыққан үйлер асығып, өзді-өз жерінен бастарды етектеп теріп, қолымен үгіп аз-аздап бидай алып, соны құрдай қуырса да кемпір-шалына талқан қып түяді. Өзі бір бидайға қол созып, сындыра жаздап барып, Асанға қарап, қолын қайта тартып алды (Әуезов).

Бұл мысалдағының екеуі де жай сөйлем. Ондағы асты сызылған көсемшелер – бір субъектінің (біріншіде – үйлер, екіншіде - өзі) әртүрлі әрекетін баяндап тұрған бірыңғай баяндауыштар. Дәл осы сияқты, Тағы да таласып келіп, тағы да тақасып келіп жатқан екі бай ауыл ақ үйлерін әлі тіккен жоқ еді (Мүсірепов) деген мысал да құрылысы жағынан сабақтас құрмалас сөйлемге ұқсас. Бірақ бұл да жай сөйлем. Мұндағы таласып келіп, тақысып келіп дегендер бірыңғай пысықтауыштар.

Көсемше етістіктердің, әсіресе, -ып, -іп, -п жұрнақты көсемшенің бұл айтылған синтаксистік қызметі - өте көне заманнан бері қарай келе жатқан қызмет. Көсемшенің бұл функциясын көне замандағы оның бірден-бір функциясы деуге де болады.

Көне түркі тілдері жазу ескерткіштерінде -п формалы көсемше бір субъектінің әр түрлі әрекетін баяндап, жай сөйлемнің бірыңғай баяндауышы ғана болмаса, өзіндік дербес баяндауышы бар жай сөйлемдерді құрмаластыру функциясында қолданылмаған.

Өткен шақтық көсемшенің бұл тәріздес синтаксистік қызметі фольклорлық шығармаларда да жиі ұшырайды. Бұл жағынан алғанда -ып, -іп, -п жұрнақты көсемшені бір субъектіні істеген іс-әрекет, қимыл-қозғалыстарын бір-бірімен ұштастырып, іргелестіріп беруде ең икемді және өте ерте заманнан бері қарай келе жатқан ең көне категория деуге болады. Тіл фактілеріне қарағанда, көсемшенің бұл функциясының оның екі жай сөйлемдерді бір-бірінен сабақтастыра құрмаластыру функциясынан пайда болғандығы байқалады.

Қазақ халқының ауыз әдебиетіне жататын шығармалары кенжелеп, кеш басталды. Сондықтан бұл шығармалар тіліміздің көне замандағы грамматикалық құрылысын ашуға мардымды көмегін тигізе алмайды. Олардың басым көпшілігі қазіргі тілімізге өте жақын, тіпті, айтарлықтай өзгешеліктері жоқ деуге болады. Дегенмен үңіле қараған адам олардан кейбір тілдік категориялардың басып өткен соқпағын байқағандай.

Біз сөз етіп отырған көсемше көне түркі жазуында өзіне тән дербес бастауышы бар бағыныңқы сөйлем баяндауышы қызметінде қолданылмаған болса, немесе ілуде біреу ғана кездессе, қазақтың ауыз әдебиетіне жататын шығармаларда ол жоғарыдағыдай бірыңғай баяндауыш қызметінде де, сабақтас құрмалас сөйлемнің бағыныңқы компонентінің баяндауышы қызметінде де қолданылады. Бірақ бастапқы функцияда өте жиі, соңғы функцияда өте сирек кездеседі. Мыс.:

Кендебай сол арада үш-төрт күн тынығып, кемпірдің

асыл қазынасын жинап алып, Керқұла аттың алдында алтын науаны өңгеріп, алтын құйрықты құлындарды ертіп, аман-есен ханның үйіне келеді. («Керқұла атты Кендебай»). Түлкекең секіріп ешкінің үстіне мініп, онан мүйізіне шығып, мүйізінен секіріп қырға шығып, жөніне кетті дейді. («Түлкі мен ешкі»).

Бұлар тәріздес көсемше арқылы жасалатын жайылыңқы сөйлемдер көне замандарға тән ертегі әңгімелерде өте жиі кездеседі. Тіпті, кейде көптеген сөйлемдердің, әсіресе, төл сөз бен автор сөзі аралас келетін сөйлеспелі сөйлемдердің көсемшеге аяқталатыны да жиі ұшырайды. Соған қарағанда –ып, –іп, –п жұрнақты көсемше көнерек заманда қазіргіден гөрі тиянақтырақ мәнде болмады ма екен деген ой туады. Қалай болған күнде көсемшенің бұл түрін жай сөйлемдерді бір-бірімен сабақтастыра құрмаластыру үшін қолданылған ең көне категорияның бірі деуге болады.

Тіліміздің қазіргі даму сатысында көсемшелер етістіктің кң бір тиянақсыз түрі. Бұлар құрмалас сөйлемнің өздері баяндауыш болып келген бөлшегін бағындыра, соған тәуелді ете байланыстырады да, ол бөлшектердің бірлікте, тұтастықта болуын қамтамасыз етеді. Сондықтан белгілі бір компоненттің баяндауышы көсемшеден болған құрмалас сөйлемдерде жай сөйлемдерді бір-бірімен қарым-қатынасқа келтіретін қосымша тәсілдердің, формалардың, керегі болмайды. Өйткені ондай функцияны жай сөйлем баяндауышы болып келген көсемше етістік формасының өзі-ақ атқарады. Сөйтіп, көсемшелер әрі баяндауыштық, әрі сөйлемдерді бір-бірімен құрмаластыратын дәнекерлік қызмет атқарады. Мұндай қызметте көсемшенің қай-қай түрі болса да қолданылады. Оны мына мысалдардан көруге болады:

Аспанды тұтас жапқан бұлт сиреп, ара-тұра жұлдыздар көріне бастады (Мұқанов). Оспан аулына тағы да бата оқыршы көп келіп, алғашқы бір жұма, он күн ұдайы қонақ күтумен өткен (Әуезов). Аттар тоқтап болмай-ақ, Ушаков шанадан түсе қалды (Мүсірепов). Айбарша тысқа шыға, Масақбай Дәуелттің хатын оқуға кірісті (Мұқанов).

Құрмалас құрамына енетін жай сөйлемдерді бір-бірімен байланыстыру функциясында көсемшелердің үш түрінің үшеуі де қолданылады, бірақ олардың қолданылу дәрежесі және мағыналық құбылыстары біркелкі болмайды.

Көсемшелер ішінде сабақтас құрмаластың бағыныңқы компонентінің баяндауышы қызметінде жиі қолданылатын да және өзі баяндауыш болып келген компонентті тиянақты компоненттен неше алуан мағыналық қатынаста құрмаластыратыны да –ып, –іп, –п жұрнақты түрі. Тағы бір ескеретін нәрсе, баяндауыш келер шақтық (–қалы, –ғалы, –келі, –гелі жұрнақты), ауыспалы шақтық (–а, –е, –и жұрнақты) көсемшелерден болған бағыныңқы компонент әрдайым кейінгі тиянақты компонентке мағыналық жағынан да, тұлғалық жағынан да бағына, соның бір мүшесіне меңгеріле байланысады да, жай сөйлемдегі қалыпты пысықтауыш тәрізденіп тұрады. Ал, өткен шақтық көсемше (–ып, –іп, –п жұрнақты) олай емес: ол өзі баяндауыш болып келген компонентті кейінгі тиянақты компонентке мағыналық жағынан меңгерте де, меңгерілтпей, теңдік қатынаста да құрмаластырады. Мысалы:

Көк ала бұлт сөгіліп,
Күн шығады кей шақта.
Өне бойың егіліп,
Жас ағады аулақта (Абай).

Есік шалқасынан а ш ы л ы п, бір топ адам сау етіп кіріп келді (Шашкин). Әбдірахман мен Шұғаның арасындағы сүйіспеншілік бірден- бірге ж а й ы л ы п, бүкіл ел хабарланды (Майлин). Қолындағы өткір шапашоты шапшаң с е р м е л і п, үлкен қайың қолағаштың сап жағын қырлап, мүсіндеп отыр (Әуезов).

Бұл шара жақсы нәтиже б е р і п, ол маңның адамы да, малы да маса-сананың азабынан биыл құтылған (Мұқанов). Бірен-саран ған жұлдыздар көрінген аспандағы ойдым – ойдым алаңдар енді біржола ж а б ы л ы п, қалың көрпенің астында

қалғандай сезінесің (Мүсірепов). Түнгі салқын ауаның толқыны биікқарасындарға с о ғ ы п, мылтық дауысын жаңғырық көтереіп кетті (Есенжанов).

Келтірілген мысалдың бірінші, екінші тобындағы бағыныңқы компоненттер басыңқы компоненттегі іс-әрекеттердің болу амалын білдірсе, соңғы үшінші топтағы бағыныңқылар басыңқыдағы іс-әрекетпен себептік қатынаста тұр. Сөйтіп, мысалдың алдыңғы топтарына болсын, кейінгі тобында болсын – барлығында да бағыныңқы компонент басыңқы компонентке әрі мағыналық жағынан, әрі тұлғалық жағынан меңгеріліп, екі жағынан бірдей тәуелді болып тұр.

Өткен шақтық көсемшенің дәнекерлігі арқылы жасалатын сабақтас сөйлемдердің бірсыпыраларында тиянақсыз компонент тиянақты компонентке тек тұлғалық жағынан ғана тәуелді болғаны болмаса, мағыналық жағынан өз дербестігін сақтап, басыңқы сөйлемнің ешбір мүшесіне меңгерілмей, онымен жарыса, салаласа айтылады. Мыс.:

Ояң жерлер тіпті т ө м е н д е п, қыраң жерлер тіпті биіктен кеткендей. Кей бастар ш ұ л ғ ы с ы п, көп сақалдар шошаңдасып қалды (Мүсірепов). Қара көздер мөлдір нұр т ө з і п, жүзіне жұқа ғана бояу шапты (Мустафин). Мінеки, залда шам с ө н і п, шымылдық ашылды. Уәлі бір күні мұны қалаға е р т і п ш ы ғ ы п, екеуі шығып, екеуі бірге институт мұғалімдері арасында қонақта болды (Ақтанов).

Мысалдағы тиянақсыз компоненттердің ешқайсысы да басыңқы сөйлемнің белгілі бір мүшесіне тәуелді болып, оған меңгеріліп тұрған жоқ. Мағыналық жағынан олардың барлығы да тиянақты компонентпен тең. Қара көздер мөлдір нұр төгіп, жүзіне жұқа ғана бояу шапты, - деген сабақтас сөйлем компоненттерінің мағыналық қатынастары, өз ара теңдестіктері жағынан салалас құрмаластар тобына жатқызылып жүрген – Қара көздер мөлдір нұр төкті де, жүзіне жұқа ғана бояу шапты, - деген тәріздес сөйлемдермен бірдей.

Көсемшенің жай сөйлемдерді құрмаластырудағы осындай құбылыстарынан да болу керек, синтаксиске арналаған бір

еңбектерде өткен салалас сөйлемге жатқызылса, екінші біреулерінде ол мағынасына қарай бірде салалас құрмаласқа, бірде сабақтас құрмаласқа жатқызып жүрді.

Жай сөйлемдерді бір-бірімен құрмаластыру қызметінде ауыспалы шақтық деп аталатын –а, -е, -й жұрнақты көсемше де қолданылады. Көсемшенің бұл түрі жоғарыда сөз болған – ып, -іп, -п жұрнақты көсемшеден гөрі де әлдеқайда тиянақсыз. Сондықтан да баяндаушы ауыспалы шақтық көсемшеден болған бағыныңқы компонент, негізінде, тек тұлғалық жағынан ғана емес, сонымен бірге мағыналық жағынан да тиянақсыз болады. Ол басыңқы сөйлемдегі белгілі бір мүшеге меңгеріліп, соны түрлі жағынан сипаттап, пысықтауышқа қойылатын бір сұрауға жауап болып, онымен қалыпты тұрлаусыз мүше тәрізді қатынаста тұрады. Мыс.:

Ол белгіленген уақытта келе алмай, біз біраз кешігіп қалдық.

Аңсаған көңілім с е р і л е,
Бүгілген белім к е р і л е,
Сапар шегіп, жол тарттық
Сүйікті Кавказ еліне (Жамбыл).

Келтірілген мысалдың бірінші сөйлемінде бағыныңқы компонент басыңқы сөйлемдегі баяндауыштың жетегінде айтылып, неліктен, не себептен деген сұрауға жауап болып, кешігіп қалудың себебін білдіріп тұр. Соңғы сөйлемдегі бірыңғай бағыныңқылар басыңқының баяндауыштарына меңгеріліп, қалай деген сұрауға жауап болып, басыңқы компонентпен амалдық қатынаста тұр. Басқаша айтқанда, мұндағы бағыныңқы компоненттердің барлығы да басыңқыға әрі тұлғалық жағынан, әрі мағыналық жағынан меңгеріледі. Этимологиялық жағынан алғанда көсемшенің бұл түрі түркі тілдерінің көне жазу нұсқаларында дәл қазіргідей формада кездеспейді. Қазақтың ауыз әдебиетіне жататын шығармаларда кездескенімен қолданылу қолданылу аясы өткен шақтық көсемшеге қарағанда әлдеқайда тар. Бұл - өткен шақтық көсемше сияқты бірыңғай баяндауыштық, бірыңғай пысықтауыштық функцияда да

кездеспейді. Мұның жай сөйлемдерді құрмаластыру функциясы да тым мардымсыз. Мұндай функцияны ол, көбінесе, поэзиялық шығармаларда, болымсыз түрде айтылғанда атқарады. Ал фольклордың прозалық түрлерінде жай сөйлемдерді құрмаластыру қызметінде, тіпті, кездеспейді деуге боларлық.

Ауыспалы шақтық көсемшенің жай сөйлемдерді құрмаластыру функциясы қазіргі әдеби тілімізде де онша өріс ала қойған жоқ. Дегенмен оның бұл функциясы өткен замандар жазу нұсқаларымен салыстырғанда қазірде поэзияда болсын, проза жанрында болсын кездесіп отырады.

Қазіргі әдеби тілімізде баяндауышы ауыспалы шақтық көсемшеден болған бағыныңқы компоненттер өз басыңқысымен мезгілдік, себептік, амалдық, шартты, қарсылықты мағыналық қатынастарда тұрады, мыс.:

1. *Аттар тоқтап б о л м а й-а қ, Ушаков шанадан түсе қалды (Мүсірепов). Түнде жұрт т а р а й, ол тыныштық алуға жатты. Күндер ө т е к е л е, Тырнақтың өрікпіген жүрегі бәсеңдей бастады. Айбарша тысқа ш ы ғ а, Масақбай Дәулеттің хатын оқуға кірісті (Мұқанов). Күн т ү с к е ж е т п е й-а қ, бақанас бойы қайнап, шыжып кетті (Әуезов).*

2. *Жер айдаған өрт шешесіне б о й б е р м е й, ол лезде кең жайылып кете береді. Су тезек жөнді ж а н б а й, түске дейін үй иесі біздерге шай бере алмады (Мұқанов).*

3. *Бір әңгімеге бір әңгіме ж а н а с п а й, әр түннің әңгімелері тыңнан басталып оытарды (Мұқанов). Дос боп жүрген адамдардың бірі ж о л а м а й, бәрі де сырт берген сияқты (Майлин). Мақұлық, жер де, көк те маужырады. Қараған бір жан б о л м а й шаруасына (Жансүгіров). Осыдан арғы үй ішінің қамын Өдек күйеуіне а қ ы л д а с п а й, өзі басқарып кетті (Әуезов).*

4. *Ер деп атақ кім берер,
Алмас семсер а с ы н б а й.
Кезенген жауды қ а ш ы р м а й,
Асудан әрі а с ы р м а й.
Ер қолынан іс келмес,*

*Сұңқардайын ш ү й і л м е й,
Буынып белін т ү й і н б е й,
Зердесі жігіт қ а й н а м а й. (Дулат Бабатайұлы)*

5. *Неге екенін кім білсін, жандары шағын бола тұра, ағайынды*

екі үйдің іші астарын бөліп ішеді. Осынша әзірлігі бола тұра,

ол тойын жасамай кетті. Дәулеті сондай бола тұра, Ботбай

жасынан жұмыс істеген кісі емес.

Мысалдың бірінші тобындағы сөйлемдер бағыныңқы компонент басыңқы сөйлемнің баяндауышына меңгеріліп, ондағы іс-әрекеттердің қашан болғандығын білдірсе, екінші топтағы сөйлемдерде ол басыңқы жай сөйлемдегі іс-әрекеттердің болу себебеін білідіріп тұр. Ал үшінші топтағы сөйлемдерде бағыныңқы компонент басыңқы сөйлемдегі әрекеттердің қалай болу амалын білдірсе, төртінші топтағы сөйлемдерде бағыныңқы компонент басыңқы компоненттегі әрекет іске асу үшін нелердің болуы қажет екендігін білідіріп, онымен шарттық қатынаста тұр. Соңғы, бесінші топтағы, сөйлемдерде басыңқы компонент бағыныңқы компоненттегі жағдайлардың нәтижесінде, логикалық жағынан алғанда, болуға тиісті әрекеттердің болмай қалғандығын білідіріп тұр. Логикалық жағынан алғанда, жақсы әзірлігі болғаннан кейін Байжан той жасау әкереке еді, бірақ ол тойын жасамай кетті.

Жай сөйлемдерді бір-бірімен сабақтастыра құрмаластыру функциясында –қалы, –ғалы, –келі, –гелі, жұрнақты көсемше де қолданылады. Білдіретін мағынасына қарай көсемшенің бұл түрі тюркологиялық әдебиеттерде бірде мақсатты көсемше деп аталса, бірді келер шақтық көсемше деп аталады.

Тарихи тұрғыдан қарағанда келер шақтық көсемшеде – өткен шақтық көсемше сияқты өте көне категория. Бұл – түркі тілдерінің қазірде белгілі болып жүрген көне жазу нұсқаларының ең ескісінен саналатын ескерткіштердің өздерінде де кездеседі. Бірақ сол көне жазу нұсқаларында болсын, одан әлдеқайда кейін

жиналған фольклор материалдарында болсын көсемшенің бұл түрі жай сөйлемдерді құрмаластыру функциясында кездеспейді, ол не мақсат, не мезгіл пысықтаушы қызметінде, немесе күрделі баяндауыш қызметінде ғана қолданылады.

Сөз болып отырған көсемшенің бағынықы жай сөйлем баяндауышы болып, екі жай сөйлемді құрмаластыру қызметінде қолданылуы соңғы уақыттардағы әдебиеттерде ғана кездеседі, оның өзінде де өте сирек ұшырайды. Бұл жағдай келер шақтық көсемшенің сабақтас құрмалас сөйлем жасауда өнімді роль атқара алмайтындығын байқатады.

Баяндауыш келер шақтық көсемшеден болған бағынықы коипонент өз басыңқы жай сөйлемімен екі түрлі мағыналық қатынаста тұрады:

Бірінші, басыңқы компонентте баяндалатын іс - әрекет, жай-күйдің қай мезгілден бері солай бола бастағанын, яғни оның басталу шегін білдіреді, мыс.:

Дәулет армияға аттанғалы, Марфуға Кеңтоғайға келмеген еді (Мұқанов). Бұл екеуі Ділданың аулына барып қайтқалы, Дәрмен өзінше бір есеп ойлауда болатын (Әуезов). Махаббат мәселесінде өзін Самарханнан бұрын да сараң ұстайтын Айбарша, Дәулет майданға атанғалы, ол жөнде тіпті сырғақсып алды (Мұқанов).

Екінші, бағынықы компонент басыңқы компонентегі іс-әрекет, жай күйдің мақсатын білдіреді, мыс.: Қорен қалмақ алғалы, Қамап жатыр қалың топ (Қорен қалмақ Қыз Жібекті алмақшы болып, оның қалың қолы ауылды қамап жатыр, - деген мағынада айтылған).

Жай сөйлемдердің есімше арқылы құрмаласу

Жай сөйлемдерді бір-бірімен құрмаластыру үшін есімшелер де көсемшелер сияқты құрмалас сөйлемнің бағынықы жай сөйлемнің баяндауышы функциясында қолданылады. Бірақ есімшелер мен көсемшелердің жай сөйлемдерді құрмаластыру жолы бірдей емес. Егер бағынықы сөйлемнің баяндауышы болып тұрған көсемшелер басқа

бір қосымша тәсілдердің, формалардың көмегінсіз-ақ жай сөйлемдерді бір-бірімен құрмаластыру функциясын да тікелей өзі атқаратын болса,, есімшелерде бұл қасиет жоқ. Олар атау тұлғада, бағынықы жай сөйлемнің баяндауышы да бола алмайды, жай сөйлемдерді құрмаластыра да алмайды. Есімшелер жай сөйлемдерді құрмаластыру функциясында қолданылғанда, әр алуан тұлғалық құбылыстарға ұшырап, тиянақсыз формаларда айтылады. Сөйтіп, жай сөйлемдерді бір-бірімен құрмаластыру міндетін есімше формаларының өздері атқармайды, оларға жалғанатын түрлі қосымшалар, тіркесе айтылатын түрлі шылаулық сөздер атқарады.

Жайсөйлемдердібір-біріменқұрмаластыруфункциясында есімшелерлің барлық түрлері де қолданылады, бірақ құрмалас сөйлем жасауда есімше түрлерінің атқаратын қызмет дәрежесі де, формалық, мағыналық құбылыстарға байы да - **-қан, -ған, -кен, -ген** жұрнақты тұры.енді соған талдау жасайық.

Есімшенің **-қан, -ған, -кен, -ген** жұрнақты түрі шақтық мағынасына қарай тюркологиялық әдебиеттердің кейбіреулерінде осы шақтық деп аталса, екінші біреулерінде өткен шықтық есімше деп аталады. Ал тіл білімінде осының соңғы атауы, өткен шақтық есімше деген атауы, қалыптасты.

Өткеншақтықесімшекөнетүркіжазуларыескерткіштерінде дәл қазіргі формадағыдай болмағанымен кездеседі, бірақ жай сөйлемдерді сабақтастыра құрмаластыру функциясында жатыс жалғаулы түрі болмаса, басқалары кездеспейді деуге болады.

Қазақтың ауыз әдебиетіне жататын шығармалар мен XVIII-XIX ғасырлардағы ақындар жырларында өткен шақтық есімше қоысмшалы түрде де, шылау сөздерге тіркестіріп айтылып та бағынықы сөйлем баяндауышы функциясында қолданылған. Оны мына мысалдардан көруге болады:

Төстік ауылдан ұзап шыққан соң, Шалқұйрық атқа тіл бітеді («Ер төстік»). Кешке екі баласы биені күзетуге барғанда, Кендебай да жасырынып барып отырады. Көз ұшындағы құс қанатын жазып жерден көтерілгенше, Керкұла ат үстінен аттап кетеді («Керкұла атты Кендебай»).

Жау қамалап жеткен соң,
Атынан қару кеткен соң,
Базарбайдың Төлеген

Тәңірге қылды наланы («Қыз Жібек»).

Қазіргі әдеби тілімізге өткен шақтық есімшенің жай сөйлемдерді құрмаластыру функциясы – бұрынғыдан әлдеқайда күрделі. Жай сөйлемдерді бір-бірімен сабақтастыра құрмаластыру үшін өткен шақтық есімше алуан түрлі тұлғалық құбылыстарда қолданылады да соған қарай оның мағынасы да түрленіп отырады.

Өткен шақтық есімше бағыныңқы компонент баяндауышы функциясында мынадай формаларда және мынадай мағыналық қатынастарда қолданылады:

1. Өткен шақтық есімше жатыс жалғаулы формада тұрады. Баяндауышы мұндай формадағы есімшеден болған бағыныңқы компонент басыңқы компонентпен екі түрлі мағыналық қатынаста айтылады:

А) Басыңқы сөйлемдегі іс-әрекетті мезгілдік жағынан айқындайды. Мысалы:

Оң бүйірден шыбар ала жыландай шұбатылып Игіліктің кілем жапқан түйелі көші құлай бергенде, батыс жақ бетті тұтас торлап келе жатқан Жұман байдың он жеті мың жылқысы да көрінді (Мүсірепов). Абай қайта-қайта айға қарап таңданып отырғанда, осы ауылдың шетінен ән естілді (Әуезов). Біздің әңгімеміз аяқтала бергенде, екі ауылдың ортасындағы ағытқан қалың жылқының арасынан жіңішке жолмен шыдатып бір пар атты шыға келді (Майлин). Қанат, құйрық суылдап ысқырады, Көктен қыран сорғалап құйылғанда (Абай).

Бағыныңқы компонент баяндауышы болып тұрған есімше, кейде, жатыс септіктің тәуелді формасында да келе береді. Жуынып болып шай ішіп отырғандымда, жатқан үйімнің бір кішкене баласы жүгіріп кіріп келді. Жылқыға таянып, бір белге шыға келгенімізде, алдымызда төрт бес ауыл көрінді. (Сейфуллин).

Мысалдан байқалып тұрғанындай, бағыныңқы мен басыңқы сөйлемдер арасындағы мезгілдік қатынас біркелкі емес: мысалдың бірінші сөйлемінде екі компоненттегі әрекет бір мезгілдің ішінде қатар басталып, қатар болып жатқаны, яғни мезгілдігі байқалса, кейінгі сөйлемдерден басыңқыдағы іс-әрекет, жай-күй бағыныңқыдағы, яғни мезгілдік жағынан алдыңғысындағы әрекет бұрын, кейінгісіндегі әрекет соң басталғандық байқалады. Сөйтіп, баяндауышы жатыс жалғаулы есімшеден болған бағыныңқы компоненттің басыңқы сөйлеммен мезгілдік қатынасы екі түрлі: б і р і н ш і, екеуіндегі әрекет бір мезгілде басталып, қатар болып жатады, яғни мезгілдес болады, е к і н ш і, бағыныңқыдағы әрекет болып жатқанда, басыңқыдағы әрекет басталады, яғни бірі – бұрын, екіншісі – кейін болады.

ә) Бастаңқы компоненттегі іс-әрекет, жай-күйдің болу-болмауының шартын білдіреді, яғни шарттық қатынаста тұрады. Бірақ бұл мағына баяндауышы өткен шақтық есімшенің жатыс жалғаулы түрінен болатын бағыныңқы жай сөйлемнің негізгі мағынасы емес, контекске қарай ие болатын көмекші мағынасы. Сондықтан мұндай мағыналық қатынаста ол өте сирек кездеседі:

Кіре айына сегіз о р а л ғ а н д а, табысы болады екен мың екі жүз сом (Мүсірепов). Бұлаңдаған Қыз Құртқа, Әйел болдың, амал жоқ, Егер е р к е к б о л ғ а н д а, Болар ең тұтқа бір жұртқа («Қобланды батыр»).

2. Өткен шақтық есімше көмектес септікте айтылып бағыныңқы сөйлем баяндауышы болады. Мұндай баяндауышы бар бағыныңқы компонент өз басыңқысымен тек қарама-қарсы мағыналық қатынаста ғана тұрады. Мысалы:

Бекен қанша қомағайланып қы л ғ ы т қ а н м е н, мол май оның жүрегін лезде қайтарып тастады (Мұқанов). Сүйіндік қанша солғын б о л ғ а н ы м е н, айтақ үлкендерден шығып жатады (Мүсірепов). Кәмпеске хабарының екпіні қатты б о л ғ а н м е н, үкімет қаулысы шыққаннан кейін де бірсыпыра уақыт өтті (Мұстафин).

3. Өткен шақтық есімше –ша, -ше жұрнақты формада тұрып, бағыныңқы компонент баяндауышы болады. Мұндай

баяндауышты бағыныңқы жай сөйлем өз басыңқысымен екі түрлі мағыналық қатынаста тұрады:

А) Бағыныңқы компонент басыңқы компоненттегі іс-әрекет, жай-күйді мезгілдік жағынан айқындап тұрады. Мен қорқыныш үнін **шығарғанша**, ол менің бетімді әлденемен тұмсалап та үлгерді (Мұқанов). Мешітке келе жатқандай баяу басқан қонақтар үйге **кіргенше**, үй-үйдің арасынан сытыла-сытыла жөнелген жол басар жігіттердің жарқ-жарқ сітілген ақ сойылдары Жұманның жылқысына сарт-сұрт тие де бастаған еді. (Ғ.Мүсірепов). Қарсы келген топ қашан үйге кіріп **болғанша**, солардың қызығына, ойын-күлкісіне қарап аңырасып да тұрасың. (Б.Майлин). Учитель үйден шығып **үлгергенше**, қызыл өгіз екінші рет кимелеп, құлаған аяқ-табақтың салдырын, керегенің сықырын бұрынығыдан да күшейтіп жіберді. (Х.Есенжанов). Қарауыта, деміге кірген Сергей Петрович сырт киімін іліп, саусақтарын сыртылдатып **болғанша**, Мейрам орнына отырған жоқ. (Ғ.Мұстафин.) Қатты жортып келе жатқан күйме **тоқтағанша**, өзі ерекше шапшаң жас іскери дағдысымен күймеден жеңіл ытқып, қос аяқтап секіріп те түсті. (М.Әуезов).

Өткен шақтық есімшенің -ша, -ше жұрнақты түріне аяқтал,ан бағыныңқы компоненттің өз басыңқысымен мезгілдік қатынасы жоғарыда келтірілген жатыс жалғаулы түрінікінен өзгеше. Мұнда бағыныңқы компоненттегі іс-әрекет болып үлгергенше, басыңқыдағы әрекет бітіп кетеді. Бұл – басыңқы компонентінің баяндауышы өткен шақтық білідіретін сабақтас сөйлемдерге тән қасиет. Ал егер: Олар электр қуатын жасағанша, бу қуатын пайдаланамыз (Ғ.Мұстафин) деген тәріздес басыңқы компонентінің баяндауышы келер шақта айтылатын болса, ондай сөйлемдерде бағыныңқы жай сөйлем басыңқы сөйлемдегі іс-әрекеттің мезгілдік шегін, қай уақытқа дейін болатындығын білдіреді.

ә) Бағыныңқы компоненттегі іс-әрекет басыңқыдағы іс-әрекетпен салыстырмалық қатынаста қолданылады да, басыңқыдағы іс-әрекетті істеудің салыстырмалы шарты екендігі айтылады: Көп істеп шала бітіргенше, аз істеп бабына келтір.

(Ғ.Мұстафин).Көп салып, аз алғанша, аз салып, көп ала біл. Маған қалай суаруды үйреткенше, су берсеңіздер екен тезірек. (Ғ.Мұстафин). Қарағайға қарсы бұтақ біткенше, еменге иір бұтақ бітсейші, Қыранға тұғыр қыларға. Ханнан қырық туғанша, Қарадан бір-ақ тусайшы, Халықтың кегін қусайшы. (Махамбет.) білемін, ол бүгін Құнанбай баласының жолы болсын деп отыр. (М.Әуезов)

Әрине, мұндағы салыстыру – теңдестіру мәніндегі салыстыру емес, қарама-қарсы қою мәніндегі салыстырулар. Мұндай сабақтас сөйлемдер бір кезде қарсылықты сабақтас сөйлем тобында да қаралған болатын.

4. Атау, кейде шығыс жалғаулы өткен шақтық есімше соң шылауына тіркесіп, бағыныңқы компонент баяндауышы болады. Мұндай баяндауышта бағыныңқы компонент өз басыңқысымен екі түрлі мағыналық қатынаста тұрады.

а) Басыңқы компоненттегі іс-әрекеттің бағыныңқы компоненттегі іс-әрекеттен кейін болатындығын білдіреді: Кейінгілер шығып **болған соң**, құтылғанына қуанғандай Әсия келді. (М.Әуезов). Молда маған орын **нұсқаған соң**, Оразәлі мен оның қасындағы бала жалғыз тұрып қалған соң, мұңды болған Қыз Жібек... Бір құдайға зар етіп, мінежат қып тұрады. («Қыз Жібек»). Балалары аман-есен **келген соң**, Ерназар ел жинап той қылады. («Ер Төстік»). Ердің күйін сұрама, Жұрттан сауын **сауған соң**, Малдың күйін сұрама. Қонысынан **ауған соң** (Бұқар жырау). Алдына буаз марал **келген соң**, Атқалы Қарабай мылтықпенен аңтайланды. («Қозы Көрпеш – Баян сұлу»).

ә) Бағыныңқы компонент басыңқы компоненттегі іс-әрекеттің себебін білдіреді: Үш жесірді үлесетін үш әмеңгердің екеіу осыған **байлаған соң**, өзгелер шырық бұзбас. (М.Әуезов). Оқу басталатын уақытқа шейін екі-үш айдай бос уақыт **болған соң**, сол жылы жалпы Ресейде болған ауыл шаруашылығының санақ қызметіне кірдім. (С.Сейфуллин). Қайғы мен ыза **қысқан соң**, зар шығады тілімнен. (Абай) Басқа қысым **түскен соң**, қайырылмастай күн болды, Қатын менен балаға. (М.Өтемісов). Ақмола, Қызылжардан дәрмен **болмаған соң**, Қызылорданың

өзіне барып, Елтаймен жүзбе-жүз сөйлесіпті. (Ғ.Мұстафин). Ер Төстікті жалмауыз кемпір ұстай алмай **қалған соң**, перінің қызы Бекторы ашуланып, кемпірді буындырып өлтіреді. («Ер Төстік») Біреуі ұл, біреуі қыз **болғаннан соң**, Екі мырза елге таман жарыс қойды. («Қозы Көрпеш – Баян сұлу»).

5. Өткен шақтық есімше сайын шылауына тіркесіп, бағыныңқы компонент баяндауышы болады. Мұндай сабақтас сөйлемді басыңқы компоненттегі іс-әрекет бағыныңқыдағы іс-әрекет болған сайын болып отыратындығы баяндалады: Еркін **қозғалған сайын**, жаңадан ғана бұрыл тартқан қаба сақалы секең-секең ете қалады. (Ә.Сәрсенбаев). Көп жылқының пысқырығы **жақындаған сайын**, өрт таянып қалғандай сескенген аз үйлі жатақ бұлан-талан бір жағына қарай сырылып кеткелі жатыр. (Ғ.Мүсірепов.) Оның көзі **қадаған сайын**, Ботакөз тіккен ту желбірей түсті. (С.Мұқанов). Жұмбақтың шешуі **қиындаған сайын**, менің ойлауым да көбейіп барады. Ол шешесінің атын **атаған сайын**, жүрегіне шөмен боп қатқан жетімдік шері ұлғая түсетін сияқты. (Ғ.Мүсірепов).

6. Шығыс жалғаулы өткен шақтық есімше кейін шылауына тіркесе айтылып, бағыныңқы сөйлем баяндауышы болады. Мұндай сабақтас сөйлемде басыңқы компоненттегі іс-әрекет әрдайым бағыныңқы сөйлемдегі іс-әрекеттен кейін болып отырады. Мысалы: Тор – орысша жаза, сөйлей білерлік қана дәрежеге **жеткеннен кейін**, Тілеміс оны әрі қарай оқытпайды. (С.Мұқанов). Сейіттің әке-шешесі даланың бір айналсоқ қырғыны – обадан **өлгеннен кейін**, Игілік қалған мал-мүлкін жинап алғысы келіп жетім баланы өз қолына алдырған. (Ғ.Мүсірепов). Қонақтар жайласып **отарғаннан кейін**, Итбай ауыз үйге шықты. (С.Көбеев). Рахмет қоштасып **кеткеннен кейін**, Наталяның ұйқысы ашылып кетті. (С.Мұқанов). Дұшпанның атакасы **қайтарылғаннан кейін**, ол штабқа жүріп кетті. (Ғ.Мүсірепов).

Жай сөйлемдердің баяндауыш формасы арқылы құрмаласуы
Жай сөйлемдердің бір-бірімен баяндауыш формасының тиянақсыздығына қарай құрмаласуы- қазақ тілінде құрмалас

сөйлем жасаудағы құнарлы тәсіл. Кейбір тілдердегідей, мысалы орыстіліндегідей, жай сөйлемдерді бір-бірімен құрмаластыратын бағындырушы жалғаулықтар бізде жоқ. Сондықтан тіліміздегі сабақтас құрмалас деп аталатын сөйлемдер тобы, негізінде, тек осы сөз болып отырған тәсіл арқылы ғана жасалады деуге болады. әрине, тиянақсыз формада айтылатын кез келген сөздер және кез келген форма жай сөйлемдерді құрмаластыру үшін қолданыла бермейді. Мұнда да қалыптасқан, көшілікке танылған арнаулы формадағы сөздер ғана қолданылады. Ондай сөздер құрмалас құрамына енуге тиісті белгілі бір жай сөйлемнің баяндауышы қызметінде қолданылады да, ол сөйлемді өзінің тиянақсыз формасы арқылы екінші сөйлемге бағындырады, соған тәуелді ете байланыстырады, сол арқылы құрмалас сөйлем жасайды. Мұндай сөздер тобына мыналар жатады:

а) көсемше етістіктер;

ә) етістіктің есімше түрі;

б) етістіктің шартты рай және басқа да кейбір формалы түрлері.

Жай сөйлемдерді бір-бірімен құрмаластыру функциясында қолданғанда, бұлардың әрқайсысы алуан түрлі формалы құблыстарда айтылады. Міне, енді соған қысқаша шолу жасаймыз.

а) *Жай сөйлемдердің көсемше арқылы құрмаласуы*

Көсемше – етістіктің ең тиянақсыз категорияларының бірі. Оның сөйлемдегі негізгі мағынасы мен функциясы- басқа бір етістік арқылы берілген іс-әрекеттің қалай боғанын амал, тәсілін білдіру, яғни іс-әрекетті сындық, мезгілдік жағынан анықтау; оның болу, болмауының себеп, мақсаттарын білдіру. Көсемше етістіктердің тиянақсыз, басқа бір сөздерге сүйеншек болуының себебі де оның осы айтылған мағыналық ерекшелігіне байланысты.

Көсемше етістіктердің мағыналары мен функциялары барлық жағдайда біркелкі болып отырмайды: ол бір жағдайда екінші бір етістік арқылы білінетін іс-әрекет, қимыл-қозғалыстың қалай болғанын сипаттап, үстеулік қызмет атқарып тұрса, екінші

бір жағдайда әр түрлі көмекші сөздерге тіресіп, іс-әрекетті білдіруші негізгі тұлға болып тұрады, ал кенйде тіпті бұлардың ешқайсысына ұқсамайтын мәнде қолданылатыны да болады.

Көсемшелердің мағыналары мен синтаксистік қызметтеріндегі бұл тәріздес құбылыстар олардың сөйлемдегі қолданылу орнына, контекске байланысты.

Қолдану жағдайына, контекске қарай көсемше негізгі екі түрлі синтаксистік қызмет атқарады: оның бірі- пысықтауыштық қызмет те, екіншісі- баяндауыштық қызмет. Осылар мен қатар, көсемшенің күрделі сөздер (етістіктер) құрамында тұрып, соңғы көмекші сөздің тұлғалық құбылыстарына қарай соның әуеніне еріп, басқа да түрлі мүшелер құрасатына болады. Бірақ мұндай жағдайда шешуші мән көсемшеде болмайды, ол тіркесіп тұрған сөзде болады.

Көсемшелер пысықтауыш мүше қызметінде қолданылғанда көбінесе, екінші бір етістікке тіркесе айтылады да, сол етістіктің мағынасы арқылы білінетін іс-әрекеттер, жай-күйдің, қимыл-қозғалыстың болу амалын, қашан болған мезгілін, немесе болу-болмау мақсас, себептерін білдіреді. Мұндай функцияда қолданылған көсемшеден кейін, егер ол бірыңғай болып келмесе, ешқандай кідіріс, интонациялық тоқталыс болмайды. Олар өзери пысықтайтын мүшемен бір ырғақта, кідіріссіз бір-ақ айтылып кетеді. Бұл жағдайлар пысықтауыш болып тұрған көсемшені баяндауыш функциясындағы көсемшеден бөліп тануға біраз септігін тигізеді. Мысалы: Бәйбішенің қапысын *таба алмай* ыза болып отырған Жұманның құлағына қатар қонып жатқан қас ауылдың қатты күлкілері естілді. Игілік би ақынды ұзын арқан кең тұсаумен өз маңайынан *ұзатпай* өрелеп ұстайды. (Ғ.Мүсірепов) Жайлау түнінің жұлдызы жарық аспанына шырқай шаншылып ән кетіп жатыр. (М.Әуезов) Болыстары еліне әмірін қаттырақ жүргізіп тізесін елге қаттырақ батырып, көпшілікті өзіне қарсы қойып алған екен. Ауыл жігіттері сәлем беріп, алдынан шығып, атын ұстап, аттан түсіріп алып, құрдай жорғалап, есік ашып енгізіп күтіп жатыр. (С.Сейфуллин)

Мысалдағы курсивпен терілген көсемшелердің барлығы

да пысықтауыш мүше болып тұр. Олардың ішінде соңғы екі сөйлемдегілер- санамалы бірыңғай пысықтауыштар.

Көсемшелердің екінші синтаксистік қызметі (баяндауыштық қызмет) көсемшелердің құрмалас сөйлем жасаудағы ролі де олардың осы баяндауыштық қызметіне байланысты.

Бірақ баяндауыш қызметінде қолданылған көсемшелердің барлығы бірдей сабақтас құрмалас сөйлем жасай бермейді. Көсемшелердің кейде бір субъектінің әр түрлі әрекетін білдіріп, бірыңғай баяндауыштық функцияда қолданылатыны да болады. Ондай жағдайда олар бағыныңқы компоненттің баяндауышы болып есептелмейді. мысалы: Сонымен, егіннің түгел піскеніне шейін шыққан үйлер асығып өзді- өз жерінен бастарды етектеп теріп, қолымен үгіп, аз-аздан бидай алып, соны құрдай қуырса да кемпір- шалына талқан қып түйеді. Өзі бір бидайға қол созып, сындыра жаздап барып, Асанға қарап, қолын қайта тартып алды. (М.Әуезов.)

Бұл мысалдағы екінің де- жай сөйлемдер. Ондағы курсивпен терілген көсемшелер- бір субъектінің (біріншіде үйлер, екіншіде өзі) әр түрлі әрекетін баяндап тұрған бірыңғай баяндауыштар. Дәл осы сияқты, *Тағыда таласып келіп, тағыда тақасып келіп қонып жатқан екі бай ауыл ақ үйлерін әлі тіккен жоқ еді* (Ғ.Мүсірепов.) деген мысал да құрылысы жағынан сабақтас құрмалас сөйлемге ұқсас. Бір-ақ бұл да- жай сөйлем. Мұндағы таласып келіп, тақасып келіп дегендер- бірыңғай пысықтауыштар.

Көсемше етістіктердің, әсіресе –ып,- іп,- п жұрнақты көсемшенің ибұл айтылған синтаксистік қызметі- өте көне заманнан бері қарай келе жатқан қызмет. Көсемшенің бұл функциясын көне замандағы оның бірден-бір функциясы деуге де болады.

Көне түркі тілдері жазу ескерткіштерінде –п формалы көсемше бір субъектінің әр түрлі әрекетін баяндап, жай сөйлемнің бірыңғай баяндауышы ғана болғаны болмаса, өзіндік дербес бастауыш бар жай сөйлемдерді 09рмаластыру функциясында қолданылмаған.

Өткен шақтың көсемшенің бұл тәрізді синтаксистік қызметі фольклорлық шығармаларда да жиі ұшырайды. Бұл жағынан алғанда, -ып,- іп,- п жұрнақты көсемшені бір субъектінің істеген іс-әрекет, қимыл-қозғалыстарын бір-бірімен ұштастырып, іргелестіріп береуде ең икемді және өте ерте заманнан бері қарай келе жатқан ең көне категория деуге болады. Тіл фактілеріне қарағанда, көсемшенің бұл функциясының оның екі жай сөйлемдерді бір-бірімен сабақтастыра құрмаластыру функциясынан бұрын пайда болғандығын байқалады.

Қазақ халқының ауыз әдебиетіне жататын шығармалары кенжелеп жиналып, кеш басылды. Сондықтан бұл шығармалар тіліміздің көне замандағы грамматикалық құрлысын ашуға мардымды көмегін тигізе алмайды. Олардың басым көпшілігі қазіргі тілімізге өте жақын, тіпті айтарлықтай өзгешеліктері жоқ деуге болады. Дегенмен, үңіле қараған адам олардан кейбір тілдік категориялардың басып өткен соқпағын байқағандай.

Біз сөз етіп отырған көсемше көне түркі жазуында өте тән дербес бастауышы бар бағыныңқы сөйлем баяндауыш қызметінде қолданылмаған болса, немесе ілуде біреу ғана кездессе, қазақтың ауыз әдебиетіне жататын шығармаларда ол жоғарыдағыдай бірыңғай баяндауыш қызметінде де, сабақтас құрмалас сөйлемнің бағыныңқы компонентінің баяндауыш қызметінде де қолданылады. Бірақ бастапқы функцияда өте жиі, соңғы функцияда өте сирек кездеседі. Мысалы:

Кендебай сол арада үш-төрт күн тынығып, кемпірдің асыл қазынасын жинап алып, Керқұла аттың алдына алтын науаны өңгеріп, алтын құйрықты құлындарды ертіп, аман-есен ханның үйіне келеді. («Керқұлақ атты Кендебай.») Түлкекең секіріп ешкінің үстіне мініп, онан мүйізіне шығып, мүйізінен секіріп қырға шығып, жөніне кетті дейді («Түлкі мен ешкі»)

Бұлар тәріздес көсемше арқылы жасалатын жайлыңқы сөйлемдер көне замандарға тән ертегі, әңгімелерде өте жиі кездеседі. Тіпті кейде көптеген сөйлемдердің, әсіресе төл сөз бен автор сөзі аралас келетін диалогты сөйлемдердің көсемшеге аяқталатыны да жиі ұшырайды. Соған қарағанда -ып,- іп,- п

жұрнақты көсемше көнерек заманда қазіргіден гөрі тиянақтырақ мәнде болмады ма екен деген ой туады. Қалай болған күнде де, көсемшенің бұл түрін жай сөйлемдерді бір-бірімен сабақтастыра құрмаластыру үшін қолданылған ең көне категорияның бірі деуге болады.

Тіліміздің қазіргі даму сатысында көсемшелер – етістіктің ең бір тиянақсыз түрі. Бұлар құрмалас сөйлемнің өздері баяндауыш болып келген бөлшегін оның екінші бөлшегіне бағындыра, соған тәуелді ете байланыстырады да, ол бөлшектердің бірлікте, тұтастықта болуын қамтамасыз етеді. Сондықтан белгілі бір компоненттің баяндауышы көсемшеден болған құрмалас сөйлемдерде жай сөйлемдерді бір-бірімен қарым-қатынасқа келтіретін қосымша тәсілдердің, формалардың керегі болмайды. Өйткені ондай функцияны жай сөйлем баяндауышы болып келген көсемше етістік формасының өзі-ақ атқарады. Сөйтіп, көсемшелер әрі баяндауыштық, әрі сөйлемдерді бір-бірімен құрмаластыратын дәнекерлік қызмет атқарады. Мұндай қызметте көсемшенің қай-қай түрі болса да қолданылады. Оны мына мысалдардан көруге болады: *Аспанды тұтас жапқан бұлт сиреп, ара-тұра жұлдыздар көріне бастады. (С.Мұқанов). Оспан аулына тағы да бата оқыршы көп келіп, алғашқы бір жұма, он күн ұдайы қонақ күтумен өткен. (М.Әуезов). Аттар тоқтап болмай-ақ, Ушаков шанадан түсе қалды. (Ғ.Мүсірепов). Айбарша тысқа шыға, Масақбай Дәулеттің хатын оқуға кірісті. (С.Мұқанов). Дәулет армияға аттанғалы, Марфуға Кеңтоғайға келмеген еді. (С.Мұқанов).*

Құрмалас құрамына енетін жай сөйлемдердің үш түрінің үшеуі де қолданылады, бірақ олардың қолданылу дәрежесі және мағыналық құбылыстары біркелкі болмайды.

Көсемшелер ішінде сабақтас құрмаластың бағыныңқы компонентінің баяндауышы қызметінде жиі қолданылатын да және өзі баяндауышы болып келген компонентті тиянақты компонентпен неше алуан мағыналық қатынаста құрмаластыратыны да -ып,- іп,- п жұрнақты түрі. Тағы бір ескеретін нәрсе – баяндауышы келер шақтық (-қалы, -ғалы,

-келі, -гелі жұрнақты), ауыспалы шақтық (-а, -е, -и жұрнақты) көсемшелерден болған бағыныңқы компонент әрдайым кейінгі тиянақты компонентке мағыналық жағынан да, тұлғалық жағынан да бағына, соның бір мүшесіне меңгеріле байланысады да, жай сөйлемдегі қалыпты пысықтауыш тәрізденіп тұрады. Ал өткен шақтық көсемше (-ып, -іп, -п жұрнақты) олай емес: ол өзі баяндауышы болып келген компонентті кейінгі тиянақты компонентке мағыналық жағынан меңгерте де, меңгертпей, теңдік қатынаста да құрмаластырады. Мысалы:

Көк ала бұлт сөгіліп,
Күн шығады кей шақта.
Өне бойың егіліп,
Жас ағады аулақта. (Абай).

Есік шалқасынан ашылып, бір топ адам сау етіп кіріп келді. (З.Шашкин). *Әбдірахман мен Шұғаның арасындағы сүйіспеншілік бірден-бірге жайылып, бүкіл ел хабарланды.* (Б.Майлин). *Қолындағы өткір шапашоты шапшаң серміліп, үлкен қайың қолағаштың сап жағын қырлап, мүсіндеп отыр.* (М.Әуезов). *Бұл шара жақсы нәтиже беріп, ол маңның адамы да, малы да, масасонаның азабынан биыл құтылған.* (С.Мұқанов). *Бірен-саран ғана жұлдыздар көрінген аспандағы ойдым-ойдым алаңдар енді біржола жабылып, қалың көрпенің астында қалғандай сезінесің.* (Ғ.Мүсірепов). *Түнгі салқын ауаның толқыны биік қарасындарға соғып, мылтық даусын жаңғырық көтеріп кетті.* (Х.Есенжанов).

Келтірген мысалдың бірінші, екінші тобындағы бағыныңқы компоненттер басыңқы компоненттегі іс-әрекеттердің болу амалын білдірсе, соңғы үшінші топтағы бағыныңқылар басыңқыдағы іс-әрекетпен себептік қатынаста тұр. Сөйтіп, мысалдың алдыңғы топтарында болсын, кейінгі тобында болсын – барлығында да бағыныңқы компонент басыңқы компонентке әрі мағыналық жағынан, әрі тұлғалық жағынан меңгеріліп, екі жағынан бірдей тәуелді болып тұр.

Өткен шақтық көсемшенің дәнекерлігі арқылы жасалатын сабақтас құрмалас сөйлемдердің бірсыпыраларында тиянақсыз компонент тиянақты компонентке тек тұлғалық жағынан ғана

тәуелді болғаны болмаса, мағыналық жағынан өз дербестігін сақтап, басыңқы сөйлемнің ешбір мүшесіне меңгерілмей, онымен жарыса, салаласа айтылады. Мысалы: *Ояң жерлер тіпті төмендеп, қыраң жерлер тіпті биіктеп кеткендей. Көп бастар шұлғысып, көп сақалдар шошаңдасып қалды.* (Ғ.Мүсірепов). *Қара көздер мөлдір нұр төгіп, жүзіне жұқа ғана бояу шапты.* (Ғ.Мұстафин). *Мінеки, залда шам сөніп, шымылдық ашылды. Уәли бір күні мұны қалаға ертіп шығып, екеуі бірге институт мұғалімдері арасында қонақта болды.* (Т.Ахтанов).

Мысалдағы тиянақсыз компоненттердің ешқайсысы да басыңқы сөйлемнің белгілі бір мүшесіне тәуелді болып, оған меңгеріліп тұрған жоқ. Мағыналық жағынан олардың барлығы да тиянақты компонентпен тең. Қара көздер мөлдір нұр төгіп, жүзіне жұқа ғана бояу шапты деген сабақтас сөйлем компоненттерінің мағыналық қатынастары өз ара теңдестіктері жағынан салалас құрмаластар тобына жатқызылып жүрген Қара көздер мөлдір нұр төкті де, жүзіне жұқа ғана бояу шапты деген тәріздес сөйлемдермен бірдей.

Көсемшенің жай сөйлемдерді құрмаластырудағы осындай құбылыстарынан да болу керек, синтаксиске арналған біраз еңбектерде өткен шақтық көсемшенің дәнекерлігі арқылы жасалатын құрмалас сөйлем салалас сөйлемге жатқызылса, екінші біреулерінде ол мағынасына қарай бірде салалас құрмаласқа, бірде сабақтас құрмаласқа жатқызылып жүрді.

Жай сөйлемдерді бір-бірімен құрмаластыру қызметінде ауыспалы шақтық деп аталатын –а, -е, -й жұрнақты көсемше де қолданылады. Көсемшенің бұл түрі жоғарыда сөз болған –ып, -іп, -п жұрнақты көсемшеден гөрі де әлдеқайда тиянақсыз. Сондықтан да баяндауышы ауыспалы шақтық көсемшеден болған бағыныңқы компонент, негізінде, тек тұлғалық жағынан ғана емес, сонымен бірге мағыналық жағынан да тиянақсыз болады. Ол басыңқы сөйлемдегі белгілі бір мүшеге меңгеріліп, соны түрлі жағынан сипаттап, пасықтауышқа қойылатын бір сұрауға жауап болып, онымен қалыпты тұрлаусыз мүше тәрізді қатынаста тұрады. Мысалы: *Ол белгіленген уақытта келе алмай, біз біраз кешігіп қалдық.*

Аңсаған көңілім серіле,
Бүгілген белім керіле,
Сапар шегіп, жол тарттық
Сүйікті Кавказ еліне. (Жамбыл).

Келтірген мысалдың бірінші сөйлемінде бағыныңқы компонент басыңқы сөйлемдегі баяндауыштың жетегінде айтылып, неліктен, не себептен деген сұрауға жауап болып, кешігіп қалудың есебін білдіріп тұр. Соңғы сөйлемдегі біріңғай бағыныңқылар басыңқының баяндауыштарына меңгеріліп, қалай деген сұрауға жауап болып, басыңқы компонентпен амалдық қатынаста тұр. Басқаша айтқанда, мұндағы бағыныңқы компоненттердің барлығы да басыңқыға әрі тұлғалық жағынан, әрі мағыналық жағынан меңгеріледі.

САЛАЛАС ҚҰРМАЛАС СӨЙЛЕМ ЖӘНЕ ОНЫҢ ЖАСАЛУ ЖОЛДАРЫ

Салалас құрмалас деп - құрмалас құрамына енген жай сөйлемдердің бір-біріне бағынышты, тәуелді болмай, өз ара теңдік қатынаста тұрып құрмаласуын айтамыз, яғни компоненттері мағына, орын тәртібі, интонация бойынша, ал олардың баяндауыштары шылаулы да, шылаусыз да байланысып келіп, олар тиянақты форма болып, өзара тең дәрежеде келген жай сөйлемдердің тіркесін айтамыз.

Салалас құрмаластың құрамындағы жай сөйлемдердің бір-бірімен мағыналық қатынасы әр түрлі болатындықтан, олардың жалғаулықтысы да, жалғаулықсызы да мынадай топтарға бөлінеді: **ыңғайлас, қарсылықты, себеп-салдар, талғаулы, кезектес, түсіндірмелі салаластар**. Мысалы:

Салалас құрмалас сөйлемге мысалдар	Салаластың құрмаласу тәсілі	Салаластың түрлері
1. Ербол Тоғжанды апарып тастады да, өзі қайта шауып кетті (М.Әуезов). 2. Сөз осымен бітті, екеуі екі айрылып кетті (М.Әуезов)	Ж а л ғ а у л ы қ арқылы ыңғайласа байланысып тұр. Ж а л ғ а у л ы қ с ы з интонация арқылы байланысып тұр.	Ыңғайлас салалас құрмалас сөйлем

1. Көп уақыт өткен сияқты болды, әйткенмен мағынасыз өткізген сағаттарға Хакім өкінген жоқ (Х.Есенжанов) 2. Жаз ортасы боп қалды, мал әлі тойынған жоқ.	Жалғаулық арқылы байланысып тұр. Жалғаулықсыз орын тәртібі арқылы байланысып тұр.	Қарсылықты салалас құрмалас сөйлем
1. Қыстың аяғы ұзаққа созылатын түрі бар, сондықтан жайылымды күтіп пайдалану керек. 2. Оларға рақмет айту керек, ұмытқанымызды еске салды.	Жалғаулық шылау арқылы байланысып тұр. Ж а л ғ а у л ы қ с ы з интонация арқылы байланысып тұр.	Себеп-салдар салалас құрмалас сөйлем
Бұл істің шындығын не көзімен көрген айтар, немесе құлағымен естіген айтар.	Ж а л ғ а у л ы қ шылаулар арқылы байланысып тұр.	Талғаулы салалас құрмалас сөйлем
Кейде қабағы түксиді, кейде бет-алпеті күлім қағады (Б.Момышұлы).	Жалғаулық шылау арқылы байланысып тұр.	Кезектес салалас құрмалас сөйлем
1. Жұрттың бәрі соған қарай дүрлікті: біреуі қолын бұлғады, біреулері атын атап айғайлады. 2. Менің ең алдымен айтарым сол – сіздің пікіріңізге түгелімен қосылам.	Интонация және орын тәртібі арқылы байланысып тұр. Сол сілтеу есімдігі арқылы байланысып тұр.	Түсіндірмелі салалас құрмалас сөйлем

Ыңғайлас салалас. Бұл салаластың компоненттеріне (құрамына) енген жай сөйлемдер істің, оқиғаның бір мезгілде немесе бірінен соң бірі болғанын, болып жатқанын, болатынын хабарлайды, баяндайды, бір ыңғайда екенін білдіреді. Алдымен төмендегі кестені қарап көрейік:

1. Жалғаулықты салаластың компоненттерін бір ғана **да** шылаулы ыңғайластырса, үтір сол **да** – дан соң, ал екі рет, я одан да көп **да** – лар келсе, әр компоненттің баяндауышынан кейін үтір қойылады. Мысалы: Құнанбай Ұлжан қасына **отырды да**, Мәкіш пен Абайдың жүзіне **қарады** (М.Әуезов). Күн бата шұбыртып мал **шеті де** көрінді, **боран да** үдеңкіреп кетті (Ғ.Мүсірепов).

Мысалдар	Мағынасы	Жалғаулықтары
1. Бала шаба жөнелді, мен де артынан ілестім (С.Мұқанов).	Бірінен кейін бірі келген іс-әрекет.	де
2. Келгендер арасында Абай бұрыннан білетін Дәндібай, Еренай сияқты қарттар бар және екі-үш орта жастағы адам бар (М.Әуезов).	Бір кезде болып жатқан оқиға. Бірінен кейін бірі бір мезгілде айтылған жағдай	және әрі
3. Менде әрі құжат жоқ, әрі бармақшы болған үйдің адресі жоқ (С.Мұқанов)		

2. Жалғаулықты салаластың компоненті бір ғана *әрі* шылауымен байланысса, үтір оның алдынан, ал қайталанып келсе, әр компоненттің баяндауышынан кейін қойылады. Мысалы: **Ақылы артық, әрі арамдығы жоқ. Бүгін әрі жұмысымыз көп болды, әрі жиналысқа қатыстық.** Сонымен, ыңғайлас салаластың тыныс белгісін былайша көрсетуге болар еді:

1. , .
2. *де*, .
3. *да* , .
4. , *әрі* .
5. *әрі* , *әрі* .

Қарсылықты салалас. Салаластың бірінші компоненттеріндегі ой, іс, оқиға екінші компонентіндегі ой, іс, оқиғаға қарама-қарсы болып келеді де, күрделі ойды білдіреді. Мұндай сөйлемдерді қарсылықты салалас деп атайды. Қарсылықты салаластың құрамына енген жай сөйлемдер жалғаулықтармен және интонация, орын тәртібі арқылы байланысады. Сондықтан олар жалғаулықты, жалғаулықсыз салалалас болып екіге бөлінеді. Қарсылықты салаластың баяндауыштары болымсыз етістіктерден, антоним сөздерден болады. Жалғаулықты салалас құрмалас мына секілді жалғаулықтар арқылы жасалады: **бірақ, дегенмен, әйтсе де, сөйткенмен, сонда да, солай бола тұрса да, солай болғанмен.** Осы айтылғандарды кестемен былай жинақтап көрсетуге болады:

Түрлері	Мысалдар	Жалғаулықтар
Жалғаулықты	1. Мұқата сөйлеген Шұғылдың сөзін Хакім де естіді, сонда да бұл сөзді ол кек тұтқан жоқ (Х.Есенжанов). 2. Мұқата сөйлеген Шұғылдың сөзін Хакім де естіді, бірақ бұл сөзді ол кек тұтқан жоқ (Х.Есенжанов). 3. Мұқата сөйлеген Шұғылдың сөзін Хакім де естіді, әйтсе де бұл сөзді ол кек тұтқан жоқ (Х.Есенжанов). 4. Мұқата сөйлеген Шұғылдың сөзін Хакім де естіді, дегенмен бұл сөзді ол кек тұтқан жоқ (Х.Есенжанов).	Бірақ, сонда да, дегенмен, алайда, сөйтсе де, әйтсе де, қайта, ал, өйткенше
Жалғаулықсыз	1. Ойымда шегенге сақтаған талай хикая, сұлу поэмаларым жүрген сияқты еді, бірде-біреуінің бастамасы аузыма түспей қалды.	-

Қарсылықты салалаласты айтқанда компоненттерінің арасында кідіріс (пауза) жасалып, қарсылықты жалғаулықтардың алдынан үтір қойылады. Жалғаулықсыз қарсылықты салаластың компонентінің арасына үтір мен сызықша қойылады.

Түсіндірмелі салалас. Бұл салаласты «іліктес» деп те, «анықтамалы» деп те атап жүреді. Түсіндірмелі салаласта алдыңғы сөйлем (компонент) түсіндіруді қажет етеді де, соңғысы оны түсіндіреді. Демек, алдыңғы сөйлемде айтылған ойды соңғы компоненттегі ой толықтырады, айқындайды, түсіндіреді. Түсіндірмелі салаластың құрамына енген сөйлемдер жалғаулықсыз келеді де, өзара орын тәртібі, интонация арқылы байланысады. Түсіндірмелі салаластың баяндауышы сілтеу есімдігінің кейде ашық, кейде жасырын түрінде болады. Мысалы: **Бір-ақ қана айтарым бар (сол): мұны парыз, қарызсыз жас тілеуестік істеткен іс десеңіз болды. Менің сіздерге берген парызым сол: дәл сол Құнанбай баласы да өзіміздей адам баласы екенін таныттым** (М.Әуезов). Мұны кестемен былайша жинақтап көрсетуге болады:

Мазмұны	Мысалдар	Салаласу тәсілі
Түсіндіру	Дүниенікі дүниеде қайтты: патша Николайды, бірақ Итбайды біз де өлтірдік (С.Мұқанов).	Орын тәртібі, интонация арқылы байланысқан.
Ойды толықтыру	Сізге айтар тілегім сол: мені ұшқыштар оқуына жіберіңіз.	
Ойды анықтау	Қазақ мақалы бар: асыл тастан, өнер жастан.	

Түсіндірмелі салаластарды айтқанда, бірінші компонентінен кейін пауза, жазғанда қос нүкте қойылады да, қалған компоненттерінің араларына үтір қойылады. Бірінші компоненттердегі баяндауыштар, жоғарыда айтқанымыздай, *сол, соншалық, сондай* деген есімдіктер мен үстеу сөздерден болады. Мұндай жағдайда қос нүктенің орнына сызықша қойылады. Мысалы: Ашуланғаны *сонша* - өңінде ызаның ұшқындары шашырап тұрады (Ғ.Мұстафин). Оның қорыққандығы *сондай* - не айтып, не қойғандығын білген жоқ (М.Әуезов).

Себеп-салдар салалас. Бұл салалаластың бір компоненті себепті, екіншісі салдарды (нәтижені) білдіреді. Мына кестеге көңіл аударып көрелік.

Түрлері	Мысалдар	Жалғаулықтар
Жалғаулықты	Менің кім екенімді Жұмабайға айтып берді, <i>сондықтан</i> ол менен қымсынбай сөйледі (С.Мұқанов).	<i>Сондықтан, өйткені, сол себепті, себепті</i>
Жалғаулықсыз	Оларға рахмет айту керек: ұмытқанымызды еске салды (Ғ.Мүсірепов).	-

1. Себеп-салдар салаластың бір компоненті себепті, екіншісі салдарды (нәтижені), қорытындыны білдіреді.

2. Компоненттері себеп-салдар мәнді жалғаулықтармен және орын тәртібі, интонация арқылы байланысады.

3. Себеп-салдар салалас сөйлемдер жалғаулықты, жалғаулықсыз болып екіге бөлінеді.

4. Жалғаулықты салаластың жалғаулықтары *өйткені, себебі*

болғанда, алдыңғы сөйлем салдар мәнді болып келеді де, екінші жай сөйлем ондағы ойдың себебін білдіреді. Егер жалғаулықтары *сондықтан, сол себепті* болса, алдыңғы жай сөйлем екінші жай сөйлемдегі ойдың болу себебін білдіреді. Мысалы: *Қарт оның не ойлап отырғанын сезген жоқ, сондықтан (сол себепті) бұл екеуіне көз де салған жоқ* (Ә.Әбішев). Бұл екеуінің орнына екінші топтағы жалғаулықтарды қоюға болмайды. Егер қою керек болса, сөйлемдердің орындарын ауыстыру керек болар еді. Сол сияқты: *Делегацияны бастап бару міндеті Саусақовқа тапсырылды, себебі (өйткені) Саусақов қазақ, орыс тілдерін жақсы біледі* (М.Қаратев).

5. Жазғанда, жалғаулықты себеп-салдардың арасына үтір, жалғаулықсыз себеп-салдардың арасына қос нүкте қойылады.

Талғаулы салалас. Талғаулы салаласты мына кестедегі сөйлемдерді талдау арқылы түсінуге тырысып көрейік:

Мысалдар	Жалғаулықтары
1. Малды не жерден сұрау керек, не аққан терден сұрау керек. 2. Ертең олар Тәңірбергенмен мықтап бет ашысбақшы: я жеңеді, я жеңіледі. 3. Көзге ілінетін ұзын шидің басын не селдір қамысты талшық етеді, немесе андасанда кездесетін тікенді шеңгелді, қарғаның басын түйелер үзіп-жұлып талшық етеді (М.Әуезов). 4. Бүгін киноға барасыңдар ма, әлде сабаққа дайындық жасағыларың келе ма?	<i>Я, яки, не, әлде, немесе, болмаса, әйтпесе, мейлі, құй.</i>

1. Талғаулы салаластың бір компонентіндегі іс не оқиға ғана орындалады.

2. Талғаулы салалас дүдәмалдық, сенер-сенбестікті білдіреді.

3. Талғаулы салалас тек жалғаулықты болып келеді. Оның компоненттері тек қана талғаулы жалғаулықтар арқылы байланысады.

4. Талғаулы салалас сөйлем компоненттерінің арасына үтір қойылады.

Кезектессалалас. Атынанкөрініптұрғандай, кезектессалалас

сөйлем – құрамының енген жай сөйлемдердің мазмұнынан байқалатын іс-әрекеттің кезектесіп келетінін білдіретін құрмалас сөйлем. Кезектес салалас құрмалас сөйлемнің құрамындағы жай сөйлемдер *бірде, біресе, кейде* жалғаулықтары арқылы байланысады. Бұл жалғаулықтар бірін-бірі ауыстыра береді, өйткені бұларды айтарлықтай айырмашылық жоқ. Мысалы: *Қолдары біресе мылтықты ұстаған қолдарына жабысады, біресе мылтықты ұстаған қолдарына таласады* (С.Сейфуллин). Осындағы *біресе* жалғаулығын *бірде, кейде* жалғаулықтарымен ауыстырса, тұтас сөйлемге мазмұндық жақтан нұқсан келмейді.

Жоғарыда келтірілген салаластардан тыс лингвистикамызда көп тармақты салалас сөйлемдер де кездеседі. Сабақтас сөйлемдердің көпбағыныңқылы болып келетіні сияқты бір салалас сөйлем құрамында да үш немесе одан да көп жай сөйлемдер келе береді. Мұндай көп компонентті салалас сөйлемдерді компоненттерінің бір-бірімен мағыналық қатынастарына қарай атау мүмкін емес. Өйткені ондағы компоненттердің бір-бірімен мағыналық қатынастары әр түрлі болып келеді.

Шұғыл орысша білмейді, барон қазақша білмейді, бірақ екеуі кейде араға тілмаш салмай-ақ түсінісе береді (Х.Есенжанов). *Молдекесі, кенже балам еді, өзі өте қорқақ, тым ұра бермессіз* (Б.Майлин).

Көп тармақты салалас сөйлем компоненттері бір-бірімен жалғаулықтар арқылы да, жалғаулықсыз да байланыса береді. Мысалы:

1. *Қатыннан келген жалғыз алашаны қысты күні ашыққанда сатпай сақтап едім, соған жарты пұт тары алып сеуіп едім, енді мынау бәрі налогқа кетейін деп отыр* (Б.Майлин).

Ал, жалғаулықсыз салалас сөйлемдерде компоненттер бірлігі, негізінде, жай сөйлемдердің мағыналық жағынан өз ара байланыстылығынан, шарттастылығынан, интонация тұтастығынан және компоненттер құрылысындағы кейбір ортақ сипаттардан көрінеді.

Мағыналық жағынан алғанда жалғаулықсыз салалас құрамына енген жай сөйлемдер бір-біріне жақын, өз ара іліктес,

шарттас, мезгілдес, себептес іс-әрекет, жай-күйді білдірулері де, болмаса бірінің мағынасын екіншісі ашып, саралап түсіндіріп тұруы да мүмкін. Соның арқасында, алдыңғы жай сөйлем айтылғанда, ойдың аяқталмағандығы, ой жалғасы барлығы байқалып тұрады.

Жалғаулықсыз салалас сөйлем компоненттері арасындағы жоғарыда айтылған бірлікке, жақындыққа қарамастан оларды бір-бірімен құрмаластыратын жалғаулықтардың немесе жалғаулық мәнді сөздің жоқтығына қарап, кейбір тілдерде құрмалас сөйлемнің бұл түрі салалас тобына да, сабақтас тобына да қосылмай құрмалас сөйлемнің үшінші бір түрі ретінде қаралады.

Жалғаулықсыз салалас сөйлем жасауда компоненттер бірлігін қамтамасыз ететін, немесе олардың байланысын күшейтуге септігін тигізетін жоғарыда талданған амал-тәсілдерді жинақтап көрсеткенде, мынадай түрлерге бөлінеді:

1. Жай сөйлемдер мағыналарының бір-бірімен байланысты, іліктес, сабақтас болып келуі;
2. Интонация тұтастығы арқылы;
3. Компоненттердің бәріне қатысты, бәріне ортақ бір сөздің (мүшенің) болуы арқылы;
4. Компоненттердің бір бастауышқа ортақтасып келуі арқылы;
5. Белгілі бір сөздің компонент сайын қайталанып айтылуы арқылы;
6. Бірінші компоненттегі бір сөздің екінші компонентте есімдік түрінде қайталануы арқылы;
7. Компонент баяндауыш қызметіндегі етістіктің жақтық, шақтық жағынан бірыңғай болып келуі арқылы.

САБАҚТАС ҚҰРМАЛАС СӨЙЛЕМ ЖӘНЕ ОНЫҢ ЗЕРТТЕУ ОБЪЕКТИСІ

Сабақтас сөйлем – құрмаластың ең бір күрделі де көлемді түрі. Мұның кейбір заңдылықтары мен ерекшеліктері оның өзіндік табиғатынан шығады. Бұл – сабақтаса құрмаласқан сөйлемнің бағыныңқы және басыңқы компонент негізінде құралыуымен айқындалынылады. Мұндай қасиет сабақтас сөйлем құрамының салаластағыдай өз ара тең, бір дәрежеде еместігін көрсетеді. Олай болса, **сабақтас құрмалас** деп құрамындағы бір сөйлемнің екіншісіне тәуелді, бағына байланысуын айтамыз. Ал бағыныңқы компонентті жетектеуші, өзіне бағындырушы бөлшек - *басыңқы сөйлем* (компонент) деп аталады. Сөйтіп, сабақтастың құрамы бағыныңқы және басыңқы сөйлемдер деп өз ара ажыратылып отырылады.

Сабақтас құрмалас сөйлем, негізінен алғанда, бағыныңқылардың өз басыңқыларымен грамматикалық жағынан байланысын, соған орай, бағыныңқы сөйлем түрлерін қарастырады. Сабақтастың мұндай функциясын сөз етпестен бұрын, оның грамматикалық табиғатын айқындап алу қажет. Ал, бұл салада, ең алдымен, бағыныңқы, басыңқы компоненттердің бір-бірімен жақындығы, өз ара айырмашылықтары еске алынады.

Сабақтас құрмаластың қарамағына түскен жай сөйлемдердің бір-бірімен өз ара байланысы, ара қатынасы олардың тек жай ұласу, жалғасуы ғана емес (бұлай болған күнде олар бір бүтін күрделі ой мазмұнының көрінісін бере алмаған да болар еді), мағыналық және тұлғалық жақтарынан өз ара тығыз, берік байланысқа түсіп, бір-бірімен ұласа айтылған күрделі ойдың бірлігі.

Сабақтас сөйлемнің грамматикалық табиғатын айқындауда, ең алдымен, мұндағы бір бүтін синтаксистік қатынасқа түскен әрбір жеке сөйлемдер әдеттегі сөйлемдік қасиетін сақтай ма, не болмаса бағыныңқы компонент басыңқыға сіңісіп, соның бір мүшесіне айналып кете ме, не соған қатысты бола

ма – деген сұраудың мазмұнын ашып алу керек. Бұл мәселе жайында тіл білімінде екі түрлі көзқарас бар. Біреулері құрмалас сөйлемнің құрамындағы жай сөйлемдерді бұрынғы сөйлемдік қасиетінен айрылған, деформацияланған элемент ретінде ғана түсінсе, енді біреулері бұларды толық мағынасындағы сөйлем есебінде қарайды. Соңғы пікірді қуаттауға болады. Өйткені сабақтас құрмаластың құрамындағы жай сөйлемдер – деформацияланған (біріншісі екіншісіне сіңіп кеткен) сөйлемдер емес, жеке сөйлемдік қасиетін жоймаған сөйлемдер. Рас, синтаксистік байланыс жағына келгенде, бағыныңқы сөйлем тиянақсыз, басыңқыға иек артып тұрады. Алайда бұл оның сіңіп кетуі емес, қайта сөйлемдік қасиетін сақтай отыра, тұлғалық, мағыналық жақтарынан тиянақталмай, келесі сөйлеммен байланысын көрсетеді. Мұның өзі бағыныңқы сөйлемнің ерекшелігін айқындайды, оның синтаксистік единицалық бір бүтіннің құрамына кіруін дәлелдейді. Мұндайда бағыныңқы сөйлем екінші бір сөйлемнің қажетін өтеу үшін жұмсалады. Ол қажеттілік басыңқы компоненттегі оқиға әрекетінің мазмұны ашылу барысында айқын байқалады.

Ермек ашылмаған жастай ұялып қалғанда, Марияштың мөлдір көзі күлімдеп кетеді (Ғ.Мұстафин).

Мұнда алғашқы бағыныңқы сөйлем басыңқыға қатысты айтылып, сондағы болған әрекет қимылының қашан орындалғанын (мезгілін) білдіріп тұр. *Марияштың мөлдір көзінің күлімдеуі Ермектің ұялуына байланысты*. Олай болса, басыңқының өзін әдеттегідей тиянақты сөйлем деп атауымыз да бір жақты болар. Бұл тиянақтылық тек формалық жағынан ғана, мағыналық жақтан басыңқы сөйлем сырт қарағанда тиянақты сияқты көрінгенімен, бұл да өзіне екінші бір сөйлемнің сабақтаса айтылуын тілеп тұрады. Бұлай болмаған күнде оның мағыналық жақтан мазмұны жалаңаштанып, ойсырап қалады. Егер жоғарыдағы сөйлемнің алғашқы компонентін айтпай, тек екінші бөлшегін ғана айтатын болсақ, *Марияштың мөлдір көзінің күлімдеуі* неге байланысты, неліктен, қашан болатындығы белгісіз болар еді. Бұл жағдай бағыныңқы сөйлемнің

басыңқыдағы орындалған не орындалатын оқиға әрекетінің мазмұнын түрлі жақтан ашып тұратындығын байқатады. Мұндай заңдылықтар бағыныңқы мен басыңқылардың өз алдына қанша жеке сөйлемдер болып танылғанымен, олардың бір-бірімен тұлғалық, мағыналық жақтарынан өте тығыз, берік байланыстағы қатынасын көрсетеді. Бұл тығыз байланыстылық екі сөйлемді тұтасқан бір бүтіннің бөлшектері екендігін айқындайды.

Сабақтас құрмалас сөйлемдер өз ара топталып жікке бөлінгенде, бағыныңқы компонент негізге алынады. Бағыныңқының басыңқымен аралық қарым-қатынасы қай дәрежеде болуына байланысты сабақтас сөйлемнің түрлері ажыратылады. Олай болса, сөйлемнің бағыныңқы бөлшегі сабақтастың түрлерін саралауда ең басты қызмет атқарады.

Бағыныңқы компонентті, әдеттегідей, тиянақсыз болса да, сөйлем деп танысақ, оның өзіне тән мынадай басты-басты белгілері болады: 1) өзіне тән ой дербестігі болу; 2) предикаттық қатынас негізінде құралу; 3) ұластырушы интонациямен айтылу.

1). Бағыныңқы сөйлемнің өзіне тән *жеке ой дербестігі болу* - ең басты критерий, өйткені өз алдына дербес ойға ие бола алмаған компонент сөйлем де бола алмақшы емес. Дербес мағыналы ойды тар көлемде түсінуге болмайды. Кейде жеке сөздердің не дербес ойға ие бола алуы мүмкін, алайда мұндағы ой-ұғым дәрежесінен арта алмайды. Біз бағыныңқы сөйлемдерден ой дербестігі болу керек дегенді талап еткенде, ол ойдың айналадағы табиғат болмысының шындығынан туған әрекеттерді *мазмұндау мақсатындағы айтылған хабар* ретінде түсінеміз. Мұндай хабар кез келген сөйлем атаулыда болады. Бағыныңқыларда болатын баяндау хабарының басқа сөйлем атаулыда болатын хабардан басты өзгешелігі – мұнда ой тоқтап қалмай, екінші бір оқиғаның мазмұнын ашуға бет бұрады. Сөйтіп, бағыныңқыдағы ой өз алдына жеке дараланған ой емес, келесі бір сөйлемге (басыңқыға) байланысты айтылған, соны толықтырып, мазмұнын айқындайтын қасиетте болады.

2). Бағыныңқы сөйлемнің екінші бір өзіндік белгісі – предикаттық қатынастың негізінде құралу. Сөйлем атаулының

басым көпшілігі, негізінде, бастауыш пен баяндауыштың төңірегінде құралады. Сондықтан да бұлар сөйлемнің түп қазығы, арқауы болып саналады.

Олай болса, әрбір бағыныңқы сөйлемнің басыңқыдан бөлек өз алдына *айырым дербес бастауышы* мен *дербес баяндауышы* болуы қажет. Ал, сабақтас құрмаластың бір сыңары (кейде, тіпті, екі сыңары да) жақсыз сөйлем түрінде келсе, онда болатын логикалық субъектіге қарамай, сөйлемнен грамматикалық бастауыш талап етілмейді.

Екеуі қосылып айтқан соң, тыңдамасқа бола ма? (М.Әуезов). *Осылар сияқты ауыл пролетариатының бас көтерерлері көбейген кезде, байға шабуыл жасамаса болмайды* (Ғ.Мұстафин). *Шаруашылықты басқарудың демократиялық негіздерін онан әрі дамытпайынша, өндірісті басқаруға демократияның қатысуын айтарлықтай күшейтпейінше, шаруашылықты басқару ісін жетілдіру мүмкін емес* (А.Н.Косыгин).

Сабақтас құрмаластың жақсыз сөйлем құрамынан басқа жолдарының әрбір компонентінде дербес бастауышы болады. Мұндайда оның арнайы айтылуы да, арнайы айтылмауы да мүмкін. Арнайы айтылмаған бастауыштың орны сөйлемнің баяндауышынан белгілі болып тұрады. Әр компонентінің бастауышы арнайы айтылған сабақтас құрмаласқа мысал:

Олар солай кеңесіп отырғанда, машина Торғай аралының босағасына кіре берді. Олар қақпадан кіре берсе, арқасын шарбаққа сүйеп күзетші шал қалғып отыр. Шаңқай түсте келген қонақтардың алдынан неше түрлі ас өткендіктен, олар ықылық ата тойып отыр (С.Мұқанов).

Сабақтас құрмаластың әр компонентіндегі мұндай арнайы айтылған дербес бастауыштар тұлғалық жағынан сабақтас, мағыналық жағынан салалас деп танылып жүрген сөйлемдерде міндетті түрде болады. Мұндай сөйлемдердің алғашқы компонентінің баяндауышы тиянақсыз – *п форманты* көсемшеге бітеді де, ондағы баяндалған оқиғаның мазмұн желісі басыңқыдағы қимылмен бір мезгілде, іргелесе айтылады.

Таң атып, үйге сәуле кіре бастады. Мәжіліс ашылып, сөз округтен келген өкілге берілді. Тыста жел күшейіп, боран долдана бастады (Б.Майлин).

Сабақтас құрмалас сөйлемнің грамматикалық бастауышы бола тұрса да, оның кейде арнайы айтылмауы бағыныңқы, басыңқы компоненттің бірінде болса, кей уақытта, тіпті, екеуінен де орын алады.

Әміржанды жаныңа ертіп арық бойындағы көгалға қарап беттесең, әлгі жас әйел бір бүйірден тағы кездеседі (Б.Майлин). *Қайтыста бүгін түн суық болмаса, жер мықтап қатып қалмаса, бүгінгі келген жолмен жүре алмаймыз* (М.Әуезов). *Енді жар сүюге жәрдемдесең, жалғанда сенің жақсылығыңды өтей алар ма екен!* (Ғ.Мұстафин).

Бағыныңқы, басыңқы компоненттің өзіндік бастауыштары болуына орай олардың әрқайсысына тән арнайы баяндауыштары болады. Сөйтіп, бастауыш пен баяндауыш – сабақтас құрмаласта да сөйлемнің ең негізгі қазығы, тірегі болып саналады. Сөйлемнің қай түрінде болмасын, әсіресе, баяндауыштың қызметі аумақтылау келеді. Өйткені, кейде, сөйлем бастауышсыз айтыла да, құрала да беретін болса, ал, баяндауышсыз айтылатын сөйлем тілімізде некен-саяқ кездеседі. Сөйлем ішіндегі баяндауыштың атқаратын неше түрлі алуан қызметі, әсіресе, сабақтас құрмаласта айқын байқалады. Мәселен, сабақтас құрмаластың құрамында толымсыз немесе жақсыз сөйлемдер болса, олардың грамматикалық бастауыштары мен логикалық субъектілері осы баяндауыш сөзі арқылы белгілі болып отырады. Сонымен қатар сабақтас құрмалас сөйлемнің басыңқы компоненті бағыныңқымен осы баяндауыштың тұлғалары арқылы өз ара тығыз байланысқа түседі. Бағыныңқының баяндауышы сабақтас құрмалас сөйлемде ұйымдастырушы орталық болып тұрады. Бағыныңқы сөйлемнің түр-түрге бөлінуінде де баяндауыштың ролі айтарлықтай.

Сөйтіп, сабақтас құрмалас сөйлемнің құрылымы ондағы компоненттердің өзіндік бастауышы мен баяндауыштары болуымен тығыз астарласып жатады.

3). Бағыныңқы сөйлемдердің үшінші белгісі – интонациялық жік.

Интонациялық құбылыс кез келген сөйлем атаулыда, тіпті, синтагмалық топтарда да болатыны белгілі. Алайда бұлардағы дауыс интонациясымен бағыныңқы сөйлемдерде болатын дауыс интонациясы бірдей емес. Алғашқыларындағы дауыс интонациясы ритмикалық кідіріс ретінде ғана көрінсе, соңғыларында (бағыныңқыларда) бұл интонация айтылуы жағынан екінші бір сөйлеммен ұласқан болып келеді.

Кез келген сабақтас құрмалас сөйлем басынан аяғына дейін бір сыдырғы дауыспен айтыла бермей, оның құрамындағы компоненттер бір-бірінен айрықша пауза арқылы бөлініп тұрады. Алайда бұларда болатын дауыс ырғағының қимылы бірдей емес: алғашқы сөйлем күшті әуенмен айтыла келіп, екіншісінде бәсеңдейді.

Теңіз дем алысы қанша қатты болса да, саққұлақ немістер көп мотордың күжілін есітіп қалыпты (Ғ.Мүсірепов). Мұнда алғашқы сөйлем көтеріңкі де қарқынды интонациялық толқынмен айтыла келіп, екінші сөйлемде ол бірден бәсеңдеп кетпей, шамалы түрде баяулап барып тоқталады. Егерде интонациялық толқынның желісі бұлай болмай, кілт тоқтап қалса, онда мұның жай сөйлемге қатысты болғаны: *Мен кеше қаладан келдім*. Бұл жай сөйлем өзінің айтылу сазына қарай бір ғана интонациялық тоқынға ие болып тұр. Көтеріңкі басталған дауыс қарқыны біртіндеп келіп баяулайды.

Сонымен, жай сөйлем бір ғана интонациялық толқынға ие болса, құрмалас сөйлем кемінде екі интонациялық толқынға ие бола алады. Бұл екі интонациялық толқынның дәрежесі, жоғарыда айтқанымыздай, біркелкі болмайды.

Бағыныңқы компоненттің қалай айтылуына назар аударсақ, мына бір құбылысты байқауға болады: ең алғаш дауыс интонациясы көтеріле айтыла келіп сәл баяулайды да, кейіннен баяндауышқа келгенде, қайтадан жоғарырақ қарқында болады. Бұл қарқын басыңқы сөйлемге ұласады да, біртіндеп барып өз жайымен тоқталады.

Интонациялық толқынның бағыныңқы компоненттің соңында жоғарылауы – сөйлемнің әлі аяқталмағанын, жалғасы бар екендігін, соған орай, оның екінші бір сөйлеммен ұштаса, ұласа айтылуындағы паузалық байланыстың барлығын көрсетеді.

Сабақтас құрмалас сөйлемнің мағыналық түрлері мен өзіндік ерекшеліктері

Сабақтас құрмалас сөйлемнің түрлерін айқындауда бағыныңқы компонент баяндауышының жасалу жолдары мен бүтіндей сөйлемнің мағыналық жақтары еске алынады. Осыған орай сабақтас құрмалас сөйлем төмендегідей түрлерге бөлінеді:

1. Шартты бағыныңқылы сабақтас сөйлем.
2. Қарсылықты бағыныңқылы сабақтас сөйлем.
3. Мезгіл бағыныңқылы сабақтас сөйлем.
4. Амал бағыныңқылы сабақтас сөйлем.
5. Себеп бағыныңқылы сабақтас сөйлем.
6. Мақсат бағыныңқылы сабақтас сөйлем.
7. Түсіндірмелі сабақтас сөйлем.
8. Ыңғайлас сабақтас сөйлем.

Шартты бағыныңқы сабақтас. Бағыныңқысы басыңқыдағы іс-әрекет, жай-күйдің болуы болмау шартын білдіретін сөйлемді *шартты бағыныңқы сабақтас құрмалас сөйлем* деп атайды. Төмендегі кестені талдап көрейік:

Бағыныңқы сөйлем-нің баяндауышының формасы	Мысалдар	Сұрағы
Шартты райлы (-са, -се формалы) етістік	1. Бұлақты таудан <u>арна</u> <u>акса</u> , теңіз болар аяғы (Ж.Жаббаров). 2. <u>Әкесі ұрысса</u> балаға, о да – достық (Абай). 3. <u>Мен саған сенбесем</u> , бұл сырды айтпас едім ғой.	Қайтсе?

Бұл кестедегі мысалдар шартты бағыныңқының мынадай белгілері барын дәлелдейді:

1. Шартты бағыныңқы сабақтастың бағыныңқысы

басыңқыдағы істің шарты болып келеді.

2. Басыңқыдан бағыныңқыға *қайтсе?* деген сұрақ қойылады.

3. Бағыныңқының баяндауышы *-са/-се* формалы шартты райлы етістік болады.

Басқа сабақтастың түрлерінен ерекшелігі - өз бастауыштарымен қиыса байланысады. Мысалы: *Мен саған сенбесем, бұл сырды айтпас та едім ғой. Сіз бұл кітапты оқып болсаңыз, еске түсіруіңіз оңай.*

4. Сирек болса да, кейде шартты бағыныңқының баяндауышы *-қан, -кен, -да, -де; -й, -ынша, -інше* формалы етістік болып келеді. Мысалы: *Бірлік болмай, тірлік болмас (мақал). Қара теке Әзімбай болғанда, осы текенің әкесі – сары теке қатар тұр еді (М.Әуезов).*

5. Жазғанда бағыныңқыдан кейін үтір қойылады.

Ескерту: Баяндауышы шартты райлы етістіктен болған басыңқылар үнемі шартты білдіре бермейді, кейде ондай формалы баяндауышы бар бағыныңқылар қарсылықты бағыныңқы болуы да мүмкін. Мұндай жағдайда ол шартты бағыныңқының *қайтсе?* деген сұрағына жауап бермейді.

Қарсылықты бағыныңқы сабақтас. Қарама-қарсы күрделі ойды (мазмұнды) қарсылықты салалас қана емес, қарсылықты сабақтас құрмалас сөйлем де білдіреді. Екеуінің бір-бірінен айырмашылығы – құрмаласу тәсілінде және бағыныңқы компоненттің арнаулы сұраққа жауап беріп, басыңқыдағы ойға қарсы болатындығында, ол екеуі бір-бірінен баяндауыш формалары арқылы ажырайтындығында. Мысалы, салыстырып көрейік:

Қарсылықты салалас	Қарсылықты бағыныңқы сабақтас
1. – Күлпаш, мен сенімен сөйлесіп <u>тұрғаным жоқ</u> , мына Әйтекеңмен сөйлесіп тұрмын (Х.Есенжанов).	1. Әбіш скрипка тартып <u>тұрғанымен</u> , көңілі де, көзі де, көбінше, Мағрипа жаққа жиі ауғандай болаты (М.Әуезов).
2. Амантайды Балтабек <u>танитын</u> , бірақ Ботагөз <u>танымайтын</u> еді (С.Мұқанов).	2. Амантайды Балтабек <u>танығанымен</u> , Ботагөз <u>танымайтын</u> еді (С.Мұқанов).

Қарсылықты салалас сөйлемдер жалғаулықты, жалғаулықсыз болып бөлінсе, сабақтаста ол жоқ. Екеуінің сұрақтарында да айырмашылық бар. Қарсылықты бағыныңқы сабақтастың бағыныңқысының баяндауышы қандай болса, сұрақ та сондай ыңғайда беріледі. Оны мына кестеден байқай аламыз:

Баяндауыштардың формалары	Мысалдар	Сұрақтары
-са, да, -се де	Дәрмен мен Мағаш, Көктайлар өздері сүйсінген ойларын аша алмаса да, Абай айтқан жайларға соншалық ынтыға қызығып тыңдады (М.Әуезов).	Қайтсе де?
-ған-ы, -ма-са	Оның құр мақтанғаны болмаса, қолынан ештеме келмейді (С.Мұқанов).	Қ а й т к е н і болмаса?
-ғанмен де	Қыс қыстаулары басқа болғанмен де, жаз көбіне бірігіп отырады (Б.Майлин).	Қайткенмен де?
-ған-ше, -ген-ше	Аздың азаншысы болғанша, көптің қазаншысы бол. Мыңның түсін білгенше, бірдің атын біл (мақал).	Қайткенше?
-ған-ы-на (-ған-ы-н), -ген-і-не (-ген-і-н); -ма-с-тан, (-пе-с-тен)	Жиналыстың аяқталғанын күтпестен, сынға шыдай алмаған Ермек рұқсатсыз шығып кетті (Ғ.Мұстафин).	Қайтпестен?

Бағыныңқыларының мазмұны бір-біріне жуық болғанмен, айырмашылықтары да бар.

Сонымен:

1. Қарсылықты бағыныңқы сабақтастың компоненттерінің мазмұны бір-біріне қарама-қарсы болып келеді.

2. Қарсылықты бағыныңқы сабақтастың бағыныңқы компоненті баяндауышының формасына қарай: **қайтсе де?**, **қайткенмен?**, **не етпесе де?**, **не еткенмен?**, **қайтпесе?**, **не етпесе?** т.б. сұрақтар қойылады.

3. Бағыныңқысының баяндауыштары кестеде көрсеткеніміздей **-са**, **-се** формалы шартты райлы етістіктерге **да**, **де** шылауларының тіркесуі арқылы және өткен шақтық есімшенің

жай, тәуелді түрлеріне көмектес, табыс септік жалғаулары жалғану арқылы, кейде **да / де** шылауының тіркесуі арқылы жасалады.

4. Жазғанда бағыныңқы мен басыңқының арасына үтір қойылады.

Мезгіл бағыныңқы сабақтас. Бұл сөйлем сабақтастың басқа түрлеріне қарағанда тілімізде жиі қолданылады және бағыныңқысының баяндауыштарының тұлғасы да күрделірек болады. Оны төмендегі кестеден байқаймыз:

Баяндауыштың тұлғалары	Мысалдар	Сұрақтары
Жатыс септік тұлғалы есімше (-ған, -да) арқылы	Екеуі ымырт үйіріле үйден <u>шыққанда</u> , қонақтардың соңы әлі тараған жоқ-ты (Ғ.Мүсірепов).	қашан?
Атау, барыс, шығыс септіктеріннен кейін соң , кейін , шейін , дейін , бері шылаулары келу арқылы	1. Базаралы <u>келгеннен соң</u> , көп кешікпей істің тергеуі басталып кетті (М.Әуезов). 2. Рахмет қоштасып <u>кеткеннен кейін</u> , Наталияның ұйқысы ашылып кетті (С.Мұқанов).	қай кезде?
-па-с-тан -пе-с-тен -у-ы-нан -у-дан бұрын	Шахтаға <u>түспестен бұрын</u> , Еркін кішкене бөлмесіне келіп енді.	қай кезде
Өткен шақтық есімшеге -ша , -ше жұрнағы қосылу арқылы	Сіз тоя <u>тамақтанып алғанша</u> , біз Гофман жолдас екеуміз біраз сөйлесіп, сөзді пісіріп алайық (Б.Момышұлы).	қайткенше?
-қалы, -келі, -ғалы, -гелі тұлғалы көсемше арқылы	Шынында да, Барластар <u>бітіргелі</u> , Құнанбай бұл үйіне кеп қонған емес (М.Әуезов).	қашаннан бері?
-са, -се тұлғалы шартты райлы етістік арқылы	Осындай қарбалас күндердің бірінде Ерлан түс ауа шеберханаға <u>келсе</u> , Жақып жігіттермен жоқ (С.Бәкіров).	қашанға шейін?
-ысы, -ісі тұлғалы етістіктердің көмектес септік жалғауы арқылы	Бүгін қара жел <u>басылысымен</u> , қиыршықтап қар да түсе бастады.	қашан?

Сонымен:

1. Мезгіл бағыныңқы сабақтастың бағыныңқысы басыңқыдағы істің мезгілін білдіреді. Сұрағы **қашан?** **қай кезде?** **қашаннан бері?** **қашанға дейін?** т.б.

2. Баяндауыштарының тұлғасы кестеде көрсетілді.

3. Мезгіл бағыныңқы құрмаластың компоненттерінің арасына үтір қойылады.

Себеп-салдар бағыныңқы сабақтас. Компоненттері баяндауыштарының әркелкі тұлғада келуі болмаса, себеп-салдар салалас пен себеп-салдар сабақтас бағыныңқылары мағыналары жағынан бір-біріне ұқсас болып келеді. Дегенмен, екеуі бір нәрсе емес. Оған көз жеткізу үшін салаластың өзіндік белгілерін еске түсіру керек:

1. Себеп-салдар салаластың кейде алдыңғысы себепті, соңғы компоненті салдарды, кейде алдыңғысы салдарды, соңғысы себепті білдіретін.

2. Салаластың компоненттері не интонация, не себеп-салдар жалғаулықтары арқылы байланысады.

Себеп-салдар бағыныңқы сабақтастың өзіндік белгілерін келесі беттегі кесте арқылы танып-білуге болады.

1. Себеп-салдар бағыныңқы сабақтастың бағыныңқы компоненті басыңқыдағы істің себепін білдіреді. Сондықтан бағыныңқы үнемі себепті білдіріп, құрмаластың алдында тұрады.

2. Себеп-салдар бағыныңқы сабақтас құрмалас сөйлемде басыңқыдан бағыныңқыға **неліктен?, неге?, не үшін?, не себепті?** деген сұрақтар қойылады:

Баяндауыштың тұлғалары	Мысалдар	Сұрақтары
-ған-дық-тан (-ген-дік-тен) өткен шақтық есімше	Бер жағы қалың ағаш <u>болғандықтан</u> , жолаушыға көрінген жоқ (Н.Ғабдуллин).	неліктен?
-қан-ы үшін шылау тіркескен есімше	«Табылған папка» деген тапқакты мәнерлеп <u>айтқаны үшін</u> , Сағынбекке мақтау грамотасы берілді.	не үшін?
-қан соң (-ған соң) шылау тіркескен есімше	Қасқыр енді мұның айғағын естімейтін <u>болған соң</u> , Иса басқа бір тәсілге көшті (М.Әуезов).	не себепті?
-й тұлғалы көсемше	Ол мезгілді уақытында <u>келе алмай</u> , біз біраз кешігіп қалдық (З.Шашкин).	неге?
-ып, -іп, -п тұлғалы көсемше	Түнде жылқышы <u>ұйықтап қап</u> , қалың жылқы егіске түсіп кетіпті (М.Әуезов).	не себепті?

Ашық рай мен деп көсемшесі	Сөзі мен ісі бірдей шығады деп ,	не деп?
-----------------------------------	--	----------------

3. Бағыныңқының баяндауыштары: **-дықтан, -ғасын, (-ған соң), -й, -п** тұлғалы көсемше және **соң** шылауы тіркескен есімше.

4. Себеп-салдар сабақтастың құрамына енген жай сөйлемдер үтір арқылы бөлінеді.

Осылай салыстырғанда, себеп-салдар салалас пен себеп-салдар сабақтас екеуі бір емес екендігіне көзіміз жетеді.

Қимыл-сын бағыныңқы сабақтас. Бағыныңқы сөйлем басыңқы сөйлемдегі іс-әрекеттің, қимыл-қозғалыстың сындық амалын, қалай болғандығын білдіретін құрмалас сөйлем қимыл-сын бағыныңқы сабақтас делінеді. Төмендегі кесте бойынша қимыл-сын бағыныңқының өзіндік белгілерін танып-білуге болады.

Сөйлем түрі	Мысалдар	Пысықтауыштың жалғауы
Жай сөйлем	<u>Халық</u> Розаның <u>әнін</u> <u>сүйсініп</u> <u>тыңдады</u> <u>Халық</u> Розаның <u>әнін</u> <u>қуана</u> <u>тыңдады</u> <u>Халық</u> Розаның <u>әнін</u> <u>бар</u> <u>ықыласымен</u> <u>тыңдады</u> .	-ып/ -іп / -п, -а/ -е / -й тұлғалы көсемше. ықылас – зат есім, -ы – тәуелдік жалғауы -мен – көмектес септік
Сұрағы қалай?	<u>Халық</u> Розаның <u>әнін</u> <u>бар</u> <u>ықыласымен</u> , <u>қуана</u> , <u>сүйсініп</u> <u>тыңдады</u> .	

Соңғы сөйлемде бірыңғай мүшелер берілген. Мұнда бірыңғай пысықтауыштар баяндауышқа қалай қызмет еткенін көрсетіп тұр. Қимыл-сын бағыныңқы сөйлем де осылай, бірақ онда бағыныңқы басыңқыға қызмет етеді. Мысалы:

Баяндауыштың тұлғалары	Сын-қимыл бағыныңқы сабақтасқа мысалдар	Сұрақтары
-ып, -іп, -п тұлғалы көсемше	Әні әлемді <u>шарлап</u> , өз халқының даңқын <u>жайып</u> , Роза өз әліне оралды.	қайтіп?
-а, -е, -й тұлғалы көсемше	Қалжың, күлкісі <u>араласа</u> , шай өте көңілді ішілді (С.Мұқанов).	қалай?
-дай жұрнағы	Дәурен қорғанатын күші <u>жоқтай</u> , тек бүкірейе берді (І.Есенберлин).	қалай?

Осындай салыстырудан кейін қимыл-сын бағыныңқының өзіндік белгілерін былайша көрсетуге болады:

1. Қимыл-сын бағыныңқы сабақтастың бағыныңқысы басыңқыдағы істің қалай болғанын білдіреді.

2. Басыңқыдан бағыныңқыға **қалай?, қайтіп?** деген сұрақтар қойылады.

3. Бағыныңқысының баяндауыштары **-ып, -іп, -п; -а, -е, -й** тұлғалы көсемше жұрнақтарынан жасалады.

4. Жазғанда, компоненттерінің арасына үтір қойылады.

Көсемшенің **-ып, -іп, -п; -а, -е, -й** жұрнақтары басқа да сабақтас құрмалас түрлерінде кездеседі. Ондай жағдайда бұларды мағынасына, сұрағына қарап ажыратамыз.

Мақсат бағыныңқы сабақтас. Мұнда да мақсат пысықтауыш пен мақсат бағыныңқы компонентті салыстыра көрсеткенде, мақсат бағыныңқы сабақтастың мән-мазмұнын, өзіндік белгілері айқын көрінеді. Мына төмендегі кестеге көңіл аударайық.

Мекен пысықтауышты жай сөйлем	Мақсат бағыныңқы сабақтас құрмалас сөйлем
Сен үшін бақша бұлбұлы сұлу әнін сайраған. Егіннің өнімін <u>арттыру</u> мақсатымен аграрлық шаралар қолданылады. <u>Әдейі</u> өзіңе келдім.	Оқытушы беделді <u>болу үшін</u> , ол ғылымды меңгеру керек (С.Көбеев). Оспан жұмыс басына <u>бармақшы болып</u> , Әйгерім мен Ерболды үйден ерте шықты. Ат аяғының дүбірі <u>естілмесін деп</u> , бұлар ауылдың ық жағына қарай бұрыла жүрді (М.Әуезов).

Ұқастығы: екеуі де істің мақсатын білдіреді; екеуінің де сұрағы: **кім үшін?, не үшін?, не мақсатпен?**

Айырмашылығы: бірі жай сөйлемде баяндауышқа қызмет етіп тұр да, екіншісі – басыңқыға қызмет етіп тұр.

Мақсат бағыныңқы сабақтастың өзіндік белгілері:

1. Бағыныңқы компоненті басыңқы компоненттегі істің мақсатын білдіреді.

2. Бағыныңқы компонентінің баяндауышы тұйық етістікке **үшін** шылауының, ашық райлы етістікке **деп** көмекші етістігінің тіркесуі арқылы және мақсатты келер шақ **(-мақ, -мек, -бақ,**

-бек, -пақ, -пек) етістік пен **болып** көмекші етістіктің тіркесінен жасалады.

3. Мақсат бағыныңқы сабақтастың бағыныңқы және басыңқы компоненттерінің өз бастауышы, өз баяндауышы болады. Мысалы: **Сепкен тұқым тез өну үшін, біз себер алдында оны сұлап аламыз. Іздеушілер көрмесін деп, біз тасалана қалдық.**

4. Мақсат бағыныңқы сабақтас **не үшін?, не мақсатпен?** сұрақтарына жауап береді.

5. Мақсат бағыныңқы сабақтас компоненттерінің арасына үтір қойылады.

Түсіндірмелі сабақтас сөйлем. Бағыныңқының бұл түрі басқалардан өзіне тән кейбір заңдылықтармен ерекшеленеді. Мына бір сөйлемді талдап көрейік:

Мен өз өмірімнің қабырға кіргенше ұмытылмас шағын айтсам, ол – сүюден кешкен зарым еді (М.Әуезов).

Синтаксистік компоненттердің арасындағы мағыналық байланыс жоғарыда талданған сөйлемдердің (шарт, мезгіл) ешқайсысына ұқсамайды. Өйткені мұнда бағыныңқы сөйлем басыңқының не шартын, не мезгілін білдірмейді.

Әдетте, бағыныңқы сөйлем басыңқыда айтылған хабарды белгілі бір мағыналық жақтан айқындап тұрса, бағыныңқының бұл түрінде мұндай қасиет керісінше болады. Мұнда басыңқы сөйлем бағыныңқыда хабарланған оқиғаның мазмұнын ашып, соны айқындап, түсіндіріп тұрады. Жоғарыдағы сөйлемнің басыңқысы (**сүюден кешкен зарым еді**) бағыныңқыға (**ұмытылмас шағын айтсам**) айқындауыш ретінде айтылған. Өйткені сөйлем мазмұнынан субъектінің **ұмытылмас шағы – сүюден кешкен зары** екендігі айқын ұғынылып тұр.

Түсіндірмелі бағыныңқы сөйлемдер оқиға, әрекеттің баяндалу барысы осы шақта хабарланып келеді, сондықтан екі жақ компоненттердің баяндауыштары да осы мезгілдік ұғымға сәйкес айтылады.

Бағыныңқының бұл түрі, көбінесе, шартты рай тұлғасы арқылы жасалады.

Ыңғайлас сабақтас сөйлем. Шарты рай, көсемше тұлғасында келген кейбір бағыныңқы сөйлемдердің синтаксистік компоненттері мағыналық жақтан бір-бірімен тең болып, өз ара ыңғайласа айтылады. Сондықтан да бағыныңқының бұл түрінде, басқа бағыныңқылардай, компоненттер арасында бірі екіншісін айқындайтын әр түрлі мағыналық қатынас болмайды. Мұнда, керісінше, бағыныңқы, басыңқы компоненттердегі оқиға, әрекет бір-біріне тәуелсіз, өз беттерімен болып отырады. Бұлайша болу олардың өз ара тең дәрежеде бір мезгілде, ыңғайласа айтылу түрінен көрінеді. Мұндай ыңғайластық мағына, көбінесе, сөйлем құрамында белгілі бір мүшелердің әр түрде жұптаса айтылуы негізінде (*кім – сол, кімнің – ненің, бұрын – енді, қандай – сол* т.б.) және басқа да жолдармен болып отырады. Мына бір сөйлемді қарайық: *Үй тігіліп жатса, жүк жиналып жатыр* (Ғ.Мүсірепов).

Бұл сөйлемде екі түрлі ой хабарланған (*үйдің тігілуі* мен *жүктің жиналуы*). Олар бір-біріне байланысты емес, жеке өз алдына баяндалып тұр. Сондықтан да әрқайсысының өзіндік арнаулы бастауыштары бар (*үй, жүк*). Тек мұндағы орындалған қимыл, әрекет өз ара бір мезгілде болып, бір-бірімен ыңғайласа келіп тұр.

Олай болса, сабақтас құрмаластың әрбір компонентіндегі уақиға, әрекеттің орындалуы осындай бір-біріне тәуелсіз, өз беттерімен орындалатын сөйлем түрін **ыңғайлас бағыныңқы** деп атаған жөн. Мұның бағыныңқы деп аталуының өзі сөйлем арасын байланыстырушы баяндауыш сөзінің тиянақсыз тұлғада келуімен байланысты. Бір бүтін единицалық бірлікке түскен синтаксистік компоненттердің ара қатынасы бір-біріне ыңғайласу негізінде болса да, оның өзі әр түрлі мағыналық белгілерде көріне алады.

Көп бағыныңқы сабақтас сөйлем. Сабақтастың үш, одан да көп жай сөйлемнен тұратын түрлері бар. Бұл тілімізде, әсіресе, жазушылар тілінде жиірек кездеседі. Мысалы: *Жұмысым өнсін десең, өткенге өкінгің келмесе, әр минутыңды ұқыпты пайдалана біл. Қар әлі қалың жатқандықтан, әрі сол тұста боран жиілетіп кеткендіктен, көп машина жүруге жол даяр*

болмағандықтан, автомобильдер іске аспайды.

1. Көп бағыныңқы сабақтастың мазмұны дара бағыныңқы (екі сөйлемді) сабақтастан күрделі болады.

2. Көп бағыныңқы сабақтаста бір басыңқы, екі не одан да көп бағыныңқы компонент болады.

3. Бағыныңқыларының басыңқымен байланысына қарап, көп бағыныңқы сабақтастар жарыспалы көп бағыныңқы сабақтас, сатылы көп бағыныңқы сабақтас болып екіге бөлінеді.

4. Бағыныңқыларының мазмұнына қарай жарыспалы көп бағыныңқы сабақтастың өзі бірыңғай жарыспалы, әр алуан жарыспалы бағыныңқы сабақтастарға бөлінеді.

Көп бағыныңқы сабақтастың осы өзіндік белгілерін, жинақтап кестеге түсірер болсақ, ол былайша көрінеді:

Жарыспалы көп бағыныңқы сабақтас	
Бірыңғай жарыспалы Жел ызғыры сынып, ауа да буалдыр тартып, болмашы дым леп бетке ақырын тиеді.	Әр алуан жарыспалы Бұл сөздер көңіліне жаққандықтан, кітап сөзіндей етіп, Нұрлан есіне сақтапты.

1. Бірыңғай жарыспалыда барлық бағыныңқылары бір сұраққа жауап беріп (**не қып?**), бірыңғай мазмұнды білдіріп тұр.

2. Әр алуан жарыспалыда бағыныңқысы әр түрлі сұраққа жауап беріп (**неліктен? қалай?**), әр түрлі мазмұнды білдіріп тұр.

Сатылы көп бағыныңқы сабақтас		
Назым кітабын оқып болып,	сағатына қараса	мектепке баратын уақыты болып қалған екен

АРАЛАС ҚҰРМАЛАС СӨЙЛЕМ

Енді бір күрделі ойды білдірудің тәсілі – араласық құрмалас сөйлем. Тілімізде құрамалас сөйлемдер бірыңғай салаласып не сабақтасып келе бермейді. Кейде құрмаластың екі түрі де бар сөйлем ішінде келуі мүмкін. Сондықтан, бір сөйлемнің ішінде әрі салаласқан, әрі сабақтаса байланысып келген сөйлемді араласа құрмалас сөйлем дейді.

Мысалы: 1. Түн бойы жазғандарын хатшыға көшіртіп алып, Ушаков қайта оқып шығып еді, толық жатқан қайшылықтар көп екен (*Ғ. Мүсірепов*). Алғашқы айларда шоқ-шоқ қарағанға тіреле төгілген сары балшық ыржиып жатқанда, қазақ жұмыскерлері оны «Сары ауыз» деп жүрі еді, қазір сары балшықтың бетін түгел көмір ұнтағы жауып кетті де, «Қара жыра» атанды (*Ғ. Мүсірепов*).

Бірінші сөйлемде бірінші және екінші компоненттер сабақтаса байланысып тұр. Екінші мен үшінші компоненттер салаласа байланысқан.

Екінші сөйлемде бірінші мен екінші компоненттер салаласа бацланысып тұр.

1. Аралас құрмалас сөйлем білдіретін ой салалас пен сабақтастағы ойдан күрделірек болады.

2. Аралас құрмалас сөйлем салаласа да, сабақтаса да байланысқан кемінде үш не одан көп компоненттен тұрады.

3. Аралас құрмалас сөйлемдердің құрамында шылаулы да, шылаусыз да сөйлемдер болады.

4. Тыныс белгілерінде сабақтастағы және салаластағы тыныс белгілерінің ережелері сақаталды. Өйткені аралас құрмалас сөйлемнің құрамына енген салалас құрмалас жалғаулықты да, жалғаулықсыз да да болады және сабақтастар да сол өз тұлғасымен енеді.

?! Құрмалас сөйлемдерді пысықтауға арналған сұрақтар

1. Құрмалас сөйлем дегеніміз не?
2. Салалас құрмалас сөйлемдегеніміз не?
3. Салалас құрмалас сөйлем құрамына қарай нешеге

бөлінеді№

4. Сабақтас құрмалас сөйлем деген не?
5. Құрмалас сөйлемнің сабақтас болуының негізгі белгісі қандай?
6. Сабақтас құрмалас сөйлемнің құрамындағы жай сөйлемдер қандай тәсілдермен құрмаласады.
7. Сабақтас құрмалас сөйлемдердің құрамындағы жай сөйлемдерді неге бағыныңқы, басыңқы дейміз?
8. Сабақтас құрмалас сөйлемдердің түрлері немен байланысты алты түрге бөлінеді?

ТӨЛ СӨЗ. АВТОР СӨЗІ. ТӨЛЕУ СӨЗ

Төл сөз – жазушының (сөйлеушінің) сөзіндегі біреудің өзгертілмей берілген сөзі.

Автор сөзі – төл сөздің айналысында берілген жазушының (сөйлеушінің) өз сөздері.

Төлеу сөз – жазушының (сөйлеушінің) біреудің сөзінің мазмұнын сақтап, бірақ өз сөзімен өзгертіп берген сөздер.

Төл сөз бен автор сөзінің байланысы

Сөйлеген кезде, төл сөз автор сөзінен дауыс ырғағы арқылы бөлініп тұрса, жазуда олардың арасы тыныс белгісі арқылы ажыратылады.

Төл сөзден кейін жазылатын автор сөзі төл сөзбен әртүрлі тұлғадағы «де» етістігі арқылы байланысады. Мысалы: *деген, деп, дегендей, десті, депті, демекші, дей отырып, дейді, деп жатыр, дейтін, десе* т.б.

Де етістігі әрдайым автор сөзінің ішінде жазылады. Төл сөз бір немесе бірнеше сөйлемнен тұрса да, **де** етістігі олардан кейінгі автор сөзінің ішінде жазылады. Мысалы: *Апасы баласына: «Балам, үйді тазала. Гүлдерге су құй» - деп хат жазып кетіпті.*

Төл сөз бен автор сөзінің орын тәртібі

Төл сөз автор сөзінен бұрын келеді.	«Төл сөз», - автор сөзі.
Төл сөз автор сөзінен кейін келеді.	Автор сөзі: «Төл сөз».
Төл автор сөзінің ортасында келеді.	Автор сөзі: «Төл сөз», - автор сөзі.
Төл сөзді автор сөзі ортадан жарып келеді.	«Төл сөз, - автор сөзі, - төл сөз».

Төл сөз бен автор сөзінің тыныс белгілері

Төл сөз тырнақшаға алынғанда, тыныс белгілері былай болады:

«Төл сөз», - автор сөзі.	«Баламмен ақылдасайын», - деді Ақан.
Автор сөзі: «Төл сөз».	Ақан былай деді: «Баламмен ақылдасайын».
Автор сөзі: «Төл сөз», - автор сөзі.	Ақан: «Баламмен ақылдасайын», - деді
«Төл сөз, - автор сөзі, - төл сөз».	«Баламмен, - деді Ақан, - ақылдасайын».

Төл сөз сұраулы, лепті және көтеріңкі интонациямен айтылған бұйрықты сөйлем болғанда, тыныс белгілері былай болады:

Төл сөз сұраулы сөйлем болса,	Төл сөз лепті сөйлем болса
«Төл сөз?» - автор сөзі.	«Төл сөз!» - автор сөзі.
Автор сөзі: «Төл сөз?»	Автор сөзі: «Төл сөз!»
Автор сөзі «Төл сөз?» - автор сөзі.	Автор сөзі: «Төл сөз!» - автор сөзі.
«Төл сөз, - автор сөзі, - төл сөз?»	«Төл сөз, - автор сөзі, - төл сөз!»

Көркем әдебиеттегі төл сөз бен автор сөзінің құрылысы

Көркем әдебиетте төл сөз көбіне диалог түрінде беріледі. Мұндай жағдайда төл сөз жаңа жолдан сызықша арқылы басталады, басына да, соңына да тырнақша қойылмайды. Диалог түріндегі төл сөздің тыныс белгісі төмендегідей болады.

-Төл сөз, -автор сөзі.	- Ол сенің інің бе? – деп сұрады Сағи.
Автор сөзі: -Төл сөз.	Сағи былай деп сұрады: - Ол сенің інің бе?
Автор сөзі: -Төл сөз, -автор сөзі.	Сағи: -Ол сенің інің бе? – деді.
-Төл сөз, - автор сөзі, - төл сөз.	-Ол, - деді Сағи, - сенің інің бе?

Төлеу сөз

Кейде автор өз сөзінің ішінде біреудің сөздерін, яғни төл сөзді өзгертіп береді. Жазушының (сөйлеушінің) біреудің сөзінің мазмұнын сақтап, бірақ өз сөзімен өзгертіп берген сөздерін **төлеу сөз** дейді. Мысалы: *М.Әуезов халық пен халықты, адам мен адамды теңестіретін білім екендігін айтқан.*

Төл сөз бен төлеу сөздің айырмашылықтары төмендегі кестеде берілген:

Төл сөз	Төлеу сөз
1.Сөйлеуші біреудің сөзін еш өзгертпей қолданады. «Халық пен халықты, адам мен адамды теңестіретін нәрсе - білім», - деді М.Әуезов.	1.Сөйлеуші біреудің сөзін не бір сөзін өзгертіп, не бірнеше сөздер қосып, қолданады. <i>М.Әуезов халық пен халықты, адам мен адамды теңестіретін білім екендігін айтқан.</i>
2.Төл сөз автор сөзінен бөлек тұрады және өз алдына жеке сөйлем бола алады. Абай былай деген: «Атаның баласы болма, адамның баласы бол».	2.Төл сөз автор сөзімен араласып кетеді және өз алдына сөйлем бола алмайды. <i>Абай атаның баласы емес адамның баласы болу керектігін айтқан.</i>
3.Төл сөз хабарлы, сұраулы, лепті сөйлем бола береді. «Абайдың «Қара сөздерін» оқыдың ба?» - деді Омар маған.	3.Төлеу сөзде мұның бірі де бола алмайды. Омар менен Абайдың «Қара сөздерін» оқып-оқымағанды сұрады.
4. Төл сөзде адамның түрлі көңіл-күйі, эмоциясы сол қалпында беріледі. Одағай, қаратпа сөз, қыстырма сөз өзгермей беріледі. Балалардың біреуі: «Қап, әттеген-ай!» - деп қалды.	4.Төлеу сөзде адамның көңіл-күйі тек қана баяндалады. Одағы, қаратпа сөз, қыстырма сөз түсіп қалады. <i>Балалардың біреуі өкінішін білдірді.</i>

Төл сөзді төлеу сөзге айналдырудың жолдары

Ереже	Мысал
1.Төл сөздің баяндауышы есімшеге айналып,табыс септік жалғауын қабылдайды.	«Мен келдім», - деді Әли. Әли өзінің келгенін айтты.
2.Табыс септік жалғауы «-дық, -дік» жұрнағы ментәуелдік жалғаудан кейін жалғанады.	«Мен жедім», - деді Әли. Ол өзінің жегендігін айтты.
3.Төл сөздегі етістік өткен шақ пен нақ осы шақта тұрса, төлеу сөзде «-ған...» есімшенің табыс септікте тәуелденуі арқылы беріледі.	«Ол отыр», - деді Әли. Әли оның отырғанын айтты.
4.Төл сөздегі келер шақ пен ауыспалы осы шақтағы етістік төлеу сөзде «-атын» есімшенің табыс септікте тәуелденуі арқылы беріледі.	«Ол келеді», - деді Әли. Әли оның келетінін айтты.
5.Егер төл сөздің баяндауышы бұйрық райдәтұрса, төлеу сөзде ол тұйық етістіктің табыс септікте тәуелденуі арқылы беріледі.	«Сен тез кел», - деді ол. Әли оған тез келуін айтты.
6.Баяндауышы есім сөз бен тұйық етістіктен болса, төлеу сөзде олар «екенін» көмекші етістігімен тіркесіп беріледі.	«Дала жылы», - деді ол. Ол даланың жылы екенін айтты.
7.Төл сөздегі «де» етістігі төлеу сөзде айт, сұра, ойла сияқты етістіктердің біріне ауысады.	Әли: «Үйге кел», - деді. Әли оған үйге келуін айтты.
8.Төл сөздегі сұраулы сөйлемнің құрамындағы сұрау есімдігі төлеу сөзде өзгермейді.	«Сен кімсің?» - деді Әли. Әли оның кім екенін айтты.
9.Төл сөздегі сұраулық шылау (ма, ме...) төлеу сөзде болымды - болымсыз түрде немесе антоним болып қосарланып айталады.	«Ет бар ма?» - деді ол. Ол еттің бар-жоғын сұрады.
10.Төл сөздегі одағайдың төлеу сөзде мағынасы ғана айтылады.	«Қап!» - деді ол. Ол өкінішін білдірді.

Төл сөздегі жіктеу есімдіктері төлеу сөзде былай өзгереді:

Төл сөз	Төлеу сөз	Мысалы
Мен	Өзінің	«Мен келдім», - деді Әли. /Әли өзінің келгенін айтты.
Сен Сіз Ол	Оның Одан	«Сен келдің», - деді Әли. /Әли оның келгенін айтты. «Сіз келдіңіз», - деді Әли. /Әли оның келгенін айтты. «Ол келді», - деді Әли. /Әли оның келгенін айтты.
Саған, сізге	Оған	«Сізге келдім», - деді Әли. /Әли оған келгенін айтты.

Төл сөз сұраулы, лепті және көтеріңкі интонациямен айтылған бұйрықты сөйлем болғанда, тыныс белгілері былай болады:

Егер төл сөз сұраулы сөйлем болса	Егер төл сөз лепті сөйлем болса
«Төл сөз?» - автор сөзі	«Төл сөз!» - автор сөзі
Автор сөзі: «Төл сөз?»	Автор сөзі: «Төл сөз!»
Автор сөзі: «Төл сөз?» - автор сөзі	Автор сөзі: «Төл сөз!» - автор сөзі.
«Төл сөз, - автор сөзі, - төл сөз?»	«Төл сөз, - автор сөзі, - төл сөз!»

Диалог

Диалог – бірнеше адамның бір-бірімен сөйлесуі немесе адамның өз-өзімен іштей сөйлесуі. Диалогта әр адамның сөзі жаңа жолдан және сызықшамен басталады. *Мысалы:*

- Қарағым, сен кімнің баласысың?
- Асанбайдың.
- Әкең қазір қайда?
- Қой бағып кеткен.

Диалогта төл сөз бен автор сөзі араласып келе береді.

Мысалы:

Асық ойнап жүрген бала келіп амандасқанда, Сапархан:

- Қарағым, сен кімнің баласысың? –деп сұрады.

Бала:

- Асынбайдың, -деп қысқа жауап қайырды.

Сапархан енді балаға тіке қарап:

- Әкең қазір қайда? – деді.

Бала да бұл кім болды екен дегендей:

- Қой бағып кеткен, -деп тесіле қарады.

?! Төл сөз бен төлеу сөзді пысықтауға арналған сұрақтар

1. Төл сөз дегеніміз не?
2. Автор сөзі дегеніміз не?
3. Төлеу сөз дегенді қалай түсінесіңдер?
4. Тыныс белгілері туралы айтып беріңдер.
5. Диалог дегенде нені түсінесіңдер?

ПУНКТУАЦИЯ

Тыныс белгілерін дұрыс қою туралы ережелердің жиынтығы *пунктуация* деп аталады.

Пунктуация — бір нәрсені жазғанда, оқығанда, айтқанда ойды басқаға түсіндіру, сондай-ақ бөгде біреудің ойын түсіну үшін қолданылатын тыныс белгілері ережелерінің жиынтығы. Тыныс белгілерін дұрыс қолданудың негізгі жолдарын, сөйлемнің синтаксистік ерекшелігін және сөйлемдегі кейбір сөздердің мағынасын, сөйлемнің интонациясы тақырыптарын оқытқанда, тыныс белгілерін жете меңгерту үшін, біріншіден, қандай грамматикалық заңдылықтарға байланысты қандай тыныс белгілерінің қойылатындығын және соған байланысты ережелердің барлығын; екіншіден, қандай тыныс белгілерінің мазмұнға байланысты қойылатындығын; үшіншіден қандай тыныс белгілерінің интонацияға ғана негізделетіндігін білгізу қажет.

Сөйтіп, қазақ тілінің пунктуациялық жүйесі, негізінен, үш принципке — грамматикаға, сөз мағынасына және интонацияға негізделіп оқытылатындығы, осы принциптердің не екендігі оқушыларға жеке-жеке түсіндіріледі.

Грамматикалық принципке байланысты оқушылар алдын ала сөйлемнің құрылысы мен құрамын және оның түрлерін үйде қайталап келулері керек. Сонан кейін мұғалім оқушыларға сөйлемді жазарда оның құрылысы мен құрамы және түріне қарап, қандай тыныс белгілерін қою қажеттігін грамматикалық ережелерге сүйеніп, ойлап отыруы керек екенін айтады.

Тыныс белгілерінің көбі, негізінен, грамматикалық ережелерге сүйеніп қойылатындығын жай сөйлем, құрмалас сөйлемдердің түрлерінен және оқшау сөздері бар сөйлемдерден бірнеше мысал алып, оқушыларға тақтада орындатып, соларға байланысты ережелер мен қағидаларды еске түсіру арқылы түсіндіруге болады.

Хабарлы, сұраулы, лепті сөйлемдердің мазмұнын білмеген оқушы оларға қажетті тыныс белгілерін дұрыс қоюы мүмкін емес.

Сондай-ақ салалас, сабақтас құрмалас сөйлемдердің әр түрінің мазмұнын (себеп-салдар, қарсылықты, талғаулы, шартты, т.б.) білмейтін оқушылар да олардың компоненттерінің арасына қандай тыныс белгілерін қоятынын ажырата алмайды. Осыған орай, мұғалім оқушыларға белгілі бір синтаксистік тұлғаның мағынасын біліп алмайынша, тыныс белгісін сауатты қою мүмкін еместігін мысалдармен түсіндіруі керек.

Ол үшін мағынаға негізделіп қойылатын нүкте, сұрау белгісі, леп белгісі және тырнақша, сонымен бірге күрделі сөйлемдерде қолданылатын үтір, қос нүкте, сызықша, нүктелі үтір, т. б. әрқайсысына жеке-жеке мысалдар келтіріп, оқушылардың көзі жеткізіледі. Қазақ тілінің пунктуациясы сөйлемнің интонациясына, дауыс ырғағына да негізделеді. Сөйлемді ондағы сөздер мен сөз тіркестерін, айту паузасын дұрыс қоя алмаған адам, біріншіден, тыныс белгісін орынды қоя алмайды; екіншіден, соған орай, сөйлемдегі ойды бұрмалап жіберуі де мүмкін. Оқушыларды пунктуацияның интонациялық принципіне дағдыландыра білу әдеби тілдің нормасына сай дұрыс та мәнерлі сөйлеуге баулумен қабысып жататынын ескерген жөн. Сондықтан бұл қағидаға жүргізілетін жұмыстар екі түрлі мақсатты көздейді: біріншісі — ойды дұрыс түсініп, тыныс белгілерін саналы түрде қою; екіншісі — оқушыларды сөйлем мен сөз тіркестерін сазына келтіріп, тіл мәдениетінің нормасына сай мәнерлі айтқызуға үйрету.

Пунктуация термині латынның «*punctum*» - *нүкте* деген сөзінен алынған.

Ол, ең алдымен, тілдегі алфавитке енбейтін графикалық таңбалар жиынтығы, жазу емлесімен бірге белгілі мәтінді өз ішінде бір-бірімен айырып түсінуге мүмкіндік беретін және оны графикалық жағынан ұйымдастыратын жазу тілінің негізгі құралы болып саналады; екіншіден, тыныс белгілерін дұрыс қою жөніндегі ережелерді; үшіншіден, тыныс белгілері деген мағынаны білдіреді. **Пунктуация** — жазу тіліне қызмет ететін шартты таңба.

Негізгі тыныс белгілері:

1. Нүкте

- хабарлы сөйлемнен кейін және бәсің үнмен айтылған бұйрықты сөйлемнен кейін қойылады;

- бас әріптерінен немесе басқа буындарынан қысқартылып алынған кісі аттарынан соң қойылады.

2. Сұрау белгісі

- сұраулы сөйлемнен кейін қойылады.

3. Леп белгісі

- көтеріңкі дауыспен айтылған лепті сөйлемдерден кейін қойылады.

4. Қос нүкте

- жалпылауыш сөз бірыңғай мүшелердің алдында келсе, жалпылауыш сөзден кейін қойылады;

- себеп-салдар салалас құрмалас сөйлемнің алдында келсе, жалпылауыш сөзден кейін қойылады;

- түсіндірмелі салалас құрмалас сөйлемнің алдындағы бөлігінен соң қойылады;

- төл сөздің алдынан келетін автор сөзінен кейін де қойылады.

5. Көп нүкте

- автор әр сөздің арасына көбірек пауза жасап, жіктеп, даралап бөлуді мақсат еткенде, сол сөздерден кейін қойылады;

- көбінесе көркем әдебиет шығармаларында кейіпкерлердің психологиялық ерекшеліктеріне байланысты (қатты ашу, реніш немесе күтпеген қуаныш үстінде) айтар ойы алғашқы бірер сөзден түсінікті болып, әрі қарай кейіпкерлердің сөзі толық айтылмаған реттерде қойылады.

6. Нүктелі үтір

- түсіндірмелі салалас құрмалас сөйлемнің түсіндіруші бөлігі бірнеше жай сөйлемнен құралса, олар бір-бірінен нүктелі үтір арқылы ажыратылады;

- өз ішінде үтірлері бар бірыңғай мүшелер де нүктелі үтір арқылы ажыратылады.

7. Үтір

- сөйлемдегі қыстырма сөздер үтірмен бөлінеді. Қыстырма сөз сөйлемнің басында келсе, үтір одан соң қойылады; қыстырма сөз сөйлемнің соңында келсе, үтір оның алдында қойылады; қыстырма сөз сөйлемнің ортасында келсе, үтір оның екі жағынан қойылады;

- бәсең дауыспен айтылған қаратпа сөздер сөйлемде үтірмен бөлінеді. Қаратпа сөз сөйлемнің басында келсе, үтір одан соң қойылады; ортасында келсе, үтір оның екі жағынан қойылады; сөйлемнің соңынан келсе, үтір оның алдынан қойылады;

- сөйлемнің бірыңғай мүшелері үтірмен бөлінеді;

- ыңғайлас, талғаулы, кезектес салалас құрмалас сөйлемдердің жалғаулықты себеп-салдар салалас құрмалас және сабақтас құрмалас сөйлемдердің бөліктері үтірмен бөлінеді.

8. Тире

- бастауыш пен баяндауыштың арасына қойылады;

- бірыңғай мүшелерден кейін келетін жалпылауыш сөздің алдына қойылады;

- төл сөзден кейін қойылады;

- жалпылауыш сөздер бірыңғай мүшелердің екі жағынан келгенде, бірыңғай мүшелердің екі жағынан да қойылады;

- диалог тиреден бастып жазылады.

9. Тырнақша

- дәйексөз екі жағынан тырнақшаға алынып жазылады;

- диалог емес төл сөз тырнақшаға алынып жазылады;

- сөз арасында келтірілген мақал-мәтелдер сөйлем ішінде тырнақшаға алынады;

- сөйлем ішінде басқа біреудің сөзі кірістірілгенде, ол сөз тырнақшаға алынады.

10. Жақша

- қыстырынды сөздер мен сөйлемдер жақшаға алынып жазылады;

- дәйексөз алынған автордың аты-жөні, шығармасының аты, шыққан жылы, беті жақшаға алынады;

- драмалық шығармалардағы авторлық ремаркалар жақшаға алынады.

11. Қабаттаса келетін тыныс белгілері

Кейде екі тыныс белгісінің қосақтала, қабаттаса келетін реттері

болады.

- қарсылықты салалас құрмалас сөйлемнің бөліктері жалғаулықсыз

байланысқанда, үтір мен тире қойылады;

- сөйлемнің мазмұны мен айтылу мақсатына қарай леп белгісі мен

сұрау белгісі қатар жүреді;

- тырнақша мен үтір, тырнақша мен нүкте төл сөзді сөйлемге

байланысты қойылады;

- тырнақша мен сұрау белгісі де, тырнақша мен леп белгісі де

осылайша қосақталып келіп отырады.

?! Пунктуацияны пысықтауға арналған сұрақтар

1. Пунктуация сөзі қай тілден алынған және қандай мағынаны білдіреді?

2. Пунктуация қандай таңба?

3. Нүкте қандай жағдайда қойылады?

4. Сұрау белгісі қандай жағдайда қойылады?

5. Леп белгісі қандай жағдайда қойылады?

6. Қос нүкте қандай жағдайда қойылады?

7. Көп нүкте қандай жағдайда қойылады?

8. Нүктелі үтір қандай жағдайда қойылады?

9. Үтір қандай жағдайда қойылады?

10. Тире қандай жағдайда қойылады?

11. Тырнақша қандай жағдайда қойылады?

12. Жақша қандай жағдайда қойылады?

13. Қабаттаса келетін тыныс белгілер қандай жағдайда қойылады?

ҚОСЫМША СИНТАКСИСТІК ТАЛДАУ

Синтаксистік талдау да оқушыларға синтаксистік білім беріп, дағдысын қалыптастыруда, әсіресе олардың білімін тексеріп, есепке алуда жиі қолданылатын әдіс синтаксистік талдау көп жағдайда морфологиялық талдаумен қабаттаса жүргізіледі.

Синтаксистік талдау ауызша және жазбаша орындалады. Мұның қай түрі жүргізілсе де, оқушылар мен студенттердің көп уақытын алмауға, тек оларға синтаксистік бірліктерді салыстыра отырып, дағдысын қалыптастырып, олардың білімдерін есепке алу мақсаты көзделуге тиіс.

Уақытты барынша үнемдеу үшін, синтаксистік талдау арнаулы жүйемен, әр сабақтың (әр тақырыптың) мақсатына орайлас жүргізіледі. Ол үшін көбіне талдаудың толық емес түрін жүргізген пайдалы. Дегенмен оңайдан күрделіге қарай отырып, қайталау сабақтарын да синтаксистік талдаудың толық түріне біртіндеп көшіріледі.

СӨЗ ТІРКЕСІНЕ ҚАРАЙ ТАЛДАУ

1-жұмыс.

Мына төмендегі сөздерге бағыныңқы сыңарын таптырып, оларды есімді сөз тіркесіне ме, етістікті сөз тіркесіне ме жататынын ауызша айттыруға болады.

Қалам, үй, жолдас, үйі, құлу, мақтану, жағу, шақыру, жақсы көру, әзірлік жүргізу, жығылып қала жаздау, жауап беру, қарсы алу, күдік келтіру, оқып бітіру, қолға алу, ризалық білдіру, ынталана түсу.

ҮЛГІ: Жақсы жолдас – есімді сөз тіркесі. Біреуге құлу – етістікті сөз тіркесі, өйткені бұл тіркестердегі басыңқы сөздері жодас – есім (зат) сөз де, құлу – етістік.

2-жұмыс.

Бұл кезекте жеке сөйлемдер алып, мұндағы еркін тіркестерді жеке бөліп, әрқайсысының тіркесу тәсілін ауызша айттырған жөн.

Мысалы. Біз кемшілікті мойындауға арланбаймыз.

ТАЛДАУ

1. Біз арланбаймыз – қосымша арқылы байланысқан (-мыз – жіктік жалғауы), бірақ сөз тіркесі емес, субъектілік-предикаттық қатынастағы байланыс.

2. Мойындауға арланбаймыз – қосымша арқылы байланысқан (-ға барыс септігі), етістікті сөз тіркесі.

3. Кемшілікті мойындауға – қосымша арқылы байланысқан (-ты табыс септік), етістікті сөз тіркесі.

Көргенде күміс кесе, алтын аяқ... (С.Торайғыров)

1. Көргенде (күміс) кесе – қосымша арқылы байланысқан (-де жатыс септік) есімді тіркесі.

2. Көргенде (алтын) аяқ – қосымша арқылы байланысқан (-де жатыс септік) есімді тіркесі.

3. Күміс кесе – орын тәртібі арқылы байланысқан есімді сөз тіркесі.

4. Алтын аяқ – орын тәртібі арқылы байланысқан есімді сөз тіркесі.

ҚИЫСУҒА

Мысалы. Студенттер – біздің болашағымыз, біздің орнымызды басатын адамдар.

1. Студенттер-болашағымыз – қиысу.

2. Студенттер – адамдар – қиысу. Мұнда студенттер деген сөз атау тұлғада тұрып, бастауыш болып, семантикасы арқылы 3-жақты білдіріп, болашағымыз, адамдар деген сөздермен жіктік жалғаудың 3-жағы нөлдік формасы арқылы байланысып тұр, сөйтіп бұл – бастауыш пен баяндауыштың арасындағы байланыс.

МАТАСУҒА

Мысалы: Отбасын сыйласқан адамдар ғана өзге адамдарды сыйлай алады, өзге адамдармен сыйлас болады, өзге адамдарға өзін сыйлата алады.

1. Адамдар сыйлай алады – атау септігіндегі сөз мағынасы жағынан 3 жақты білдіріп, баяндауыш 3-жақ жіктік жалғау – **ды**

арқылы қиысу.

2. Адамдар сыйлас болады – атау септігіндегі сөз мағынасы жағынан 3 жақты білдіріп, баяндауыш 3-жақ жіктік жалғау – **ды** арқылы қиысу.

3. Адамдар сыйлата алады – атау септігіндегі сөз мағынасы жағынан 3 жақты білдіріп, баяндауыш 3-жақ жіктік жалғау – **ды** арқылы қиысу.

1. Отбасында сыйласқан – етістікті сөз тіркесі, меңгеру (жатыс септігіндегі сөз есімшемен байланысқан) – мұны тиянақтау үшін берілді.

2. Адамдарды сыйлата алады – етістікті сөз тіркесі, меңгеру (табыс септікті сөз етістікпен байланысқан).

3. Адамдармен сыйлас болады – етістікті сөз тіркесі, меңгеру (көмектес септік пен етістік байланысқан).

4. Адамдарға сыйлата алады – етістікті сөз тіркесі, меңгеру (барыс септікті сөз сөз бен етістік байланысқан).

5. Өзін сыйлата алады – етістікті сөз тіркесі, меңгеру (табыс септікті сөз бен етістік байланысқан).

МАТАСУҒА

Мысалы: Сағындықтың қорылы, машиналардың гүрілі, ас үйдегілердің аяқ тықыры солғын естіліп тұр.

1. Сағындықтың қорылы – есімді сөз тіркесі, қиысу.

2. Машиналардың гүрілі – есімді сөз тіркесі, қиысу.

3. Үйдегілердің аяқ тықыры – есімді сөз тіркесі, қиысу.

ҚАБЫСУҒА

Мысалы: Суық жел киіз үйде отырған ауылдарды тегіс бүрістірді.

1. Жел бүрістірді – 3-жақ жіктік жалғау арқылы сөйлем ыңғайындағы байланысу.

2. Суық жел – орын тәртібі арқылы байланысқан есімді қабысу.

3. Киіз үйде – орын тәртібі арқылы байланысқан есімді

қабысу.

4. Үйде отырған – жатыс септігі арқылы байланысқан етістікті меңгеру.

5. Отырған ауыл – орын тәртібі арқылы байланысқан есімді қабысу.

ЖАЙ СӨЙЛЕМДІ ТАЛДАУ

Мектеп оқушылары сөйлем жайында бастауыш сыныптардың өзінен-ақ берілген мәтінде неше сөйлем барлығын, сөйлемдердің сөзден жасалатындығын, сөйлем бір сөзден де, көп сөзден де болатындығын және сөйлемнің басты түрлері хабарлы, сұраулы, лепті сөйлемдерді, жай сөйлемдердің жалаң, жайылма түрлерін тәжірибелік түрде біліп келеді.

Жоғары сыныптар мен жоғары оқу орындарының студенттері бұл мәселелерді онан әрі тереңдетіп, тіл адам баласының қарым-қатынас құрал екені, тілдің ұсақ бөлшегі сөйлем жайындағы тәжірибелік білім теориялық курсқа жалғасады.

Мысалы: 1. Мен оған май айының бір көңілді күні келген едім.

Талдау

Хабарлы, жайылма, жақты, толымды, жай сөйлем.

Айтылу мақсатына қарай – хабарлы сөйлем. Сөйлем мүшелерінің қатысына қарай – жайылма (өйткені тұрлаулы мүшелерден басқа тұрлаусыз мүшелер бар). Тұлғасы жағынан – жақты (бастауыш пен баяндауыш қиыса байланысып келген), толымды (айтылған ойға қатысты сөйлем мүшелері түгел қатысқан).

Мысалы: 2. Тағы бір пьеса жайында айта кетуге болатын шығар.

Талдау

Хабарлы, жайылма, жақсыз, толымды, жай сөйлем.

Бұл сөйлемге мына секілді қосымша сұрақ қоюға болады:

Сұрақ: - Неге жақсыз сөйлем дейсің?

Жауап: - Бұл сөйлемде бастауыш жоқ және оның қажеттігі болып та тұрған жоқ. Баяндауыш арқылы табуға да болады.

ҚҰРМАЛАС СӨЙЛЕМДЕРДІ ТАЛДАУ

Жай сөйлемдерді сөйлем мүшесіне талдағанда, алдымен баяндауышын тауып алып, байланыстыра талдайды. Құрмалас сөйлемдерді де сөйлем мүшелеріне талдағанда, алдымен сөйлемде неше жай сөйлем бар, олар салаласа құрмаласқан ба, сабақтаса құрмаласқан ба ең алдымен соны ажыратады.
Мысалы: 1. *Қар езіліп, жер дүрілдеп ерте көктей бастады.*

Талдау

Ескеретін жай алдымен сөйлемнің түрін (жай, құрмалас) анықтап, құрмалас сөйлемді де түріне қарай ажыратып, компоненттерін (сабақтас болса, бағыныңқы, басыңқы сыңарларын) айқындап, әрбір компонентті сөйлем мүшелеріне қарай талдап, шартты белгілермен көрсету керек.

Жалғаулықсыз, ыңғайлас салалас құрмалас сөйлем. Мұнда да жаттанды ізге түспес үшін төмендегідей сұрақ-жауап әдісін жүргізіп отырамыз.

1. Сұрақ: - Неге құрмалас? Жауап: - Өйткені бұл сөйлемнің құрамында екі жай сөйлем бар, күрделі ойды білдіріп тұр.

2. Сұрақ: - Неге салалас? Мұндағы компоненттерінің баяндауыштары тиянақты тұлғада тұр.

3. Сұрақ: - Неге жалғаулықсыз? - Компоненттері ешбір жалғаулықсыз ыңғайластық мағынада байланысқан

4. Сұрақ: - Неліктен ыңғайлас деп аталады. - Екі компоненттегі ой бір ыңғайда, мезгілдес айтылып тұр.

5. Сұрақ: - Мұндай компоненттердің араларына қандай тыныс белгілері қойылады? - Үтір.

Мысалы: 2. *Таяқ тиген жер жаныма батып барады, алайда сыр берген жоқпын.*

Талдау

Жалғаулықты, қарсылықты салалас құрмалас сөйлем. Мұнда бір-екі сұрақпен тиянақтап алатын жай. – Неге қарсылықты дейсің? – бірінші сөйлемдегі ой екінші сөйлемдегі ойға қарама-қарсы айтылып тұр.

- Неге жалғаулықты? – Компоненттері *алайда* жалғаулығы арқылы байланысқан.

Мысалы: 3. Ұйқың бұзылмасын деп, күзетінде біз тұрмыз.

Талдау

Мақсат бағыныңқылы сабақтас сөйлем.

Сұрақ: - Оны қайдан білдің?

Жауап: - Өйткені басыңқыдан «не себепті біз күзетінде тұрмыз» деген сұрақ қоямыз

Сұрақ: - Сабақтас екенін түсіндір.

Жауап: - Бұл сөйлемнің құрамында екі жай сөйлем бар. Алдыңғы «Ұйқың бұзылмасын деп» деген компонентінің баяндауышы тиянақсыз формада (көсемше) тұлғасында тұр да, екінші сөйлемге түгелдей иек тартып, бағыныңқы ыңғайда келген. Екінші компонентінің «күзетінде біз тұрмыз» тиянақты формада басыңқы ыңғайда келген.

Мысалы: 4. Өзіміз атқа мінген кезде, енді аяғын кердең-кердең басатын болыпты.

Талдау

Үш жай сөйлемнен жасалған аралас құрмалас сөйлем. Бірінші мен екінші сөйлем сабақтас байланысқан, ал екінші сөйлем мен үшінші компоненттер салаласа байланысқан.

СӨЙЛЕМ МҮШЕСІНЕ ТАЛДАУ

Әлем/нің жарығ/ын сыйла/ды/ң сен маған. Сыйла/дың – баяндауыш, етістіктің өткен шағы, екінші жағы; сен – бастауыш, жіктеу есімдігі, екінші жағы, жекеше; маған – толықтауыш, тура толықтауыш, сын есім заттанып, тәуелденіп барып табыс

септігінде тұр. Әлем/нің – анықтауыш, меншіктік анықтауыш, зат есім, ілік септігінде тұр.

Сөйлем мүшесіне қарай талдаудың ретін оқушылар де студенттер де көп жағдайда біле бермейді. Оның себебі төмендегідей:

1. Егер сөйлем талдаса, талдап отырған сөзге ғана сұрақ қояды, яғни оның басқа сөзбен байланысын ескермейді.

2. Кейде сөйлем талдаса, бүкіл сөйлемді қайталап барып сұрақ қояды.

3. Сөйлемді мүшелеп талдауда, ең алдымен, сөйлем ішінен қай сөйлем мүшесін табуды, яғни ретін, жүйесін біле бермейді.

Сұрау қоюдың ең дұрыс жолы – сұрауды өзі қатысты мүшемен байланыстыра қою. Мәселен. Ол Газалкенттен келді. Газалкент Шыршықтан кіші – деген сөйлемдерге сұрау былай беріледі.

I. Ол не істеді? – келді.

Кім келді? - Ол.

Қайдан келді? – Газалкенттен.

II. Не кіші? – Газалкент.

Газалкент қандай? – кіші.

Неден кіші? – Шыршықтан.

Мысалы. Қаракөздің аулына амандасып қайтқалы Әзімхан келді.

Сұрауы:

1. Әзімхан не істеген? – Келген – баяндауыш.

2. Келген кім? – Әзімхан – бастауыш.

3. Қайда келген? – Ауылына – мекен пысықтауыш.

4. Кімнің аулына? – Қаракөздің – анықтауыш.

5. Неге келген? – Амандасып қайтқалы – мақсат пысықтауыш.

Мысалы. Аталған жерлерде қонақ үйлер де, ас үйлер де тігілген.

Талдау

Хабарлы, жайылма, жақты, толымды жай сөйлем. *Қонақ үйлер, ас үйлер* не істелген? – *Тігілген екен* – күрделі бастауыш, - есімше, негізгі етістік, *екен* – есімше, көмекші етістік.

1. Неге тігілген екен? – Қонақ үйлер де, ас үйлер де – бірыңғай күрделі бастауыштар, зат есімдерден жасалған.

2. Қайда тігілген екен? – жерлерге – мекен пысықтауыш.

3. Қай жерлерге? – Аталған – есімшеден болған анықтауыш.

ГЛОССАРИЙ

Синтаксис - деген термин грек тілінен алынған, қазақша құрау, құрастыру немесе ретке келтіру деген мағынаны білдіреді. Грамматикада ол сөздердің басын қосып тіркес жасап, бір-бірімен байланыстырып сөйлем құрауды, сол арқылы адам ойын білдіруді үйретеді. Сонымен бірге синтаксис сөйлем түрлерін, олардың құрлымын, неден жасалатынын және сөйлемді сазына келтіріп оқуды, айтуды және тыныс белгілерін қалай қою керектігін көрсетеді. Синтаксисті жан-жақты меңгерген адам сауатты сөйлейтін болады. Қазақ тілінің синтаксисі іштей үш салаға бөлінеді: сөз тіркесі синтаксисі, жай сөйлем синтаксисі және құрмалас сөйлем синтаксисі.

Қиысу- жақтық және көптік тұлғада атау септікте тұрған сөздің жіктік жалғаулы сөздердің бірінші компоненті қай жақта болып келеді, ал бірінші компонентті де сол жақта болып келеді, ал бірінші компоненті жекеше немесе кқпше тұлғада келсе, екінші компоненті де сондай тұлғада болады.

Меңгеру - сөз бен сөздің атау мен ілік септіктен басқа септік жалғаулары арқылы байланысуы.

Матасу - ілік септіктегі сөз бен тәуелдік жалғаулы сөздің байланысы.

Қабысу - орын тәртібімен байланысқан сөз тіркесі.

Жанасу - қимыл-сыннан басқа үстеудің немесе шылаудың өзінен кейінгі сөзбен байланысуы.

Жай сөйлем синтаксисі - қарым-қатынас құралын іске асырудығы адамның ойын айтудың формасы- сөйлем. Кісінің ойы әрқилы болса, соған сәйкес сөйлемнің де түрі әрқелкі болады. Сондықтан біршама аяқталған ойды білдіретін бір сөзді, бір немесе бірнеше сөз тіркесін сөйлем дейміз.

Хабарлы сөйлем-баланың, яғни адамзаттың тілі шыққаннан бастап ең жиі қолданылатын сөйлемі – хабарлы сөйлем. Ересек адамдардың ауызекі сөзі де, жазушылардың шығармалары да көбінесе хабарлы сөйлемдермен беріледі. Хабарлы сөйлемнің негізгі мақсаты сұраққа жауап беру түрінде жарыққа шығады. Не туралы хабарласада, айтушы сұрақты қанағаттандыру мақсатын

көздейді.

Сұраулы сөйлем - сұраулы сөйлем сұрау мағынасын білдіреді. Сұраулық мағынасыны әр түрлі формамен беруге болады. Біреу бірдеме жайында сұрай айтылған сөйлемді сұраулы сөйлем дейміз.

Лепті сөйлем – адамның ерекше көңіл күйі мен ішкі сезімін білдіретін сөйлемді лепті сөйлем дейміз.

Бұйрықты сөйлем – біреуге бұйыру, тілек-өтініш ету мақсатында жұмсалған сөйлемді бұйрықты сөйлем дейміз.

Сөйлем мүшелері деп – белгілі бір сұраққа жауап беретін, толық мағыналы бір сөзді, сөз тіркесін, не күрделі сөзді сөйлем мүшесі дейміз.

Бастауыш – сөйлемдегі ойдың иесі, тірегі, ұйытқысы.

Баяндауыш – баяндауыштың сөйлемде атқаратын қызметі зор. Өйткені бастауыштағы айтылған ойды аяқтап, тиянақтап, тыңдаушы мен оқушыға түсінікті етіп, тұрады.

Толықтауыш – жалаң жай сөйлемнің іргесін кеңейтіп жайылма сөйлемге айналдыратын тұрлаусыз мүше толықтауыш деп аталады.

Пысықтауыш – сөйлемде баяндауыштың жай-күйін, сын-сипатын, мөлшерін, мезгіл,-мекенін, себеп-мақсатын білдіретін тұрлаусыз мүшені пысықтауыш дейміз.

Құрмалас сөйлем - «Құрмалас» деген сөз «құра, құрау» сөздерінен алынған болып, грамматикалық термин ретінде ғана қолданылады. Жай сөйлем жай бір ғана ойды білдірсе, құрмалас сөйлем екі немесе одан да көп ойды, күрделі ойдың білдірудің тәсілі.

Салалас құрмалас сөйлем – компоненттері мағына, орын тәртібі, интонация бойынша, ал олардың баяндауыштары шылаулы да, шылаусыз да байланысып келіп, олар тиянақты формада келіп, өзара тең дәрежеде келген жай сөйлемдердің тіркесін салалас құрмалас дейміз.

Сабақтас құрмалас сөйлем – сабақтас құрмалас сөйлемнің біреуінің баяндауышы тиянақты болып келеді, біршама аяқталған ойды білдіреді. Екінші біреулерінің баяндауыштары тиянақсыз болып келеді,

жеке өз алдына біршама тиянақты ойды білдіре алмайды.

Ыңғайласты салалас құрмалас сөйлем- компоненттеріне (құрамына) енген жай сөйлемдер істің, оқиғаның бір мезгілде немесе бірінен соң бірі болғанын, болып жатқанын, болатынын хабарлайды, баяндайды, бір ыңғайда екенін білдіреді. .

Қарсылықты салалас құрмалас сөйлем - салаластың бірінші компонентіндегі ой, іс, оқиға екінші компонентіндегі ой, әс, оқиғаға қарама-қарсы болып келеді де, күрделі ойды білдіреді. Мұндай сөйлемдерді қарсылықты салалас деп атайды.

Себеп-салдар салалас құрмалас сөйлем - бір компоненті себепті, екіншісалдырды (нәтижені білдіреді) Компоненттері себеп-салдар мәнді жалғаулықтармен және орын тәртібі, интонация арқылы байланысады.

Талағаулықты салалас құрмалас сөйлем –бір компонентіндегі іс не оқиға ғана орындалады, дүдәмалық, сенер-сенбестікті білдіреді. Талағаулы салалас тек жалғаулықты болып келеді.

Кезектес салалас құрмалас сөйлем – құрамына енген жай сөйлемдердің мазмұнынан байқалатын іс-әрекеттің кезектесіп келетінін білдіретін құрмалас сөйлем.

Түсіндірмелі салалас құрмалас сөйлем – «іліктес» деп те, «анықтамалы» деп те атап жүреді. Түсіндірмелі салаласта алдыңғы сөйлем (компонент) түсіндіруді қажет етеді де, соңғысы оны түсіндіреді

Шартты бағыныңқы сабақтас құрмалас сөйлем -бағыныңқысы басыңқыдағы іс-әрекет, жай-күйдің болу я болмау шартын білдіретін сөйлемді шартты бағыныңқы сабақтас құрмалас сөйлем деп атайды.

Қарсылықты бағыныңқы сабақтас құрмалас сөйлем - салаластың бірінші компонентіндегі ой, іс, оқиға екінші компонентіндегі ой, әс, оқиғаға қарама-қарсы болып келеді де, күрделі ойды білдіреді. Мұндай сөйлемдерді қарсылықты бағыныңқы сабақтас құрмалас деп атайды.

Себеп-салдар бағыныңқы сабақтас құрмалас сөйлем - бір компоненті себепті, екіншісалдырды (нәтижені білдіреді)

Компоненттері себеп-салдар мәнді жалғаулықтармен және орын тәртібі, интонация арқылы байланысады.

Мезгіл бағыныңқы сабақтас құрмалас сөйлем - бағыныңқысы басыңқыдағы істің мезгілін білдіреді.

Мақсат бағыныңқы сабақтас құрмалас сөйлем - мұнда мақсат пысықтауыш пен мақсат бағыныңқы компоненттері салыстыра көрсеткенде, мақсат бағыныңқы сабақтастың мән-мазмұны, өзіндік белгілері айқын көрінеді.

Қимыл-сын бағыныңқы сабақтас құрмалас сөйлем - бағыныңқы сөйлем басыңқы сөйлемдегі іс-әрекеттің, қимыл қозғалыстың сындық амалын, қалай болғандығын білдіретін құрмалас сөйлем қимыс-сын бағыныңқы сабақтас құрмалас сөйлем дейміз.

Аралас құрмалас сөйлем - тіліміздегі құрмалас сөйлемдер біріңғай салаласып не сабақтасып келе бермейді. Кейде құрмаластың екі түрі де бір сөйлем ішінде келуі мүмкін. Сондықтан, бір сөйлемнің ішінде әрі салаласқан, әрі сабақтаса байланысып келген сөйлемді аралас құрмалас сөйлем дейді.

Көп бағыныңқы сабақтас құрмалас сөйлем - бағыныңқы сабақтас құрмалас сөйлем. Көп бағыныңқы сабақтастың мазмұны дара бағыныңқы сабақтастан күрделі болады. Көп бағыныңқы сабақтаста бір басыңқы, екі не одан да көп бағыныңқы компонент болады.

Төл сөз - жазушының (сөйлеушінің) сөзіндегі біреудің өзгертілмей берілген сөзі.

Автор сөзі - төл сөздің айналысында берілген жазушының (сөйлеушінің) өз сөздері.

Төлеу сөз - жазушының (сөйлеушінің) біреудің сөзінің мазмұнын сақтап, бірақ өз сөзімен өзгертіп берген сөздер.

Пунктуация - бір нәрсені жазғанда, оқығанда, айтқанда ойды басқаға түсіндіру, сондай-ақ бөгде біреудің ойын түсіну үшін қолданылатын тыныс белгілері ережелерінің жиынтығы.

СИНТАКСИС ТАРАУЫ БОЙЫНША ТЕСТ СҰРАҚТАРЫ

1.Синтаксис қайсы тілден алынған сөз?

- А) Грек тілінен алынған сөз
- В) Ағылшын тілінен алынған сөз
- С) Латын тілінен алынған сөз
- Д) Неміс тілінен алынған сөз

2.Синтаксистің негізгі салалары:

- А) Фразеология, этимология, лексикография
- В) Сөз тіркесі, жай сөйлем, құрмалас сөйлем
- С) Сөз тұлғасы, сөзжасам, сөз таптары
- Д) Орфография, орфоэпия, ассимиляция

3.Сөйлемнің қайсы түрі: Абай - қазақ халқының ұлы ақыны.

- А) Сұраулы сөйлем
- В) Бұйрықты сөйлем
- С) Хабарлы сөйлем
- Д) Лепті сөйлем

4.Қайсы сөйлемнің түрі: Ахмет Байтұрсыновтың тіл біліміне

арналған қандай еңбегін білесің?

- А) Хабарлы сөйлем
- В) Бұйрықты сөйлем
- С) Лепті сөйлем
- Д) Сұраулы сөйлем

5.Сөйлем түріне ажырат: ТМД халықтарының туысқандық бірлігі, мызғымас

достығы арта берсін!

- А) Бұйрықты сөйлем
- В) Хабарлы сөйлем
- С) Лепті сөйлем
- Д) Сұраулы сөйлем

6.Синтаксис нені қарастырады?

- А) Сөйлем түрлерін зерттейді
- В) Сөз тіркесін қарастырады
- С) Сөйлемнің байланысын тексереді

Д) Сөз тіркесі мен сөйлемнің құрылымын қарастырады

7.Синтаксистің объектісі:

А) Есімді және етісті сөз тіркестері

В) Тұрлаулы және тұрлаусыз мүшелер

С) Сөз тіркесі мен сөйлем түрлері

Д) Күрделі сөйлем түрлері

8.Информацияның мақсатына қарай сөйлем түрлері:

А) Хабарлы және сұраулы сөйлемдер

В) Рай, үндеу мағынасындағы сөйлемдер

С) Болымды, болымсыз сөйлемдер

Д) Қалаулы, болжалды сөйлемдер

9.Сөз тіркесінің анықтамасы:

А) Сөйлем ішіндегі сөздердің қосақталу жігін сөз тіркесі дейді

В) Сөйлем ішіндегі сөздердің тобын сөз тіркесі дейді

С) Толық мағыналы екі не одан да көп сөздердің байланысқан тізбегін сөз тіркесі дейді.

Д) Сөйлем ішіндегі сөздердің ұштасқан бунағын сөз тіркесі дейді

10.Сөз тіркесінің құрамы. Асау қиял

А) Метафоралық тіркес

В) Тұрақты тіркес

С) Еркін тіркес

Д) Түйдекті тіркес

11.Түйдекті тіркес түрлері: оқып келе жатыр

А) Есім мен көмекші етістіктер тізбегі

В) Қосарлы есімдер тізбегі

С) Тұрақты тіркестер тізбегі

Д) Күрделі етістіктер тізбегі

12.Тұрақты тіркес түрлері: қабырғамен кеңес

А) Фразалық тіркес

В) Түйдекті тіркес

С) Идиомалық тіркес

Д) Күрделі есімдер тіркесі

13.Мақсатына қарай сөйлемнің қайсы түрі:Жер жұмағы

Көкшетауда демалғанда не жетсін!

А) Сұраулы сөйлем

В) Лепті сөйлем

С) Хабарлы сөйлем

Д) Бұйрықты сөйлем

14.Сөз тіркесінің құрамы: Жаңа домбыра

А) Тұрақты сөз тіркестері

В) Күрделі сөз тіркестері

С) Жай сөз тіркестері

Д) Сөлекет сөз тіркестері

15.Мына сөз тіркесінің құрамын ажырат: Қос ішекті домбыра

А) Жай сөз тіркестері

В) Тұрақты сөз тіркестері

С) Сөлекет сөз тіркестері

Д) Күрделі сөз тіркестері

16.Құрамын өзгертіп айтуға болатын тізбек қандай тіркес?

А) Тұрақты тіркес

В) Еркін тіркес

С) Жай тіркес

Д) Күрделі тіркес

17.Қандай түйдек? Боз торғай

А) Семантикалық түйдек

В) Морфологиялық түйдек

С) Лексикалық түйдек

Д) Синтаксистік түйдек

18.Қандай тізбек? Желсіз түн

А) Лексикалық тізбек

В) Морфологиялық тізбек

С) Грамматикалық тізбек

Д) Синтаксистік тізбек

19.Сөз тіркестерінің қосақталу жігі: кең үй, екі терезе, үлкен терезе, үйдің терезесі.

А) Жалаң сөз тіркестері

- В) Жайылма сөз тіркестері
- С) Қосарлы есімдер тіркесі
- Д) Күрделі етістіктер тіркесі

20.Сөз тіркесінің ұласуы: кең үйдің терезесі, үлкен үйдің терезесі, үлкен екі терезе

- А) Қосарлы есімдер тіркесі
- В) Жайылма сөз тіркестері
- С) Күрделі етістіктер тіркесі
- Д) Жалаң сөз тіркестері

21.Сөз тіркестері сыңарларының сабақтаса байланысуы:

Жаздың көркі

- А) Көмекші есімдерден құралған
- В) Қосарлы есімдерден құралған
- С) Бағыныңқы және басыңқыдан құралған
- Д) Күрделі тізбектен құралған

22.Сөз тіркестерінің құрылысы: үлкен ағаш

- А) Шылаулар арқылы байланысқан
- В) Сөздердің орын тәртібі арқылы байланысқан
- С) Интеллектуал арқылы байланысқан
- Д) Сатыланы байланысқан

23.Түйдекті тіркестер тобы: көз тігеді

- А) Күрделі етістіктер тобы
- В) Идиомалық тіркестер тобы
- С) Есім мен көмекші етістіктер тобы
- Д) Қосарлы есімдер тобы

24.Сөз тобының құрылысы: көріп отыра бер

- А) Идиомалық тіркестер тобы
- В) Есім мен көмекші етістіктер тобы
- С) Күрделі етістіктер тобы
- Д) Қосарлы есімдер тобы

25.Мына топты ажырат: жақсы көру

- А) Фразалық тіркестер тобы
- В) Күрделі етістіктер тобы
- С) Идиомалық тіркестер тобы
- Д) Есім мен көмекші етістіктер тобы

26.Қайсы тіркестер тобына кіреді: аңшылар туралы

- А) Күрделі етістіктер тобы
- В) Күрделі есімдер тобы
- С) Тұрақты тіркестер тобы
- Д) Фразалық тіркестер тобы

27.Мына топты айырып бер: қас пен көздің арасында

- А) Фразалық тіркестер тобы
- В) Күрделі етістіктер тобы.
- С) Идиомалық тіркестер
- Д) Күрделі тіркестер тобы

28.Төмендегі топты ажырат: Жаны ашу.

- А) Идиомалық тіркестер тобы.
- В) Қосарлы есімдер тобы
- С) Есім мен көмекші етістіктер тобы
- Д) Фразалық тіркестер.

29.Мыналар қандай сөздер: мен, жазба, өлең, ермек.

- А) Бытыраңқы сөздер
- В) Байланыстырушы сөздер
- С) Тіркес сөздер
- Д) Дәнекер сөздер

30.Сөздердің тіркесу тәсілдері: мен жазбаймын.

- А) Септік жалғауы арқылы байланысқан.
- В) Жіктік жалғауы арқылы байланысқан.
- С) Көптік жалғауы арқылы байланысқан.
- Д) Тәуелдік жалғауы арқылы байланысқан.

31.Қандай жалғаулар арқылы байланысқан:

студенттердің міндеті.

- А) Жіктік жалғауы арқылы байланысқан
- В) Көптік жалғауы арқылы байланысқан
- С) Ілік пен тәуелдік жалғаулары арқылы байланысқан.
- Д) Интонация арқылы байланысқан.

32.Қандай қосымшалар арқылы байланысқан: Отаным үшін күресем.

- А) Көптік жалғауы арқылы байланысқан
- В) Септік жалғауы арқылы байланысқан.

- С) Жіктік жалғауы арқылы байланысқан
Д) Септеулік шылаулар арқылы байланысқан

33.Тіркесу тәсілдерін ажырат: *заң-ар тау*

- А) Қатар тұлу арқылы байланысқан
В) Жалғаулар арқылы байланысқан
С) Интонация арқылы байланысқан
Д) Тәуелді жалғауы арқылы байланысқан

34.Синтаксистік байланысу формалары: *ол сөйледі*

- А) Қиысу
В) Матасу
С) Қабысу
Д) Жанасу

35.Сөздердің байланысу формалары: *жүзімнің*

жапырағы

- А) Жанасу
В) Матасу
С) Қиысу
Д) Меңгеру

36.Сөздердің байланысу түрлері: *ағаш қасық*

- А) Қиысу
В) Қабысу
С) Матасу
Д) Меңгеру

37.Зат есіммен қабыса тіркесетін сөздер: *түлкі тымақ*

- А) Зат есім
В) Етістік
С) Үстеу
Д) Одағай

38.Зат есіммен қабыса тіркесетін сөздер: *қоралы қой*

- А) Көмекші сөз
В) Сын есім
С) Үстеу
Д) Еліктеу сөз

39.Зат есіммен қабыса тіркесетін сөздер: *үшінші мектеп*

- А) Еліктеу сөз

В) Одағай сөз

С) Сан есім

Д) Көмекші сөз

40.Зат есіммен қабыса байланысатын сөздер: *осы ауыл*

- А) Сын есім
В) Сан есім
С) Еліктеу сөз

Д) Сілтеу есімдігі

41.Зат есіммен қабыса байланысатын сөздер: *айтыл-ан*

сөз

- А) Есімше
В) Көмекші сөз
С) Еліктеу сөз
Д) Үстеу

42.Зат есімдерден құралған сөз тіркестерінің

семантикасы: қамыс құлақ

- А) Заттың неден жаралғанын білдіреді
В) Теңеу мағынасында жұмсалады
С) Арнау мағынасында қолданылады
Д) Өлшемдік мағынасын білдіреді

43.Зат есімдерден құралған сөз тіркестерінің

мағыналары: темір пеш

- А) Теңеу мағынасында қолданылады
В) Арнау мағынасында қолданылады
С) Қандай заттан жасалғанын білдіреді
Д) Өлшемдік мағынасын білдіреді

44.Зат есімдерден құралған сөз тіркестерінің

мағыналары: мал қора

- А) Заттың неден жасалғанын білдіреді
В) Өлшемдік мағынасын білдіреді
С) Теңеу мағынасында жұмсалады
Д) Арнау мағынасында қолданылады

45.Зат есімдерден құралған сөз тіркестерінің

мағыналары: бір асым ет

- А) Өлшемдік мағынасын білдіреді

ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ:

1. Каримов И. Жоғары руханият – жеңілмес күш. –Т.: «Ўзбекистон», 2008.121-122 бет.
2. Мирзиёев Ш.М. Танқидий таҳлил, қатъий тартиб - интизом ва шахсий жавобгарлик – ҳар бир раҳбар фаолиятининг кундалик қоидаси бўлиши керак. Мамлакатимизни 2016 йилда ижтимоий-иқтисодий ривожлантиришнинг асосий якунлари ва 2017 йилга мўлжалланган иқтисодий дастурнинг энг муҳим устувор йўналишларига бағишланган Вазирлар Маҳкамасининг кенгайтирилган мажлисидаги маъруза, 2017 йил 14 январ /Ш.М. Мирзиёев. – Тошкент: Ўзбекистон, 2017. -104 б.
3. Мирзиёев Ш.М. Қонун устуворлиги ва инсон манфаатларини таъминлаш – юрт таррақиёти ва халқ фаровонлигининг гарови. Ўзбекистон Республикаси Конституцияси қабул қилинганининг 24 йиллигига бағишланган тантанали маросимидаги маъруза. 2016 йил 2017. 7 декабр /Ш.М.Мирзиёев. – Тошкент: «Ўзбекистон», - 48 б.
4. Мирзиёев Ш.М. Буюк келажакимизни мард ва олижаноб халқимиз билан бирга қурамыз. Мазкур китобдан Ўзбекистон Республикаси Президенти Шавкат Мирзиёевнинг 2016 йил 1 ноябрдан 24 ноябрга қадар Қорақалпоғистон Республикаси, вилоятлар ва Тошкент шаҳри сайловчилари вакиллари билан ўтказилган сайлов олди учрашувларда сўзлаган нутқлари ўрин олган. /Ш.М.Мирзиёев. –Тошкент: «Ўзбекистон», 2017. - 488 б.
5. Ўзбекистон Республикаси Президентининг Фармони. Ўзбекистон республикасини янада ривожлантириш бўйича ҳаракатлар стратегияси тўғрисида. (Ўзбекистон Республикаси қонун ҳужжатлари тўплами, 2017 йил 6-сон, 70-модда)
6. Аханов К. Тіл білмінің негіздері. А., 1993, 2020.
7. Байтұрсынов А. Тіл тағылымы. А., 1992.
8. Байкабылов У., Д.Дуйсабаева. Қазіргі қазақ әдеби тілі. (оқу қолданба), Т.: 2013.
9. Балақаев М. Қазіргі қазақ тілі. А.,1992.

В) Кәсібін анықтайды

С) Даралау мағынасында жұмсалады

Д) Дәрежесін білдіреді

46.Зат есімдерден құралған сөз тіркестерінің

мағыналары: дәрігер қыз

А) Даралау мағынасында жұмсалады

В) Кәсібін білдіреді

С) Дәрежесін анықтайды

Д) Адамның жынысын білдіреді

47.Зат есімдерден құралған сөз тіркестерінің

мағыналары: алма ағаш

А) Дәрежесін білдіреді

В) Кәсібін анықтайды

С) Жынысын білдіреді

Д) Даралау мағынасында жұмсалады

48.Матаса байланысқан сөз тіркестері: менің кітабым

А) Зат пен заттың табиғи байланысқан анықтайды

В) Меншіктік қатынасын білдіреді

С) Бөлшектеу мағынасында жұмсалады

Д) Туысқандық қатынасты білдіреді

49.Матаса байланысқан сөз тіркестері: қойдың жүні

А) Бөлшектеу мағынасында жұмсалады

В) Меншіктілік қатынасты білдіреді

С) Зат пен заттың табиғи байланысын білдіреді

Д) Талғау мағынасында жұмсалады

50.Матаса байланысқан сөз тіркестері: егіздің сыңары

А) Талғау мағынасында жұмсалады

В) Бөлшектеу мағынасында қолданылады


С) Отбасылық, қатынасты білдіреді

Д) Бөлшектеу мағынасында қолданылады

10. Бектұров Ш.К. Қазақ тілі. А., 2006.
11. Жапбаров А., Тілеубердиев Б. Оқушыларға мәтін құрастыру мен шығарма жаздыру әдістемесі. –Шымкент, 2002.
12. Жұбанов Қ. Қазақ тілі жөніндегі зерттеулер. А., 2010.
13. Исаев С. Қазіргі қазақ тіліндегі сөздердің грамматикалық сипаты. А., 1998.
14. Исаев С. Қазіргі қазақ тіліндегі негізгі грамматикалық ұғымдар. Павлодар, 2010.
15. Кеңесбаев І. Қазақ тіл білімінің мәселелері. А., 2014.
16. Күзекова Г.З., Пазылова С.С., Әбдірасілов Е.Қ. Қазақ тілі. Тестілеу теориясы мен практикасы, Алматы, 2009. -156 б.
17. Қазақ грамматикасы. Астана, 2002. – 784 бет.
18. Қазақ тілі: Энциклопедия. А., 1998.
19. Қордабаев Т. Қазақ тіл білімінің мәселелері. А., 2014.
20. Лингвистикалық түсіндірме сөздік. А., 1998.
21. Жапбаров А., Әділбекова Ж. Қазақ тілі сабақтарындағы жаттығу мен талдау жұмысының әдістемесі. Алматы, 2002
22. Оразбаева Ф.Ш.т.б. Қазіргі қазақ тілі (оқу құралы), Алматы, 2005. -535.
23. Оралбай Н., Құрманәлиев К. Қазақ тілі. Алматы, 2007. -454 б.
24. Рақыш Әмір., Жанар Әмірова. Жай сөйлем синтаксисі. А., 1999.
25. Рысбаева Г.Қ. Қазақ тілі (грамматикалық анықтағыш), Алматы, 2000. -192 бет.
26. Салқынбай А. Қазіргі қазақ тілі. Оқулық. Алматы, 2008, - 462 б.
27. Сейданов Қ. Туысқандар. Ташкент, 2018
28. Сейданов Қ. Өмір өрнектері. Ташкент, 2018
29. «Нұрлы жол» газеті. 2020-2021 жыл
30. Хасенов Ә. Тіл білімі. Алматы, 2003.

МАЗМҰНЫ

Кіріспе.....	3
I Бөлім. Синтаксис.....	5
I.1. Синтаксис туралы түсінік.....	5
I.2. Сөз тіркесінің синтаксисі.....	11
I.3. Сөздердің тіркесу тәсілдері мен байланысу формалары.....	19
II Бөлім. Жай сөйлемнің синтаксисі.....	57
II.1. Сөйлем.....	57
II.2. Сөйлем мүшелері. Тұрлаулы мүшелер.....	66
II.3. Сөйлемнің тұрлаусыз мүшелері.....	74
II.4. Сөйлемнің бірыңғай мүшелері және олардың тыныс белгілері.....	82
II.5. Оқшау сөздер.....	87
II.6. Сөйлемнің құрылысына қарай түрлері.....	92
III Бөлім. Құрмалас сөйлем синтаксисі.....	97
III.1. Құрмалас сөйлем.....	97
III.2. Салалас құрмалас сөйлем және оның жасалу жолдары.....	126
III.3. Сабақтас құрмалас сөйлем және оның зерттеу объектісі.....	134
III.4. Аралас құрмалас сөйлем.....	150
III.5. Төл сөз. автор сөзі. төлеу сөз.....	151
III.6. Пунктуация.....	156
Қосымша. Синтаксистік талдау.....	161
Глоссарий.....	169
Синтаксис тарауы бойынша тест сұрақтары.....	173
Әдебиеттер тізімі.....	181



БАЙКАБИЛОВ УСЕРБАЙ АЛИМХАНОВИЧ

ҚАЗІРГІ ҚАЗАҚ ӘДЕБИ ТІЛІ

*(Жоғары оқу орындарының қазақ тілі мен әдебиеті мамандығына
арналған оқулық)*

Редакторы: Х.Таһиров
Техникалық редактор: С.Меликузиева
Корректор: Юнусова М
Бет авторы: Исхаков А

Шығарылым. лицензия № 2244. 25.08.2020 ж
Басуға рұқсат етілген 17.08.2022.
Өлшемі 60х84 1/16. Офсеттік қағаз. «Calibri»
гарнитура. Есептік нөмір. 11,5.
Саны 100 дана. № 55 бұйрық.

«ZEBO PRINT» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің
баспаханасында басылды.
Мекен-жайы: Ташкент қаласы, Яшнабад ауданы, 22 әскери қалашық